



**«ҒЫЛЫМИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ –
БОЛАШАҚ ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА»**
*атты студенттердің XIV Республикалық ғылыми-
тәжірибелік конференциясының*
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ
Қазақстан, Тараз, 11-12 ақпан, 2022 ж.

СБОРНИК ТРУДОВ
XIV Республиканской научно-практической конференции студентов
**«НАУЧНОЕ ТВОРЧЕСТВО И ИННОВАЦИЯ –
БУДУЩЕЕ ЗА МОЛОДЕЖЬЮ»**
Казахстан, Тараз, 11-12 февраля, 2022 г.

Works of the XIV Republican scientific and practical conference of students
**«SCIENTIFIC CREATIVITY AND INNOVATION –
THE FUTURE FOR YOUNG PEOPLE »**
Kazakhstan, Taraz, 11-12 February, 2022

Тараз – 2022

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
МЕЖДУНАРОДНЫЙ ТАРАЗСКИЙ ИННОВАЦИОННЫЙ ИНСТИТУТ**

**«ҒЫЛЫМИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ – БОЛАШАҚ
ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА»**

*атты студенттердің XIV Республикалық ғылыми- тәжірибелік
конференциясының*

ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

Қазақстан, Тараз, 11-12 ақпан, 2022 ж.

СБОРНИК ТРУДОВ

XIV Республиканской научно-практической конференции студентов

**«НАУЧНОЕ ТВОРЧЕСТВО И ИННОВАЦИЯ – БУДУЩЕЕ ЗА
МОЛОДЕЖЬЮ»**

Казахстан, Тараз, 11-12 февраля, 2022 г.

Works of the XIV Republican scientific and practical conference of students

**«SCIENTIFIC CREATIVITY AND INNOVATION – THE FUTURE FOR YOUNG
PEOPLE »**

Kazakhstan, Taraz, 11-12 February, 2022

II-ТОМ

Тараз – 2022

ӘОЖ 001.891

КБЖ 73

Редакция алқасы/Редакционная коллегия

Саурыков Е.Б. (төраға), Буюклиев Н., Тажибаев С.Д., Онгарбаева М.Б., Елубаева Р.С., Маликтаева П.М., Айтекова К., Ешмаханов М.К., Арыстанғалиева В., Газаев А.И., Саткей Т.Б., Исаков Ғ.Ж., Есперов Е.И., Джекенов П.С., Сихаев А.А., Беркенова Р.А., Саурыкова Ж.М., Шырақбаев А.Б., Мусаева А.Я., Ниязова П.Р.

«Ғылыми шығармашылық және инновация – болашақ жастардың қолында» атты студенттердің XIV Республикалық ғылыми- тәжірибелік конференция жинағы. Қазақстан, Тараз, 11-12 ақпан, 2022 ж. – 341 бет.

«Научное творчество и инновация – будущее за молодежью», сборник трудов XIV Республиканской научно-практической конференции – Казахстан, Тараз, 11-12 февраля, 2022 г. – 341 стр.

ISBN 978-601-7320-47-02

Сборник статей научно-исследовательской работы студентов и магистрантов XIV Республиканской научно-практической конференции «Научное творчество и инновация – будущее за молодежью» 11-12 февраля 2022 г. На конференции рассмотрены научные проблемы по следующим направлениям: Актуальные проблемы естественно-научных предметов; современное состояние и развитие педагогических наук, инновационные технологии в образовании, устойчивое развитие социальных и гуманитарных наук.

Предназначен для широкого круга читателей.

Электронная версия материалов сборника размещается на сайте <https://htii.edu.kz/>

Сборник научных статей участников конференции подготовлен по материалам, представленным в электронном виде.

Ответственность за содержание материалов несут авторы статей.

2022 жылдың 11-12 ақпанында XIV республикалық ғылыми-практикалық конференцияның «Ғылыми шығармашылық және инновация – болашақ жастардың қолында» студенттер мен магистранттардың ғылыми - зерттеу жұмыстарының мақалалар жинағы. Конференцияда келесі бағыттар бойынша ғылыми мәселелер қарастырылды: Жаратылыстану пәндерінің өзекті мәселелері; Педагогикалық ғылымдардың қазіргі жағдайы және дамуы; Білім берудегі инновациялық технологиялар; Элементтік-гуманитарлық ғылымдардың тұрақты дамуы.

Көпшілік оқырмандарға арналған.

Жинақ материалдарының электрондық нұсқасы сайтта орналастырылған

Конференцияға қатысушылардың ғылыми мақалаларының жинағы материалдар бойынша дайындалған, электронды түрде ұсынылған. Материалдардың мазмұны үшін жауапкершілік мақала авторлары.

ӘОЖ 001.891

КБЖ 73

ISBN 978-601-7320-47-02

© Халықаралық Тараз инновациялық институты, 2022
© Международный Таразский инновационный институт, 2022

МАЗМҰНЫ

2-СЕКЦИЯ

ПЕДОГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ И РАЗВИТИЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ НАУК CURRENT STATE AND DEVELOPMENT OF PEDAGOGICAL SCIENCES

ХАМИТ ЖҰЛДЫЗАЙ БОЛАТБЕКҚЫЗЫ, ЕЛУБАЕВА РАХАТ САЙЛАУБЕКҚЫЗЫ	
Ежелгі жазба мұраларымыздағы тәлім-тәрбие мәселесі	9
УТЕГЕНОВА ӘСЕЛ ТИМУРҚЫЗЫ, КӘРІБАЕВА АЗИЗА ӨТЕГЕНҚЫЗЫ	
Түркі тілдеріндегі ұлттық терминдердің дереккөздері	14
АРМАНОВА АСЕМ АРМАНҚЫЗЫ, КӘРІБАЕВА АЗИЗА ӨТЕГЕНҚЫЗЫ	
Лингвистика ғылымының өзекті мәселелері	17
БАЛТАБАЙ БИФАРУЗА, КЕМБАЕВА АЙНҰР ТҰРАРҚЫЗЫ	
Ш.Мұртазаның «Қызыл жебе» шығармасындағы ойконимдердің лингвистикалық сипаты	21
МҰРАТОВ ДАНАБЕК, КЕМБАЕВА АЙНҰР ТҰРАРҚЫЗЫ	
Ш.Мұртазаның драмалық шығармаларының көркемдік- тақырыптық ерекшеліктері	25
БАЛТАБАЙ БАЛНҰР, БЕЛБОТАЕВ АЛМАСБЕК БАТАНҰЛЫ	
Қазақ тілінде қолданылатын -ШЫ, -ШІ қосымшасының функционалды-грамматикалық қызметі туралы	30
САПАРҒАЛИ БАҒДАТ, БЕЛБОТАЕВ АЛМАСБЕК БАТАНҰЛЫ	
Мемлекеттік тіл – ел мұраты	34
ЖАРЫЛҚАСЫН АРДАНА БАҚТИЯРҚЫЗЫ, ПЕРТАЕВА ЭЛЬМИРА КУЛИБАЕВНА	
Халық ауыз әдебиетіндегі мақал-мәтелдердің әдеби мәні	38
АЛЬБЕК ЗАРИНА, МЕНДІБАЙ ӘБІЛҰЛЫ	
Ғұн дәуіріндегі балалар ауыз әдебиеті	41
АХМЕТ ҚУАНЫШГҰЛ, МЕНДІБАЙ ӘБІЛҰЛЫ	
Ежелгі дәуірдегі балалар ауыз әдебиеті	44
ОРАЗХАН ӘДЕМІ ЕРБОЛАТҚЫЗЫ, ТУРГУНТАЕВА ГУЛСАРА АШИМБАЕВНА	
The importance of learning english in the modern world	46
ЕСМҰРАТ АРУЖАН БАУЫРЖАНҚЫЗЫ, КУБЕЕВА САБИНА ОРЫНБЕКОВНА	
Planning lessons with halliday’s functional categories	50
ҚОСМҰРАТ ДИНАРА НҰРҒАЛИҚЫЗЫ, ЕСАЛИЕВА САУЛЕ КӨПЖАСАРОВНА	
Заманауи білім: тенденциялары және инновациялары	56
ҚҰРМАНХАН АҚЫРЫС ҚАЙЫРЖАНҚЫЗЫ,	

ИГЛІКОВА ЭЛЬМИРА САУЫТБЕКҚЫЗЫ «Күлтегін» жырының әдеби мәні	61
АБДУЛЛАЕВА Д.А., ЛИ М. Степени вежливости в корейском языке	64
АМАНБЕК ЛАУРА АСХАТҚЫЗЫ, ЕСАЛИЕВА САУЛЕ КӨПЖАСАРОВНА Мнемотехника арқылы тіл үйрену	69
АРПАБЕК МЕРУЕРТ, ТАДЖИКОВА АЙГЕРІМ ЖАМБЫЛҚЫЗЫ Қазіргі жастарға патриотизм тән бе?	77
БҰХАРБАЙ РЫСКҮЛ БАҚТЫБАЙҚЫЗЫ, ПІРӘЛІ ФАТИМА ЕЛУБАЙҚЫЗЫ Жастар – еліміздің болашағы	82
ӘБДІМӘЖИТ МЕРЕЙ ҚАЙРАТҚЫЗЫ, СЫДЫҚОВА ҚҰРАЛАЙ ӨМЕНҚЫЗЫ Оқу-тәрбие үрдісінде жаңа инновациялық әдістерді пайдаланудың психологиялық ерекшеліктері	86
ӘБІҚҰЛОВА АЛЬБИНА ОРАЛБЕКҚЫЗЫ, ПІРӘЛІ ФАТИМА ЕЛУБАЙҚЫЗЫ Саналы ұрпақ – ұлт кепілі	90
ӘМІРБЕК ТОҒЖАН ЕРҒАЛИҚЫЗЫ, ТАДЖИКОВА АЙГЕРІМ ЖАМБЫЛҚЫЗЫ Қазіргі қоғамдағы жастардың рөлі	92
ӘМІРБЕК ҰЛДАНАЙ МАРАТҚЫЗЫ, ФАТИХОВА НАЗИПА АГЛАМОВНА Жастардың бүгінгі келбеті мен тәртібі	95
ЖИЕНБАЕВА АЯУЛЫМ ӨКСІКБАЙҚЫЗЫ, ТАДЖИКОВА АЙГЕРІМ ЖАМБЫЛҚЫЗЫ Жастар проблемалары: мәдениеті мен дамуы	99
ЖҰМАШ ӘЗИМА ҚУАНЫШҚЫЗЫ, ЕЛУБАЕВА РАХАТ САЙЛАУБЕКҚЫЗЫ Бүгінгі таңда тілімізге өзге тілдерден енген сөздердің балалар психологиясына әсері	104
ҚҰРАЛБАЙ ӘДЕМІ, КЕЛІМБЕТОВА АЙНҰР Заманауи технология және жастар	108
МАХАЙ АҚМАРЖАН МАРАТҚЫЗЫ, ФАТИХОВА НАЗИПА АГЛАМОВНА Болашақ бүгіннен басталады	113
НУРБЕКОВА ҚУРАЛАЙ ЖАНАБЕКОВНА, СЫДЫҚОВА ҚҰРАЛАЙ ӨМЕНҚЫЗЫ Оқу-тәрбие үрдісінде жаңа инновациялық әдістерді қолданудың тиімділігі	115
НЫШАНОВА АРУЖАН СЕРИКҚЫЗЫ, ТАЛАСБАЕВА МАДИНА ЕРҚАЗЫҚЫЗЫ Learning english grammar at an intermediate level	119
ОРЫНБАСАР СЫМБАТ ПОЛАТҚЫЗЫ, КЕЛІМБЕТОВА АЙНҰР Жастар қоғамның қозғаушы күші	123
ӨМІРӘЛИ ДИНАРА НҰРЛАНҚЫЗЫ, АЖИБАЕВА РОЗА Ұлтжандылық-болашаққа бастар жол	126
РУСЛАН САБИНА ҚАЙРАТҚЫЗЫ, АЖИБАЕВА РОЗА Инновациялық білім берудегі оқушылардың метатанымдық қабілетін дамытудың педагогикалық шарттары	131

САБИТ ГҮЛАЙНА, ТҰРДЫҒЫЛ БАЛНҰР, ФАТИХОВА НАЗИПА АГЛАМОВНА	
Педагогикалық қызметтің инновациялық бағыттылығы	134
ТАЙКЕЕВА АЙБАРШЫН ЖОМАРТҚЫЗЫ, АЖИБАЕВА РОЗА	
Ұлттық құндылық ұлт болмысы	139
ТҰРДИЯР МЕРУЕРТ ЖАСҰЛАНҚЫЗЫ, ЕСАЛИЕВА САУЛЕ КӨПЖАСАРОВНА	
Ways of learning english through a podcast	143
ТҰРСЫНБЕК АҚЕРКЕ ЕРЛАНҚЫЗЫ, ЕЛУБАЕВА РАХАТ САЙЛАУБЕКҚЫЗЫ	
Қазақ ағартушы-педагогтарының шығармаларындағы адамгершілік тәрбие	148
БАЙМЕНОВА А.О., МАСАЛИЕВА Ж.А.	
Сөйлеу дамуында ауытқуы бар балалардың байланыстырып сөйлеуін дамыту ерекшеліктері	151
ҮСЕН Б.М., АЛТЫНБЕК Е.Е.	
Мектепте бастапқы әскери дайындық сабағында оқушылардың өнегелік қасиеттерін қалыптастыру тәсілдері	156
ТУРСИНБАЕВ М.М., БАЗАРБЕК С.И.	
Мектепте әскери саптық дайындықты оқыту әдістемесі	159
ҮСЕН Б.М., БОЛАТОВА Д. Б.	
Жалпы әскери жарғылардан сабақ ұйымдастырудың негізгі форомалары	162
ТУРСИНБАЕВ М.М., ДІЛДӨБЕК С.	
Мектепте жалпы әскери жарғыларды үйрету әдістемесі	166
ТАНАЕВ Қ.Т., АДЫЛБЕК К.А., ӘЛИАСҚАР С. Б.	
Таэквандо спорт түрінің жүйелік жаттығуларының әдістері	170
ТАНАЕВ Қ.Т., БАЛТАБАЙ Б. Ж., БЕЙБІТХАНҰЛЫ Е.	
Еркін күресте әдіс тәсілдерін жетілдіруі	174
ТАНАЕВ Қ.Т., СЕИТҚАСЫМОВ Н. Ж., ОРАЗБАЙ С. Ғ.	
Грек-рим күресінің тактикасын- әдісін жас палуандарға жетілдіруі	176
ТУРСИНБАЕВ М.М., НҰРЖАНҰЛЫ Д.	
Мектепте жастар ұйымдары арқылы оқушыларға әскери- патриоттық тәрбие беру жолдары	180
ТУРСИНБАЕВ М.М., НҰРЖІГТОВ Н.Н.	
Мектепте әскери топография бойынша сабақты ұйымдастыру және өткізу әдістемесі	183
ҮСЕН Б.М., ОРЫНХАНОВА Л.Д.	
Әскери қызмет негіздерін оқыту және тәрбие әдістемесі	186
ТУРСИНБАЕВ М.М., САБУРОВ И.А.	
Оқу орындарында әскери – тактикалық дайындық сабағын ұйымдастырудың әдістемесі	190
ШОКАЛАКОВА С.Б., ЕЛЕУБАЙ А.	
Жаңартылған білім беру мазмұны аясында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау	193
ШОКАЛАКОВА С.Б., ӘБУМАНСҰР Т.	
Халықтық қолданбалы өнер арқылы жастардың рухани танымдарын қалыптастыру	197
КУПЕЛДЕЕВА АНЕЛЬ АСКАРОВНА, ТАСТАНБЕК САНДУҒАШ МӘЛІКҚЫЗЫ	
Специальность профессиональное обучение/	201

specialty professional training	
ТУРСИНБАЕВ М.М., ТІЛЕУҚҰЛ Д.С.	
Бастапқы әскери дайындық бойынша педагогикалық тәжірибе өткізу және оның озат нәтижелерін оқу процесіне енгізу әдістері	205
ҮСЕН Б.М., ТӨРЕБЕК Д.Б.	
Мектепте бастапқы әскери дайындық бағдарламасы бойынша оқу-далалық жиынды ұйымдастыру және өткізу әдістемесі	209
ДЖЕКЕНОВ П.С., АДИҚҰЛ Ш.А., АСҚАР Б.А.	
Спорттық әрекеттің психологиялық құрылымы	215
ДЖЕКЕНОВ П.С., ӘКИМБЕК Б.Т., ӘЛІМБАЕВА З.Б.	
Күрескерлердің спорттық әрекетінің психологиялық сипаттамасы	220
ДЖЕКЕНОВ П.С., БАЗАРБАЙ Б.Ж., БОЛАТ Н.Н.	
Еркін күрестің ерекшелігі	223
ДЖЕКЕНОВ П.С., ДАЯРБЕК Ж., ДАУЛЕТБАЕВ Б.Ж.	
Күресшілер әрекетінде мақсатқа сәтті жетуін қамтамасыз ететін индивидуальды-психологиялық ерекшеліктер	226
ДЖЕКЕНОВ П.С., ДЖУМАНИЯЗОВ А.П. ЖАБЫКБАЙ А.М.	
Тұлғалық мазасыздық пен ситуативті мазасыздықтың ара қатысы	230
ДЖЕКЕНОВ П.С., АБДУАЛИ Н. Б., ӘБЛЯШИМ Н.Е.	
Жарыс және жаттықтыру әрекеттерінде психоэмоциональды күйлерді салыстыру	233
ДЖЕКЕНОВ П.С., ЖҮНИС Б. Н., КЕНЕС С.Б.	
Жасөспірім футболшылардың психологиялық ойлауын дамыту мәселесі	237
ДЖЕКЕНОВ П.С., ҚАЙРАТ К.Н., ҚҰРМАНБЕК Н.Н.	
Жасөспірім футболшыларды техникалық және тактикалық даярлау	240
ДЖЕКЕНОВ П.С., МАДЕН Ж.А., МАМАЖАН Н.Б.	
Жасөспірім футболшыларды психологиялық ойлауға оқыту, үйрету процесінің мазмұны	244
ДЖЕКЕНОВ П.С., НУРМАШОВ Б. Т., САТЫМҚҰЛОВ Р.А.	
Футбол ойының жағдайлары және олардың классификациясы	248
БЕКБЕРГЕНОВА М., АМАНКЕЛДІ А.Ж., БАЙМАХАНБЕТ Е.Б.	
Жасөспірім футболшылардың психологиялық ойлауының ерекшеліктері	252
БЕКБЕРГЕНОВА М., КАМАЛ А.Ғ., ҚДЫРБАЕВ Е.С.	
Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты дене дамуы мен дене дайындығы	255
БЕКБЕРГЕНОВА М., ҚҰЛТАС А.С., ОРАЗБАЕВ А.Е.	
Мектепке дейінгі жастағы балалардың дене тәрбиесі жағдайларын ұйымдастыру	259
БЕКБЕРГЕНОВА М., САМСАБАЕВ Ә.Б., САМСАБАЙ Р.Ж.	
Мектеп жасына дейінгі балалар дене тәрбиесінің амалдары мен дене тәрбиесі сабақтарының ерекшеліктері	262

БЕКБЕРГЕНОВА М.Н., САФИМ Ш., СӘРСЕНБАЕВА М.А. Мектеп жасына дейінгі балалар дене тәрбиесінің жаттығуларының түрлері	265
БЕКБЕРГЕНОВА М.Н., АМАНГЕЛЬДЫ М.Н., АМРЕЕВ Е.К. Бастауыш мектеп жасындағы балалардың физикалық жас ерекшеліктері	269
БЕКБЕРГЕНОВА М.Н., НАҒАШБАЙ И.М., ОРАЗБАЕВ М.А. Бастауыш сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктері.	272
БЕКБЕРГЕНОВА М.Н., ЖЕТКЕРОВ Н.А., ЖИЙНБАЕВ Р.М. Салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру	275
БЕКБЕРГЕНОВА М.Н., КАРИНТАЕВ Н.А., САҒЫНБЫҚ С.Р. Салауатты өмір салты дамытудағы педагогикалық мәселелер	278
ШИЛИБАЕВ Б.А., БАЙМУРАТОВ Д.А., КУАТБАЕВ Ж.Ж. Психологиялық саулық пен тән саулығы туралы кейбір мәліметтер	282
ШИЛИБАЕВ Б.А., ТОЛЕПОВ И.С., ТОПАР Н.Ж. Салауатты өмір салтын ынталандырудың кейбір мәселелер	286
ШИЛИБАЕВ Б.А., ТҮРСЫНБАЕВ Ө.Д., ШАКИЗАДА А.С. Салауатты өмір сүрудің мақсаты мен негізгі принциптері	289
АБДЫХАЙРАНОВ А.У., АСАН Д. Қол добы ойынының даму тарихы	293
КАСЫМОВА А.Д., ПАК Д. Скоросно- силовые качества спортсмена и ее виды	296
КАСЫМОВА А.Д., ГАФУРОВ Р., АЗИЗОВ Р. Основные средства и методы подготовки бегунов на средние дистанции	299
КАСЫМОВА А.Д., САВИЦКИЙ Ю., УРАЛОВ А. Методы обучения бегунов на средние дистанции	303
ОРАЗЫМБЕТОВА БАЛЖАН ХАЙРУЛЛАЕВНА, ТАУКЕБАЕВА КУНСУЛУ САТХАНОВНА Сәндік-қолданбалы өнер арқылы оқушы тұлғасының шығармашылық белсенділігін қалыптастыру	306
ЖАРАСБЕК АРУЖАН, СЕМЕМБАЕВА ГУЛБАГИЛА АБДЫКАЛЫКОВНА Жанр интервью в современных газетах и СМИ	313
ИНКАРБЕКОВА ЖАНЕРКЕ, ТЛЕПОВА БАЛЖАН ПИРИМБЕТОВНА Особенности развития речевой деятельности студнетов в рамках изучения учебной дисциплины «русский язык»	323
МЭЛС Д. Б., ИМАНБАЕВ А. А. Қазақ мифологиясының философиялық мәні	325
АКҚАНАТ КУРАЛОВА, СТАМКУЛОВА БАЯН ШАЙМЕРДЕНОВНА Цифровое повествование как инновационная образовательная технология	329
КАДИРХАН ЖАНИЯ, СТАМКУЛОВА БАЯН	

ШАЙМЕРДЕНОВА

Степень исследованности разговорной лексики в начале XXI века 332

БОСТАН НАРГИЗА, САРСЕНБАЕВА МАЙРА
БЕКБОСЫНҚЫЗЫ

Бұқар жырау шығармашылығының сыр-сипаты 334

ОРАЛБАЕВА АЙСҰЛУ, САРСЕНБАЕВА МАЙРА
БЕКБОСЫНҚЫЗЫ

Сөз таптары 337

2-СЕКЦИЯ
ПЕДОГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ
ЖӘНЕ ДАМУЫ
СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ И РАЗВИТИЕ
ПЕДАГОГИЧЕСКИХ НАУК
CURRENT STATE AND DEVELOPMENT OF PEDAGOGICAL
SCIENCES

УДК 371.№3:894.342

ЕЖЕЛГІ ЖАЗБА МҰРАЛАРЫМЫЗДАҒЫ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕСІ

Хамит Жұлдызай Болатбекқызы
Халқаралық Тараз инновациялық институтының студенті.
Тараз, Қазақстан
Ғылыми жетекші: Елубаева Рахат Сайлаубекқызы
Халықаралық Тараз инновациялық институтының педагогика
ғылымдарының кандидаты, доцент. Тараз, Қазақстан

Аннотация: Түркі халықтарына ортақ адам баласын оқу-білімге, ақыл-парасатқа, адамгершілік қасиеттерге уағыздаған еңбектердің қазақ халқының да тәлімдік ой-пікірлерінің, өлең, жырларының сонау түркі халықтарынан бергі келе жатқан еңбектерінің мән-мағынасы.

Кілтті сөздер: Орхон жазбалары, ұлт тағдыры, Әбу Насыр әл-Фараби, Иоллығ тегі, Диуани лұғат-ат-түркі, Құтб ақын, Әлішер Науаи,

Аннотация: Суть произведений казахского народа, стихи и песни древних тюркских народов.

Ключевые слова: Орхонские надписи, судьба нации, Абу Наср аль-Фараби, Иоллығ тегі, Диуани лұғат-ат-Тюрк, поет Кутб, Алишер Навои,

Annotation: The essence of the works of the Kazakh people, poems and songs of the ancient Turkic peoples.

Key words: Orkhon inscriptions, the fate of the nation, Abu Nasr al-Farabi, Yollig tegin, Diwani lugat-at-Turk, poet Qutb, Alisher Navoi,

«Бала - болашағымыз» деп ой түйген халқымыз бала тәрбиесіне ежелден-ақ көңіл бөлген. Ұлт тағдыры – ұрпақ қолында екенін жақсы түсінген ата-бабамыз жас жеткіншектерді адамгершілік ізгі қасиеттерге баулыған. Қай кезеңнің болсын келелі мәселесі бола білген тәрбиенің бұл саласын әр кезеңнің дана ойшылдары мен ғұлама ғалымдары еңбектеріне арқау еткен. Сонау Орхон жазба ескерткіштері мен Қорқыт

ата кітабынан бастап орта ғасырлық ойшылдардың төл туындылары мен даламыздың дана жырауларының поэзиясына зер салсаңыз, кез-келгенінде адам бойындағы адамгершілік қасиет, олардың қалыптасуы туралы кеңінен сөз болады.

Түркі халқының шежіресі іспеттес Орхон жазба ескерткіштерін алсақ, онда жас жеткіншектерді жерін, елін, халқын сүюге, ата-ананы, үлкенді сыйлау, жақсы, ұнамды мінез-қылықтарға баулу, адамгершілікке тәрбиелеу жайында айтылады. Жырда тәлімдік ойлар, қанатты сөздер, мақалдар, шешендік жолдар, жоқтаулар арқылы беріледі.

О дүниеге көшкен жанның әруағын сыйлау, құрметтеу, басына ескерткіш тас қойып, азалы жоқтаумен еске түсіріп, ізгі қасиеттерін кейінгі ұрпаққа үлгі ету ата-бабамыздың ежелден келе жатқан тамаша дәстүрі. Иоллығ-тегінің Күлтегінге арналған құлыптастағы жоқтау жыры осының айғағы. Жыршы елі үшін жойқын айқаста Күлтегінің көрсеткен батырлық, ерлік істерін көркем тілмен суреттеу арқылы жастардың еліне, жеріне, халқына деген махаббатын оятып, Отанның алдындағы азаматтық борышын адал орындауға шақырады.

Жарық дүниеге әкеліп, ақ сүтін беріп, әлпештеп баққан аяулы аналарын қарттар үйіне тапсырып, қатыгездік танытып жатқан жастарымыз аз емес. Бұл халқымыздың басында небір қилы замандарда да болып көрмеген құбылыс. Адамгершілікке жат қоғамымыздағы осындай кері құбылысқа қарсы тұрарлық жолдар жырдың кейбір тұстарынан жақсы көрініс тапқан. Еңбекте «жолаушылап келген баласы үйге кіргенде, әкесінен бұрын әуелі шешесіне бас иетіндігі» туралы суреттеледі. Бұл жастардың анаға деген мейірімділігі мен сүйіспеншілігінің қалыптасуына ықпал етеді. Тарихшы Л. Гумилевтың айтуынша «түркілер әйелдерге ерекше құрметпен қараған» [1].

Жырдың жастарға үлгі боларлық тағы бір тұсы – «өмірдің өзінен туған ойлы тұжырымдар мен пайымдаулардан құралған» мақал-мәтелдердің молдығы [1]. Талай өмір тәжірибесінен өткен бұл мақалдардың ізгіліктің рухын жастардың санасына сіңіруде маңызы бар. Мәселен, «Аштықта тоқтықты білмейсің. Бір тойсаң аштықты білмейсің» деген мақал қазіргі қазақ арасындағы «Аш бала тоқ баламен ойнамайды», «Аш қадірін жоқ білмес, ас қадірін тоқ білмес» деген мақалдарды еріксіз еске түсіреді. Бұл мақал арқылы жастардың бойында қолыңда бар нәрсенің қадірін біл, үнемдеп ұста, өзіңнен артылса, өзгеге де қарайлас, жоққа жаның ашысын деген адамшылыққа тән асыл қасиеттерді сіңірсе, «Жұқаны таптау - оңай», «Жіңішкені үзу - оңай», «Қол қосылса, күш өсер» деген жолдармен оларды бірлікке, ынтымаққа, тату-тәтті достыққа шақырады [1; 106б.].

Адам баласына тән ұлы қасиет – ұят. Өзінің орынсыз ісіне ұялу адамға ғана тән. Бұл – адамшылықтың белгісі. Міне, осы ұяттың адам өміріндегі орнының ерекше екендігі жырда «Өлімнен ұят күшті» деген мақалмен жақсы берілген [1; 106б.].

Ұрпақ тәрбиесінде маңызы ерекше ежелгі мұраларымыздың бірі – Қорқыт ата тағылымы. «Адам өмірі, мінез-құлқы, тағдыры жайында тұңғыық, кемелді толғаулар қалдырған Қорқыт ата тарихта болған адам» [1; 110б.]. Әлішер Науаи Қорқыт ата жайында былай деп жазады: «Түркі ұлысы арасында Қорқыт атадан даңқты, одан асқан кісі жоқ еді. Оның даңқына ешкім тең келмейтін. Өзінен кейінгі көп жылғы келешекті болжап айтқыш данышпан еді, оның таңқаларлық нақыл сөздері осы күнге дейін бар» [1; 110б.].

Дана ойшыл «Жігіт тірісінде Қаратаудай қылып, бір күн тыныштық көрмей дүние жияды, байиды. Бірақ соның ішінен ол өзіне тиісті үлесін ғана жейді» деп қанағатшылдыққа, «Тәңіріне сиынбас адамның тілегі қабыл болмайды» секілді өсиет

жолдармен адамгершіліктің тұтқасы имандылыққа үндейді [2;36.]. «Менмен, тәкаппар адамды тәңірі сүймейді. Басқалардан өзін жоғары ұстаған адамға тәңірі бақ бермейді» деген тіркестермен өзгені менсінбес өзімшілдікке, өзгеден өзін тым биік санар тәкаппарлыққа қарсы тұрады [2;36.]. Жанұя берекесі, ұрпақ тәрбиесі әйел затының тек сыртқы сұлулығына байланысты екендігін жақсы түсінген данышпан қария оған ерекше назар аударады. Адамгершілігі жоғары, иманжүзді, көргенді де әдепті, ақылды да парасатты әйел-ананың тәрбиелеген ұл-қызы да өнегелі, құрған шаңырағы берік, үй іші берекеге толы болатындығын бүршік атып келе жатқан жас бойжеткендеріміздің санасына сіңіре білген. «Әйел 4 түрлі болады. Оның бірі – ниеті қара әйел, екіншісі – нысапсыз әйел, үшіншісі – үйдің құты болған әйел, төртіншісі – кесірлі әйел», - деп ой түйген Қорқыт ата сөздерінің маңызы зор[2;46.]. Тәрбиенің адам өміріндегі орны туралы ол «Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағылым алмаған ұл жаман» , - деген[2;36.]. Ұрпағының көпшіл, бауырмашыл, ата жолын қуған қонақжай болғанын қалаған ойшыл «Ата даңқын шығарып, өзінің тегін қуған балаға ешкім жетпейді. Қонағы жоқ қараша үйден құлазыған түз артық», - дейді [2;36.]. Адамгершілікке жат қылық өтірікшілдікті сынға алған кемеңгер қария жастардың осындай жат әдеттен бойын аулақ салуын талап етеді. «Өтірік сөз өрге баспайды. Өтірікші болғаннан жарық көріп, өмір сүрмеген артық. Сөзіне берік шыншыл адамға бұл дүниені отыз жылды үшке көбейтіп өмір сүрсе де аз» [2;36.].

Қазақ топырағында дүниеге келіп, шығыстың екінші Аристотелі атанған Әбу Насыр әл-Фарабидің «Мемлекет қайраткерлерінің нақыл сөздері», «Азаматтық саясат», «Бақытқа жету жолында», «Риторика», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат» тәрізді құнды еңбектерінде адамгершілік, ізгілік мәселесіне баса назар аударады.

Бейопа мынау заманда

Бақұл боп кетер адам да, -

деп өмірдің өткіншілігін түсініп, бұл өмірде нәпсіңді тый, арамдық, қулық жат қылықтан аулақ бол дегенді айтқан ғұлама ғалым:

Бауырым, қанша сүйгенмен,

Өтеді өмір күйбеңмен.

Шындыққа бас тәк алаулап,

Пенделіктен бол аулақ, -

деп жырлайды [3;846.]. Адам баласын ізгілік пен адалдық, шындыққа, адамгершілікке үндеген ол бақытқа жету жолын іздейді. Ұлы гуманист адам білімді, адамгершілігі мол болғанда ғана бақытты болмақ деген қорытындыға келеді. Адам тәрбиесі туралы Әл-Фарабидің осынау ой желісімен Ж.Баласағұнның да ой желісі ұштасып жатыр. Ол Жүсіптің «Құдатғу білік» атты дидактикалық, этикалық сарындағы еңбегінен жақсы көрініс тапқан. «Құдатғу білікке» Қ.Жарықбаев: «Құдатғу білік» - түркі сөздері. Мұндағы «Құдатғу сөзі «құт», « бақыт», «құтты» деген мағынаны білдіреді. Олай болса, «Құдатғу білікті» қазақша «құтты білік», «білімді құтайтушы кітап» немесе «бақытқа жету ғылымы» деуге болады», - деп түсініктеме береді [4;2956.].

Олай болса, Жүсіп те әл-Фарабише адам дүниеге келген соң адам деген ардақты атқа лайықты өмір сүріп, бақытты күн кешуі тиіс деп түсініп, бақытқа жетудің жолын қарастырады.

Тәңірі адамдарды жаратты, үздік етті,

Оған өнер, білім, ақыл, ой берді, -

немесе, «Ақылсыз адамдардың жануардан айырмашылығы жоқ» деген ол ақылға ерекше көгңіл бөледі [3; 102б.].

Ер ақылға ие болса, пайдасы көп.

Оған білім қосылса, қадір-қасиеті артады,

деген автор адамды бақытты етушілердің бірі – ақыл болса, оған күш беретін білім екендігін жазады [3; 102б.].

Білімді биік, ақылды ұлық деп есепте.

Бұл екеуі алланың таңдаулы құлдарын асқар тауға шығарады, -

дей келе, «Білім ақылмен ұштаспаса төңірегің қараңғылана түседі» деп ой түйеді[3; 102б.].

Ақыл сездіреді, білім білдіреді,

Баянсыз дүние қылығын саған ұқтырады.

Құдай кімге ақыл, білім берсе,

Мың сан ізгілікке қол созады, -

деп жырлаған Жүсіп Баласағұнша білімді адамның бойында адамгершілік қасиеттер мол болуы тиіс [3; 102б.]. Яғни, адам бақытқа қол жеткізу үшін білімді, ақылды, адамгершілігі зор болуы тиіс деген тоқтамға келеді. «Бұл түс сияқты дүниеден көзінді ашып-жұмғанша көшесің. Жанды пырақ етіп мін, қайыр-ізгілік жаса» деп қамшының сабындай қысқа өмірде пендешілікке бой алдырма, ізгілік істе, артында жақсы атың қалсын дегенді айтады[3; 103б.]. «Сабырлылық, әдептілік – ақылдықтың белгісі», «Барлық істе асықпа. Шыда, өзінді ұста. Шыдаса құл беліне бектің белдігін байлайды» [3; 105б.]. «Кісіге екі дүниеде пайдалы нәрсе – ізгі іс, ұят, әділдік. Бұл үшеуі арқылы адам шын бақытқа жетеді», «Кісіге өте пайдасыз үш нәрсе бар. Өуелі – жауыздық істен қасарысып айрылмаса, екінші – жалған сөйлесе, үшінші – сараңдық», - деген данышпан осы үш пайдалы мен пайдасызды әрі қарай таратады[3; 107б.].

Сондай-ақ, М.Қашқаридың «Диуани лұғат-ат-түркінде» («Түркі сөздерінің жиынтығы») орын алған ауыз әдебиетінің үлгілерінің кез-келгені жастарды адамгершілікке шақырары даусыз. Мәселен, этнопедагогиканың озық дәстүрлерінің бірі, күшті тәрбие құралы – мақал-мәтелдердің ең бір қомақтысы адамгершілікке арналған.

«Ізгілік болса ер өлмес, іштік болса ат жауыр болмас», «Итке ұят бітсе, өлексе жемес», «Үлкенді сыйласа құт болар», «Әдептің басы - тіл», «Жуаспенен ұрыс, ұятсызбен ұстаспа», «Ізгілікті судың түбіне тастап, бетінен ізде» деген мақалдар ұятты, ізетті, инабатты, әдепті болуға үндеп, адамды жаман қасиеттерден қашық болуға шақырады [5]. «Тай өссе ат тынығар, бала өссе әке тынығар», «Ұл су төксе, үлкеннің жамбасы сынар», «Атаның ұлы атасына тартып туар», «Әкесі ащы алма жесе, баласының тісі қашалар», «Әкесінің тоны ұлына жарасса, әкесін жақтырмас» деген мақалдар арқылы автор ата-ана мен баланың қарым-қатынасын, жанұядағы бала тәрбиесінің орнын жақсы көрсетіп беріп отыр [5]. Ғұлама ғалым жастарды «Батыр соғыста өлер, қорқақ жанжалда өлер», «Еріншекке есік те асу болар», «Еңбекқордың еріні майлы, жалқаудың басы - қанды», «Жалқауға көлеңкесі де жүк болар» сияқты мақал-мәтелдерді пайдалану арқылы жалқаулық, қорқақтық тәрізді жаман қасиеттерден бойын аулақ ұстауға шақырса, «Бім білсе, ер өлмес» мақалымен сезімталдыққа, «Сарттың азығы адал болса, жол үстінде жер» мақалымен адалдыққа, «Барын ортаға салса, жоққа саналмас» мақал-мәтелімен ашық қолды, кеңпейілділікке, «Жанжал шықса ағайын ақылдасар, жау тисе ел тебіренер»

мақалымен ұйымшылдыққа, «Әумесер шыбын сүтке түсер» мәтелімен сабырлылыққа үндейді [5].

Осындай тәрбиелік мәні бар жоғары асыл мұраларымыздың бірі А.Іүгінекидің «Хитабул хақайық» («Ақиқат сыйы») атты туындысы. Еңбекте автор білімнің, оқу-ғылымның пайдасын «Бақыт жолы білім арқылы білінеді», «Білімсіз надан құны жоқ бақыр», «Сүйекке – май, адамға – білім керек», «Білімсіз кісінің жайы майы жоқ сүйек сияқты. Майы жоқ сүйекке кім қол ұсынбақ» деп жаза келіп, адамгершілік қасиеттерге көптеп көңіл бөледі [3]. «Адамгершілік кімде көп болса, соны ер деп есепте» деген ақын «Жомарттық барлық айыптың кірін жуады», «Жомарт бол. Саған сөз де, сөгіс те келмейді», «Жібімейтін көңілді жомарт кісі жібітеді», «Қол жетпейтін мұратқа жомарттың қолы жетеді», «Сараңдық – емдегенмен жазылмайтын ауру», «Тәкаппарлықты басыңнан шығарып, кішіпейілділікті берік ұста. Одан мүлде айрылма», «Тәкаппарлық барлық елде жеккөрінішті қылық», «Алла кішіпейілдінің абыройын асырады, тәкаппардың құтын қашырады», «Үлкен кішіге сыпайы сөйле», «Сабырлы кісі сауабын ұстап қалады», «Ұлық болсаң жаңылма. Егер атлас кисең, бір кезде бөз кигенінді ұмытпа», «Біреу зәбір-жапа жасаса, қарымына рақат көрсет. Өйткені қанды қанмен қанша жусаң да тазармайды», «Жарамды киім тапсаң жалаңашты бүтінде» деп жомарттық, қарапайымдылық, сыпайылық сияқты адамгершілікке тән жағымды қасиеттерді дәріштеп, надандық, сараңдық, дөрекілік, менмендік тәрізді жат қылықтарды шенейді [3].

XIV ғасырдың ортасында өмір сүрген Құтб ақынның «Хұсрау-Шырын» дастанын да алып қарасақ «адам бойындағы асыл қасиеттерді – адамдықты, мейірімділікті, еңбек сүйгіштікті, бауырмалдықты, мөлдір махаббатты, білімділікті ту етіп көтерген зор тәрбиелік, танымдық мәні бар» [5]. Дастанның басты кейіпкері Шырын тек сұлулық иесі ғана емес, адал жар, мейірімді, қайырымды жан. Қазақтың ғашықтық жырларымен сарындас бұл жыр арқылы ақын адамгершілікке, қағатшылдыққа, елге, жерге деген ыстық сезімге, махаббатқа, сүйгеніне адал болуға үндейді.

Сол сияқты Сайф Сараидің «Гүлстаны» сегіз тараудан тұрады. Ақынның бұл аудармасында арнайы бір тарауы – тілге сақ болудың пайдасына арналса, жетінші тарау – тәлім-тәрбиелік мәселені көтереді. Дастанда автор адам бойындағы әділдік, ізгілік, мейірімділік, жомарттық тәрізді адамгершілік қасиеттерді мадақтаған. «Шығарма жақсылық пен жамандық, қатыгездік пен мейірімділік, патша мен диқан, шындық пен өтірік, әке мен бала, күйеуі мен әйелі, інісі мен ағасы тағы басқалардың аралық қарым-қатынасы қандай болу керек деген сауалға жауап беріледі» [5].

Түркі халықтарына ортақ адам баласын оқу-білімге, ақыл-парасатқа, адамгершілік қасиеттерге уағыздаған тәлімдік орны ерекше бұл еңбектердің қазақ халқының да тәлімдік ой-пікірлерінің түп төркіндері екеніне ешкім талас тудырмасы ақиқат.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы: Жазушы, 1990. – 348 б.
2. Қорқыт ата кітабы. Аударған - Ә. Дербісәлиев. – Алматы: Қазақстан, 1993. – 64 б.
3. Қыраубаева А. Ежелгі дәуір әдебиеті (хрестоматия). – Алматы: Ана тілі, 1991. – 280 б.
4. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы: Санат, 1995. – 350 б.

5. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 192 б.
6. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Ана тілі, 1991, - 264 б.



ӘОЖ 811.512.122

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ ДЕРЕККӨЗДЕРІ

Утегенова Әсел Тимурқызы

Халықаралық Тараз инновациялық институтының ҚТ- 19-1 тобының студенті

Ғылыми жетекшісі: Кәрібаева Азиза Өтегенқызы ф.ғ.к. доцент

Халықаралық Тараз инновациялық институты

Аңдатпа

Бұл мақалада түркі тілдеріндегі ұлттық терминдердің дереккөздері мен олардың ежелгі дәуірден қазіргі кезеңге дейінгі қолданысы зерттеледі. Сондай-ақ ұлттық терминология мен ғылыми терминология мәселелері қарастырылады.

Кілт сөздер: ауызекі дереккөздер, жазба дереккөздер, ұлттық термин, терминология, ұлттық терминология, терминжасам, генеалогия, типология, этимология.

Аннотация

В этой статье изучаются вопросы, о том что исследование и изучение источников терминов тюркского языка, и их использование с древних времен до наших дней. А также рассматриваются проблемы национальных и научных терминологии.

Ключевые слова: устное источники, письменное источники, национальный термин, терминология, национальная терминология, терминообразование, ге-неалогия, типология, этимология.

Annotation

This article examines the sources of national terms in the Turkic languages and their use from ancient times to the present day. Issues of national terminology will also be considered.

Key words: oral, sources, written sources, national term, terminology, national terminology, genealogy, tipology, etimology.

Негізінен ежелгі кезеңдегі түркі тілдерінің негізгі дереккөздері: ауызекі және жазба дереккөздері болып саналады. Ауызекі дереккөздері деп отырғанымыз, халықтың бүкіл өмір сүру дәуірінде қалыптасқан ұлттық ойындар және олардың түрлері, ойнау тәсілдері еді. Бұлар атадан - балаға мирас болып келе жатқан құнды дүниелер болатын. Олар өмір өзгергенімен, өзгермей тілімізде дамып, халқымыздың санасында өшпей қалыптасқан дүниелер. Мұны жарыққа шығару, өмірге қайта келтіру – біздің ұлттық парызымыз. Көптен бері халық санасында сақталып келген, халықтық ұғымдарды қайта рухани жаңғыртып, қалыптастыру. Жазба дереккөздері дегенде біз түркі заманынан бері келе жатырған жазба деректер мен жазба ескерткіштер арқылы тілімізде қалыптасқан ұлттық мұралардың сақталуын және олардың кейінгі ұрпаққа мирас болып жетуі, оның қазіргі таңда қолданысқа айналуын негізгі дереккөздер деп танымыз. Мәселен,

А.Диваев өзінің «Игры киргизских детей» атты еңбегінде [1, 217] тарихта алғаш рет қазақтың ұлттық ойындары туралы алғашқы рулық-қауымдық кезеңнен бастап, қазіргі күнгі спорттық ойын түрлерін қарастырады. М.Гуннердің 1949 ж. жарық көрген «Краткий сборник казахских народно-национальных видов спорта» атты еңбегінде [2,27]. ұлттық ойын түрлері туралы айтылады. XX ғасырдың басындағы көшпелі түркі халықтары: қазақ, өзбек, қырғыз, түркімен, қарақалпақ т.б. елдері туралы этнографиялық деректерде, олардың ұлттық мәдениетінің тармағы – халық ойындары, - деген мәліметтер келтірген. Ал орыс ғалымы А.Васильев «Игры сартовских детей» атты мақаласында [3,21]. Ферғана мен Сырдария аймақтарын мекендеген өзбек халқының ұлттық ойындарының түрлерін ажыратып, оларды бірнеше топқа бөліп, нақты зерттеген.

Кеңес дәуірінде қазақтың ұлттық дәстүрлі ойындарын зерттеген М.Таникеев, Б.Төтенаев, Ә.Бүркітбаев, А.Бұғыбаевтардың [4,17]. еңбектерінде қазақтың ұлттық ойын деректерінің өзі бір төбе. Түркі тілдеріндегі ұлттық ойын терминдерінің пайда болуы мен даму жолындағы деректерді қарастырып, зерттеушілердің еңбектерін есепке алған жөн. Мәселен, А.Вамберидің еңбегінде: қошқар дүгістіру, қораз ұрыстыру, бәйге сияқты терминдерді келтіруімізге болады [5,140]. Белгілі археолог және этнограф ғалым С.П.Толстовтың еңбектерінде: сары жай атыушы, күрес, қылыш, ат шабар т.б. сияқты спорт терминдері кездеседі. [6,71]. Академик Р.Сыздықова [7,100] еңбектерінде: жай, жақ, жебе, қылыш, семсер, ойын, кіріс сияқты спорт терминдерін кездестіреміз.

Қарақалпақ тіліндегі спорттың тарихын зерттеуші Р.Құрбановтың [8,17] еңбектерінде спорттың әртүрінің 50-ге жуық терминдері, сондай-ақ қазақ ұлттық ойындарын зерттеуші М.Таникеевтің, П.Шылмановтың [9,19] еңбектерінде ұлттық әрекетті ойындарға байланысты 200-ден астам ойын сөздерінің қолданылатынын байқадық. Еліміз бен тіліміздің егемендік алуы – Қазақ еліндегі дене шынықтыру мен ұлттық ойындар мәселесіне сын көзбен қарауды талап етеді. Сондықтан, түркі халықтарының ұлттық ойындары мен олардың терминологиясы, басқа халықтардың ұлттық ойындарынан айырмашылығы – оның шығу тегі мен пайда болу жолдарының ерекшелігіне байланысты.

Қазіргі кезеңде терминжасамда ұлт тілінің ішкі байлығын сарқа пайдалануға үлкен мән беріліп отырғандығы баршамамызға аян. Сондықтан, пайдалануға тиісті сол байлықтың көзін анықтап, ондай ішкі дереккөздердің осы мерзімге дейін терминологиялық лексиканы құрауға қаншалықты қатысып келетіндігін және алдағы уақытта оларды қалай іске жарату керектігін сөз қозғаудың сәті келіп тұр.

Терминология мәселесіне бүгінгі күнде қайта оралудың себептерін айта келіп, академик Ә.Т.Қайдаров былай дейді: «Қазақ тілі терминологиясы әртүрлі жағдайларға байланысты бүгінде дағдарысқа ұшырап отыр. Оның ғылыми жаңа дәстүріне бағыт-бағдар беріп, алда жүрудің орнына артқа тартып, терминжасам тәжірибесі аяқ асты болып бара жатыр. Осының нәтижесінде әркімнің өз білгенінше термин жасауымен сөздер өзгеріп, дамып, толығып келеді [10, 27].

Ұлт тілдерінде ғылыми терминологияны қалыптастыруға айрықша мән беріліп, үлкен мемлекеттік маңызы бар іс ретінде қаралған. Сол себепті, терминологияны қалыптастыру мен дамытудың принциптері де одақтық тіл саясатына сәйкес, орталықтың тікелей араласуымен жасалып, олардың басшылыққа алынуы қатаң қадағаланып отырған. Сондықтан, біздің мақсатымыз - түркі тілдеріндегі ұлттық ойын терминдерінің дереккөздерін ашу, түркі тілдеріндегі ұлттық ойын терминдерінің шығу тегін, қалыптасу тарихын, түркі тілдеріндегі

ұлттық ойын терминдерінің кейбір ерекшеліктерін тарихи – салыстырмалы әдіс арқылы зерттеу. Мұны біз эпостық жырлардағы терминдерді зерттеу барысында айқындадық. Өйткені, эпостық жырлардағы терминдердің негізгі түбірі бір болғанымен, түркі тілдерінің тілдік заңдылықтарына сәйкес әр түрлі қолданылады.

Ауызекі дереккөздеріне үңілсек, XIV-XV ғасырларға дейінгі дәуірдегі ақындық поэзия негізінде қалыптасқан, солардың көптеген үлгілерін, өлең жолдарын пайдалануымыздың нәтижесінде, жаңадан жасалған сөздер, сөз тіркестері мен ұлттық терминдер қалыптасты. Кезінде кемеңгер жазушы М.Әуезовтың өзі де дәлелді пікірлермен келтірген болатын. «Әдеби тіл – негізін, яғни дереккөздерін батырлық жырлардан алған». Жыраулар мен жыршылар, орындаушылардың ықпалымен ұлттық дәстүрді жандандырудың өзі, ұлттық терминдердің күшті де, қуатты бірлігі болуын айқын дәлелдейді.

Мәселен, «садақ» сөзі түркі халықтарының эпостық жырларында XV-XIX ғасырлардағы ақын - жыраулар тілдерінде де жиі кездеседі. Мұны біз «Бес ғасыр жырлайды», «Асау - Барақ», «Орақ - Мамай», «Қарасай - Қазы», Махамбеттің жырларынан білеміз.

Тілдің пайда болуы мен атау теориясы туралы антикалық дәуірде үлкен ілім жасалған. Мифологиялық түсінік пен танымды қабылдап талдау жасаған ежелгі гректер, тілдің ішкі мағыналық табиғатын тануда өзіндік қисынын қалыптастырған. Сөздің ішкі тұлғасын, негізгі этимологиясын тануда антикалық философтар ірі - ірі жетістіктерге қол жеткізеді. Мысалы, «Садақтың атауы - өмірді, ал оның әрекеті - өлімді танытады», - деп жазады грек ойшылы Гераклит.

Мұндағы «садақ» сөзі түркі тілдерінің жаңа терминдері емес, көне заманнан бері сонау XIV ғасырдың өзінде, оған дейін де қолданылған сөздер. Мәселен «садақ» сөзі «Қобыланды батыр» жырында «оқ қабы», «жақ қабы» мағынасында қолданылған. Мысалы: Дөңгеленіп келеді, Садақтың бауы сартылдап, - деген жыр жолдарында «садақ» сөзі белге байлап алған «жақ және оқ қаптары» мағынасында берілген. Сондықтан, біздің зерттеу жұмысымыздың негізгі арқауы да осы тіліміздегі ұлттық терминологияның басты мәселелері болып отыр. Міне, осындай дереккөздерді жинақтай келе, біз түркі тілінің дереккөздерін, туыстас түркі халықтарының тілі, тарихы, әдебиеті мен мәдениетін қарастыра отырып анықтауымызға болады. Сонымен қатар, зерттеу барысында, түркі тілдерінің генеалогиялық және типологиялық классификациясын нысанаға алуымыз тиіс деп ойлаймыз.

Жалпы түрік тілін зерттеуші мамандар мен ғалымдардың алдында түркі тілдерінің зерттелуі қажет деген мәселенің тұрғаны айқын. Осы тұрғыдан, түркі халықтарының ішінде қазақ, қарақалпақ, ноғай халықтары бір негізден тараған, - деген пікірге толық қосыламыз. Себебі, оны дәлелдейтін ең алғаш аталған халықтардың қазіргі күнге дейін сақталған тілі, әдет - ғұрпы қарақалпақтарға ұқсас келеді. Өйткені, қазақ халқының дәстүрінде болмаған сөздің өзі Оңтүстік қазақтарының тілінде қолданылуы, ол тегіннен - тегін нәрсе емес. Қарақалпақтардың қазақтармен бірге жасағанын дәлелдейтін көптеген тарихи дереккөздері бар. Мәселен, Ноғай ордасы, Орманбет би өлгенге дейінгі аралықтың өзі біраз нәрсені аңғартады. Негізінде, қарақалпақ халқы қазақтармен бірге Еділ, Жайық бойларында, Жетісу өңірінде жасағаны тарихи деректерден айқын көрінеді. Өйткені, Қазыбек Тауасарұлының еңбегінде [11,142] қазақтармен бірге қарақалпақ батырларының жауға бірге аттануы туралы деректер келтірген. Сондықтан, түркі

тілдеріндегі терминдердің көпшілігі ауыз әдебиеті, фольклор, батырлар жыры үлгілеріндегі туындылардан алынып, ұлттық терминологиямызды байытуымыз тиіс.

Қазір де ғылыми терминологияны түркі тілдері негізінде қалыптастыруға тиісті мән беріліп отыр. Сондай-ақ, түркі тілдес халықтар қазіргі түркі тілдерін, терминжасамның тұрақты бір көзі деп санайды. Яғни біз терминологияны қалыптастыруда терминжасамды шет тілінен аударма арқылы алғанша, негізгі түбірін өзге түркі тілдерімен байланыстыра отырып қабылдағанымыз тиімді болады. Себебі, біздің негізгі түбіріміз сол түркі тілдерімен егіз деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Диваев А. «Игры киргизских детей». - СПб., -1948.
2. Гуннер М. «Краткий сборник казахских народно-национальных видов спорта». – СПб., - 1949.
3. Васильев А. «Игры сартовских детей». – Ташкент, - 1949.
4. Бұғыбаев А. Белдессең бекем бол. - Алматы: Мектеп, 1989. -116б.
5. Вамбери А. Путешествие по Средней Азии. –СПб., 1865. - С.25
6. С.П.Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. - Москва, -1962. -С. 140.
7. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: Арыс, 2004. -112б.
8. Құрбанов Р.Т. Қарақалпақстанда физкультура хәм спорттың рауажланыуы. - Нөкис, -1976, -10 б.
9. Шылманов П.Ш. Каракалпакские подвижные игры в школе. - Нукус, -1978. – С.19-47.
10. Ә.Т. Қайдаров. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. - Алматы, -1997.
11. Тауасарұлы Қ. Түп-түқияннан өзіме шейін. - Алматы, -1995. 142.



ӘОЖ: 801.8

ЛИНГВИСТИКА ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Арманова Асем Арманқызы

Халықаралық Тараз инновациялық институтының ШТ-20-1 тобының студенті

Ғылыми жетекшісі: Кәрібаева Азиза Өтегенқызы ф.ғ.к. доцент

Халықаралық Тараз инновациялық институты

Аңдатпа Бұл мақалада лингвистикалық терминдер, олардың тіліміздегі қалыптасуы мен ғылымдағы зерттелу жағдайы қарастырылады. Сондай-ақ тіл біліміндегі актуальды мәселелердің бірі екені айтылады.

Кілт сөздер: термин, лингвистика, әлеуметтік лингвистика, этнолингвистика, струк-туралық лингвистика, салғастырмалы лингвистика, ареальдық лингвистика, қолданбалы лингвистика, функциональды лингвистика т.б.

Аннотация В этой статье рассматриваются вопросы лингвистические термины и их становление и изучение в науке . А также актуальные проблемы в языкознании.

Ключевые слова: термин, лингвистика, социальное лингвистика, этнолингвистика, струк-турные лингвистика, сравнительное лингвистика, ареальная лингвистика, қолданбалы лингвистика, функциональная лингвистика и т.д.

Annotation This article discusses linguistic terms their formation in our language and the state of research in science. It is also said that it is one of the most pressing issues in linguistics

Key words: term, linguistics, social linguistics, ethno-linguistics, structural linguistics, comparative linguistics, areal linguistics, applied linguistics, functional linguistics.

Лингвистика ғылымының өзекті мәселелерінің бірі – таным теориясы. Лингвистика латын тілінің «lingua» терминінен алынған, мағынасы «тіл» деген ұғымды білдіреді. Ал ғылым саласында «тіл білімі» деген мағынаны береді. Бір ғасыр бұрын біздің тілімізге орыс тілі арқылы орыстың «языкознание» деген терминімен еніп, қазақ тілінде «тіл білімі» болып қалыптасқан. Ал тәуелсіздік кезеңінен бастап, орыс тілінен енген терминдердің көпшілігі қазақ тіліне аударылып, жаңа қолданысқа ие болған кезде «лингвистика» термині шетел тілінен тікелей алынып, қазіргі заман талабына сәйкес біздің тілімізде кең өріс ала бастады. Соның нәтижесінде тілімізде лингвистикалық терминдер мен терминологиялық тіркестер пайда болды. Мәселен, әлеуметтік лингвистика, антропологика, этнолингвистика, салғастырмалы лингвистика, ареальдық лингвистика, дескриптивті лингвистика, контрастивті лингвистика, қолданбалы лингвистика, логикалық лингвистика, нейролингвистика, психолінгвистика, структуралық лингвистика, функционалды лингвистика т.б.

Әлеуметтік лингвистикадағы тілді - адамдардың қарым-қатынас құралы және әлеуметтік құбылыс ретінде танытын ағымдардың, концепциялардың бірі ретінде қарау керек. Мысалы, батыстық лингвистикада тіл – әлеуметтік құбылыс ретінде шетелдік лингвистикада қолданылып жүр. Бұл бағыттың өкілдері тілді ең алдымен коммуникация яғни байланыс құралы деп таныған. Ал тілдің ойлаудағы ролі екінші орынға қойылады.

АҚШ та тіл – коллективтің тарихтан қалған мұрасы ретінде танылған. Шетел ғалымы Э. Сепирдің пікіріне сүйенсек, «мәдениет – қоғамның негізі ойлап, немен айналысқанын көрсетсе, тіл – қалай ойлайтынын көрсетеді», - дейді. Демек, мұндай ойлар мен идеялар этнолингвистика теориясынан алынған, тіл философиясының кейбір ұғымдарымен ұштасады [1,48]. Ал тіл адам ойына байланысты туындайтын қатынас құралы, қоғамға қызмет етеді. Әлеуметтік лингвистика этнография шеңберінде тілдердің тарихын зерттеуді көздейді. Ол үшін сол тілде сөйлейтін адамдардың этникалық тарихын зерттеу қажет болады.

Этнолингвистика грек тілінің «ethnos» терминінен аударғанда халық, тайпа, және лингвистика деген ұғымын танытатын, тілді мәдениетпен, тілдік этномәдени және этнопсихологиялық деректермен байланыстыра қарастыратын тіл білімінің бағыты. Мысалы: Халық-деген ұғымға қазақ, қырғыз, өзбек, қарақалпақ, ноғай, башқұрт,

татар, ұйғыр, түрікмен, азербайжан, қарашай-балқар т.б. түркі халықтарын жатқызамыз.

Тайпа – деген ұғымға сақ, ғұн, қыпшақ, қарлұқ, оғыз т.б. түркі тайпаларының негізін құраушы тайпалар кіреді. Түркі халықтарының тілі шығу тегі жағынан алтай тілдеріне жатады. Алтай тобына: түркі, тұңғұс-манчжур, монғол, финн - угор тілдері енеді. Түркі тілдері мен финн-угор тілдері орал-алтай гипотезасы бойынша орал-алтай макротобын құрайды. Ал лингвистикалық ілім - ғылым мен мәдениет тарихындағы тіл білімінің дамуына арналған зерттеулердің бірі.

Сондықтан, лингвистика – тіл білімінің дамуын теориялық жақтан негізге ала отырып, теорияларды талдау және лингвистикалық ойлардың генезистік шығу тегін, концепцияларын, тіл білімі дәстүрі бойынша, бағыттар мен мектептердің мәселелерін анықтайды. Дегенмен, ғылыми пән ретінде лингвистикалық ілімнің тарихы XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында дамыды.

Лингвистиканың қалыптасуында әртүрлі кезеңдерде белең алған, тіл білімінің дамуы жөніндегі көзқарастарды, негізгі этаптарға бөліп көрсетуімізге болады. Сол кезеңдегі алғашқы еңбектердің бірі Вильгелм Томсеннің «XIX ғасырдың соңына дейінгі тіл білімінің дамуы» атты еңбегі 1902ж. жарық көрді[2]. Лингвистика тарихының қалыптасуына әр түрлі елдердегі лингвистика тарихына байланысты жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстары бұл еңбектің жазылуына ықпал етті.

Ал XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басындағы тұжырымдамада тіл білімінің пайда болуы XIX ғасырдан басталады делінген. Бұл тұжырымдамада тіл білімінің дүниеге келуі салыстырмалы-тарихи тіл білімімен байланысты қарастырылады. Сондықтан мұнда XIX ғ. дейінгі тіл туралы ғылымға теріс көзқарас болған. XX ғасырдың 50-жылдарынан бастап, дамып келе жатқан жалпы тіл білімінің зерттеу бағдары болған салғастырмалы лингвистика. Оның мақсаты екі тілдің ұқсастығы мен айырмашылығын салыстыра зерттеу болатын. Көбінесе ана тілі мен өзге тілді салыстыра зерттеу ғылымда «контрастивті лингвистика» деп аталды. Ол 1975 жылы Р. Ладо еңбектерінен өз бастауын алады да, А. Потебня, Ф. Корш, Е. Поливанов, В. Богородицкий, И. Бодуэн де Куртенэ, Л. Щерба еңбектерінде жалғасын табады.

XX ғ. 60-жылдарынан бастап, структурализм мектептері пайда болуымен бірге «структуралық лингвистика» термині пайда болды. Ол тіл білімінде тілдерді синхронды-салыстырмалы зерттеуге арналған ғылыми пән. Мәселен, Ферденанд де Соссюр өз тұжырымдамасында лингвистиканың дамуын үш кезеңге бөліп қарастырды:

1. Грамматикалық кезең-тілдерді нормативті талдау;
2. Филологиялық кезең – текстерді түсіндіру;
3. Салыстырмалы – тарихи тіл білімі кезеңі.

Бүгінгі лингвистика тіл білімінің тарихын әр кезеңде болған идеялар мен көзқарастарды тәсілдер жүйесі ретінде қарастырады. Бұл жүйе сол дәстүрлерге тән философиялық көзқарастарды, ғылым мен мәдениеттің жалпы даму деңгейін көрсетеді.

Осыған байланысты қазіргі лингвистикада методологиялық мәселелерге назар аударылуда. Алдымен лингвистика тарихының нысанын және тіл білімінің даму процесін бейнелеудегі негізгі принциптер туралы мәселелер қарастырылады.

Қазіргі лингвистика тіл теориясымен тығыз байланысты, тарихта болған теорияларды, мектептерді және бағыттарды сараптайды. Мәселен, Лондон лингвистикалық мектебі структуралық (құрылымдық) лингвистиканың бір бағыты ретінде XX ғасырдың 40-жылдары қалыптасты. Бұл мектептің мақсаты тілдердің ерекше болуын түсіндіре алатын жалпы теория жасау, зерттеулерді жүргізу үшін, структуралық (құрылымдық) тәсіл жасау. Ал лингвистикалық ойлардың генезисі, әлеуметтік жағдайдың тіл біліміне тигізетін әсері, тілге, оның табиғаты мен тегіне байланысты көзқарастарды зерттеу т.б. ғылымның дамуының жалпы мәселелерімен бірге қарастыруды қажет етеді[3.138].

Б. Малиновскийдің теориясында тіл мен мәдениеттің ортақ қасиеттері туралы айтылған. Тіл де, мәдениет те адамның табиғатына тән негізгі қажеттіліктер, талаптар өз көрінісін табады. Мәдениет адамның бүкіл жүріс-тұрысының тұтастығы ретінде

танылады[4.108].Б.Малиновскийдің пікірінше, қоғамның,адамның және тілдің арасында қызметтік-генетикалық байланыс болады.Сондықтан, олардың болмысын білу үшін осы үшеуінің қызметін зерттеу қажет.Сонымен бірге бұл зерттеулер төмендегі мәселелерді қарастырады.Тілдің қоғамдағы орны мен қызметін, тіл және мәдениет,тіл табиғаты мен тілдің дамуын, тіл құрылысын, тіл деңгейлері мен бірліктерін, лингвистикалық терминдердің жүйесін, лингвистикалық категориялардың негізгі қасиеттерін және тілдік мағына сияқты т.б. лингвистикалық ұғымдар мен теорияларды зерттеудің негізгі объектісіне айналдырады.

Мәселен, Ареальдық лингвистика негізінен латын тіліндегі «агеа» - аудан, кеңістік деген ұғымды білдіретін сөзінен енген термин. Ол лингвистикалық география ғылымымен байланысты тіл құбылыстарының кеңістікте таралуын, дамуын қарастыратын тіл білімінің бір саласы. Сондай-ақ, тіл біліміндегі диалектілерді де қарастыратын ғылым саласы. «Ареальдық лингвистика» термині 1925ж. пайда болған, оны ғалым М.Бартоли тіл біліміне енгізген. Ал түркі тілдері ішінде қарақалпақ тілінде алғаш рет профессор О.Доспанов оны «арнайы курс», «арнайы пән» ретінде қолданысқа енгізді [5].

Ареальдық лингвистиканың мақсаты – тіл ерекшеліктерінің жергілікті тарауы бойынша, изоглосстардың түсіндірілуі. Ғалым бұл жөнінде өзінің «Қарақалпақ тілінің диалектологиясы» сөздігі бойынша ареальдық лингвистиканың мақсатын терең түсіндірген. Соның нәтижесінде, түркі тілдерінің ішінде қазақ және қарақалпақ тілдеріне кеңінен тоқталып, оның диалектілерінің өзара байланысты аймақтарын «ареалдар» деп айқындаған болатын.

Ғалымның айтуынша, бұл «ареальдық лингвистика» - деген ұғым, лингвистикалық география және диалектология пәндерімен тығыз байланыста зерттелетінін түсіндірген.Мәселен, Диалектілік ареал – басқа да тіл құбылыстарының өріс алу шекаралары. Мысалы, түркі – славян – үндіеуропалық ареал деп соңғы кезде шет елдерде тіл білімінде жаңадан пайда болған ұғым. Олардың жиынтық ұғымы – изоглосса. Изоглосса - бұл сөздердің жиынтығы немесе сөздік деп аталады. Мәселен, термин сөздерді шетел тілінде «глоссарий» деп атайтын болса, бізде «сөздік» деп аталады. Тіл білімінің әрбір саласында изоглоссаға сәйкес түрлі терминдер қолданылады. Мысалы, «изофон» - фонетикалық изоглосса, «изолекс» - лексикалық изоглосса, «изосема» - семантикалық изоглосса, т.б. Семантикалық изоглоссада терминдер арасындағы семантикалық қатынастар көрсетіледі. Олар сөздіктер және тезаурустар болып бөлінеді.

Ареалдық лингвистикадан алдын лингвистикалық география ғылымы тілдік құбылыстардың территориялық таралуын зерттейтін тіл білімінің саласы болып, XIX ғасырдың соңғы кезеңінде диалектология ғылымынан бөлініп шығады. Бірақ соңғы шыққан ареальдық лингвистикамен тығыз байланыста болады. Ареальдық лингвистиканы еуропалық ғалымдар шығарса, орыс ғалымдары оны лингвистикалық география деп зерттеген болатын. Дегенмен, ғылыми пән ретінде ол XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында пайда болып, дами бастады.

Лингвистика ғылымының алдына қойған мақсаттарының бірі лингвистикамен байланысты және үндес келетін ғылым салаларының терминдері мен түрлерін жан-жақты зерттей отырып, оны қоғамның қажеттілігіне пайдалану және лингвистикалық ұғымдар мен категорияларды рухани жаңғырту мәселесі тұр. Бұл

келешекте зерттеушілер мен ізденушілердің және тіл мамандарының міндеті деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Лингвистикалық түсіндірме сөздік.-Алматы,-2000.
2. Томсен В. Развитие лингвистики до конца XIX века.- СПб.,1902.
3. Аханов К. Тіл білімінің негіздері.-Алматы,-1978.
4. Малиновский Б. Теория лингвистики и культуры речи.-Москва,-1997.
5. Кәрібаева А. О. Доспанов және ареальдық лингвистика // Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары -Тараз,2019.



ӘОЖ: 801.8

**Ш.МҰРТАЗАНЫҢ «ҚЫЗЫЛ ЖЕБЕ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ
ОЙКОНИМДЕРДІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ**

Балтабай Бифаруза

Халықаралық Тараз инновациялық институтының ҚТ-21-1 тобының студенті

Ғылыми жетекшісі: Кембаева Айнұр Тұрарқызы

Халықаралық Тараз инновациялық институты «Шерхантану және Рухани жаңғыру» ғылыми-зерттеу орталығының директоры

Аңдатпа

Мақалада Ш.Мұртазаның «Қызыл жебе» шығармасындағы топонимдер, оның ішінде ойконимдер жинақталып, олардың этимологиясы мен сөзжасамы талданып, сипаттама берілген.

Сонымен қатар, тіл білімінің ономастика саласының өз ішінде жіктелуі ғылыми тұрғыдан жақсы түсіндірілген.

Кілт сөздер: ономастика, топонимика, ойконимдер, жер-су атаулары, жалқы есімдер.

Аннотация

В статье обобщены топонимы, в том числе ойконимы в произведении Ш. Муртазы «Красная стрела», проанализированы их этимология и словообразование, дана характеристика.

Кроме того, классификация языкознания внутри самой области ономастики хорошо объяснена с научной точки зрения.

Ключевые слова: ономастика, топонимика, ойконимы, названия земли и воды, имена собственные.

Annotation

The article summarizes toponyms, including oikonims in the work of Sh. Murtaza "Red Arrow", analyzes their etymology and word formation, and gives a characteristic. In addition, the classification of linguistics within the field of onomastics itself is well explained from a scientific point of view.

Keywords: onomastics, toponymy, oikonims, Earth and water names, names.

Жалқы есімдер – тілдің лексикалық қорының негізгі қабатын құрайды. Адамзат қарым-қатынасын жалқы есімдерсіз елестету мүмкін емес. Яғни жалқы есімдер адамзат арасындағы қарым-қатынастың басты құралы.

Еліміз тәуелсіздік алғалы бері жер-су аттарына көптеген зерттеулер жүргізіліп, біраз ауқымды жұмыстар атқарылды. Қазақстан Республикасында елді мекен, жер атауларының ұлттық негізде бастапқы халықтық атауларын зерттеу әрекеті қызу жүргізілуде. Осы зерттеулер нәтижесінде бұрын белгісіз болған, тіпті мүлде ұмытылған тарихи мұраларымыз жарық көріп, одан әрі зерттелу үстінде. Жер-су атаулары еліміздің тарихынан мағлұмат алуға мүмкіндік береді. Сол себептен де ономастиканы, соның ішінде топонимиканы зерттеу өте қажет.

Жер-су атауларының, яғни топонимикалық атаулардың жалпыға ортақ белгісі ол – кез келген географиялық объекті атау [1,185]. Ал, ғылыми тұрғыда, ономастика- заттарды жекелеп атайтын жалқы есімді зерттейтін тіл білімінің саласы.

Ономастикалық зерттеулердің мақсаты – лексиканың басқа салаларымен салыстырғанда ономастиканың өзіндік белгілерін анықтау, онимдердің әртүрлі топтарын зерттеу, ономастикалық атаулар мен жалқы есімнің қызмет ерекшеліктерін талдап, мән-мағынасын ашу.

Филология ғылымының докторы Т.Жанұзақов «Қазақ есімдерінің тарихы» атты еңбегінде ономастиканың негізгі бес саласын атап көрсетеді. [2,255]. Олар: топонимика, антропонимика, зоонимика, этнонимика және астропонимика. Бүгінгі тоқталатынымыз да «Қызыл жебе» шығармасындағы ойконимдердің тілдік ерекшеліктері.

Ойконим — топонимнің түрі, кез келген елді мекеннің жалқы есімі. Елді мекендер атаулары жаратылыстану-географиялық сипатта және мәдени-тарихи сипатта болады.

Жаратылыстану-географиялық сипаттағы ойконимдерге елді мекеннің физикалық ерекшеліктерін көрсететін су көздері атаулары, ландшафт ерекшеліктері, табиғи жағдайлар, жануарлар, өсімдіктер атауларынан туындаған елді мекендер жатады.

Мәдени-тарихи сипаттағы ойконимдерге белгілі бір елді-мекенге тұрған жеке тұлғаның есіміне, лақап атына, әлеуметтік, мәдени-діни шаруашылық жағдайларына байланысты атаулар жатады. Мысалы ойконим - антропонимдер (Сәтбаев, Сергеевка), мәдени-діни (Түркістан, Петропавл). Ойконимдер ішінде ерекше орын алатыны советонимдер - кеңестік дәуірде туындаған елді мекендер атауы.

Еліміз тәуелсіздік алғалы бері жер-су аттарына қатысты көптеген зерттеулер жүргізіліп, ауқымды жұмыстар атқарылды. Қазақстан Республикасында елді мекен, жер атауларының ұлттық негізде бастапқы халықтық атауларын зерттеу әрекеті қызу жүргізілуде. Осы зерттеулер нәтижесінде бұрын белгісіз болған, тіпті мүлде ұмытылған тарихи мұраларымыз жарық көріп, одан әрі зерттелу үстінде. Жер-су атаулары еліміздің тарихынан мағлұмат алуға мүмкіндік береді. Сол себептен де ономастиканы, соның ішінде топонимиканы зерттеу өте қажет. Топонимдер – жер бедеріндегі кез-келген табиғи немесе адам қолымен жасалған объектілер атауынан тұратын жалқы есім түрі. Ол өзен, су, құдық, бұлақ, көл, теңіз аттарын (гидронимдерді); тау, сай-сала, қырат, жоталар, асулар, орман-тоғай, жайлау аттарын (оронимдерді); елді мекендердің аттарын (ойконимдерді) жан-жақты зерттейді. Жұмысымызда осы топонимдердің негізгі бір саласы болып келетін ойконимдерге тоқталып, оларды тауып, жіктеуге барынша тырыстық.

Кесте 1. «Қызыл жебе» шығармасының бірінші кітабы «Рысқұл»-да кездесетін ойконимдер:

	<p>Ойконим (елді мекен атауы)</p> <p>А) Астионим (қала атауы) кітапта жалпы саны – 19 астионим кездеседі. Олар: <i>Петербург, Алматы, Шымкент, Мерке, Мекке, Сібір, Құлан, Сайрам т.б.</i></p> <p>Ә) Урбаноним (көше атауы) кітапта жалпы саны – 1 урбаноним кездеседі. Ол – <i>Староклаббическая көшесі</i></p> <p>Б) Комоним (ауыл атауы) кітапта жалпы саны – 11 комоним кездеседі. Олар: <i>Бесағаш, Тау-Шілмембет, Шеле, Сазтөбе, Саймасай, Саты, Күмісбастау т.б.</i></p>
--	--

Кесте 2. «Қызыл жебе» роман-эпопеясының екінші кітабы «Тұрар» бөлімінде кездесетін ойконимдер:

	<p>Ойконим (елді мекен атауы)</p> <p>А) Астионим (қала атауы), кітапта жалпы саны –40 астионим кездеседі. Олар: <i>Алматы, Сахалин, Бодойбо, Семей, Алдан, Аягөз, Сібір, Мерке, Әулие-Ата т.б.</i></p> <p>Ә) Урбаноним (көше атауы), кітапта жалпы саны –3 урбаноним кездеседі. Ол – <i>Нева проспектісі, Кауфман көшесі, Бұрыл көшесі.</i></p> <p>Б) Комоним (ауыл атауы), кітапта жалпы саны –20 комоним кездеседі. Олар: <i>Шелек, Маңырақ, Тай-Шілмембет, Қорағаты, Ойтал, Кузьминка, Қошқар-Ата т.б.</i></p>
--	--

Ғылымның барлық саласы тарихпен тығыз байланысты десек те, олардың ішінде тіл білімінің тарихпен байланысы ерекше орын алады. «Адамзат мәдениеттің барлық өкілі сияқты, тіл – тарихи тұрғыдан қаралатын пән»[3,201], дейді белгілі немістің филолог ғалымы Г.Пауль.

Көптеген ғалымдар тіл көне тарихты, яғни жазуға дейінгі тарихты қалпына келтіруге таптырмайтын дереккөз деп біледі. Белгілі аумақтағы диахрониялық кезеңдерді анықтауда тіл археологиямен бірдей маңызға ие болады. Тілшілер арасында қалыптасқан «топонимика-күрексіз археология»[4,4]деген теңеуді «тіл – күрексіз археология» деп кеңейтіп айтса да болады. Тілдің кумулятивті қасиеті деп жүргеніміздің өзі осы – оның өз бойына жинақтаған тарихи ақпараты. Мәселен, шығармада кездесетін топонимнің бірі *Баласағұн* қаласының қай жерде болғанын анықтау үшін, ойконимнің өзін зерттеп, алу қажет. *Бала* «кіші, жас» мағынасын беретін болса, *сағұн/сегун* шығыс халықтарында «патша, әскербасы» мағынасын беретіні дәлелденген. *Баласағұн* «жас қаған салған немесе жас қаған билеп тұрған қала» деген ұғым береді. Ал ол жас патша кім және қай дәуірде өмір сүрген Сонымен бірге *сағұн* «қамал» [1] сөзі болса, «Баласағұн», «Атасағұн» ойконимдерінің арасында қандай байланыс бар? Мұндай деректерді тарихшылардың көмегімен ғана анықтау мүмкін болмақ. Шынында да, жеріміздегі әрбір атау еліміздің өткен тарихынан сыр шертіп тұратыны рас, бірақ біз оны үнемі байқап бермейміз. Себебі біз күнделікті тіршілікте қарбалас сәттерде жер-су аттарын бағыт-

бағдар беретін таңба ретінде пайдаланумен ғана шектелеміз. Ал сәл ойланып, байыбына барса, әр топонимнің кумулятивтік ақпараты жетіп артылады. Академик Я.К.Грот: «Топографиялық атау ешқашан кездейсоқ және мағынасыз болмайды» [2,509], - дейді. Байырғы атаулардың құндылығы да сонда, оларды қандай атақты адамның атына, қандай әдемі сөзге де айырбастауға болмайды. Демек, топонимжасам процесінде тарихи атауларды жоғалтып алмау мақсаты алға қойылады. Атаудың пайда болуы, мағынасының тұлғасының өзгеруі тілдің даму заңдылығының нәтижесі десек, атаудың белсенді қолданылуы немесе қолданыстан қалуы, ауысып кетуі қоғамның даму заңдылығына байланысты. Шығарма топонимдерін типтерге бөліп, сол типтерге сай тың топонимдер қалыптастыру жолдарын қарастырудың өзі қазіргі қоғам дамуының талабынан туып отыр.

Е.П.Поспеловтың «Топонимика – географиялық атаулар туралы ғылым» деген анықтаманың өзі бұл екі саланың ажырамас бірлікте болатынын көрсетеді [4,420]. Топонимика қазіргі кезде дербес ғылым саласы ретінде қалыптасып қалғанымен, ол әуел бастан тіл білімі, тарих және география ғылымдарына тәуелді болып келеді. Жер-су аттары осы аталған үш саланың да зерттеу нысаны болып табылады. Соның ішінде география – жаратылыстану ғылымына жататындықтан, атау мен нақты реалийді бірге қарауға мүмкіндік береді. Бір ғана топонимнің этимологиясын ашып көрсету барысында үш сала жарыса араласып отырады. Яғни географиялық нысан болмаса, онда оның атауыда болмас еді деген қорытынды шығады.

Сөзжасам лексикамыздағы барлық сөздерді қамтитындықтан, ол жалқы есімдердің де жасалуын қамтамасыз етеді. Яғни, жалқы есімдер тіліміздегі сөзжасам үрдісінен тыс қала алмайды. Сөз болсын немесе атау болсын қоғамдағы қажеттіліктен туады. Әр атау жоқтан бар болмайтындықтан, заттың қандай да бір ерекше қасиет я құбылысына байланысты туындайды. Және әр атаудың өзіне тән өзіндік жасалу тәсілі болады. Ойконимдер де негізінен туынды сөздерге соның ішінде заттық атаулар қатарына жатады, Себебі жер-су атаулары белгілі бір географиялық нысанға беріледі.

Мысалға: *Қара+кемер=Қаракемер; Ақ+су=Ақсу; Шым+кент=Шымкент; Саз+төбе=Сазтөбе; Ешкі+қорған=Ешкіқорған; Қар+қара=Қарқара және т.б.*

Шығармада кездестін бірнеше ойконимдерді сипаттап өтсек:

Торғай – Қостанай облысының Жангелді ауданындағы ауыл, аудан және Торғай ауылдық округінің орталығы. Облыс орталығы – Қостанай қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 550 км жерде, Торғай өзенінің оң жағасында орналасқан. «Торғай» сөзі зооним болып саналады, және оның негізгі мағынасы торғайтәрізділер отрядына жататын құстар тобы.

Бесағаш – Жамбыл облысы, Жамбыл ауданына қарасты ауыл. Бесағаш ауылдық округінің орталығы. Аудан орталығы – Аса ауылының оңтүстік шығысында 37 км жерде. Бесағаш топонимы *бес+ағаш* сөздерінің бірігуінен жасалған. *Сан есім+зат есім*. Бұл жердегі зат есім фитоним болып табылады. Ағаш сөзінің негізгі мағынасы ол - сабақтары мен тамырлары сүректеніп біткен, өте жақсы жетілген діңі бар, биіктігі 2 метрден кем болмайтын көп жылдық өсімдік.

Ойтал – Жамбыл облысы, Меркі ауданындағы ауыл, өзімен аттас ауылдық округі. Аудан орталығы - Меркі ауылынан солтүстік шығысқа қарай, Ойтал өзені аңғарында орналасқан. Топоним *ой+тал* сөздерінің бірігуінен жасалған. *Зат есім+зат есім*. Бұл жердегі екінші зат есім «тал» сөзі фитоним болып

табылады. Тал сөзінің негізгі мағынасы – талдар тұқымдасындағы көп жылдық өсімдіктер туысы.

Қорыта айтқанда, зерттеу барысында Ш.Мұртазаның «Қызыл жебе» шығармасында кездесетін кейбір ойконимдердің этимологиясы мен сөзжасадық жүйесі зерттеліп талданды. Жалпы Шерхан Мұртаза шығармашылығы әдеби бағытта біршама зерттелген дүние, біздің мақсат – заңғар жазушының шығармаларын тілдік тұрғыдан зерттеп, бағамдау.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жанұзақ Т. Тарихи жер-су аттарының түптөркіні, Алматы: «Сөздік-словарь» ЖШС, 2010. -320 бет.
2. Жанұзақ Т. Жер-су атаулары (этимологиялық анықтамалық) –Алматы: «Өнер», 2011 – 255 б.
3. Серікбайұлы М. Жамбыл облысы: Ұлы дала атаулары//Ана тілі. 2014. -28 наурыз – 2 сәуір (№12). 4б.
4. Топонимика Казахстана: Энциклопедический справочник – Алматы: Аруна, 2010. – 385 бет.(Мәдени мұра)



ӘОЖ: 37.016

Ш.МҰРТАЗАНЫҢ ДРАМАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мұратов Данабек

Халықаралық Тараз инновациялық институтының ҚТ-21-1 тобының студенті

Ғылыми жетекшісі: Кембаева Айнұр Тұрарқызы

Халықаралық Тараз инновациялық институты «Шерхантану және Рухани жаңғыру» ғылыми-зерттеу орталығының директоры

Андатпа

Мақалада заңғар жазушы Ш.Мұртазаның бұл уақытқа дейін талданбаған, тәуелсіздік жылдары жазылған драмалық шығармалары сипатталып, көркемдік-тақырыптық ерекшеліктері талданып жазылған. Сонымен қатар, ондағы замана шындығы, қазіргі заман көрінісі ашылған.

Кілт сөздер: драматургия, драматург, театр, өнер, әдебиет, көркем әдебиет, ирония, сарказм, юмор.

Аннотация

В статье описаны драматические произведения народного писателя Ш. Муртазы, написанные за годы независимости, проанализированы художественно-тематические особенности. Кроме того, в нем раскрываются современные реалии, современность.

Ключевые слова: драматургия, драматургия, театр, искусство, литература, художественная литература, ирония, сарказм, юмор.

Annotation

The article describes the dramatic works of Zangara writer Sh. Murtaza, written during the years of independence, analyzes the artistic and thematic features. In addition, it reveals modern realities, modernity.

Keywords: drama, drama, theater, art, literature, fiction, irony, sarcasm, humor.

Зымыран уақыттың пешенесіне жарық жұлдыз болып қадалған талай өнер тарландары бар. Солардың бірі және бірегейі, кеңестік жүйенің сұрқай саясатынан сескенбей, қазақ әдебиетінің қаранарына айналған тұлға - Шерхан Мұртаза. [1,185].

Драматургия, әсіресе қазақ драматургиясы қазіргі таңда жан-жақты, жедел дамып жатқан жанр. Кейбір танымал драматургтеріміздің шығармашылығын арнайы зерттеу нысанына ала отырып, қазіргі таңда біраз еңбектер де жарыққа шығуда. Қазақ драматургиясының даму, толысу, көркемдік жетістіктерін байыптау үшін өзге пьеса авторларымен қатар, Шерхан Мұртазаның да драмалық дүниелері зерттеу нысанына алыну қажет.

«Драма жоқ жерде театр өнерінің ұзаққа бармасы – аксиома. Драматургия татар өміріндегі ең басты және шешуші құрал. Яғни, театр негізі – әдебиет. Драматургия – әдебиет жанры. Драматургияның әдебиеттің өзге салаларынан айырмашылығы оның адамдар жан дүниесіндегі асқақ сезім мен отты құштарлықты психологиялық тұрғыда кісінің жан-күйзелісімен ұштастырып, өмір мәселелерін барынша суреттеуінде. Осы ретте, драмалық шығарманың екі бағыты айқындалады. Біріншісі – көркем әдебиет қалпындағы нұсқасы болса, екіншісі – оның сахналық материал тұрғысындағы көрінісі. Бұл екеуін бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Өйткені, драма сахна үшін де, көркем шығарма үшін де аса қажетті рухани құндылық. Әрине, тәуелсіздікке дейінгі төл драматургиямыз жайында аз сөз болған жоқ. Аталған жанр жөнінде Қ.Мұхамеджановтың екі томдық «Пьесалар», «Өнер жайлы ойлар», С.Ордалиевтің «Қазақ драматургиясының очерктері», Ә.Тәжібаевтің «Қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуы», Р.Нұрғалидің «Күретамыр» секілді, т.б. көптеген авторлардың салиқалы еңбектерінде сол кездегі заман лебімен дүниеге келген шығармалар біршама байыпты сарапталады. Яғни, мұндай еңбектердің дүниеге келуі руханият қауымы ой-қиялының өсіп-жетілуіне, театрлар репертуарының кеңейе түсуіне үлкен үлес қосты. Кезінде келелі ой, келісті пікір айтқан әлгі авторлардың өнегелі үрдісін қуаттай отырып, бұл сапар, Бүгінгі тәуелсіз қазақ драматургиясы жөнінде сөз қозғаудың да реті келген сыңайлы». [2,328б.].

Тәуелсіздік кезеңінде сахналанған, театр өнерінің тарихына еркін енген драмалық туындылар тарихи тақырыптарды, танымал тұлғалардың өмірі мен кезеңін, қызметі мен қайраткерлігін өмір-уақыт тынысына сай бедерлі, жүйелі жеткізе білуінде.

Халықтың өмірі мен кезеңі, әр дәуірдегі ауыртпалыққа, қайшылыққа толы тарихи сәттер қилы көрініс, ақиқат жайттар негізінде көркем, бейнелі суреттеліп беріледі.

Шерхан Мұртазаның драмалық шығармаларында қарапайым адамдардың өмірі, тұрмыс-тіршілік түйткілдері, жастық-достық сырлары, тәлім-тәрбие иірімдері арғы-бергі кезеңдердің тағылымды тұстарымен, бүгінгі күннің шынайы шындықтарымен байланысты байыпты баяндалады. Сонымен қатар, драмалық қойылымдары мен қолтаңбаларынан халық тарихы мен тағылымы, дүбірлі дәуір мен қилы кезең көріністері, танымал тұлғалардың тәуелсіздік пен азаттық жолындағы жанкешті әрекет-қимылдары, ұлттық мұрат пен отбасылық тыныс-тіршілік, өмір мен еңбектегі ақиқат пен әделеттілік, қоғамдағы кереғар келеңсіздіктер, билік пен бизнес, халық пен нарық, баспана мен жұмыссыздық, әйел тағдыры мен бостандығы, махаббат пен сүйіспеншіліктің сырлы сипаттары, тағы да сол сияқты өмір шындығы, көркемдік талаптар, уақыт тынысына сай керемет өріліп беріледі. Автордың драмалық дүниелерінде қазіргі кезеңнің басты талабы адам өмірі мен еңбегіне, өмір шындығы мен көркемдік шешімге, реалистік кріністерге сай сараланып, байыпты баяндау, терең талдаулар арқылы жүйелі жеткізіледі.

Ш.Мұртазаның «Жетім бұрыш» драмалық шығармасы бүгінгі қала өміріндегі толғақты мәселелерге арналған. Кез келген кезеңнің, әр заманның өзіндік проблемалары, зәру мәселелері бар. Сол заман туғызған, уақыт алдыға көлденең тартқан толғаулы да бұраулы күрделі жәйттер адам-пенденің тіршілігін қақпалап, тіпті тағдырын да қақпақылдап «ойнатады». Алшылы-тәйкелі түсіп жататын қым-қуыт өмір сынына шыдаған озады, шыдамаған бордай тозады. Тағдырдың тайғанақ жолында біреулер сүріне жығылып, құлап жатса, біреулер тайраңдап шауып жүреді. «Біреу тоңып секіреді, біреу тойып секіреді.» [3,185].

Ш.Мұртазаның «Жалғызүйлік зілзала» атты пьесасы да сахнаға сұранып тұрады. Мұнда да өмірдің өзі қойып отырған проблемалар алдыңнан шығады. Астананың баспанасыз қазақтарының трагедиясы; астандағы нәрестесін сәбилер үйіне тастаған көкек бойжеткендердің трагедиясы; атақ-мансап қуып жүріп тамыры қолдан қырқылып, перзентсіз қалған, өз өмірбаяндарының ең басты, ең негізгі мазмұнынан саналы түрде айырылған жадыбас сор кешкен жанұяларының трагедиясы шынайы көрсетіледі. Осынау мәселелерді поэзияда шет-пұшпақтап айтып келсек, ал драматургияда қанын сорғалатқан ащы шындығымен енді-енді көрсететін сияқтымыз.

Малқар, Сандуғаш, Мүнира, Салбырақ – Қорған, Сырға тәрізді санаулы кейіпкерлердің шынайы болмысы; демократия мен жариялылықты тек билікке, мансапқорлыққа жетудің жолы деп түсініп жүрген «Қара теке», «Көк есек», «Қарға», «ақ аю», «Арыстан», «Әтеш» сияқты атаулары бар партиялардың желөкпе әрекеттері мейлінше сайқымазақ күлкінің күшімен мейлінше өткір әшкереленеді.

«Жалғызүйлік зілзала» пьесасы жарыққа шыға салысымен, сахнадан жарқ етіп шыға келді. Ғабит Мүсірепов атындағы мемлекеттік академиялық жастар театрында пьеса тағы да үлкен табысқа ие болды. Расында да басында талдап кеткеніміздей шығарма арқауына Алматыда, Астанада өзіміз күндекіті мың көріп, мың түңіліп жүрген баспана зары мен пәтер мұңы, өздерінің конституциялық құқығы тапталып жүрген жандардың, баспанасыз жүрген халықтың мұң-мұқтажы анық көрініс тапқан. «Бөдененің үйі жоқ, қайда жүрсе, бытпылдақ» дегендей өз қағынан өзі жеріп, шаранасынан безген безбүйрек көкек аналар қайдан шығып жатыр дейсің, зауалдың түп-тамырын іздейсің. Міне, осыншалықты тағдыр талқысына түсекен өмірдің қиын тұстарын, өткір тұстарын суреткер өзінің драмалық дүниелеріне негізгі арқау тақырып етіп алады.

Ш.Мұртазаның «Жетім бұрыш» драмасы бүгінгі қала өміріндегі осындай толғақты мәселелерге арналған. Замана өзі туғызып, өмір өзі қойып отырған уақыттың ащы шындықтары мен асқынған аурудай белең алған келеңсіздіктер көз алдымыздан өтеді.

Ата-бабасы көшпелі болған қазақтың бүгінгі ұрпағының маңдайына жазылғандай ел аман, жұрт тынышта «жаяу көшпелі» атанып, әркімнің босағасында жәутең тіршілік кешіп келеді әлі. Үйі жоқтың күйі жоқ. Үйі жоқ адам тәуелді. Күйі жоқ адам бағынышты. Трагедияның үлкені осыдан тарап жатқандай. Күйі жоқ әлсіз адам амалсыз кіріптарлыққа барады. Бұдан өткен қорлық бар ма?! «Бөдененің үйі жоқ, қайда барса бытпылдық» дегендей, өз қағынан өзі жеріп, шаранасынан безген безбүйрек көкек бойжеткендер қайдан шығып жатыр дейсің?! Баланы қолдан жасап алатындай, өлшеп-пішіп, алдымен атақ-мансапты ойлап, «е-е, бала керек болса, көреміз ғой» деп кердеңдеп жүргендердің кепиет соққан кеуделеріндегі мазмұнсыз мұң-зарды қалай түсінеміз?!

Міне, осындай қым-қуыт тағдырлар жүректі шымырлата сыздатады. Ойландырады, толғандырады. Зауалдың түптамырын іздейсің. Оның негізі кешегі кеңестік тоқырау кезеңінде қаланған дейді бір ойдың ұшығы...

Он жылдан бері пәтер ала алмай жүрген Салбырақтың жандалбаса әрекеттері, жұмыссыз, пәтерсіз Сандуғаштың амалының таусылғанынан милиция полковнигі Малқарға кіріптар болуы, ақыры өмірінің қайғылы аяқталуы, ал үй-жайы бар, бәрі жеткілікті, тұрмысы жақсы Мүнираның жаны жаралы, көңілі налалы бақытсыз өмірі, әміршіл жүйенің айтақшысы, екіжүзді, сатқын Малқардың екі оттың ортасында қалған бықсық тіршілігі – кім-кімді де бейтарап қалдырмайтыны анық.

Яғни, мұнда бір-бірімен тартысқан қоғам жағдайына қарапайым халықтың көкпарға айналуы көрінеді. Бұл да дерт, қоғамның бойына біткен сүйел. Осы жайттардың ащы шындығын алақанға салғандай жайып көрсететін автор құрбан болған тағдырлар арқылы адам жарасын, проблемасын жоюды көздей.

Міне, мәселе қайда жатыр?! Осындай сан түрлі сауалдарды алдына көлденең тартады республикалық Жастар мен балалар театры қойған «Жетім бұрыш» трагедиясы.

Ш.Мұртазаның драматургия саласындағы ендігі бір күрделі туындысы С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық театры сахнаға шығарған «Домалақ ана» тарихи драмасы.

Жалпы, жазушының драматургиялық шығармалары қарағандылықтарға бұрыннан да таныс еді. Кеңестік кезеңнің жетпісінші жылдарында облыстық драма театры «Қара маржан» романының негізінде жазылған пьесаны сахналаған болатын. Ал сексенінші жылдары осы қазақ театры «Сталинге хатты» қойған. Енді міне, халқымыз өміріндегі қасиетті де киелі анамыз туралы жазылған «Домалақ ана» тарихи драмасын сахнаға шығарып отыр.

Шығармадағы шым-шытырық оқиғалар мен тартыстар осы Нұрилла төңірегінде өрбіп отырады. Бәйдібек бимен алғаш кездескен нәзік те пәк, аңғал Нұриланың ақыл-парасатының, жан сұлулығының арқасында ел-жұртқа танылып, Домалақ ана аталуына дейінгі өсу, толысу жолдарын, адам ретіндегі ішкі толқыныс-толғаныстарын табиғи бейнелеп, шынайы көрсетеді автор.

Өмірдің сырын, бұл дүниенің мәнісін түйсініп-түсінген, байсалды да байыпты Нұрилла тағдырдың жазуымен ел қорғаны, батыр Бәйдібектің етегінен ұстайды. Пірі солай аян берген. Сол аянды пір тұтқан Нұрилла киелі де қасиетті ұғымнан аттап кете алмайды. Сондықтан да осы қасиеттерді сақтап қалады.

Қай заманда да адам өмір-тіршілігінде көреалмастық пен қысастық, қызғаныш пен бақталастық бірге жүретіні белгілі. Нұриланы да көреалмаушылар табылды. Қызғаныштан Нұриланың жас сәбиіне қастандық жасалды. Қарғыс айтып, қанжылаған Нұрилла Алла-тағалаға жалбарынды. Ақыры жаратылысында қасиет дарыған Нұриланың көз жасын құдай көріп, Алла қолдап, әруақ жебеп сәбиі аман қалды. Ал қызғаныштың қызыл иті ішін тырнап, астамсынған Марау бәйбішенің тоғыз ұлы бірдей жау қолынан мерт болады. Бәйдібектің жау айдап кеткен бар малы Нұриланың ақылымен қайтып келді түгелімен.

Міне, құдіреттің шеберлігі. Міне әруақтың киесі, қасиеті. Ақыры Марау бәйбіше есінен ауысты. Осылай драмадағы бәйбіше бейнесі де өз іс-әрекетіне лайық табиғи ашылып, шынайы көрініп, ірі тұлға, күрделі образ кейпі танылады. Оның да адам ретіндегі ішкі арпалыс-күйзелістері шеберлікпен ашылған.

Шығармадағы ендігі айтулы тұлғаның бірі Бәйдібек би. Драмада Бәйдібек ел ағасы, батыр ғана емес, ақыл-парасаты мол, көңілі дархан, жаны таза, айналасына байсал-байыппен қарайтын үлкен адамгершілік иесі ретінде сомдалған. Бұл да автордың табылы деуге лайық образ.

Дүниеде Анадан ардақты, Анадан қасиетті ешнәрсе жоқ қой. Драманың шарықтау шегіндегі арақ ішіп тайраңдаған мәңгірттердің киелі маралға оқ атуы – Анаға оқ атуы

еді. Оларға бұл дүниеде қасиетті ешнәрсе жоқ. Жазушы осындай имансыздықтан сақтандырады. Анадан сыйла, қасиетіңді қадірле, киенді пір тұт, әруақты ұмытпа, тағзым ет дейді. [4,185].

Міне, осылайша Шерхан Мұртаза ұрпағының болашағын ойлаған Ұлы Ананың тағылымын осылайша көркем суреттеп береді. Халқының келешегін ойлап, ұлы Ана рухын тірілткен үлкен азамат Шерхан Мұртазаның тәлімі де осында жатыр.

Сонымен «Домалақ ана» тарихи драмасы автордың да, театр өнерінің де айтулы табысы болғаны анық.

Халық жазушысының көрермен жылы қабылдаған күрделі драматургиялық шығармасының бірі Жамбыл облыстық драма театры қойған «Ноқтаға басы сыймаған» драмасы.

Иә, бұл өмірдегі қарапайым қалыпты тіршілікке мойынсұнбаған, кешегі кеңестік дәуірдің «тәртіпті» қалыбына сыймай кеткен бір адам болса, ол – Батыр, Халықтың қаһарманы атанған Бауыржан Момышұлы еді. Осы бір халқымыздың біртуар перзенті, ардақ тұтқан айбыны Баукеңнің өмір жолы да қайшылықтарға толы болды. Қаламгер халық батырының соғыстан кейінгі бейбіт өмірдегі басынан өткен бір шырғалаң оқиғаны шығармасына желі етіп алады. Өмірде ер-азаматтың басына не келіп, не кетпейді деп жатамыз. Бірақ адамның басына осындай іс түскен кезде айналандағылардың шынайы болмыс-бітімі, ниет-пиғылы көрініп, нағыз бет-пердесі ашылатын сияқты. Бауыржан Момышұлы басынан да осындай бір қилы хикая өтіп, «құлан құдыққа құласа, құлағында құрбақа ойнайды» дегендей бір жағдай болған. Бір жақсы түйін – батыр Баукең бойындағы қайсар рухтың мұқалмауы. Ерлік ерік-жігердің сынбауы. Өмір-тіршілікке, дүнияға өзгеше көзбен қарайтын айбынды азамат анау-мынау ұсақ-түйектің бәрінен биік тұрған қалпында, кеудесін тік ұстап, асқақ көрінеді. Бізге Баукең осынысымен қымбат.

«Есек саудасы» драмасы екі бөлімді драма. Драмада замана тақырыбын дөп басып, оны қай қырынан болса да игере алған, түрлендіріп, құбылта алған драматург ретінде көрінеді. Мұнда да ол өзінің қаламгерлік, суреткерлік, азаматтық жолында халқына айтсам, жеткізсем деген негізгі ой-идеясының неғұрлым әсерлірек, тиімдірек ыңғайда, қалай да ойланарлықтай дәрежеде жазып шыққан салмақты туындысы осы – «Есек саудасы» драмасы.

Астарында мысқыл, ирония, сарказм байқалатын бұл туындыда нарық заманында тығырыққа тірелген жандардың әрі аянышты, әрі күлкілі әрекеттері бейнелі түрде суреттеліп, адамзатқа үлкен ой салады.

Әдебиеттің проза жанры сияқты Шерхан Мұртаза драматургия жанрын да едәуір өркендетті. Ол өмір шындығын терең тартыс арқылы бейнелеуде, сол арқылы адам бойындағы сыр мен мінезді ашуда, оны өмірдің күрделі құбылыстарымен байланыстыра көрсетуде бірсыпыра табыстарға жетті. [5,185].

Қорыта айтқанда Ш.Мұртазадай ардагер жазушы шығармашылығы терең мазмұнға, сан сырға толы. Шығармашылығының бір ғана қырына саналатын – хаттарының әрбір жолы – тұнған тарих. Хаттарының әрбірінен Ш.Мұртазаның еліне деген ерен сүйіспеншілігі мен мұңдалап тұрады. Соларды зерттеп-зерделеу – болашақ біздердің міндетіміз деп білемін.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Құлбарақ С. Ғибраты мол ғұмыр // Жамбыл-Тараз, 2002. – 4-қыркүйек
2. Мәмесейіт Т. Шерхан Мұртаза: [Қаламгерлік, қайраткерлік ғұмырбаян] – Астана: Елорда, 2002. – 280 б.

3. Жұмабек С.Е. Шерхан Мұртаза. Жұлдызы нұрлы суреткер: [Жазушының шығармашылығы жайында] Роман-монолог. – Алматы: Қазығұрт, 2002. – 152 б.
4. Саурықов Е., Кембаева А. Шерхантану: Оқу құралы. Тараз: ТИГУ баспасы, 2018. – 245б.
5. Мұртаза Ш. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2002



ӘОЖ: 81'364.2

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН -ШЫ, -ШІ ҚОСЫМШАСЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ-ГРАММАТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ

Балтабай Балнұр

Халықаралық Тараз инновациялық институтының 1-курс студенті. Тараз,
Қазақстан

Белботаев Алмасбек Батанұлы

Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, ф.ғ.к. Тараз,
Қазақстан

Belbotayev@mail.ru

Андатпа. Мақалада қазақ тілі мәтіндерінде қолданылатын **-ШЫ, -ШІ** қосымшасының (морфемасының) функционалды-грамматикалық қызметі туралы, ол морфема жайлы тіл білімі мамандарының пікірлері мен оны зерттеу жолдары сөз болады.

Кілтті сөздер: грамматика, морфология, қосымша морфемалар, жұрнақ, қазақ тілі қосымшалары, лингвистика, лингвистикалық статистика.

Аннотация. В статье рассматриваются функционально-грамматическая функция аффикса **-ШЫ, -ШІ** (морфема), используемого в текстах казахского языка, взгляды лингвистов на эту морфему и пути ее изучения.

Ключевые слова: грамматика, морфология, аффикс, аффиксы казахского языка, лингвистика, лингвистическая статистика.

Abstract. The article deals with the functional and grammatical function of the suffix **-SHY, -SHI** (morpheme) used in the texts of the Kazakh language, the views of linguists on the morpheme and the ways of its study.

Keywords: grammar, morphology, additional morphemes, suffixes, applications of the Kazakh language, linguistics, linguistic statistics.

Тіл – қоғамдық құбылыс. Оны жасайтын – халық. Ал халықтың қоғамдағы алатын орны олардың бір-бірімен араласуымен, тілдік қарым-қатынасымен, түсінісуімен, қоғамдасуымен жүзеге асады. Сондықтанда ондағы тілдің жасалуында, қай кезде де онда болатын оны тұтынушы халық тілінің қолданылу сипатының бар екендігі, оның тілдік қарым-қатынаста – қолданыста байқалатындығы, көрініп отыратындығы белгілі. Сондай тілдік құбылыстардың бір тобы – қазақ тілінің грамматикалық құрылысында болады.

Морфология – сөздердің грамматикалық құрылысын зерттейтін ғылым. Сол себепті де ол сөздердің тұлғасын, құрамдық бөлшектерін анықтап талдауды мақсат етеді. Бұл мәселеде, кезінде, қазақ тіл білімі ғылымының тұңғыш профессоры

Құдайберген Қуанұлы Жұбанов өзінің ертеректе жазған «Қазақ тілінің грамматикасы» (Алматы, 1936) деп аталынатын еңбегінде морфологияға мынадай анықтама берген екен: «Сөз – сөздің қалай құралатынын жалпы түрде қарайтын ғылымды жалпы морфология дейміз» [1].

Морфологияның негізгі міндеттерінің бірі — сөздердің құрамы мен құрылысы және құрылым жүйесін анықтау. Сондықтан морфологиялық зерттеу үнемі сөздердің түр-тұрпаты мен құрамдық бөлшектерін анықтап айқындауды мақсат етеді.

Грамматиканың жоғарыда атаған морфология тарауында сөздердің құрамы, әдетте, *негізгі және қосымша морфема* деп аталатын күрделі екі жікке бөлінсе, негізгі морфемалар сөздердің әрі қарай бөлшектеуге келмейтін түпкі түбір тұлғалары ретінде жұмсалады да, сөз мағынасының негізгі ұйтқысы болып танылады. Ал, қосымша морфемалар түбір морфемаларға қосылып айтылатын, тұлғалық жағынан да, мағыналық жағынан да дербестігі жоқ, тек түбір сөздерге қосылғанда не белгілі бір лексика-грамматикалық, не таза грамматикалық мағыналар үстей алатын қосымша тұлғалар ретінде жұмсалады [2], [3].

Біз сөз етіп, зерттеу жұмысымызға арқау болып отырған тақырыбымыз да осы екі салаға бөлінген сөз құрамының *қосымша морфема* бөлігі мазмұнында сөз болмақ. Әдетте қосымша морфемалар, аффикстер, дәлірек айтсақ, сөзжасам қосымшаларының сөзге, түбірге жалғануы арқылы жаңа мағыналы сөз, лексикалық единица жасап, тілдің сөздік құрамын, байлығын арттырып, сөзжасам қатарын молайтады. Әрине, қосымшалардың бәрі бірдей жаңа сөз жасай бермейтіндігі анық. Сондықтанда бұл жердегі әңгіме тек жаңа мағыналы сөз, тек лексикалық единица жасайтын қосымшалар жайында, солардың бірі - қазақ тілінде қолданылатын **–ШЫ,** **–ШІ** қосымшасының функционалды-грамматикалық сипаты қарастырылып отыр.

Тіл жайлы жазылған көп әдебиеттерде атап көрсетілгендей **–ШЫ,** **–ШІ** қосымшасы қазақ тілінде әрі жиі, әрі өнімді қолданылатын қосымшалардың бірі. Бұған мына төмен-дегі «М.Әуезовтің «Абай жолы» романының жиілік сөздігі» кітабының «Кері алфавитті-жиілік сөздігінен» (260-261 беттер) алынған мысал анық дәлел бола алады деп ойлаймыз.

«М.Әуезовтің «Абай жолы» романының жиілік сөздігі» кітабының «Кері алфавитті-жиілік сөздік» бөліміндегі –ШЫ, -ШІ қосымшасына байланысты сөздердің бір бөлігі (мысал үшін):

арбашы	қымызшы	алдамшы
жаназашы	арызшы	тамшы
скрипкашы	насыбайшы	қамшы
күйші-скрипкашы	айғайшы	паромшы
қалашы	ойшы	алымшы
пимашы	тойшы	жарапазаншы
қоймашы	қойшы	қазаншы
тырмашы	арызқойшы	тараншы
кітапханашы	бақсы-жалшы	диқаншы
қарашы	жалшы	жалғаншы
	жарлы-жалшы	қорғаншы
қорашы	малшы-жалшы	диханшы
домбырашы	жанжалшы	тоңшы

	малшы	ойыншы
әнші-домбырашы	жалшы-малшы	сыншы
балташы	көрші-малшы	отыншы
барымташы	бақалшы	сауыншы
карташы	қызылшы	шалғыншы
бақташы	сойылшы	қуғыншы
арашашы	жамылшы	шапқыншы
нағашы	жортуылшы	хабаршы-шапқыншы
еркек-ұрғашы	ақылшы	апшы
қауғашы	мысқылшы	бапшы
соқашы		
аспазшы		

Бұл сөздік-тізбеден байқайтынымыз, мұнда роман-эпопея мәтінінде жазушы қолданған сөздерде - **шы**, -**ші** қосымшасының түбір және туынды түбір сөздерге қалай, қандай жағдайда қосылып тұрғаны, қолданылғаны анық көрінеді. Сондай-ақ бұл сөздіктен әр сөздің морфологиялық құрамын түбір және қосымша морфемаларға оңай ажыратып тануға, талдауға болатындығы да байқалады [4].

А.Ысқақов -**шы**, -**ші** қосымшасын «аса өнімді жұрнақ» деп атап, одан жасалатын туынды зат есімдердің мағыналарын:

- Кәсіп иелерінің не мамандықатауланын, белгілі бір кәсіппен шұғылданатын адамды білдіретінін: *қойшы, тілші, егінші, малшы, сақшы, тыңшы, тарихшы* т.б.
- Адамның белгілі бір дағдыға айналған іс-әрекеті мен қабілет-қасиеттерінің аттарын білдіретінін: *бастаушы, барлаушы, тергеуші, өсекші, үгітші, жәрдемші* т.б.
- Қоғамдық ағымды не көзқарасты жақтаушының, немесе белгілі бір қоғамға қатысушының атын білдіретінін: *спортшы, боксшы, жақаевшы, газетші* т.б. – атап көрсетеді.

Ғалымның -**шы**, -**ші** қосымшасы жайындағы тағы бір пікірі – **-шы-лық**, **-ші-лік** жұрнағының құрамындағы -**шы**, -**ші** қосымшасы жайында. Мұнда –**шылық**, -**шілік** қосымшасының кейбір сөздер құрамында «компоненттердің» бөлініп жұмсалына алатынын (-шы-лық, -ші-лік), ал кейбір сөздер құрамында бөліне алмайтынын – бір күрделі жұрнақ ретінде қолданылатынын (адам**шылық**, кем**шілік**, тір**шілік**, бар**шылық**, ай**шылық**, тоқ**шылық** т.б.) айтады[5].

–**ШЫ**, –**ШІ** қосымшасының дыбыс үндестігіне байланысты нұсқасы жоқ. Тіл грамматикасы жайлы еңбектерде бұл қосымшаның тек буын үндестігіне (сингармонизмге) байланысты жуан (-**шы**) және жіңішке (-**ші**) нұсқасының бары айтылып түсіндіріледі. Мәселен, С.Исаев – қазақ тіл білімінің теориялық та, практикалық та бағыттарында көп еңбектеніп жүрген, қазіргі қазақ тілі сөзжасамы жайында алғаш ой айтып, зерттеу еңбек жазған тіл мамандарының бірі. Оның 1998 ж. жазған «Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты» атты ғылыми еңбегінде - **шы**, -**ші** қосымшасы жайлы мынадай жайларды айтады: «Әдетте негізгі және туынды түбір заттық ұғымның атауына жалғанып, мынадай сөзжасам мағыналарын білдіреді:

1. Кәсіп иесі, белгілі кәсіппен шұғылданатын, немесе бірдеңеге икемі бар адам я мамандық атауы: *ән-ші, сау-ын-шы, мал-шы, жаз-у-шы, шекара-шы* т.б.

2. Белгілі бір қозғалыс, көзқарасқа, соның жетекшісіне қатысты, не соны жақтау-шы, ұйымға қатысушы адам ұғымының атауы: *стаханов-шы*, *динамо-шы*, *акчурин-ші* т.б.

Бұл қосымша әдетте негізгі және туынды түбір зат атауларынан, заттанған сөздерден, жалқы есімдерден (кісі аты, фамилиясынан) көрсетілген сөзжасамдық мағыналарын тудырып, ол жаңа туындылар сөйлемде заттық мағынада және қатыстық мағынада қолданылады: *егін-ші*, *шекара-шы*, *коньки-ші* және *ән-ші жігіт*, *трактор-шы қарындас*, *өтірік-ші бала* т.б. Демек бұл сөзжасамның үлгісі: түбір —

1. құрамы жағынан негізгі, туынды түбір я күрделі сөз;
2. сөз табы жағынан зат есім (атау) я жалқы есім қосымша **-шы**, **-ші** қосымшасы арқы-лы сөзжасам үлгісі бойынша әдетте: бұнымен омонимдес, есім сөздерге жалғанып, соған қатысты нақтылы қимылды білдіретін сөз жасайтын **-шы**, **-ші**, **-лық**, **-лік**, **-дық**, **-дік**, **-тық**, **-тік** қосымшасы арқылы сөзжасам үлгісі бойынша әдетте:
3. бұнымен омонимдес, есім сөздерге жалғанып, соған қатысты нақтылы қимылды білдіретін сөз жасайтын **-шы**, **-ші** жұрнағын да атай кету керек: *ойнақ-шы*, *тықыр-шы*, *дәңбек-ші*, *өр-ші* т.б. Ал етістіктің бұйрық (1, 2, 3-жәк) тұлғалары мен тілек мәнін білдіретін бөлек, онда сөзжасамдық сипат жоқ» [2, 260 б.].

Тіл білімінде қазақ тілінде қолданылатын қосымшалардың (жалғау, жұрнақтардың) тілдік, стильдік қолданылу сипатынан бөлек оның сандық, көлемдік мазмұнда жұмсалыну сипатына да қарау, соған орай оның тілдегі атқаратын орнын, функциялық сипатын айқындау сияқты мәселе тіл біліміндегі функционалды грамматиканың соңғы кезеңдердегі туып, дамып келе жатқан жаңа зерттеу бағыттарының бірі – лингвистикалық статистиканың (ливостатистиканың) міндетіне жатады. Тілге қатысты зерттеу еңбектердегі «актив», «пассив», «өнімді», «өнімсіз», «құнарлы», «құнарсыз», «аз», «көп» деген сияқты, т.б. осы тақылеттес сөздердің мағына-мазмұндарын дәлдікке, нақтылыққа, анықтыққа, ашықтыққа жеткізуге ұмтылу және ол жайлы дәлелді ғылыми лингвистикалық пікір-тұжырымдарды айту, сөйтіп бұл ғылым жайлы белгілі-бір өзіндік лингвофилологиялық көзқарас білдіру – осы бағыттың зерттеудегі басты мақсаты болып табылады.

Қорыта айтқанда, әр зерттеудің өзінің алдына шешу үшін қоятын басты мақсаты болатын болса, ол бізде – *қазақ тілі қосымшалары*. Олардың тілдегі көрінісін, санын, жазба және ауызекі сөйлеу тілі мәтіндеріндегі функционалды-грамматикалық қолданысын, лингвостатистикалық сипатын айқындау, анықтау. Ал бұл мәселеде **-шы**, **-ші** қосымшасының функционалды-грамматикалық сипатын жан-жақты зерттеп айқындау – біздің ізденісіміздің алғашқысы болмақ. Қалай болғанда да аталған жұмыс – іргелі зерттеу. Ол – бізден үлкен ізденісті талап етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жұбанов Қ.Қ. Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы, 1936.
2. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002.
3. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы: «Рауан», 1998. – 304 б.
4. Бектаев Қ.Б., Жұбанов А.Қ., Мырзабеков С., Белботаев А. М.Әуезовтің «Абай жолы» романының жиілік сөздігі. – Алматы: Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1979. – 336 б.

Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Оқулық. -Алматы: «Мектеп», 1974. – 408 б.



ӘОЖ: 811.512.122

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ЕЛ МҰРАТЫ

Сапарғали Бағдат

Халықаралық Тараз инновациялық институтының 1-курс студенті.

Тараз, Қазақстан

Белботаев Алмасбек Батанұлы

Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, ф.ғ.к. Тараз,

Қазақстан

Belbotayev@mail.ru

Андатпа. Мақала иелері мақалада Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты танымал мақаласына пікір айтып, оның сөзін толық қолдайды. Сонымен бірге мемлекеттік тіліміз – қазақ тілін қоғамымыздың барлық саласында жан-жақты дамытуға, өркендетуге күш салуға қоғамды үндейді.

Кілтті сөздер: тіл, мемлекеттік тіл, «Тәуелсіздік бәрінен қымбат», «әділетті мемлекет» құру, мемлекеттік тілді білу, оны өркендету, мемлекеттік тіл – ел мұраты!

Аннотация. Авторы статьи полностью поддерживают слова Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева, комментируя известную статью «Независимость – самое дорогое». В то же время наш государственный язык – казахский язык – призывает общество прилагать усилия для всестороннего развития и процветания во всех сферах нашего общества.

Ключевые слова: язык, государственный язык, "Независимость - самое дорогое", создание "справедливого государства", знание государственного языка, его развитие, государственный язык - миссия страны!

Abstract. The authors of the article fully support the words of the President of the Republic of Kazakhstan, Kassym-Zhomart Tokayev, commenting on the well-known article “Independence is the most expensive”. At the same time, our state language - the Kazakh language - calls on society to make efforts for the comprehensive development and prosperity in all areas of our society.

Keywords: language, the state language, "Independence is the most expensive", the creation of a "fair state", knowledge of the state language, its development, the state language – the mission of the country!

Біз өзіміздің «Мемлекеттік тіл – ел мұраты» деп аталынатын қысқа хабарламамызды Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» деген танымал мақаласында жазылған: «Биыл қастерлі Тәуелсіздігімізге 30 жыл толады. Бұл – қайта жаңғырған қазақ мемлекеттігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес. Тарих тұрғысынан алғанда, отыз жыл – көзді ашып жұмғандай қас-қағым сәт. Дегенмен, бұл көптеген халықтар үшін қиындығы мен

қуанышы, дағдарысы мен дамуы алмасқан тұтас дәуір деуге болады. Біз де осындай жолдан өтіп келеміз. Азаттығымыздың айшықты белесіне шыққанда әрбір саналы азаматты «Отыз жылда біз қандай жетістіктерге жеттік?», «Келер ұрпаққа қандай елді аманаттаймыз?», «Мемлекеттігімізді нығайта түсу үшін тағы не істейміз?» деген сауалдар толғандырары анық. Осы тұрғыдан алғанда, бұл – арман-мақсаттарымызды тоғыстырып, болашаққа тың серпінмен қадам басу үшін өткенге тағы бір мәрте оралатын, жетістіктеріміз бен кемшіліктерімізді ой елегінен өткізетін маңызды мезет», - деген жүрек тебіренісіне толы қастерлі сөзімен бастағымыз келеді [1] .

Президент мұнда Тәуелсіздіктің отыз жылын шартты түрде үш онжылдық белеске бөліп қарастыруға болатынын айтып, одан ары әр онжылдықтың әрқайсысында атқарылған миссиясы тұрғысынан *«ғасырдың жүзіне лайықты істердің»* орындалғандығын санамалап келтіреді. Ал енді ғана басталған төртінші онжылдық жайында: «Алдағы төртінші онжылдықтың бізге жүктейтін міндеті – қуатты елдің иесі және кемел халық болу. Бұл жолда саяси-экономикалық реформаларды және сананы жаңғырту үдерісін жалғастырып, заман талабына бейімделген ұлттың жаңа болмысын қалыптастыруымыз қажет. Біз әділетті қоғам мен тиімді мемлекет құруды көздеп отырмыз. Кез-келген істе әділдік қағидатын басшылыққа алсақ, бұған анық қол жеткіземіз. Мысалы, тұрғындардың тұрмысын жақсарту түспесек, еліміздің жетістіктері мен халықаралық табыстарын мақтан ету артық. Азаматтарымыз экономикалық өсімнің игілігін сезіне алмаса, одан еш қайыр жоқ. Мен әрбір шешімді қабылдар сәтте осы ұстанымды басшылыққа аламын. Біз халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартумен қатар, барлық азаматтардың мүддесін бірдей қорғаймыз. Менің ұғымымдағы әділетті мемлекет дегеніміз – осы», - дейді [2]. Бұл жерде айтқымыз келгені – Қазақстан Республикасының Президенті бүгінгі таңдағы атқарып отырған ісімен жоғарыдағы айтылған сөзін іс жүзінде орындап отырғанын көреміз.

Сондай-ақ ҚР Президенті өз мақаласында еліміздің негізгі тірегі, ең басты ұстындарының бірі – мемлекеттік тіл – қазақ тіліміз туралы да айтқан. Онда: «Еліміздің басты нышандарының бірі – мемлекеттік тіл. Қазақстанның мемлекеттік тілі – қазақ тілі екені Ата заңымызда 90-жылдардағы күрделі кезеңнің өзінде нақты жазылған. Біз тәуелсіздік дәуірінде ана тілімізді дамыту үшін барлық жағдайды жасадық. Осы аралықта қазақ тілінде білім беретін мектептер мен оқу орындарының, балабақшалардың саны еселеп көбейді. Бүгінде мемлекеттік тілді білетін қазақтың да, өзге этнос өкілдерінің де үлесі едәуір артты. Қазақ тілін, шын мәнінде, бүкіл халқымызды біріктіруші факторға айналдырудың барлық құқықтық тәсілдері және кепілдіктері қалыптасты. Мәселе – ниетте. Ниеттің дұрыс болуы қазақ тілін меңгергісі келетін адамдарға да, осы мақсатқа жетуге жағдай жасайтын Үкіметке де байланысты. Тіл игеру үшін балалар әдебиетінің атқаратын рөлі зор. Сондықтан, қазақ қаламгерлерінің үздік шығармаларына қоса, балаларға арналған шетел жазушыларының да таңдаулы туындыларын аударып, көптеп басып шығаруды және таратуды қолға алған жөн. Оған сұраныс жоғары. *Мемлекеттік тілді білу – Қазақстанның әрбір азаматының парызы. Міндеті деп те айтуға болады.* Осы орайда мен барша қазақстандықтарға, оның ішінде қазақ тілін әлі жете меңгермеген отандастарыма үндеу тастағым келеді. Жастар ағылшын тілін немесе басқа да тілдерді аз ғана уақытта меңгере алатынын көріп отырмыз. Тұтас буын алмасқан осы жылдарда қазақ тілін үйренгісі келген адам оны әлдеқашан біліп шығар еді. Халқымызда «Ештен кеш жақсы» деген сөз бар. Ең бастысы, ынта болуы керек», - дейді [3].

Рас. Ашығын айту керек, мемлекеттік тіл мәселесіне келгенде өте орынды айтылған сөз. Біз Президент сөзін толығымен қолдаймыз: ол – ашық айтты: «Мемлекеттік тілді білу – Қазақстанның әрбір азаматының парызы», - деді, ашып айтты: «Міндеті деп те айтуға болады», - деді, жақауратып та айтты: «Осы орайда мен барша қазақстандықтарға, оның ішінде қазақ тілін әлі жете меңгермеген отандастарыма үндеу тастағым келеді» [4], - деді. Басқаша не деуге болады, айтыңыздаршы.

Президент Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласынан кейін теле-радио, баспасөз беттерінде біразға дейін қолдаулар, үнқосулар болды. Көптеген іс-шаралар өткізіліп, жиындар болып жатыр. Бірақ тілдің дамуында, не қолданылуында пәлендей елең етерлік не өзгеріс, не қозғалыс (күбылыс) байқалмады. Қайта мемлекеттік тіліміздің дамуы кері кетіп бара жатқандай әсерде жүргендейміз: аялдамалар атаулары қазақша емес орысша айтыла бастады: « – Келесі аялдама – Горбольница», сөйлеу тілі болса, шұбарланып барады, жарнамалар болса – «жаралы» т.б. деген сияқты. Әрине бұл – үлкен кемшілік, ұлттығымызға сын болып тұр.

Рас, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында тіл мәселесіне қатысты оның болашағына байланысты елеулі ашықтық, емен-жарқындық байқалып, оның қолданысына, мәдениетіне, тазалығына, болашақ даму мәселелеріне қатысты бүкіл халықтық қолдау үрдісі байқалған еді. Бұл Заңның қабылдануы – «мың өліп, мың тірілген» қайсар еліміздің жер шарының саяси картасында қазақ ұлтының ұлттық нышандарымен қатар, мемлекеттік тілі бар зайырлы Қазақстан Республикасы ретінде танылуы еді. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қолданылуына ықпал еткен Заңның 4-бабында «**Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі**» деп жазылуы - Қазақстан Республикасы халқының еңсесін рухани тұрғыдан көтергені анық [5]. Ал 1998 жылғы 14 тамызда «Мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту туралы» Үкіметтің № 769 қаулысы қабылданды [6]. Бұл қаулының өміршеңдігі сонда – кеңес дәуірінен бері орысша жүргізіліп келе жатқан *кеңсе тілін* мемлекеттік тіл ретінде сөйлетіп, қазақ тілі мәртебесінің көтеріле түсуіне әжептәуір септігін тигізді десек те болады.

Сондай-ақ Үкімет қабылдаған нормативтік - құқықтық актілердің өз дәрежесінде орындалуы үшін алысты болжаған, тиянақты жоспарланған бағдарламаның қажет екендігін уақыт өзі көрсетіп берді. Осыған байланысты мемлекеттік тілдің басқару тіл ретінде қолданылуын қамтамасыз ету үшін, іс жүргізуді мемлекеттік тілге көшіру кестесін белгілеу арқылы оның негізгі тіл ретінде қолданылуын реттеу сияқты маңызды мәселелерге арналған мемлекеттік маңызы бар құжаттар – мемлекеттік бағдарламалар да қабылданды [7], [8]. Бірақ бұл бағдарламалар толық орындалмады: жарым-жартылай ғана орындалды десек болады.

Бұдан кейін де мемлекеттік тұрғыдан Қазақстан республикасындағы тілдердің қолданылуына, дамуына байланысты біршама маңызды құжаттар дүниеге келді. Олардың бәрінде де мемлекеттік тіл, оның қолданылуы мен дамуы, соларға байланысты іс-шаралар мәселелері сөз болып отырды. Олар да өз шама-шарқынша атқарылып жатты. Бірақ, қалай болғанда да мемлекеттік тілдің қолданысында, дамуы мен қалыптасуында мардымды өзгерістер байқалмады, ілгерілеушілік болмады. Бұл – ащы да болса шындық еді.

Бұл айтқандарымызды басқаша айтып түсіндірер болсақ, мемлекеттік тіл – қазақ тілінің толыққанды болып өсіп, өркендеуі үшін бұл аты аталған салаларда

(ғылым, мәдениет, саяси-әлеуметтік, дипломатия, басқару т.б.) қоғамымызда қажеттілік тудыру қажет еді. Бірақ ол болмады, қоғам оны тудыра алмады. Осы себептен келіп, оның қолданылу өрісі де болмады. Нәтижеде - өзі **қоғамдық өмірдің барлық саласында қолданылуы тиіс, соның негізінде дамитын тіл – қазақ тілі** қолданылатын өрісі болмағандықтан да тоқырауға ұшырады, өзіндік дамуы жағынан тұйыққа келіп тірелді. Бұл – біздің елдің мемлекеттік тілімізді дамыту саясатындағы үлкен кемшілігіміз болды. Осы себептен де тілдерді дамытудың Мемлекеттік Бағдарламасы іс жүзінде орындалмай қалды. Бұл жайында кезінде бір жұмысымызда да сөз еткен болатынбыз.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақ елін күллі әлем таныды, мойындады. Экономикамыз бен ғылымымыз, халқымыздың әлеуметтік жағдайы мен әлауқатымыз жан-жақты дамыды. Бүкіл әлемдік саяси аренадағы мәртебеміз де арта түсті. Соның ішінде ғылым-білімнің негізгі кілттерінің бірінен саналатын ұлттық жазуымызға да күрделі реформа жасалды – латын әліпбиіне негізделген *Жаңа қазақ жазуын* жасап, оны қабылдадық. Ендігі мақсат – осы мемлекеттік тіліміздің абройын асқақтату, ол үшін жан бере күресу деп білеміз.

Біздің білуімізде – мемлекеттік тіл – мемлекеттігіміздің негізгі әрі басты ұстындарының бірі. Сондықтанда ол ұлттық рәміздеріміз – Ту, Елтаңба, Өнұранымыз сияқты солардың қатарында солармен бірге тұруы керек. Өйткені, ТІЛ – ұлтымыздың ең басты байлығы, тәуелсіздігіміздің тұмары, азаттығымыздың айғағы. Бұл ретте Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында мемлекеттік тілдің дамуы мен келешегі жөнінде айтқан пікірлері өте орынды әрі дұрыс айтылған. Оның біздер үшін маңызы өте зор деп білеміз.

Сондай-ақ А.Байтұрсынұлының «Сөзі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады», - деген сөзін және «Тіл – аса қадірлеп ұстайтын байлығымыз. Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді» (Ғ.Мүсірепов), «Ана тілін шекараны қорғағандай қорғау керек» (Петр Вяземский) деген сияқты сөздердің де барын ешқашан ұмытпағанымыз жөн.

Қысқасы, мемлекеттік тіліміз – қазақ тілінің өсіп-өркендеп, қоғамымыздағы тұрмыс-тіршіліктің барлық саласында толыққанды қызметке ие болып төрге озуы – елдігіміздің басты мұраты! – деп айтқымыз келеді.

ӘДЕБИЕТЕР

1. *Тоқаев Қ.-Ж.* Тәуелсіздік бәрінен қымбат. – «Егемен Қазақстан». 5 қаңтар, 2021.
2. *Тоқаев Қ.-Ж.* Тәуелсіздік бәрінен қымбат. – «Егемен Қазақстан». 5 қаңтар, 2021.
3. *Тоқаев Қ.-Ж.* Тәуелсіздік бәрінен қымбат. – «Егемен Қазақстан». 5 қаңтар, 2021.
4. *Тоқаев Қ.-Ж.* Тәуелсіздік бәрінен қымбат. – «Егемен Қазақстан». 5 қаңтар, 2021.
5. *Назарбаев Н.Ә.* «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңы. – Алматы, 1997, шілденің 11-і.
6. «Мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту туралы» Үкіметтің № 769 қаулысы. – Астана, 14.08.1998.
7. *Назарбаев Н.Ә.* Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2000.
8. *Назарбаев Н.Ә.* Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010.



ӘОЖ 82.01

ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ӘДЕБИ МӘНІ

Жарылқасын Ардана Бақтиярқызы

Халықаралық Тараз инновациялық институтының 3 курс студенті, Тараз, Қазақстан

ardana0404@mail.ru

Ғылыми жетекші: Пертаева Эльмира Кулибаевна

Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, ф.ғ.к., Тараз, Қазақстан

auditor.59@mail.ru

Андатпа. Ғылыми мақалада мақал-мәтелдердің халық ауыз әдебиетіндегі алатын орны мен зерттелуі қарастырылған.

Кілтті сөздер: халық ауыз әдебиеті, мақал-мәтелдер.

Аннотация. В научной статье описывается роль пословицы и исследования в фольклоре.

Ключевые слова: фольклор, пословицы.

Abstract. The scientific article describes the role of the proverb in folklore.

Key words: folklore, proverbs.

Мақал-мәтелдер – халық ауыз әдебиетінің бай қазыналарының бірі. Өйткені, мақал-мәтелде халықтың дүниетанымы, өмірге көзқарасы, философиясы, өзге де ауқымды мәселелер кеңінен көрініс табады. Мақал-мәтелдер әрқашан белгілі бір тиянақты ойды жеткізеді, әлдебір нәрселерден сақтандырады, бір сөзбен айтқанда, адамның тал бесіктен жер бесікке дейінгі өміріне қажет болатын даналық ғибратындай жол көрсетіп тұрады.

Халық даналығының ескіrmес қазынасы саналатын мақал-мәтелдер мен нақыл сөздердің ел аузынан жиналатыны баршаға мәлім. Кез келген халықтың ауыз әдебиетінде мақал мен мәтел көлемі шағын, тілі көркем, мазмұны бай жанрға жатады. Мақалдар мен мәтелдер ғасырлар бойы халықпен бірге өмір сүріп, кейбіреулері ескіріп, бірі қолданудан шығып қалып, екіншілері жаңадан пайда болып отырады.

Мақал-мәтел мазмұны бай, көлемі шағын, тілі көркем халық шығармасы, белгілі бір халықтардың қоғам өмірінен, табиғат құбылысынан жасалған қысқаша қорытындысы, әлеуметтік және жеке адамдар арасындағы қарым-қатынастарды белгілейтін заңы, кодексі, жас ұрпақты тәрбиелейтін өсиеті, насихаты, оқулығы.

Қазақ халық мақал-мәтелдерінің басым көпшілігі қазақ шаруасының негізгі күн көрісі болған малшылық пен егіншілікті, көмекші кәсіптері – аңшылық пен балықшылықты көркемдейді. Онда шаруаның және диханның мінез-құлқы, тұрмыс-салты, ұғым-сенімі тапқыр ойы, көркем тілмен жан-жақты сипатталған; шаруашылық жүргізудегі, қарым-қатынас жасаудағы тәжірибелері мен көрген-білгендері тұжырымдалып, қорытылған.

Басқа халықтар сияқты қазақ шаруаларының да алғашқы кәсібі аңшылық болған. Анайы аңшылық дәуірден бізге сол қалпында жеткен мақал-мәтелдер көп емес. Дегенмен халқымыздың кейінгі аңшылық кәсібінен елес бергендей бірнеше

мақал-мәтелдер сақталған. "Бір оқты бұлан көтереді, екі оқты қолан көтереді", "Құланның жайылымы бір болғанмен, жусауы басқа" дейтін мақал-мәтелдер біздің жерімізден әлдеқашан жойылып кеткен жануарлар жайлы мақалдар соны дәлелдейді.

Мақал-мәтелдердің өміршеңдігі, ұзақ жасайтындығы – тілінің көркемдігі мен мазмұндылығында, аз сөзбен көп мағына беретіндігінде және кісі жадында сақталып, керек кезінде қынаптан қылыш суырғандай тез еске түсіріп қолдануға қолайлы болуында.

Мақал-мәтел – ертегі, салт өлеңдері сияқты «кәрі» жанр. Көне Орхон - Енесей түркі жазбаларында сақталған деректер соны көрсетеді. Махмұт Қашқаридің "Диуани лұғат - ат-түрік" сөздігінен: "Ұлық болсаң кішік бол, халық үшін бәлік бол", "Кісі аласы ішінде, жылқы аласы сыртында", "Тай ат болса, ат тынар, ұл ер болса, ата тынар" дейтін, "Құтадғу білік" дастанынан: "Біліп сөйлесең білекке саналар, білімсіз сөз өз басын жояр", "Ауыздан бірде от, бірде "су шығар, бірі жанса, бірі сөндірер" дейтін мақалдарды оқимыз.

Қазақтың мақал-мәтелдерін ең алғаш қағаз бетіне түсірген ғалым – Шоқан Уәлиханов. Ш.Уәлиханов пен И.Н.Березин архивтерінде ХІХ ғасырдың екінші жартысында ел ауызынан жазып алынған екі жүзден астам мақал-мәтел сақталған. Солардың ішінде күні бүгінге дейін құнын жоймаған "Ақыл – дария, көңіл – дүлдүл", "Тоты құс бойын көріп сырланады, аяғын көріп қорланады" деген секілді ондаған мәнді мақал-мәтелдер бар. Содан бері қазақ мақал-мәтелдері әр түрлі ведомстілерде, хрестоматияларда, жинақтарда жарияланып келеді. Халық шығармашылығының басқа түрлерімен бірге кейде өз алдына оны жинап жариялаушылар да болған (Ш.Ибрагимов, М.Тереньтев, Ы.Алтынсарин, Я.Лютш, Ф.Плотников, Н.И.Гродеков, А.А.Васильев, Т.А.Мелиоранский, Ә.Ә.Диваев, Н.Ф.Катанов, Н.Н.Пантусов, В.В.Катаринский т.б)

Москвада 1923 жылы "Мың бір мақал", Ташкентте 1927 жылы "Қазақ мақалдары" (Құрастырушы Әбубәкір Диваев) [1], Алматыда 1935 жылы "Қазақтың мақалдары мен мәтелдері" (Құрастырушы Өтебай Тұрманжанов) [2], 1950 жылы "Қазақтың мақал-мәтелдері" (Құрастырушы Балым Ақмұқанова) [3] атты жинақтар басылып шықты. Содан бері қазақ мақал-мәтелдері толықтырылып, іріктеліп басылып келеді.

Мұхтар Әуезовтің 1927 жылғы "Әдебиет тарихында" [4], Сәкен Сейфулиннің 1932 жылғы "Қазақ әдебиеті" [5] атты кітабында мақал-мәтелдер қазақ ауыз әдебиетінің бір саласы ретінде аталып, мысалдар келтіріледі, бірақ талданбайды.

Сәкен мақал-мәтел көшпелі елдің тұрмысынан туып, сол халық тіршілігінің барлық саласын қамтитынын, бейнелейтінін көрсете келіп, жалпы ауыз әдебиетіне ортақ бір ой тастайды. "Ауыз әдебиетінің қай бөлімі болса да, – дейді ол – сол заманның тұрмысының қандай болғанын, сол тұрмыстың әсерімен ол тұрмысқа ұқсай туған сана қандай сөз, қандай әдебиет болғанын көрсетеді... "Заманына қарай күлкісі, тауына қарай түлкісі", "Сабасына қарай піспегі, мұртына қарай іскегі" деген ереже сөздер заманның тілі, көркем сөзі, әдебиеті сол заманның салт-санасына, сол заманның тұрмысына, ол заман тұрмысынан туған мұратына ұқсай туды деген сөзді қуаттайды".

Әуезов 1940 жылдардың басында жазылған "Қазақ халқының эпосы мен фольклоры" дейтін зерттеуінде қазақтың мақалдары мен мәтелдерінің, тұлғасы өлең түрінде жасалатын, мазмұны халықтың негізгі кәсібі – малшылықпен байланысты болатын екі ерекшелігіне назар аударған. Оның көркемдік, бейнелік қасиеттеріне

мысалдар келтіріп автор мынадай қорытынды жасайды: "Мақал-мәтелдің молдығы, олардың тамаша поэтикалық формасы, шебер түрде берілген терең, тіпті философиялық мән-мағынасы – осындай тамаша үздік шығармалар тудырған қазақ халқының өзінің де асқан ақындық дарынының, оның сарқылмас даналығының анық айғағы".

Халық және қоғам екеуі кең ұғым. Таптық қоғамда бай мен жарлы, қанаушы мен қаналушы қатар өмір сүреді. Халық тұрмысының айнасы мақал-мәтелдерде қоғамдық топтардың, таптардың қарым-қатынастары, қайшылықтары, тартыстары бейнеленеді. Байлар "Құм жиылып тас болмас, құл жиналып бас болмас" деп, кедей-кемтарларды кемітсе, кедейлер " «Аузы қисық болса да бай баласы сөйлесін» – деп, бай баласын кекетеді.

Қазақ ауыз әдебиетін зерттеу, жариялау ісінде соңғы он-он бес жылда айтарлықтай жұмыстар істелді. Бұл орайда академик М.О.Әуезовтің басшылығымен жазылған қазақ әдебиеті тарихының бірінші кітабын алдымен атауға тиіспіз. Бұл еңбекте әр бір жанр бойынша бұрын соңды жазылған пікірлер, зерттеулер жинақталған, қорытылған. Соның ішінде "Мақалдар мен мәтелдердің (жазған З.Ахметов пен Б.Ақмұқанова) маңызы, халық тұрмысымен тығыз байланысы баяндалған, пікірлер айтылған.

Қазақ ауыз әдебиетіне арналған екінші кітапта (редакторы М.Қаратаев) Б.Ақмұқанова кеңес дәуірінде туған жаңа мақалдар мен мәтелдерден көптеген мысалдар келтірген.

Соңғы жылдары дидактикалық шағын жанрларға әдебиет қауымы назар аударма бастады. Әдеби қорымызды байытатын бірнеше аударма жинақтар, зерттеулер жарық көрді. Солардың ішінде М.Әлімбаев өзінің "Өрнекті сөз – ортақ қазына" (1957) дейтін зерттеуінде қазақ мақал-мәтелдерінің өмір танытқыштық мәні, қолданылуы және жаңа мақалдардың жасалу жолдары жайында жаңа пікірлер айтқан, оны орыс тілінен қазақ тіліне аударудағы өз тәжірибелерінен ортаға салған.

Әр халықтың мақалы мен мәтелі – сол халықтың өзі жасап алған логикалық формуласы, анықтамасы. Ол кез келген уақиғаның, мәселенің тұсында еске түседі, тілге оралады. Көп ойлануды, ұзақ баяндауды керек ететін қиын нәрсені оп-оңай, бір-ақ ауыз сөзбен ұғындыра алады.

Мақал-мәтел – поэтикалық жанр. Ол әдетте белгілі бір ойды, пікірді ажарлап айқындау, қорыту үшін қолданылады. Бұл жағынан алғанда ол – сөздің қатығы, қаймағы дерлік.

Мақал мен мәтел – егіз жанр. Дегенмен мағынасына, құрылысына, атқаратын қызметіне қарай әр қайсысының өзіне тән ерекшеліктері бар. Мақал – аяқталған ойды білдіреді, дербес тұрып та мағына береді. Мақалда дәлел мен қорытынды қатар айтылады. Мысалы: "Еңбек етсең емерсің", "Қарманған қарап қалмас".

Мәтел жеке тұрып тинақты ойды бере алмайды, тек белгілі бір ойды ажарлау, айқындау үшін қолданылады. Мысалы: "Ат қойып, айдар тағып", "Көргеннен көз ақы алады".

Мақал-мәтелдің осындай ерекшеліктерін ескере келіп, белгілі этнограф, жазушы В.И.Даль: "Мәтел – халық сөзімен айтқанда, гүл, ал мақал – дән", - дейді. Осы пікірді дамытып, фольклорист М.А.Рыбникова: "Мәтел – бұл сөз оралымы, қалыптасқан сөйлем, пікірдің элементі; ал мақал – аяқталған пікір, біткен ой" – деп анықтайды.

"Жүздің көркі – көз, ауыз көркі – сөз, сөздің көркі – мақал" дейді халық. Алайда мақал-мәтел – сөздің, көркі ғана емес, сонымен бірге халық өмірінің

шежіресі, ақыл-ойының айнасы. Мақал-мәтелден халық тұрмысының қай саласын болсын, аңғаруға болады.

Сонымен қорыта айтқанда, қазақ шешендері ана тілінде таза сөйлеуді де, мақал-мәтелді де оқулықтан, кітаптан үйренбеген, атасы мен әжесінен, халық тәжірибесінен дағды алған.

Есімдері аңызға айналған алғашқы қазақ шешендері, халық даналары Майқы би, Аяз би, Асанқайғы, Жиренше аттарынан айтылатын тарихи әңгімелер мен шешендік сөздердің, қай-қайсысы болса да мақал-мәтелге, нақыл-термеге бай.

Мақал-мәтел – халық психикасы дамуының да көрсеткіші. Онда халықтың, ең алдымен еңбек адамының табиғатқа, қоғамға көзқарасы, дүние танымы көрініс тапқан, қазір ескірген ұғым-нанымдардың да елесі бар.

Қазақтың мақалдары мен мәтелдері сан ғасырлық халық тәжірибесінің жиынтығы, ақыл-ойының қорытындысы және қоғамдағы дау-талап мәселесін реттейтін заңы, кодексі, бір сөзбен айтқанда қазақ өмірінің, санасының айнасы және шежіресі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Диваев Ә. Қазақ мақалдары. – Ташкент, 1927. – 182б.
2. Тұрманжанов Ә. Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. – Алматы: Білім, 1935. – 156б.
3. Ақмұқанова Б. Қазақтың мақал-мәтелдері. – Алматы: Өнер, 1950. – 160б.
4. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Білім, 1991. – 186б.
5. Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті. – Алматы: Жазушы, 1932. – 231б



ӘОЖ 821.512. 122./075/.

ҒҰН ДӘУІРІНДЕГІ БАЛАЛАР АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ

Альбек Зарина, ҚТ-20-1 тобының студенті

Ғылыми жетекшісі: Меңдібай Әбілұлы.

Халықаралық Тараз инновациялық институты

Аннотация. В статье с научной точки зрения исследуется наследие детского устного творчества со времен Гунов до нашей эпохи.

Abstract. This article considers heritage of children's oral literature in the period from Guns age till present time.

Ғұн дәуірінен жеткен жәдігерліктер арасында балаларға арналған ауыз әдебиеті үлгілері көптеп кездеседі. Бір қызығы осы жәдігерліктер ел аузында осы күнге дейін айтылып жүр.

Белгілі ғалым Н. Келімбетов "Ежелгі дәуір әдебиеті" атты оқулығында ежелгі ғұндар мен сақтар жөнінде былай деп ажазды: "Біздің заманымыздан бұрынғы II-I ғасырларда Жетісу мен Сырдария аралығын алып жатқан өңірге ғұндар қоныс аударғаны мәлім. Олар жергілікті скиф (сақ)-массагеттермен араласып, біртұтас

халыққа айналды. Бірте-бірте олардың ықпалы күшейіп, Енесейден бастап, Моғолстанға дейінгі ұлан-ғайыр өлкені өздеріне қаратып алғаны көне тарихтан белгілі.

Міне, сол кезден бастап, қазіргі Қазақстан мен Орталық Азия жерінде түркі халықтарының арғы негізі саналатын халықтар тілі, яғни көне түркі тілі кең өріс алды..." [1].

Біз қазақ әдебиетінің кезеңдерін ғылыми тұрғыда қалыптастырып, тиянақты ойға құрылған нұсқасын ұсынуға міндеттіміз. Сонда ғана әдебиетіміздің тарихын бір ізге түсіріп, жастарымыздың рухани байлығын қалыптастыра аламыз. Ал, балалар әдебиетінің тарихы ерекше орынды иелейтіні рас. Себебі балалар әдебиеті күллі әдебиеттің бастау көзі.

Осы ретте біз тағы да ғалым Н. Келімбетовтің ғылыми тұжырымына назар аударамыз: "Біз қазақ әдебиетінің қайнар бастаулары Түрік қағанаты (VIII-ғасыр) тұсында өмірге келген "Күлтегін" және "Тоныкөк" жырларында жатыр деп келдік. Бұл пікір кезінде ғылыми тұрғыдан негізделген тұжырым еді. Алайда мұндай ғажайып жырларды жазуға үлгі-модель болған шығармалар бұрын бар ма еді деген сауал ұдайы ойда тұратын.

Соңғы жылдары түркология ғылымы саласында қол жетіскен жетістіктер дәл осы сауалдың жауабын табуға мүмкіндік береді. Ежелгі түркілердің арғы ата-тегі саналатын сақтар мен ғұндар дәуірінің көркем сөз үлгілері: "Алып Ер Тұңға", "Шу батыр", "Аттила", "Көк бөрі" және "Ергенекон" дастандарының жеке-жеке үзінділерін, фрагменттерін, сюжеттік оқиғаларын ұзақ жылдар бойы іздестіріп, тырнақтап жинап, белгілі бір логикалық жүйеге келтірдік. Сол арқылы біз тек жекелеген үзінділер күйінде ғана жеткен бұл дастандардың өзіндік сюжеттік қаңқасын қайта құрастырып, яғни реконструкция жасап шықтық [2].

Ғұн дәуірінің ауыз әдебиетіне, соның ішінде ғұн дәуіріндегі балалар ауыз әдебиетіне жататын Өмірзақ жырау жырлайтын "Алаңқай батыр" қиссасы, Теңізбай жырау жырлайтын "Он үш жасар Алаңқай" қиссасы баяндалатын оқиғалар тұрғысынан ғұн дәуіріндегі балалар әдебиетіне жатады.

Екі нұсқасындағы оқиғалар шыншыл - реалистік тұрғыда жырланады. Бозбала Алаңқай нағашысын іздеп жолға шығады. Жолда келе жатып көптеген оқиғаларды бастан кешеді. Ақыры атақты ғұн дәуірінің патшасы Еділдің (Аттила) әскерлеріне кездеседі. Еділ патшаның әскерлері біраз уақыт қарсыласқан Алаңқайды ұстап алып, қол-аяғын байлап, Еділ патшаға алып барады. Еділ Алаңқайдың өжеттігіне, батылдығына таң қалып, өзінің әскерлерінің басшысы етіп тағайындайды. Сөйтіп Алаңқай батыр үлкен-үлкен соғыстарға қатысып, қаһармандығымен көзге түседі.

М. Әбілұлы "Алаңқай батыр" қиссасы туралы былай деп жазады: "Алаңқай батыр" қиссасының кейбір нұсқалары Бесқаланың қазақтар көп шоғырланған "Дәуқара" өңірінде жасаған Қуанышбай жырау Досымбаев, Серікбай жырау, Теңізбай жырау, Қосым жырау, Өтім жырау, Мыңбай жырау нұсқаларында кездеседі. Сондай-ақ "Алаңқай батыр" қиссасында кездесетін Алаңқайдың әкесі Молақсай жыраудың, Еділ патшаның кеңесшісі Тоғанас жыраудың толғаулары мен өлең-жырларын Түркіменстанның Ташауыз облысында жасаған Тәжік жырау, Бесқаланың (Қарақалпақстан) Қоңырат ауданында өмір сүрген Қарлыбай жырау, Тақиятас қаласының тұрғыны Қошақан жырау, Шоманай ауданында өмір сүрген Сабыр жырау, Өгізбай жырау жырлаған. Бұл жыраулар "Алаңқай батыр" қиссасын да жырлаған. Ал, "Алаңқай батыр" қиссасының біз пікір айтып отырған қолымыздағы

нұсқасы Бесқаланың Шоманай ауданында жасаған Өмірзақ жырау жырлаған нұсқасы [3].

"Қазақ әдебиетінің ілкі дәуірі туралы сөз болғанда бізге қолжазба күйінде жеткен әдеби мұралармен қатар халықтың жадында жазулы хаттай сақталып келген шешен-жыраулар сөздерінің де маңызы зор болатыны ерекше ескерілуге тиіс..."[4] - деп жазды белгілі ғалым Х. Сүйіншәлиев шешендер мен жыраулардың ауыз әдебиеті үлгілерін кейінгі ұрпақтарға жеткізудегі үлгілі істері жайлы.

Ғұн дәуірінен бізге жеткен балалар ауыз әдебиетінің нұсқалары туралы М. Әбілұлы 2012-жылы баспадан басылып шыққан "Ежелгі дәуірдегі балалар әдебиеті" атты кітабында былай деп жазады: "Ғұндар балалар мен жасөспірімдерге көшіп-қону мәдениетін, тасқа жазуды, аңшылық пен соғыс өнерін үйретті.

Ежелгі ғұн дәуіріндегі балалар әдебиетіне "Бала Түмен туралы аңыздар", "Тас зергері Тұрқұт", "Тас зергері Тарғылдың өсиеті", "Мөде батыр" және "Ақтырна" ертегісі жатады.

"Бала Түмен туралы аңыздар" да он екі жасар Түменнің әкесіне еріп жорыққа қатысуы сөз болады. Әдеби-ғылыми еңбектерде Түмен-тарихи тұлға. Түмен бала кезінен аңшылықтың әдіс-айласын үйренген, әскери ойындарды жетік меңгерген бала ретінде суреттеледі. Бала Түмен өзінің қарауындағы тоқсан әскермен елді қорғау істеріне қатысады..."[5].

М. Әбілұлының "Ежелгі ғұн дәуіріндегі балалар әдебиеті" атты оқу құралы туралы ғалым Қаракөз Тамабаева былай деп жазады: "Әрине, жазба және ауыз әдебиеті жәдігерліктерінің балалар әдебиеті тарихынан орын алуы қазақ әдебиеттану ғылымындағы айтарлықтай жаңалық екенін айта кетудің артықтығы болмас. Себебі осы кезге дейін балалар әдебиеті үлгілері жалпы қазақ халқының ауыз әдебиеті саласында зерттеліп келді.

Оқу құралында М. Әбілұлының "Ғұн дәуіріндегі Алып Бамсы (Алпамыс)", "Алаңқай батыр қиссасы" деп аталатын ғылыми тұрғыдан зерттеген зерттеу еңбектері ежелгі ғұн дәуірі жәдігерліктерін қазақ әдебиеті тарихына, соның ішінде қазақ балалар әдебиеті тарихына жақындата түседі..."[6].

Жалпы, ауыз әдебиеті арқылы осы заманымызға жеткен ежелгі ғұн дәуіріндегі балалар ауыз әдебиеті мұраларын зерттеп, зерделеп балалар мен жасөспірімдерге ұсынып, олардың рухани байлығын молайтуымыз қажет. Біз сонда ғана ұлттық идеологиямызды саналы түрде дамыта аламыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Келімбетов Н, "Ежелгі дәуір әдебиеті" (Қазақ әдебиеті бастаулары), Алматы, оқулық, "Атамұра" баспасы, 2005-жыл,11-бет.
2. Келімбетов Н, "Ежелгі дәуір әдебиеті" (Қазақ әдебиеті бастаулары), Алматы, оқулық, "Атамұра" баспасы, 2005-жыл,3-4-беттер.
3. Әбілұлы М, "Ежелгі ғұн дәуіріндегі балалар әдебиеті",Тараз, Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің баспасы, 2012-жыл, 45- бет.
4. Сүйіншәлиев Х, "Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері", "Қазақстан" баспасы, Алматы, 1967-жыл,10-бет.
5. Әбілұлы М, "Ежелгі дәуірдегі балалар әдебиеті", Тараз, "Рысбаев және Ко" баспасы, Тараз, 2012-жыл, 12-13-беттер.
6. Тамабаева Қ, "Ежелгі ғұн дәуіріндегі балалар әдебиеті" (филология ғылымдарының кандидаты, профессор М. Әбілұлының "Ежелгі ғұн дәуіріндегі

балалар әдебиеті" атты оқу құралы туралы)", "Жастар айдыны" газеті, №3, 30-қараша, 2015-жыл.



ӘОЖ 821.512. 122./075/-

ЕЖЕЛГІ ДӘУІРДЕГІ БАЛАЛАР АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ

Ахмет Қуанышгүл, ҚТ-19-1 тобының студенті.

Ғылыми жетекшісі: Меңдібай Әбілұлы.

Халықаралық Тараз инновациялық институты

Аннотация. В статье с научной точки зрения исследуется наследие детского устного творчества со времен древней эпохи до нашего времени.

Abstract. This article considers heritage of children's oral literature in the period from ancient age till present time.

Әдетте, қазақ балалар әдебиетінің тарихы жөнінде ғылыми тұжырымдамалар жасағанда ең басты мәселе ретінде ежелгі дәуірдегі балалар ауыз әдебиеті туралы айту табиғи нәрсе. Олай болатын себебі балалар ауыз әдебиетінің бастау көзі сонау көне дәуірлерде жатыр. Сол көне дәуірлерде жатқан, сол көне дәуірлерден ауыз әдебиеті арқылы осы біздің заманымызға жеткен ауыз әдебиеті мұраларын жинап, басылымдарға жариялап, зерттеп оқулықтар, оқу құралдарын, хрестоматиялық оқу құралдарын жазуымыз қажет.

Ғалым М. Әбілұлы 2013-жылы Алматыдағы "Полиграфия-сервис және К" атты баспадан "Ежелгі дәуірдегі балалар әдебиеті" атты хрестоматиялық оқу құралын құрастырды. Оқу құралы "Сәбилер мен бүлдіршіндерге арналған ауыз әдебиеті", "Балалар мен жасөспірімдерге арналған ауыз әдебиеті", "Жастарға арналған ауыз әдебиеті" деген үш салаға бөлінген. Ал, жалпы, ежелгі дәуірдегі балалар ауыз әдебиетін құрастырушы "Ежелгі дәуірдегі отбасылық балалар ауыз әдебиеті", "Ежелгі дәуірдегі балалар ауыз әдебиеті", "Ежелгі арий дәуіріндегі балалар ауыз әдебиеті", "Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар ауыз әдебиеті", "Ежелгі ғұн дәуіріндегі балалар ауыз әдебиеті", "Ежелгі түркі дәуіріндегі балалар ауыз әдебиеті" деп алты тарауға бөліп қарастырған.

М. Әбілұлы ауыз әдебиеті соның ішінде балалар ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы өнер адамдарын жинаушы, айтушы, ертекті, қиссашы, жоқтаушы, жыршы-жырау, көшіруші деп атаған.

М. Әбілұлы 2012-жылы "Ежелгі дәуірдегі балалар әдебиеті" атты оқулық жазды. Бұл туралы республикалық "Балдырған" журналы былай деп пікір білдірді: "Басқа халықтардың әдебиеті сияқты қазақ әдебиетінде де ертегіден ескі жанр жоқ. О баста балаларға арналған жанр екеніне қарамай, ол ғылымда осы күнге дейін халық ауыз әдебиеті аясында қарастырылып келеді. Жалғыз ертегі ғана емес, ежелгі дүниедегі рухани құндылықтардың ішінде балаларға тән тағы талай нәрселер бар. Бұл бізде балалар әдебиеті тарихының әлі терең зерттелмей жатқанын айғақтаса керек...Балалар жазушысы, Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің профессоры Меңдібай Әбілұлы ағаларыңның "Ежелгі дәуірдегі балалар әдебиеті" деп аталатын ғылыми еңбегі жарық көріпті. Бұл балалар әдебиетінің тарихын арыдан

зерттеп, тереңнен танытатын еңбек болғандықтан, оны өздеріңе таныстырып қоюды жөн көрдік..." /1/.

Қазақ халқының арғы ата-бабалары сақтар мен ғұндар екені ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Ежелгі гректің тарихшысы Геродоттың еңбектерінде бұл жөнінде анық айтылған. Ал, М. Әбілұлы көне дәуірдегі балалар ауыз әдебиетін сол сақтар мен ғұндар заманынан бастайды. "Балдырған" журналы атап өткендей қазақ балалар әдебиетінің тарихы өз алдына ірі сала ретінде осы кезге дейін зерттелмей келді. М. Әбілұлы ежелгі дәуірдегі балалар ауыз әдебиетін халық ауыз әдебиеті үлгілерінен өз алдына екшеп алып, бірнеше тарауларға бөліп зерттеген.

Белгілі ғалым Х. Сүйінішәлиев халық жадында сақталып, біздің дәуірімізге жеткен шешендер мен жыраулардың сөздері туралы былай деп жазады: "Қазақ әдебиетінің ілкі дәуірі туралы сөз болғанда бізге қолжазба күйінде жеткен әдеби мұралармен қатар халықтың жадында жазулы хаттай сақталып келген шешен-жыраулар сөздерінің де маңызы зор болатыны ерекше ескерілуге тиіс..." /2/.

Сонау сақ, ғұн дәуірінен жеткен ауыз әдебиетінен басқа жазба әдебиеті де бар екені белгілі болды. Ол - алтын адамның жанынан табылған күміс тостағандағы жазу. Бұл жазудың балалар әдебиетіне де қатысы бар. Х. Сүйінішәлиевтің көне дәуірлерден келе жатқан шешендер мен билердің, жыраулар мен жыршылардың сөздерін рухани қазынамызға балап жатқанында бір мән бар.

Х. Сүйінішәлиев мыс дәуіріне жататын мәдени мұра туралы былай деп жазды: "Қазақстан жерінен табылып отырған мыс дәуіріне жататын мәдени мұра, Андронов кезеңіне тән Атасу, Нұра, Боқсай, Талды, Қарасу, Бегазы-Дандыбай, Бұғылы, Қарқаралы, Суықбұлақ, т.б. ескерткіштер мәдениетіміздің ең көне дәуірінен мәліметтер берсе, кейінгі орта ғасырлық деректер: көне қала-кент мәдениеті, сол дәуірде жасаған аты әйгілі ұлы адамдар есімі, сәулетті көркем туындылар халқымыздың біршама соңғы кездегі мәдени өмірінен тиісті мәліметтер беріп отыр..." /3/.

Мыс дәуіріне жататын мәдени мұралардың да ауыз әдебиетіне қатысы бар. Олай дейтін себебіміз халық ауыз әдебиетінде жоғарыда аталған Атасу, Нұра, Боқсай, Талды, Қарасу, Бегазы-Дандыбай, Бұғылы, Қарқаралы, Суықбұлаққа байланысты балаларға арналған аңыз-әңгімелер, ертегілер көптеп кездеседі.

Ежелгі дәуірдегі балалар ауыз әдебиетін ғалым М. Әбілұлы балалардың жас ерекшелігіне қарай мынадай салаларға бөліп қарастырады: "Сәбилер мен бүлдіршіндерге арналған ауыз әдебиеті (отбасылық балалар әдебиеті-балалар бақшаларындағы сәбилер мен бүлдіршіндерге арналған ауыз әдебиеті); балалар мен жасөспірімдерге арналған ауыз әдебиеті (мектеп оқушыларына арналған ауыз әдебиеті); жастарға арналған ауыз әдебиеті (білімгерлерге арналған ауыз әдебиеті)..." /4/.

М. Әбілұлы ежелгі дәуірдегі балалар ауыз әдебиеті туралы былай деп жазады: "Ежелгі дәуірдегі балалар ауыз әдебиеті өте бай. Ата-бабаларымыз өскелең ұрпақтарды отаншылдық, ұлтжандылық рухта тәрбиелеу үшін ауыз әдебиетінің мол үлгілерін қалыптастырған. Мұндай ауыз әдебиеті сәбилер мен бүлдіршіндердің тілінің тез шығып, аяғын қаз-қаз басуына, ұлттық салт-дәстүрлерді көздің қарашығындай сақтап, ұлттық сананы жетілдіруге септігін тигізген. Осындай тәрбие көзінің молдығынан балалар жас кезінен-ақ шешендік өнерді меңгерген, сөздің жүйрігін табуға талпынған, табан астында суырып салып өлең-жыр шығарған. Сәбилер мен бүлдіршіндердің өмірге деген құштарлығын арттыруға баса көңіл бөліп, әртүрлі салт-ырымдарға арнап тақпақ өлеңдер шығарған. Мұның өзі баланың

қоршаған ортаның тылсым сырларын тез үйреніп, өмірге деген талпынысын арттырған..." /5/.

Жалпы, ежелгі дәуірдегі балалар ауыз әдебиеті сәбилер мен бүлдіршіндердің, жасөспірімдердің рухани қазынасы. Осы қазынаны төгіп-шашпай ұлттық идеологиямыздың алтын қазығы етіп алып, қазақ балалар әдебиетінің тарихын қалыптастырсақ өскелең ұрпақтардың алдындағы міндетімізді адал орындаған боламыз. Ендеше жол ашылды, сең бұзылды. Ақыл мен қаламға кезек беретін уақыт келді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. "Балалар әдебиетінің тамыры тереңде", "Балдырған", республикалық бүлдіршіндер мен сәбилерге арналған журнал, №7, шілде, 2012. 62б.

2. Сүйінішәлиев Х, "Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері", "Қазақстан" баспасы, Алматы, 1967.10 б.

3. Сүйінішәлиев Х, "Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері", "Қазақстан" баспасы, Алматы, 1967.16-17бб.

4. Әбілұлы М, "Ежелгі дәуірдегі балалар ауыз әдебиеті", кітапта: "Ежелгі дәуірдегі балалар ауыз әдебиеті", оқулық-хрестоматия, құрастырып, алғы сөзін жазған М. Әбілұлы, Алматы, "Полиграфия-сервис к" баспасы, 2013. 7б.

5. Әбілұлы М, "Ежелгі дәуірдегі балалар ауыз әдебиеті", кітапта: "Ежелгі дәуірдегі балалар ауыз әдебиеті", оқулық-хрестоматия, құрастырып, алғы сөзін жазған М. Әбілұлы, Алматы, "Полиграфия-сервис к" баспасы, 2013. 8б.



ӘОЖ 82.01

THE IMPORTANCE OF LEARNING ENGLISH IN THE MODERN WORLD

Оразхан Әдемі Ерболатқызы

**Халықаралық Тараз инновациялық институтының 2 студенті, Тараз,
Қазақстан
ademaorazhan@mail.ru**

**Ғылыми жетекші: Тургунтаева Гулсара Ашимбаевна
Халықаралық Тараз инновациялық институтының аға оқытушысы,
Тараз, Қазақстан
gulsara-76@mail.ru**

Аңдатпа. Бұл мақалада адам аралық қатынастарда тілдің маңыздылығын,оның алдағы болуы мүмкін шешімдерге қалай әсер ететіні,оның қалай пайда болып адамзат тарихында қалай өзгерістерге ұшырап жатқанын көрсету арқылы,жаңа ғасырдағы әлемдік тілдердің қатарындағы ағылшын тілін үйренудің маңыздылығы туралы сөз қозғалып,қаншалықты қажетті екендігі дәлелденіп көрсетілетін болады.

Кілтті сөздер: коммуникация,телекоммуникасы,жаңа әлем,әлемдік тілдер,инвесторлар,халықаралық компаниялар,туризм,функция.

Аннотация. В этой статье будет показано значение языка в человеческих отношениях, как он влияет на будущие решения, как он возник и как изменился в истории человечества, важность изучения английского языка как одного из языков мира в новом столетии.

Ключевые слова: коммуникация, телекоммуникация, новый мир, мировые стандарты, мировые языки, инвестор, международные компании, туризм, функция.

Abstract. This article will show the importance of language in human relations, how it affects future decisions, how it arose and how it has changed in the history of mankind, the importance of learning English as one of the languages of the world in the new century

Key words: communication, telecommunications, new world, world standards, world languages, investor, international companies, function, tourism.

Let's first give a definition of the word language and understand what it is. Language is a complex sign system, naturally or artificially created and correlating conceptual content and typical sound.

The term "language", understood in a broad sense, can be applied to arbitrary sign systems, although it is more often used for narrower classes of sign systems.

Among the sign systems, the following types of language are distinguished:

1. human languages;
2. formal languages;
3. sign systems of a private nature;

Languages are studied by linguistics (linguistics). Sign systems are the subject of study of semiotics. The influence of language structure on human thinking and behavior is studied by psycholinguistics. The philosophy of language deals with universal human theoretical problems related to language and the concept of language.

Language features

The word "function" in this case is used in the sense of "appointment", "role" or "work performed by an object". Language is a multifunctional phenomenon. All functions of language are manifested in communication.

The three main features of the language are:

communicative (function of communication) - the use of language to convey information;

cognitive (epistemological) - the accumulation and preservation of information, its transmission;

accumulative (cumulative) - the accumulation and preservation of knowledge.

Linguistics is the science that studies language. Its formation began long before the beginning of our era, back in the era of antiquity. The process of development of linguistic knowledge was long and often contradictory, carried out by the efforts of representatives of various ethnic cultures, in which original schools and traditions developed. In the 19th-20th centuries, modern linguistics took shape - a branched science that studies in theoretical and practical terms all aspects of language and human speech activity.

All or the vast majority of natural languages have so-called linguistic universals (for example, every language has vowels and consonants, if the language has a dual number, it also has a plural, etc.)

There are over 7,000 languages on Earth. With the development of communications, the number of living languages is declining at an average rate of 1 language in two weeks.

About 2/3 of the world's population speaks the 40 most common languages. Chinese, Hindi, English, Spanish, Arabic, Portuguese, Russian prevail in the world in terms of the number of native speakers. However, in fact, the more important indicator, especially in the modern world, is not the native language, but the actual use of a particular language in everyday communication, education, media, entertainment, the Internet, and a related indicator of the number of language learners in the world. Viewed in this way, English is clearly the quantitative leader, and, to a lesser extent, languages such as French, Spanish, Mandarin and Arabic.

The number of people who speak two or more languages is constantly increasing. For example, according to a recent study, a significant proportion (more than half in one state) of Indian schoolchildren speak English better than their native language.

The role of the English language in the modern world is invaluable. It is considered the most commonly used language. More than 450 million people consider him native. Another 600-650 million citizens use English as an additional language for communication. It is considered to be in demand in many countries of the world. Knowledge of the vocabulary and grammar of this language is essential in order to study abroad. Not to do without it and wishing to find a prestigious and well-paid job.

More recently, it was a foreign language for us, and today it is international. In all countries of the world, learning English is of great importance. Almost everyone dreams of learning it at least at an elementary level. Today, children begin to learn this language at preschool age.

English plays an important role in our life. His knowledge is necessary for people of all ages. English is associated with all spheres of life.

The importance of the English language in the modern world cannot be overestimated. After all, one cannot but reckon with the choice of more than 1 billion people who use it. And if for half of them it is native, then about 600 million chose it as a foreign language. Of course, the range of distribution of the English language in the modern world is so great that this language cannot be identical in different areas. Despite its diverse variants and the presence of specific features for each nationality, English remains the most popular language on our globe. What role does English play in our lives today?

In general, the political, economic, scientific, sports life of the whole world "flows" in English. English is designated as the official and working language of the United Nations. All sorts of summits and meetings of heads of state, the signing of laws and decrees, negotiations and debates - all this is held in English. International trade, the operation of the banking system, the activities of the transport system on land, at sea and in the air are carried out in English. This language is a living communication tool for academicians, doctors of sciences, scientists around the world. After all, international conferences, the study of world experience and the exchange of information of scientific minds takes place only with the use of the English language. What can I say - the Olympic Games and all kinds of competitions between countries have chosen English as the official language.

The importance of the English language in the modern world is so great that its knowledge is not a privilege and luxury. Once upon a time, computers, as well as mobile phones, could only be afforded by people of a certain social class. Now these things are essential. The same can be said about English. It is taught by everyone and everywhere: in schools, universities, courses. And in our digital age, anyone can learn English via Skype without leaving home. It is understood that any educated person is simply obliged

to speak English, since it is he who is his key to further self-education and self-improvement. That is why there are so many organizations now offering to teach you English. However, do not think that this is so easy to do. Learning any language is a long process that requires certain costs, both mental and financial.

Still, learning English is worth it. Do you want to travel and not feel like a black sheep, but communicate freely with people of different nationalities? Do you want to become a student of a foreign university? Do you want a prestigious job with career advancement? Or maybe you want to work abroad? One tip - learn English. After all, over time, you will still understand that 75% of the world's correspondence is carried out in English, 80% of information on computers is also stored in this language, and most international documents, articles, literary works, instructions are written in English. And we have not yet taken into account the film industry and the musical Olympus. American-made films have firmly entered our lives, and any pop artist considers it prestigious to sing at least one song in English.

Knowledge of English in the modern world is a kind of window to the world. Knowing this language of international communication, you will be able to achieve your goals with the help of new opportunities. And you will definitely understand that the importance of the English language is not exaggerated.

And besides, for communication of people of different nationalities and from different countries in the world use several international languages. Among them, the most popular language was English and not by chance. After all, English is not just a language spoken in the US and the UK. Firstly, Ireland, Canada, Australia, New Zealand, many African countries and individual Asian states can be added here. Secondly, it is more than just the language of individual countries.

English has been designated as the language of negotiation in international organizations such as the UN General Assembly, the European Security Alliance, UNESCO, NATO, the European Union and the Organization of the Petroleum Exporting Countries (OPEC).

Society has repeatedly tried to find an alternative to the English language. This was done in order to equalize the chances of representatives of different nations in learning a foreign language. These attempts led to the creation of several new languages, among which Esperanto became the most popular.

The author of "Esperanto" is Lazer Markovich Zamenhof, a linguist from Warsaw. The language was created in 1887, it took the author 10 years to develop it. However, at a certain point, development and popularization slowed down significantly.

Presumably, the reason for this was that the artificially created language has no history, while English has a rich history and deep roots. After all, it was spoken, sung and written by great musicians, poets, philosophers.

During the scientific-practical conference of students in 2015, the following data were mentioned:

English is studied by almost 300 million Chinese (comparable to the US population);

In Japan, secondary school students learn English for 6 years;

In France, secondary school students are required to study foreign languages (German or English to choose from). Almost 85% of students prefer learning English;

In 90 countries of the world, English is the second state language, or is widely studied.

In Sweden, Norway and Denmark, English is compulsory.

Summing up the role, significance and relevance of the English language in the modern world, it is worth noting the following. Knowing an international language allows you to get more valuable information. Content on the Internet, films, music - all this is produced for the most part in English. Knowledge of the language will eliminate the distortion that may be present in the translation.

In the modern world, not knowing English literally cuts you off from many achievements of civilization. You limit yourself to a relatively small dome of information and language instead of thinking more globally. Again, most of the information on the Internet is in English (more than 54%). An international language allows you to get a decent education at a prestigious university, a dream job and full communication with foreigners from any corner of the planet.

RESERENCES:

1. Колшанский Г.В. Коммуникативная функция и структура языка. -М.: Наука, 1984.- 176 с.
2. Lingvomania 2016, 18 тамыз, 42 бет
3. М.Кибрик: Сов. энциклопедия, 1990. — 685 с. — ISBN 5-85270-031-2. — С. 604—606.
4. The Architecture of Language (англ.). — New Delhi, Oxford & New York: Oxford University Press, 2000. — xv + 89 p. — ISBN 0-19-564834-X.
5. Foley, William A. Anthropological Linguistics: An Introduction. — Malden, MA: Blackwell Publishers, 1997. — xvii + 495 p. — ISBN 978-0-631-15122-2.



УДК 371.321

PLANNING LESSONS WITH HALLIDAY'S FUNCTIONAL CATEGORIES

**Халықаралық Тараз Инновациялық институты
«Педагогика» факультеті
Есмұрат Аружан Бауыржанқызы ШТ-18-3 тобының студенті
Ғылыми жетекшісі: Кубеева Сабина Орынбековна
Филология ғылымдарының магистрі**

Кілтті сөздер: әдістеме/ М. Халлидей/ оқыту әдістері/ әлеуметтік когнитивтік теория/ білім беру/ стратегия/ әдіскер/ лингвистика/ жүйелік-функционалды лингвистика/ негізгі категория/ функционалды грамматика/

Ключевые слова: методология/ М. Халлидей/ методы обучения/ социальная когнитивная теория/ обучение/ стратегия/ методист/ лингвистика/ системно-функциональная лингвистика/ фундаментальная категория/ функциональная грамматика/

Key words: methodology/ M. Halliday/ teaching methods/ social cognitive theory/ teaching/ strategies/ Methodist/ linguistic/ systemic functional linguistics/ fundamental category/ functional grammar/

Андатпа: Бұл мақалада негізінен Джон Фёрстың шәкірті және ізбасары британдық ғалым Майкл Халлидэйдің сабақ жоспарлау барысындағы методикасы талқыланады. Автор Халлидэйдің ғылыми көзқарастарының қалыптасу мәселесіне

тоқталып, одан кейін тіл білімінің жүйелік-функционалды бағытының негізгі постулаттарын, соның ішінде тіл, әдістер, функционалды категория сияқты кейбір ұғымдарды түсіндіруді алға тартады. Зерттеу Халлидейдің еңбектерінде баяндалған ғылыми көзқарастарын, сондай-ақ басқа да шетелдік ғалымдардың сыни мақалаларын қарастыру және талдау негізінде жүргізіледі. Мақалада Халлидейдің мұрасын бағалауға және оның идеяларын педагогтардың қабылдауын көрсетуге тырысады.

Аннотация: В данной статье рассматривается методология планирования уроков британского ученого Майкла Холлидея, ученика и преемника Джона Ферса. Автор акцентирует внимание на формировании научных взглядов Халидея, а затем разъясняет основные постулаты системно-функционального направления языкознания, включая некоторые понятия, такие как язык, методы, функциональная категория. Исследование основано на рассмотрении и анализе научных взглядов, высказанных в трудах Халледея, а также критических статей других зарубежных ученых. В статье делается попытка дать оценку наследию Халлейдея и показать восприятие его идей учителями.

Annotation: This article discusses the lesson planning methodology of the British scientist Michael Halliday, a student and successor of John Firth. The author focuses on the formation of Halliday's scientific views, and then explains the main postulates of the system-functional direction of linguistics, including some concepts such as language, methods, functional category. The study is based on the consideration and analysis of scientific views expressed in the works of Halliday, as well as critical articles by other foreign scientists. The article attempts to assess the heritage of Halliday and show the perception of his ideas by teachers.

Abstract

Teaching methodologies refer to a set of practices and principles used by teachers to make the process of teaching and learning highly effective for their students. Teaching methodologies, also known as teaching methods, are usually also based on various beliefs regarding the nature of the language used, and how it is learned.

In a classroom, teachers usually apply a combination of different teaching methods to better fit the needs of that particular batch of students. These methods can be customised to solve problems that are faced specifically by the students in reference. Apart from that, teaching methodologies are also based on different goals that learners may have from that particular course.

Apart from the different aims of taking a course, there are other factors that help teachers decide which methodologies to use while conducting their class. Some factors include the age group of the students attending the class, the gender of students, the experience in the said lesson or coursework of the students, as well as their expectations and interests. Direct instructions, differentiated instruction, personalized learning, flipped classroom, project-based learning, cooperative learning, gamification, etc. are some of the types of teaching methodologies[1].

1. Teaching Methods and Strategies

Teaching methods, or methodology, is a narrower topic because it's founded in theories and educational psychology. If you have a degree in teaching, you most likely have heard of names like Skinner, Vygotsky, Gardner, Halliday and Piaget. If their names don't ring a bell, you should definitely recognize their theories that have become teaching methods[2].

Behaviorism is the theory that every learner is essentially a “clean slate” to start off and shaped by emotions. People react to stimuli, reactions as well as positive and negative reinforcement, the site states. Learning Theories names the most popular theorists who ascribed to this theory were Ivan Pavlov, who many people may know with his experiments with dogs. He performed an experiment with dogs that when he rang a bell, the dogs responded to the stimuli; then he applied the idea to humans. Other popular educational theorists who were part of behaviorism was B.F. Skinner and Albert Bandura.

Social Cognitive Theory is typically spoken about at the early childhood level because it has to do with critical thinking with the biggest concept being the idea of play, according to Edwin Peel writing for Encyclopedia Britannica. Though Bandura and Lev Vygotsky also contributed to cognitive theory, according to Dr. Norman Herr with California State University, the most popular and first theorist of cognitivism is Piaget. There are four stages to Piaget’s Theory of Cognitive Development that he created in 1918. Each stage correlates with a child’s development from infancy to their teenage years[3].

Halliday (1985:192) describes language as a semiotic system, “not in the sense of a system of signs, but a systemic resource for meaning”. This work is considered as a skeleton for his functional grammar theory. Halliday and Matthiessen (2004) give an indepth explanation of how human beings construe their experience of the world. The construction of experience is usually thought of as knowledge, represented in the form of conceptual taxonomies, schemata, scripts and others. The focus of the book is both theoretical and descriptive. The authors consider it important that theory and description should develop in parallel, with constant interchange between the two.

Every teacher has her or his own style of teaching. And as traditional teaching styles evolve with the advent of differentiated instruction, more and more teachers are adjusting their approach depending on their students’ learning needs[4].

There are so many different methodologies and strategies that go into becoming an effective instructor. A consistent theme throughout all of these is for a teacher to take the time to know their students because they care, not because they have to. When an instructor knows the stories behind the students, they are able to design lessons that are more fun, more meaningful, and more effective because they were designed with the students’ best interests in mind. There are plenty of pre-made lessons, activities and tests available online and from textbook publishers that any teacher could use. But you need to decide if you want to be the original teacher who makes a significant impact on your students, or a pre-made teacher a student needs to get through[5].

Of all the methods and strategies listed, I usually use the Halliday’s method. Because Halliday's theory has not only given us insight into the various functions of oral language needed to round out a young students understanding but is also a fundamental part of language studies, and an integral part of child language development. It is also a major factor when looking at the relationship between intonation and grammar.

This information is important to us as teachers because we need to be aware of all of the functions that language plays in a young students life. We have to make sure that we address each of these functions in the classroom so that all students become orally competent[6].

2. Halliday’s biography

Halliday was born and raised in England. His parents nurtured his fascination for language: his mother, Winifred, had studied French, and his father, Wilfred, was a dialectologist, a dialect poet, and an English teacher with a love for grammar and Elizabethan drama. In 1942, Halliday volunteered for the national services' foreign

language training course. He was selected to study Chinese on the strength of his success in being able to differentiate tones. After 18 months' training, he spent a year in India working with the Chinese Intelligence Unit doing counter-intelligence work. In 1945 he was brought back to London to teach Chinese. He took a BA honours degree in modern Chinese language and literature (Mandarin) through the University of London—an external degree for which he studied in China. He then lived for three years in China, where he studied under Luo Changpei at Peking University and under Wang Li at Lingnan University, before returning to take a PhD in Chinese linguistics at Cambridge under the supervision of Gustav Hallam and then J.R. Firth.

Halliday worked in multiple areas of linguistics, both theoretical and applied, and was especially concerned with applying the understanding of the basic principles of language to the theory and practices of education.[19] In 1987 he was awarded the status of Emeritus Professor of the University of Sydney and Macquarie University, Sydney. He has honorary doctorates from University of Birmingham (1987), York University (1988), the University of Athens (1995), Macquarie University (1996), Lingnan University (1999) and Beijing Normal University(2011).

He died in Sydney of natural causes on 15 April 2018 at the age of 93[7].

3. Linguistic theory and description

Halliday's grammatical theory and descriptions gained wide recognition after publication of the first edition of his book *An Introduction to Functional Grammar* in 1985. A second edition was published in 1994, and then a third, in which he collaborated with Christian Matthiessen, in 2004. A fourth edition was published in 2014. Halliday's conception of grammar – or "lexicogrammar", a term he coined to argue that lexis and grammar are part of the same phenomenon – is based on a more general theory of language as a social semiotic resource, or "meaning potential" (see Systemic functional linguistics). Halliday follows Hjelmslev and Firth in distinguishing theoretical from descriptive categories in linguistics. He argues that "theoretical categories, and their inter-relations, construe an abstract model of language ... they are interlocking and mutually defining. The theoretical architecture derives from work on the description of natural discourse, and as such 'no very clear line is drawn between '(theoretical) linguistics' and 'applied linguistics'". So the theory "is continually evolving as it is brought to bear on solving problems of a research or practical nature". Halliday contrasts theoretical categories with descriptive categories, defined as "categories set up in the description of particular languages". His descriptive work has focused on English and Mandarin[8].

Halliday argues against some claims about language associated with the generative tradition. Language, he argues, "cannot be equated with 'the set of all grammatical sentences', whether that set is conceived of as finite or infinite". He rejects the use of formal logic in linguistic theories as "irrelevant to the understanding of language" and the use of such approaches as "disastrous for linguistics". On Chomsky specifically, he writes that "imaginary problems were created by the whole series of dichotomies that Chomsky introduced, or took over unproblematized: not only syntax/semantics but also grammar/lexis, language/thought, competence/performance. Once these dichotomies had been set up, the problem arose of locating and maintaining the boundaries between them[9].

4. Studies of grammar.

Fundamental categories

reverse process of memorization. In addition, memory differs in the nature of mental activity. A similar classification was compiled by P.P. Blonsky in 1964 (Scheme 1). In this way:

Scheme-1

There is also a division according to modality or perceiving sense organs (see Fig. 2). Also, according to the goals of activity, voluntary and involuntary memory (remembering information with or without a goal) is distinguished. According to the duration of the preservation of the material, memory is divided into short-term (or fast) and long-term. Initially, information enters short-term memory, but for memorization it must be transferred to long-term memory, since storage in long-term memory is unlimited in terms of time and volume [3]. It is logical that knowing a similar structure of human memory, it is possible to use it to the maximum productive. It is on such knowledge that mnemonics are built. In the event that we talk about what kind of memory is involved in the process of learning a foreign language, then it is logical to conclude that it is complex use. In other words, the brain receives certain visual images, associates these images with objects, phenomena and their properties, remembering tactile sensations associated with a particular object, sound accompaniments, taste qualities, smells and movements inherent in them. So, do not forget that our task is to isolate mnemonics as one of the methods of learning a foreign language, to carry out the practical implementation of mnemonic techniques in the process of teaching a foreign language, to summarize, based on the selected research results and their comparison.



Scheme-2

Initially, certain methods of mastering foreign vocabulary should be classified. For example, traditional methods include:

- spaced repetitions. The method that is the most common and well-known. It consists in the periodic repetition of the learned material, for example, foreign words;
- The immersion method is the most efficient and effective way to master a foreign culture and language. Interestingly, an unexpected prerequisite for the official emergence of this method was the introduction of teaching English-speaking children in Canada in French and vice versa. The result was a fairly rapid development of a foreign language. This method is divided into early, middle and late language immersion, depending on the age of the student. In addition, there is full or partial immersion. One of the advantages of this method is the rapid replenishment of the active vocabulary of foreign language vocabulary and the understanding of slang turns, idioms.

- the communicative method of identifying social interaction, as well as the above words, the method is close to the situation of real communication. In the complex, it allows speaking and reading (receptive activities), writing and auditing (productive activities) within the framework of natural communication;

- grammar-translation - the most primitive, in our opinion, method. Its essence lies in the sequential translation of language units. This method is recommended for studying the grammar of a language and selecting an analysis of the language structure of the native and foreign language systems [1].

Non-traditional methods of learning a foreign language also include the suggestopedic method (Lozanov's method), the emotional-semantic, sensory-practical method, the linguistic-sociocultural method, explicit methods (deductive and inductive), implicit methods (structural and communicative), problem-search, personality-oriented method [14].

In addition, mnemonics or mnemotechnics is one of the methods for studying foreign vocabulary. Mnemonics from the Greek - "the art of memorization." Accordingly, mnemonics is a set of special techniques and sensations that facilitate the memorization of the necessary increase in the memory capacity of the ways of forming associations (connections) [8]. Mnemonics is part of oratory, in other words, rhetoric. The main principle is to replace objects with concepts that include visual or auditory representation for easier and faster assimilation. In this case, if we again proceed from the structure and principles of our nervous system, the brain forms certain connections between visual images that determine the elements of digestible information. Thus, coding into an image, connection and memorization takes place. Such a process is called association or associative memory, which allows you to quite deeply and reliably remember new information, a word, concept or phenomenon [2]. For example, thanks to mnemonics, it is possible to calculate time without a clock. To do this, you can use motor memory: for a minute, draw horizontal lines on paper. It is also possible to use the sense of rhythm by mentally counting. Or another way to measure a minute: synchronize your steps with seconds. In this case, body memory is used. A person synchronizes the time and rhythm of his steps. It is worth saying that all these methods belong to the field of mnemonics.

With regards to a foreign language, one of the methods of mnemonics is memorizing a new word by finding a unit or image consonant with it. Historically, such techniques were used by priests in the distant past in Ancient Rome and Ancient Greece, since there was a need to master and memorize a huge amount of knowledge and texts. Since at that time there was a rather noticeable shortage of writing materials, books were a rare property, one had to be content with the capabilities of one's memory and imagination.

The senators of Ancient Rome especially often used such methods, declaring rather large texts, thereby influencing the public and introducing them to their political views. Many centuries later, in the 18th-19th centuries, mnemonics gained popularity due to its theoretical substantiation in the study of associations, for example, in Germany, where it was included in the list of disciplines required for study. Then, in the 20th century, mnemonics was criticized, as a result of which, it fell into a state of oblivion. At the present stage of development, mnemonics occupies a certain area in the space of techniques for mastering and memorizing information, despite the abundance and development of technologies.

We propose to consider mnemonics in relation to a foreign language, in our case, English. It is logical that in order to master a new language, as mentioned earlier, you need to remember new words and phrases, in addition to the grammatical structure, you need to constantly improve your knowledge for a deeper and more subtle understanding of the language, by maintaining a conversation with a native speaker, reading a text, etc. In the case when associative memory forms connections between objects and memories, reinforcing with the practical application of knowledge, language learning is more intensive and productive [2]. So, in order to remember a particular word, we must try to make an association, often several. It is no secret that the higher the level of development of a single individual, the broader his horizons, respectively, he can make an order of magnitude more associative links than a representative with a lower indicator of knowledge and experience. It turns out that the lexical unit itself, that is, the word, can be associated in one of the following ways:

1. Correlating a foreign new word with a Russian-speaking one in sound. A similar technique is called the phonetic or Atkinson method (in honor of the psychologist Richard Atkinson). For example, coat (English) - [keut] – coat. By sound, this word can be associated with the familiar Russian word "cat".

2. Associating a foreign word with a certain situation. In this case, in addition to figurative memory, emotional memory comes into play, automatically giving expressive coloring to a new word. For example, responsible - responsible: we have always been taught in the family to be responsible students and students. Thus, there is a development of a new unit through the emotional coloring and impressions stored by our memory earlier.

3. By associating a word with a person. Let's analyze this technique according to the principle of describing the appearance. So, describing a person in words, we mentally select a picture, drawing it from visual memory, then involuntarily the memory gives out a previously visible image of a word next to a certain part of the body or a feature of a person, that is, the brain gives out the spelling of the word. For example, Winnie the Pooh: kind (kind), soft (pillowy), funny (funny), nose (nose), honey (honey).

4. Match the word with the sound it denotes. In other words, it is necessary to mentally reproduce the sound, the meaning of which, in fact, needs to be remembered. For example, knock - knock, knock, blow. This word, if you think about it, is consonant with the sound of a knock. So, you can imagine how someone knocks on the door and we hear the sound: "knock, knock, knock."

5. By rhyming. Very often they make up rhymes for memorizing irregular verbs, or rather their three forms.

Using its natural functions, the brain receives new information, the assimilation of which, in theory, will require less effort than just memorization, without prejudice to the final result or, in some cases, exceeding the expected result. Memory processes are

arranged in such a way that memorization is the first stage, followed by reproduction, storage, recognition and forgetting. When memorizing, the process of assimilation of information is started for subsequent reproduction. If unintentional memorization has occurred, then new knowledge has a bright emotional coloring or other outstanding characteristic. However, more often than not, intentional or conscious memorization that requires effort is used. The most effective in the case of any analysis of events and phenomena, the work will be semantic memorization, namely comprehension. In the case of mechanical memorization, which is an alternative to semantic, the assimilation of information will occur through repetition, but not through understanding [4]. Returning specifically to the language, let's say that in certain cases it is possible to master vocabulary precisely through associations and understanding. Based on the above, we will compile an approximate illustrative brief table of associative chains:

<i>Английское слово</i>	<i>Звуковая ассоциация</i>	<i>Комбинация</i>	<i>Перевод</i>
clearly	клеили	Мы отчетливо и ясно дали понять, что поклеили обои в комнате	ясно, отчетливо
raspberry	разбери	Разбери малину, отдели хорошую от плохой.	малина
rain	Рейн	Синоптики сообщили, что из-за проливного дождя Рейн может выйти из берегов.	дождь
generous	генерал	Генерал должен быть щедрым.	щедрый
grabbag	грабли	Ручкой, словно граблями, быстро хватаете багет, кладёте в сумку и бежите на работу.	сумочка для мелочей

Table 1

Thus, we can conclude that thanks to mnemonics, it is possible to relatively facilitate the study of a foreign language. Naturally, mastering must be realized through the complex use of different methods and techniques, enriching and developing all areas of perception, thinking and memory. It is worth remembering that each student has certain predispositions to memorize new information, which implies specific learning mechanisms [5]. Do not forget that the whole process of cognition is periodically complicated by the process of forgetting previously learned words. Without constant use, the accumulated information is lost. George Miller, an American psychologist, in 1959 identified a pattern: the working memory of an average person can simultaneously hold from 5 to 9 pieces of information. Our perception works in such a way that when we look at 5, 6, 7 signs of information, 1, 2, 3 are forgotten, forced out. Thus, the German scientist G. Ebbinghaus studied memory through associations and experimentally was able to derive a number of laws, one of which is the law of forgetting [13]. It was found that after an hour 60% of new information is forgotten, after 10 hours only 35% remains, and after six days - 20%. Interestingly, these statistics only apply to rote memory based on memorization and in the absence of subsequent repetition. If we talk about semantic memory, in which memorization took place through mnemonics, forgetting happened much more slowly and the end result was a figure above 20% of residual knowledge. In addition, a gradation was derived that meaningful, associated understanding is 9 times more effective than rote memorization. In order to keep in active perception all units of information, for example, of a graphic nature (that is, drawings, diagrams, etc.), which initially do not have obvious semantic associations with each other, it is necessary to turn mechanical memorization into meaningful, in other words, turn the sign into a meaningful image, gesture or word. It is at this stage that mnemonics helps, which allows you to transfer information from short-term to long-term memory. This method of associative memory was used by the orator Cicero to memorize long speeches, so this technique is called Cicero's room. This method consists in inventing a virtual room or using the surrounding space in which it is necessary to link a new symbol to an already familiar object from a similar room. This is the essence

of quick memory. For example, a doorway looks like the letter P, basketball can be associated with a ball. The point is to associate all the signs necessary for memorization with the objects in the imaginary room and further, from the set of signs we get the new information that needed to be mastered. It is worth noting another useful aspect of mnemonics: scientists suggest that the protein connections of the brain of mnemonists (in fact, eidetics) are practically not destroyed by constant use, involving different areas of the brain, and new information is simply added to the existing one. Thus, it is possible to avoid or minimize the likelihood of critical age-related changes in the brain, while simultaneously developing a unique associative memory.

Research results

For statistics in a test mode, a survey of students regarding mnemonics and its mechanisms was conducted. The result of this survey was the identification of difficult answers in the area under consideration: out of 50 students tested, only 12 heard about mnemonics in theory, that is, less than 25% of students encountered mnemonics in its theoretical justification. Nevertheless, as practice has shown, in the process of learning English, students repeatedly turned to mnemonic techniques. In addition, in a number of cases, it was with the help of mnemonics that the best result was achieved compared to standard memorization (it should be said that the percentage of use of such a technique turned out to be quite small: only 5 out of 12 students were able to independently identify the mnemonic techniques they use in the educational process).

One of the most difficult for the average student was the technique of figurative overlay. From our point of view, such differentiation is explained by the complexity and subjectivity of the figurative method, the individual basic mental characteristics of each student. Based on this, we can conclude that the use of mnemonics in the field of learning a foreign language exists. However, an important point is that not every foreign language lexical unit of the target language can be associated with the Russian counterpart and vice versa, due to their relatively different lexical structure, but at the same time there is a wider choice within the figurative association. In other words, mnemonics are selective within the framework of translation studies.

Conclusions

If we analyze critical statements about this technique, we can conclude that its opponents consider mnemonics too artificial. A number of experts believe that the use of the mnemonic technique in the framework of language learning requires too much mental effort, which delays the memorization of information and, accordingly, inhibits speech [9]. On the other hand, as our screening study showed, mnemonics still occupies a certain part in the set of language acquisition techniques. Summarizing, we can definitely say that our brain uses all the cognitive methods available to it for mastering new knowledge, be it mnemonics or standard memorization. Our opinion is reduced to the combined use of all available methods, based on the task and the amount of information. Of course, the consideration of mnemonics in the paradigm of pedagogy should be present.

REFERENCES

1. Avsharyan G. Supermemory. Tested training for schoolchildren / Mnemonics. Memorize unrelated words. Moscow, AST Publ, 2008. (in Russian)
2. Garibyan S. A. School of memory. Supraktivizatsiya memory through the revival of emotions. Moscow, Cicero Publ., 1992. 64 p. (in Russian)
3. Demin R. N. Dances as a form of philosophizing and mnemonics / Philosophy - to children. Man among the people: materials of the Second International Scientific and Practical Conference. May 25-28, 2006, Moscow, 2006. pp. 98- 100. (in Russian)

4. Stanislav Matveev. Phenomenal memory. Methods of storing information. Moscow, Alpina Publ., 2013. 160 p.
5. Kozarenko V.A. Textbook memo. Giordano memorization system. Moscow, 2002. Available at: <http://www.thphys.physics.ox.ac.uk/people/AlexanderSherstnev/private/books/mnemotehnika.pdf> (accessed 14 September 2018) (in Russian)
6. Lapp D. The art of remembering and forgetting. Saint-Petersburg, 1995. (in Russian)
8. Academician. Dictionaries and encyclopedias on Akademik. Available at: <http://www.dic.dicacademic.ru> (accessed 14 September 2018) (in Russian)
9. Oleg Stepanov. Mnemonics. (Truth and vymesely). 1991-1997. Available at: http://www.transyoga.ru/assets/files/books/sposobnosti/stepanov_mnemomika.pdf (accessed 14 September 2018) (in Russian)
10. Types of memory on the nature of mental activity. Available at: http://magicspeedreading.com/books/a_memo/super/syperpamyt_003.html. (accessed 14 September 2018) (in Russian)
11. Lapp D. The incredible possibilities of your memory, Saint-Petersburg, 2003. (in Russian)
12. Ermakov A. Become a polyglot, or the secrets of successful language learning. Saint-Petersburg, Peter Publ., 2004. (in Russian)
13. Karpenko A.S., Yaroshevsky M.G. Ebbinghaus // History of psychology in faces. Personalities / Under total ed. A.V. Petrovsky. Moscow, PER SE Publ., 2005. V. 6. 784 p. (in Russian)
14. Sakaeva L.R., Baranova A.R. Methods of teaching foreign languages: a textbook for students of the Institute of Mathematics and Mechanics. N.I. Lobachevsky in the direction of "Pedagogical education (with two training profiles)". Kazan, Kazan Federal University Publ., 2016. 189 p. (in Russian)
15. Mohd Nazri Latiff Azmi, Sultan Zainal Abidin, Muhammad Hadi Syafiq Mohd Najmi, Nurazan Mohamad Rouyan. A Case Study on the Mnemonics on English Vocabulary. International Journal of Applied Linguistics & English Literature. 2016. Vol. 5 no. 7; December [Special Issue on Language and Literature]. doi: 10.7575 / aiac.ijalel.v.5n.7p.178
16. Fasih, P., Izadpanah, S., & Shahnava, A. The Effects of Mnemonic Vocabulary Instruction on Content Vocabulary Learning of Students. Journal of Language and Education. 2018. no. 4 (1), pp. 42-62. doi: 10.17323 / 2411-7390-2018-4-1-42-62.
17. Mohammad, Amir yusefi & Ketabi, Saeed. Mnemonic Instruction: A Way to Boost Vocabulary Learning and Recall. Journal of Language Teaching and Research. ACADEMY PUBLISHER Manufactured in Finland. 2011. no. 2, pp. 798-4769. doi: 10.4304 / jltr.2.1.178-182.
18. Cohen A. The Use of Verbal and Imaging Mnemonics in Secondary Vocabulary Learning. Studies in Second Language Acquisition. 1987, no. 9 (1), pp. 43-61. doi: 10.1017 / S0272263100006501.



УДК 389.1

ҚАЗІРГІ ЖАСТАРҒА ПАТРИОТИЗМ ТӘН БЕ?**Арпабек Меруерт****Халықаралық Тараз Инновациялық Институтының Экурс студенті,****Тараз, Қазақстан****Ғылыми жетекшісі: Таджиқова Айгерім Жамбылқызы****Халықаралық Тараз Инновациялық Институтының педагогика****ғылымдарының магистрі, Тараз, Қазақстан**

«Өз Отанының патриоты болу – бұл Қазақстанды өз жүрегінде ұстау!»

Н.Ә. Назарбаев

Аңдатпа: Бүгінгі таңда айырықша маңызды әрі аса өзекті мәселелердің бірі болып табылатын патриотизм, әсіресе осы күндердегі қазақстандық патриотизм мәселесі, тәуелсіз еліміздің ғаламдық өркениет ортасынан өзінің лайықты орнын алуына бірден-бір себеп болатын маңызы ерекше өлшемнің біріне айналып отыр. Патриотизм аса күрделі мәселе болғандықтан, оның бар болмысын бір жұмыста толығымен қарастырып шығу мүмкін емес. Сондықтан патриотизмнің саясаттану ғылымында әлі зерттеле қоймаған кейбір тың тұстарына тоқтала кеткенім дұрыс деп есептеймін. Патриотизм тақырыбы саясаттану ғылымында ерекше орын алатын тақырыптардың бірі екендігі даусыз.

Кілтті сөздер: патриотизм, Отан, жас ұрпақ, қоғам, бала тәрбиесі, ұлттық құндылықтар.

Аннотация: Патриотизм, являющийся сегодня одним из самых важных и актуальных вопросов, особенно вопрос казахстанского патриотизма в наши дни, стал одним из важнейших критериев для того, чтобы наша независимая страна заняла достойное место в мировой цивилизации. Поскольку патриотизм — сложный вопрос, в рамках одной работы невозможно полностью раскрыть его сущность. Поэтому считаю целесообразным акцентировать внимание на некоторых аспектах патриотизма, еще не изученных в политической науке. Нет сомнения, что тема патриотизма занимает особое место в политической науке. Из прошлого известно, что это понятие «патриотизм», ставшее важным объектом политической науки, в том числе понятие «казахстанский патриотизм», появилось давно.

Ключевые слова: патриотизм, Родина, молодое поколение, общества, воспитание детей, национальные ценности.

Abstract: Patriotism, which is one of the most important and topical issues today, especially the issue of Kazakhstan patriotism these days, has become one of the most important criteria for our independent country to take its rightful place in the global civilization. Since patriotism is a very complex issue, it is impossible to fully explore its essence in one work. Therefore, I think it is appropriate to focus on some aspects of patriotism that have not yet been studied in political science. There is no doubt that the topic of patriotism has a special place in political science. It is known from the past that this concept of "patriotism", which has become an important object of political science, including the concept of "Kazakhstani patriotism" appeared long ago.

Key words: patriotism, Homeland, young generation, society, child rearing, national values.

Сөзімнің басын ұлт мақтанышы, ел патриоты Б.Момышұлы атамыздың патриотизмге берген анықтамасымен бастағым келеді: «Патриотизм – Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығы, қоғамдық, мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, өзінің мемлекетке тәуелді екенінді сезіну, мемлекетті нығайту дегеніміз – жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм дегеніміз – мемлекет деген ұғымды, оны жеке адамның барлық жағынан өткені мен бүгінгі күнімен және болашағымен қарым-қатынасын біріктіреді», – деп анықтама берген. Өзі де Отаны үшін жан аямай күресіп, Ұлы Отан соғысында аты аңызға айналған батыр болды. Қиын-қыстау кезде елін, жерін сүюдің, айтқан сөзінде тұрудың үлгісін көрсетіп кетті. Ұлттық патриотизм туралы сөз бола қалса, алдымен көз алдымызға Бауыржан Момышұлы атамыздың бейнесі келері хақ!

Мен болашақ педагог ретінде қазіргі мектеп оқушылары арасында ұлттық патриотизм ұғымына бір жақты түсінушілік басым екенін түсіндім. Себебі, кез келген оқушыға осы сауалды қойсаңыз, «Патриотизм дегеніміз – еліне, жеріне сүйіспеншілік» деп қысқа жауап қайырады.

Еліне, жеріне, айналасына сүйіспеншілікпен қарау, бұл ұғымның мағынасын толық аша алмайды. Өз Отанына, жеріне, еліне, туған-туысқандарына жалаң сүйіспеншілікті патриот болмай-ақ дамытуға болады. Ол әрбір адамға тән гуманистік идея деп түсінемін. Осы тұрғыдан алғанда, патриоттық – ол Отанға деген сүйіспеншілік қана емес, елдің дамуы мен гүлденуіне үлес қосу, ғылым мен инновацияны игеру, түрлі жетістіктерге жетіп Отан алдындағы жауапкершілікті сезіну. Патриотизм – ол Отанына, өз халқына берілгендік, елінің мүддесі үшін кез-келген құрбандық пен ерлік жасауға дайын болу менің түсінігімде. Ең бастысы, біз патриоттық сезімнің не екенін біліп алуымыз керек! Патриоттық сезім неден басталады?

Біріншіден, өз ана тілімізді, яғни қазақ тілін білуіміз керек. Қазіргі қазақ жастары көбінесе шетелдіктерге еліктеп бара жатыр. Бұл да қиын мәселелердің бірі. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «қазақ бір-бірімен қазақша сөйлесуі керек»-деген болатын. Біз мейлі дана болайық, ақын болайық, кім болсақта тіліміз бен елдігімізденден биік емеспіз. Сол себептен тіліміздің алдындағы адамдық борышымызды адал атқарайық!

Қадыр Мырза Әлиев айтқандай:

Ана тілің арың бұл,
Ұятың боп тұр бетте.
Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тіліңді құрметте!-демекші өзге тілдерді де білген жөн. Бірақ өз тіліңді құрметтеуің тиіс деп білемін! Тілін білмеген түбін білмейді ғой, - депті Ғабит Мүсірепов. Сондықтан тілімізді құрметтейік! Екіншіден, патриоттық сезім отбасынан басталады. Бірақ қазіргі уақытта ата-аналардың балаларға көп көңіл бөлмеушілігі, уақыты жоқтығы қатты әсер етеді. Менің ойымша, балаларға ата-аналар кішкене болса да уақыт бөлу керек. Әсіресе сабағына қатты көңіл бөлгені дұрыс. Себебі, қазіргі жастар көбінесе интернетте айта берсең таусылмайтын әлеуметтік желілерде көп отырады. Сол себептен баланың миы соған дағдыланып кетеді. Егерде балалар сабағын жақсы оқыса өздеріне де жақсы. Өйткені әрбір бала - ертеңгі күннің болашағы. Ертеңгі күннің болашағы-мықты болуға тиіс! Тек қана біліммен ғана шектеліп қалмай сегіз қырлы, бір сырлы болуы міндетті. Мұның бәрі де патриоттық сезіммен тікелей байланысты екені даусыз. Үшіншіден, өз халқыңның

тарихын білу, кешегі қаһармандарын білу, оларды ұлықтау патриоттық сезімнің дамуына көп әсер етеді. Еліміздің барлық орта мектептерінде де, жоғары білім беретін мектептерде де «Қазақстан тарихы» сабағы өтіледі. Кешегі қаһармандардың, елі үшін, жері үшін жан пида еткен батырлардың есімдері ұлықталып жатыр.

Өзіңді - өзің отансүйгіштікке тәрбиелегендегі тірегің ол - кітап. Осы құдіреті күшті кітап арқылы біз өзімізді патриот болуға тәрбиелей аламыз. Мейлі ол мұғалім, мейлі ол жұмысшы, дәрігер, не тағы басқа маман иесі болсын қоғамда парасатты, адамгершілігі жоғары бала тәрбиелеу кез келген адамның міндеті болуы тиіс. Тату тірлік пен ауызбірлік жылы ұямызға арқасын кең жайғанда адамгершілік атты асыл қасиеттердің адам бойына нық қонатынына, әрине, еш шүбә жоқ. Абай атамыз айтқандай, бүгінгі жастардың дүниенің кетігін тауып, қалануды көздеу, қоғамдық өмірден қол үзбей, өз елін сүюге, өз елінің тұрмыс – тіршілігін, салт – санасын, әдет – ғұрпын білуге тәрбиелеу – нарықтық кезеңде маңызы жоғары тұрған зор міндеттердің бірі деп ойлаймын. Осы тәрбиенің ең маңыздысы – балаға патриоттық тәрбие беру болашақ педагог ретінде айтарым. Халқымыздың тарихына терең үңіле білсек, жасынан жарқыраған күміс көмей әнші, жау жүрек батыр, нар тұлғалы палуан елі мен жері үшін аянбағаны баршаға мәлім. Ендеше көкірек көзімен тарихты тамырынан тамшылата жас ұрпақ зердесіне шырайлы сөзбен кестелей таныту ата – ана мен ұстаз – тәрбиеші шеберлігіне байланысты қазіргі заманда. Мен естиар кезімнен кішіпейілділік, қайырымдылық, мейірімділік, ізеттілік, әр істі тиянақтылықпен орындап, жауапкершілікпен қарау, үлкендерді сыйлау, тағы да осы секілді асыл қасиеттерді бойыма жиып, өсіп келемін, әліде адам бойында болуы тиіс патриотизмге тән іс-әрекеттерді бойыма жиып келемін.

Қазіргі кезде «Ел ертеңі — жастар, Жастар — біздің болашағымыз» деген сөздерді жиі естиміз. Еліміздің болашағының кілтін жастарға сеніп тапсырып отырғандығы, әрине барлығымыз үшін қуантарлық жағдай. Кезінде жүректері елім деп соққан, жерім жеп соққан қазақтың патриот жастарының арқасында, біз қазіргідей тату-тәтті ынтымағы жарасқан елде өмір сүріп жатырмыз. Ал қазіргі кезде еліміз сенім артып отырған қазақ елінің заманауи жастары, еліміздің болашағы үшін не істей алады? Осы жастардың арқасында біздің болашағымыз қандай болмақ? Кезінде ата-бабамыздың бойында болған патриоттық сезім, қазіргі қазақ жастарының бойында бар ма? Олар еліміз артып отырған сенімді ақтай ала ма? Осы сұрақтарға жауап іздеп көрейікші. Көбінесе біз үлкен кісілерден «Біз жас кезімізде патриот едік, біз жас кезімізде намысшыл едік, қазіргі жастар өзгерген» деген реніш сөздерін жиі естиміз. Мүмкін, көптеген жастарымыз ол кісілердің сөздеріне мән бермейтін шығар, бірақ, олардың айтып отырғаны ащы шындық. Расында да, салыстырып көрейікші, кезіндегі қазақ жастары қандай еді? Қазіргі қазақ жастары қандай? Барлығымызға белгілі, біздің ата-бабамыздың бойында, патриоттық сезім бірінші орында тұрған. Елі үшін, жері үшін өз жандарын беруге дайын болған. Нақтылап айтатын болсақ, Әлия Молдағұлова, бұл қазақ батырын білмейтін адам жоқ шығар. Ол соғысқа аттанатын кезінде не бәрі 17 жаста болған. Ал Мәншүк Мәметова болса, өзінің 20 жасында, елін қорғау мақсатында соғысқа өз еркімен кеткен. Олар ешқашанда, біз жаспыз, біздің қолымыздан келмейді деп ойламаған. Олардың басты мақсаты елін қорғау болған. Айта берсек, мұндай қазақ жастары өте көп. Олар үшін ар-намыс бірінші орында тұрған. Қандай жағдай болса да, өз абыройларын түсірмеген. «Мен патриотпын» деген кезде, көкіректерін мақтаныш керген. Міне, кезіндегі қазақ жастары осындай еді. Ал қазіргі қазақ жастары қандай? Көптеген адамдардан «Елімізде патриот жастар көбейіп келеді» деген сөзді жиі

естіміз. Сонда біз кімдерді патриот дейміз? Осы жайлы ойладық па? Үлкен жиындарға өздерінің не үшін барып тұрғанын білмейтін жастарды ма? Әлде сол жиындарда туымызды не үшін ұстап тұрғанын білмейтін жастарды ма? Немесе өз елін басқа елмен салыстырып, өз елін төмендететін жастарды патриот дейміз бе? Әрине, заманауи қазақ жастарын осылай ғана сипаттай алатынымыз өкінішті. Бірақ шындыққа тура қарамастан басқа амал жоқ. Қазіргі кезде қазақ жастарының бойында патриоттық сезімнің жойылып бара жатқандығы өтірік емес. Жастарымыздың «Ана елді қарашы, мына елді қарашы қалай дамып кеткен, ал біздің еліміз артта қалып қойған, ауыл сияқты» деп өз елдерін төмендететіні өкінішті. Сөйте тұра жұрттың алдына шыққанда «Мен патриотпын» деп көкіректерін қағып тұрғанын көрген кезде ішің күйеді екен. Тек қана ол емес, қазіргі қазақ жастары намыс дегеннің не екенін ұмытқан секілді. Тепсе темір үзетін жігіттеріміздің аңдығаны өсек, әйелдерше ұрсысып, басқаларды төмендетуден басқа түк білмейді. Нәпсісін тыюдың орнына, әр қызды жылатып, қаншама қыздың абыройын төгіп, сол тірлігі үшін ұялудың орнына, мақтан тұтып жүреді. Тіпті кейбіреулері қыз секілді киініп, үйінде жатып алып, ата анасына масыл болып жатқанымен шаруасы жоқ, сөйте тұра «Мен еркекпін, мені сыйлаңдар» деп көкірек керіп тұрғанын көрген кезде, ойыңа «ұят-ай» дегеннен басқа түк келмейді екен. Ал, кезінде бір қолымен әлем тербетіп, бір қолымен бесік тербетіп отыратын, қазақ қыздарымыздың қазіргі кей қылығын көрген кезде жерге кіріп кете жаздайсың. Олар үшін көкіректерін ашып қойып, көшеде темекі шегіп жүру түкте емес. Ақша үшін арын сатып жүрген қыздарымыз қаншама. «Ана» деген аяулы атқа лайық болудың орнына, баласын қоқыс секілді лақтырып кетіп жүр. Салт-дәстүр туралы айтсаң, салтымызды мазақ қылып, шетелге еліктеп жүрген жастарымыз аз емес. Ата-анасының үмітін ақтаудың орнына, оларды кемсітіп, ата-анасын тастап кетіп жатқан жастарымызды көрген кезде, жүрегің ауырады. Жап жас болып, болашаққа қарай жылжудың орнына, аңдығандары түнгі клуб, ойын сауық орталықтары болып, өз жастық шағын босқа құртып жүрген қазақ жастары да жеткілікті. Еліне тигізіп жатқан пайдасы жоқ, сөйте тұра үкіметке ауыздарын ашып, өз елін төмендетіп, өз елін жамандаудан басқа түк білмейді. Міне, қазіргі қазақ жастарының кейбірінің күйі осындай. Оларды осылай ғана сипаттай алатынымыз өкінішті. Кезінде, Мағжан Жұмабаев атамыздың «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, мен жастарға сенемін» деген сөзінің қадірі қалмағаны ма? - кейбір жастар үшін... Еліміз сенім артып отырған қазақ жастары қайда? Кезінде ата-бабамыз осындай қазақ жастары үшін, қан төгіп, өз өмірлерін құрбандыққа шалған ба? Сол ата-бабамыз жастарымыздың қазіргі жағдайын көрсе, қандай күйде болатын еді? Көкейімізде жауабы жоқ, осындай сансыз сұрақтар көп болып тұрғаны, өкінішті әрине. Бар ойлайтыным, қазіргі қазақ жастары еліміздің болашағы, өздерінің қолдарында екенін түсінсе екен деймін. Ата-бабамыз аманат етіп кеткен қазақ елін, қазақ жерін, одан әрі дамытып, «Мен қазақпын, мен патриотпын» деген сөзді бостан бос емес, мақтана айтса екен деймін. Неде болса, «ештен кеш жақсы» дейді ғой. Жастарымыз алдағы уақытта, патриоттық сезімді толығымен ұғынып, өз елдерін мақтан тұтып, «Еліме пайдамды тигізейін» деген мақсатпен өмір сүреді деген үміттемін...

Бүгінгі күндегі патриоттық сана-сезімнің әлсіреуі, адамдардың өз елі мен оның жетістіктері үшін ұлттық мақтаныш сезімінің өзгеруі – бұл қоғамның өнегесізденуінің, халықтың тұрақсыздануы мен ыдыраушылығының ажырамас сипаты. Қазірде Қазақстанда Отанға деген сүйіспеншілік қоғамдық қатынастарды демократияландыру және гуманизмдендіру негізінде патриотизмге тәрбиелеу қажет.

Бұндай жаңарған қазақстандық патриотизм мазмұнын қазіргі озық мәдениет құндылықтары ғана емес, сондай-ақ, қазақ мәдениетінің дәстүрлі құндылықтары, оның айрықша руханилық, азаматтық пен өнегелілікке ұдайы ұмтылушылық құндылықтары да құрайды. Өткеннің үздік дәстүрлерін сақтай отырып, қазіргі заманғы өркениеттің мейлінше озық бағыттарын игере отырып, қазақстандықтар өз елін ең алдыңғы қатарлы шепке қайта шығара алады. Бұған халқымыздың жоғалмаған, қайта, жаңа әлеуметтік өмір жағдайында жаңарған патриотизмі қайта кепіл бола алады.

Патриоттық тәрбие тұлға қалыптасуының құрамдас бөлігі болып табылады, ол жастардың алған білімдерінің негізінде азаматтық борыш ұстанымымен, жекебастық мүдделері қоғамдық ұстанымдармен астасып жататын тіршілік әрекеті үлгісіне даярлығын қамтамасыз етуі тиіс.

Қазірде қазақ халқының дәстүрлері негізінде жүзеге асырылатын патриоттық тәрбие әлеуметтендіру процесін тұлғаға дәл осы Отанға, Атамекенге қызмет ету арқылы, өз тарихы үшін, өз Отанының әлеуметтік дүниенің ғылымына, мәдениетіне, рухани құндылықтарына қосатын үлесі үшін мақтаныш сезімі арқылы өз қабілеттерін мейлінше терең ашуға мүмкіндік беретін деңгейге жеткізеді.

Әрбір халықтың тарихи өмірінде қол жеткізген ең құнды дүниелері – рухани және адами қасиеттері, құлықтылық (моральдық нормалар) үлгілері бар. Сондықтан да әрбір жаңа ұрпақ үшін мәнді тәрбие — ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі болып табылады. Өйткені, мұнда тәрбиенің негізін замандар бойы қалыптасып келген асыл рухани құндылықтар және биік ізеттілік пен құлықтылық тұрғысындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жататын, адамның адамдық қасиетін нығайтып, әрі асылдандыра түсетін, халықтың даналық өмір–салтынан туындап отыратын бұлжымас ережелер мен қағидалар құрайды. Ұлттық тәрбие – адам өмірінің алтын арқауы. Ұлттық тәрбие жалпыадамзаттық рухани құндылықтарды жоққа шығармайды, қайта солармен үндесіп жатады. Бұлар бір-бірін байытып, құнарландырып отырады. Ұлттық тәрбиеден тереңдеп нәр алған адам – рухани бай адам. Ондай адам жалпы адамзаттық тұрғыдан мәдени және рухани құндылықтарды бойына тезірек сіңіреді, сөйтіп, толық әрі кәміл адам дәрежесіне тезірек жетеді. Ұлттық менталитет – тұнып тұрған рухани қазына. Ұлттық патриотизмді қалыптастыруда ата-бабаларымыздың ұлағатты ойлары мен тәлімдік тәрбиесінің атқаратын орны ерекше. Ұлттық патриотизм дегеніміз – ең алдымен, белгілі бір ұлттың өкіліне сүйіспеншілікпен қарау, оның ұрпақтан-ұрпаққа үзілмей жалғасып келе жатқан құндылықтарын бойына сіңіру.

Қорыта келгенде, әлемді автоматтандыру мен интернет жүйесі жаулап алған заманда ата-бабаларымыздың қара қылды қақ жарған әділдігін, бір ауыз сөзге тоқтаған ымырашылдығын, кез келген ел мен жер дауын бейбіт шешіммен, дипломатиялық келісіммен жүргізген саясатын ұлықтап, бүгінгі күн тұрғысынан баға беріп, оны тұрақты тәрбие құралына айналдыру – заман талабы. Ертеңгі ел тізгінін ұстар азаматтар – бүгінгі мектеп оқушысы. Болашақта сенім артып отырған замандастарымыздың көбі интернет арқылы хат жазысып, хабарлама жіберісіп, уақыттарын текке өткізгеннен гөрі осындай жобаларға қатысып, білімдерін шыңдаса өздеріне де, өзгелерге де пайдасы тиері анық. Сонда олар патриоттықты іс жүзінде сезініп, өздерінің ел алдындағы жауапкершіліктерін сезінеді. Отанға деген құрмет пен сүйіспеншілік, адалдық пен борыш қалыптасады.

Патриотизм жеке адам санасына белгілі бір экономикалық, әлеуметтік-саяси, мінез-құлық, эстетикалық және басқа да құндылықтарды дарыта отырып, оларды

сенім дәрежесінде қалыптастыруға, осылайша, Отанның бүгiнi мен келешегi үшiн белсендi қызмет етуге баулуға бағытталған. Әрбiр адам игерген әлеуметтiк және ұлттық құндылықтар рухани табандылықтың, ерлiк пен батырлықтың қайнар көзi, қиын жағдайда Отан алдындағы борышты адал атқаруға бастайтын рухани күш болуға тиiс.

«Барлық халық пен ұлт барлық ұлы және тамаша нәрселердi жасауға қабiлеттi, әрбiр азамат өз ұлтын сүюге тиiс және өз ұлтына деген терең сүйiспеншiлiгi мен мақтаныш сезiмi арқылы басқа ұлттарды танып, құрметтеп, оларды сүйе бiлуге тиiс» деген едi ұлтымыздың мақтанышы, ұлы патриот атамыз Бауыржан Момышұлы. Бұл сөздiң астарында өз ұлтыңды ерекше сүй, сол арқылы өзге ұлтты сүюге үйрен деген ой жатыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тiзiмi:

1. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы-5-том, Алматы: Қазақ энциклопедиясы 1998.
2. Қалмырзаев Ә. Қазақстандық патриотизм қалай қалыптасады ? Егемен Қазақстан 10 қаңтар.
3. Раев Д. Қазақстандық патриотизм мен гуманизм. Ақиқат. -2000. №89.
4. Белинский В.Г. Избранные педагогические сочинения.1982.
5. Росенко М.Н. Патриотизм и общенациональная гордость советского народа.
6. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның болашағы — қоғамның идеялық бiрлiгiнде. — Алматы: Қазақстан, 1993.



ӘОЖ 378.18

ЖАСТАР – ЕЛІМІЗДІҢ БОЛАШАҒЫ

Бұхарбай Рысқұл Бақтыбайқызы
Халықаралық Тараз Инновациялық Институтының студенті,
Тараз, Қазақстан
buharbajr@gmail.com

Ғылыми жетекшісі: Пірәлі Фатима Елубайқызы
Халықаралық Тараз Инновациялық Институтының оқытушысы,
Тараз, Қазақстан
pirali.fatima721@mail.ru

«Жастар жалын жүректі,
 өршіл намысты, биік рухты болса, ол елдің еңсесі биік болады»
 Н.Ә. Назарбаев

Аңдатпа.Мақалада ұлт болашағы жастардың қоғамдағы рөлі мен елімізге тигізер пайдасы қарастырылады.

Кілтті сөздер: қоғам, тәрбие, мүмкіндіктер, спорт, білім

Аннотация. В статье рассматривается роль молодежи в обществе и их польза для нашей страны.

Ключевые слова: Спорт, шансы, воспитание, общество, образование

Abstract. The article discusses the role of youth in society and their benefits for our country.

Мен жанбасам лапылдап

Сен жанбасаң лапылдап

Біз жанбасақ лапылдап

Аспан қалай ашылмақ, – деген өлең жолдарының астында қаншама мағына жатыр.

Автор осы жыр жолдары арқылы болашақ жастардың қолында екенін көрсетеді. Өлеңде айтылғандай жас кезімізде лапылдап жаныпөзімізді көрсететін кезіміз. Алған білімімізді жүзеге асырып, түрлі жаңалықтар ашу арқылы еліміздің дамуына үлес қосамыз. Мемлекетіміз дамыған 50 елдің қатарына кіру үшін жастар өз идеяларын, білімдерін қолдана отырып, экономикамызды көтеру қажет. Жастарды осы тұста Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» өлеңі жігерлендіре түспек. Бүкіл халық болып жастарға сенім артып отырғанда, өзімізді жаман жағынан көрсетіп түрлі нәрсеге әуес болмай, жастардың қандай білімді екенін дәлелдеуіміз керек!

«Әр заманда кез келген халықтың білімді және білікті азаматтарының ортақ мүддеге топтасатын кезеңі болады». Әр дәуірдің өз ерекшелігі, өз әуені, өз ұраны болады. Жастар өздерінің өткір идеяларымен, тың ойларымен, креативті рухымен ылғи да өз дәуірінің көшбасшылары болады. Арғы дәуірлерге бармай-ақ, Қазақ хандығы заманына көз жүгіртер болсақ, қазақ халқы Жоңғар шапқыншылығына қарсы ерлікпен күрескен XVIII ғасырдың бірінші жартысында қазақтың жастары ерікті түрде бірігіп, Жоңғар басқыншыларына тойтарыс беріп, майданда жеңіске жеткен болатын. «Жаужүрек мың бала» – сол тарихи шындықтың жалғыз ғана жаңғырығы. Ел басына күн туған қиын сәтте жастар өздері ұйымдасып, оған өздері басшылық еткен. Өткен XX ғасырдың басында қазақ жастарының белгілі бір бөлігінің ірі саяси орталықтарда оқуы, сол тарихи кезеңдегі саяси оқиғаларды тікелей көзімен көріп, куә болуы, қоғамдық жаңғыру жолына қадам басқан орыс қоғамындағы демократиялық күштер мен ағымдардың ықпалын басынан кешуі – олардың қоғамдық көзқарастарының кемелденуіне, саяси белсенділігінің артуына әсер етпей қоймады. Олар осы тарихи кезеңдегі әртүрлі саяси оқиғаларға қатынасып, қазақ халқының арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді және алғаш рет қоғамдық ұйымдарға топтаса бастады. XX ғасырдың басында қазақ халқын өрге сүйрер, ұлт қамы үшін өмірлерін сарп етер зиялы қауымның шоғыры қалыптасты. Олар өздері құрған «Алаш» партиясы және қозғалысы арқылы ұлтты ояту мен өркениетке жеткізудегі жастардың шешуші рөлін толық көрсетіп берді. Алашшыл жастардың арқасында қазақ елінің шекарасы айқындалып, қазақ автономиясы құрылды. Бүгінгі қазақ мемлекеттілігінің түп тамыры, негізі сонда жатыр. XX ғасырдың басында «халықтың білімді және білікті азаматтары ортақ мүддеге топтасып», сауатты түрде белсенді әрекет қылмағанда не болар еді?! Ол туралы ойлаудың өзі қорқынышты. Міне, жас буынның құдіреті!

Ал 1986 жылғы желтоқсан көтерілісі қазақ жастарының тоталитарлық жүйе мен отаршылдық езгіге төзбейтін, бостан рухтың егесі екенін жаһанға көрсетті.

1991 жылдан бастап Қазақстан жаңа кезеңге аяқ басты, ол қазақ жастарының еркін өсуіне кең жол ашып, жастарға өз өміріндегі асқақ арманын жүзеге асыруға мол мүмкіндік берді. Өз дәуірінің миссиясын сезіну мен мойындау

негізінде жаңа дәуірді қабылдау әрі жаңа Қазақстан құруға ұмтылу – бұл тарихтағы қазақ жастарының отаншылдық және еңбексүйгіштік рухын алға жылжытудың сөзсіз талабы, сонымен қатар жаңа дәуірдегі жастардың бай-бақуатты болып өсіп-өнуінің бірден-бір шығар жолы.

Жастары білімді мемлекеттің өркеніеті алға қарай қадам басып, экономикасы дамитыны сөзсіз. Еліміздің сенімін ақтау үшін жастар ең алдымен білімді болу қажет. Кез келген ортада бәсекелестік болатыны сөзсіз, белгілі жазушы М.Әуезов айтқандай қашанда халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе-білім ғана. Жастар қай кезде болмасын қоғамдағы ең маңызды рөлді атқарып келеді. Олар әр кезде қоғамның ең белсенді мүшесі әрі жұмыс күші болып табылған. Оның үстіне бүгінгі жастың ертеңгі елдің тұтқасын ұстайтын басшы боларын ескерсек, олардың қоғам үшін маңызы арта түседі.

Еліміздің болашағы жарқын болу үшін ең алдымен жастардың тәрбиесі, еңбекқорлығы, талап-тілегі, арман-мұраты ескеріледі. . Болашағымыз жастардың қолында болған соң, олардың тәрбиесіне бей-жай қарамағанымыз жөн. Балаларды кішкентай кезінен бастап патриоттыққа, елін сүйе білуге тәрбиелеуіміз қажет. Бауыржан Момышұлы атамыз айтқандай «Тәрбиесіз берілген білім-адамзаттың қас жауы». Бүгінгі таңда жастардың біліміне аса назар аударылуда. Қазірде адамзат билігін білекпен емес, біліммен бағындыратын заман. Барлығы қолжетімді заманда жастарымыздың білімсіз болғаны жарамас. Қазірде жастардың білім алуына, өзін-өзі дамытуға көптеген мүмкіндіктер жасалған. Қалаған мәліметті интернет желісінен оңай табуға болады. Оқушылар кез-келген мектепте оқуға құқылы. Жыл сайын ЖОО-ларға бөлінген гранттар саны көбейіп, университеттер мен колледждер жаңа технологиялармен толықтырылуда, және де шәкіртақы өсуде. Сонымен қатар, жастардың біліміне ерекше көңіл аударатын «Жас маман», «Дипломмен ауылға», «Серпін» бағдарламалары бар. Айта кететін болсақ «Серпін» бағдарламасы Оңтүстік өңірдегі жастарды адамдар аз қоныстанатын жерлерге, әсіресе Солтүстікке жіберіп оқытып, жастар арасындағы жұмыссыздықтың азаюына септігін тигізуде. Сол сияқты «Болашақ» бағдарламасы жұмыс жасауда. Бұл бағдарлама еліміздің жастарын шетелдің мен деген жақсы оқу орындарында оқып, білімін жетілдіруге үлес қосуда. Қаншама жастарымыз шетелде білім алып, тәжірибе алмасуда. Сол алған білімдерін елімізге келіп мемлекетіміздің өркендеуіне қолданары сөзсіз. Осындай көптеген мүмкіндіктер жасалып жатқанда біздің білімді болып шығуымыз қажет!

Дамыған елдердің қатарына қосылу үшін білім ғана емес өзімізді шығармашылық және спорт жағынан да көрсете білуіміз қажет. Айта кететін жағдай шығармашылық, ғылыми, спорт жағынан да қолдайтын түрлі бағдарламалар бар. Мысалыға: спорт, шығармашылық жағынан үздіктерді таңдап алып, «Дарын» сыйлығын береді. Көптеген шығармашылық жарыстар ұйымдастырып, қаржылай сыйлықтар да таратылуда. Еліміз осындай іс-шаралар арқылы бізді жігерлендіріп, мотивация беріп отыр. Осының бәрі де өзімізді дамытуға керемет мүмкіндік деп ойлаймын. Талантты жастарымыз елімізді спорт жағынан болсын, шығармашылық жағынан болсын әлемге әйгілі етуде. Мысалыға алатын болсақ Сабина Алтынбекова воллейболдан, Димаш Құдайберген ән саласынан, Қанат Ислам бокстан, Жансая Әбдімәлік шахматтан елімізде күллі жұртқа әйгілі етуде.

Отан үшін жанын беретін, жаулардан Отанымызды қорғайтын патриот жастарымыз баршылық. Оған мысал ретінде кешегі митингте Отан үшін қасқайып тұрып, жанын берген әскери адамдарды айтсақ болады. Олар еліміздің тыныш болуы

үшін қасық қандары қалғанша жауларға тойтарыс берді. Әрбір еліміздегі жастар осындай ержүрек, білімді, тәрбиелі әрі ақылды болса Отанымыз дами түспек.

Саясатқа ерте араласып, өздерінің идеяларымен бөлісіп, білімдерімен көзге түскен жастарымызда жеткілікті. «Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашысын, қазақтың көркеюі жолында терінді төгіп еңбек ет. Жердің де елдің де иесі екенінді ұмытпа» - дейді Елбасы бір сөзінде. Болашақ ұстаз ретінде балаларды білім нәрімен сусындатып, тәлім- тәрбие беріп, патриот азаматты тәрбиелеп шығару біздің міндетіміз деп есептеймін. Өскелең ұрпаққа қандай білім берсек, болашағымыз сондай болмақ. Сол себепті өзіміз де жақсы оқып, жастарға да сапалы білім беру қажетпіз.

Тіл білу де-жастар үшін үлкен жетістік. Кез-келген елде еркін сөйлеп, қазақтың білімділігін көрсете білу қандай ғанибет. Жастар, яғни біз кез-келген ортада, жұмыста өзімізді көрсете білуіміз қажет. «Білмеймін», «қолымнан келмейді» деген секілді сөздерді ұмытып сол нәрсені үйренуге талпыну қажетпіз. Еріншектік-адамзатқа кедергі келтірер ең жаман қасиет. Осы қасиетті бойымызда ұстамай, түрлі кітаптар оқып, идеялар ойлап тауып өзімізді көрсете білуіміз қажет.

Дегенменде, елімізде кейбір теріс діни ағымға еніп, саналарының улануы ойландыратын мәселе болып отыр. Теріс діни ағымдардың кейбір жастардың біімі мен ғылымға деген ынтасын жойып, өзге мәдениет пен теріс құндылықтарды насихаттауда. Осындай жағдайлар көбеймес үшін алдын ала сапалы білім беріп, жастарымыздың түрлі нәрсеге алданып қалмауын қадағалауымыз қажет деп есептеймін. Және де жастарда осындай жағдайлар болмас үшін спорт және өнер орындарына тарту жұмыстары елімізде қарқын алуда.

Қазіргі уақытта жастарға бизнес ашуға да көптеген мүмкіндітер жасалды. Әрбір азамат жоспарлап жүрген бизнесін ашу үшін мемлекеттен қайтарымызсыз ақша да беріледі. Жастарымыздың дамуы үшін көптеген мүмкіндік жағдайлар бар. Баспанасыз жүрген жастарға да «7.20.25» бағдарламасымен, ыңғайлы шарттармен баспана алуға да мүмкіндік бар. Осындай керемет мүмкіндіктерді пайдалана отырып, еліміздің дамуына үлес қосу біздің міндетіміз деп білемін.

Сонымен, қорыта келе айтарым барлық жағдай жасалған заманда өзіміздің білімімізбен, тың идеяларымызбен, тәрбиемізбен, барлық жақсы қырларымызды көрсете білуіміз қажет. Дамыған 50 елдің қатарына кіру үшін, еліміздің болашағы ретінде бізжастар аянбай еңбек етіп, түрлі ғылым білімді зерттеп, еліміздің көркеюі үшін жағдай жасауға тырысу керекпіз. Әртүрлі елдің дәстүрлеріне еліктемей, діни ағымдарға еріп кетпей, жаман әдеттерге әуес болмай, болашағымызды ойлап, елімізді басқа елдерге әйгілі етуге талпыну қажет. Ұлтымыздың болашағы жарқын болу үшін саналы болуымыз қажет. Даму жолында кездесетін кез келген қиындыққа мойымай, бірлесе әрекет ететін саналы да білімді ұлт болып қалыптасайық. Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар демекші білімімізді біріктіріп, жумыла әрекет етсек біз алмас қамал қалмасы анық. Ғасырлар бойы келе жатқан құндылықтарымызды жоғалтпай, ұлт тәрбиесін жаңғыртатын ұрпақ болайық! Бізге ұлт болып сенып отырғанда, еліміздің сенімін ақтамағанымыз жарамас. Әрине, осының бәріне үлкендердің батасымен және де сенідерімен жететініміз анық! Біз жастар біріксек ала алмайтын қамал болмақ емес. Күш-жігерімізді біріктіре отырып, Қазақстанды күллі елгі білімімізбен, еңбекқорлығымызбен тамсандыру міндетіміз деп білемін. Болашақ біздікі... Болашағымызға бей-жай қарамағанымыз жөн!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Жастармен жүргізілетін әлеуметтік жұмыстар». Оқу құралы А.Н. Агафонов, Қ.Н. Меңлібаев. Астана 2005жыл
2. «Государственная молодежная политика Республики Казахстан» Астана 2001 жыл
3. Әбдірайымова Г. Жастар жаңарып жатқан қоғамда: кеше, бүгін, ертең... // саясат. 2004ж. №9 – 36 – 38 бет.
4. Оспанова .Қ. Жастар саясатының маңыздысы. // Ақиқат 2002 №3 – 21 – 23 бет.
5. Қасымов. Ж. Жастарға әлеуметтік жағынан құптау. // Саясат. 2001ж. - 29-31бет.
6. Төребаев. А. Қазақтар меілетіндегі жастардың ұйымдары қолдау // Ақиқат . 2000ж. №2 – 16 – 18 бет.
7. Жоламанова. С. Жастарға арналған әлеуметтік қызметтер.// Ұлт тағылымы. №5 – 10-15 бет.



ӘОЖ 37.12

**ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДСІНДЕ ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ
ПАЙДАЛАНУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Әбдімәжит Мерей Қайратқызы

Халықаралық Тараз инновациялық институтының 2 курс студенті,

Тараз, Қазақстан

abdimazhit2003_14@mail.ru

Ғылыми жетекші: Сыдықова Құралай Өменқызы

Халықаралық Тараз инновациялық институтының аға оқытушысы,

Тараз, Қазақстан

kuralay.umenovna67@mail.ru

Андатпа.Мақалада оқу-тәрбие үрдісінде жаңа инновациялық әдістерді пайдаланудың психологиялық ерекшеліктері мен оның зерттелуі қарастырылған.

Кілтті сөздер: инновация, салыстыру, индуктивтік, талдау, бақылау, зерттеушілік, проблемалық, абстракциялық, темперамент, психология, тұлға, бағыттылық.

Аннотация. В статье рассмотрены психологические особенности использования новых инновационных методов в учебно-воспитательном процессе и его исследование.

Ключевые слова: инновация, сравнение, индуктивность, анализ, контроль, исследовательские, проблемные, абстракционные, темперамент, психология, личность, направленность.

Abstract.The article discusses the psychological features of the use of new innovative methods in the educational process and its research.

Key words: innovation, comparison, inductance, analysis, control, research, problem, abstract, temperament, psychology, personality, orientation.

Бүгінгі қоғамның болашақ мамандар алдына қойып отырған басты міндеті, артар жүгі - сапалы білім алумен қатар жан-жақты дамыған, өзіндік ой-пікірі қалыптасқан тұлға болып қалыптасу. Оның мәні тәні мен жанын қатар дамыту, танымдық қызығушылығын дамытудың әдіс-тәсілдерін іздеу, анықтау, жүйелеу, қолдану.

Елбасымыздың Жолдауында: «Ұлттың бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте білім деңгейімен айқындалады» - деген байламы жеке адамның құндылығын арттыру, оны дайындайтын маманның жауапкершілігінің өсуі, танымсыз еңбек, сапалы нәтиже деген ұғыммен егіз [1]. Тәуелсіз ел тірегі-білімді ұрпақ.

Мемлекеттік білім стандарты жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Сондықтан оқу-тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу-студенттердің білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол салары анық.

Қазіргі таңда оқу үрдісінде педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтау сияқты мақсатты мәселелермен әрбір практикалық, лекциялық сабақтарда кездесудеміз. Педагогикалық тәжірибе – оқыту, білім беру және тәжірибесі, дәлірек айтсақ нәтижесі студенттің жеке тұлғалық сапаларынан көрінетін, белгілі бір мақсатпен ұйымдастырылатын педагогикалық процесс.

Педагогика және психология ғылымында «педагогикалық технология», «білім беру технологиясы», «тәрбие технологиясы», «тұлғаны дамыту технологиясы», және тағы басқа ұғымдар кеңінен қолданылуда. Белгілі педагог-ғалым В.П. Монахов болса, «Педагогикалық технологиялар дегеніміз-оқыту үрдісін жобалау, ұйымдастыру мен жүргізудің ойластырылған моделі» деп түсіндіреді [2]. Біздің іс-тәжірибемізде басшылыққа алып жүрген оқыту технологиямыз Л.В. Занковтың дамыта оқыту технологиясы. Біздің алдымызға қойған мақсатымыз-оқытудың жаңа әдістерін пайдалана, оқушылардың ойлау және өздігінен жұмыстану қабілетін дамыта отырып, қосымша құжаттармен, деректі материалдармен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру. Дамыта оқыту технологиясының бір ерекшелігі оқушылардың тақырып төңірегінде көп ізденуіне мүмкіндік беріп, жаңа тақырыпты шығармашылық ізденіс ретінде меңгеруін қажет етеді. Сондықтан мұндай сабақтарда оқушылардың ынтасын, белсенділігін арттыру үшін проблемалық сұрақтар қойылып, олар қойылған сұрақ төңірегінде өз ойларын ашық айтуға дағдыланады. Тақырып бойынша деңгейлік тапсырмалар жүйелі жасақталғандықтан, дамыта оқыту жүйесін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Өйткені, ол оқушылардың ойлауы мен елестеуін, есте сақтауы мен белсенділігін, дағдысы мен білім сапасының дамуын қамтамасыз етеді. Оның нәтижесі оқушылардың табиғи қажеттеріне сәйкес жоғары деңгейге көтерілуіне және дарындылық қасиеттерінің ашылуына жағдай жасайды. Жоғары курстарда оқитындарға курстық жұмысты қорғату, сөзтізбек құрастыру, сынақ сабағы арқылы оқушыларға өздігінен жұмыс істеу қабілетін нығайту үшін үнемі семинар сабақ, тест арқылы сынақ сабағын өткіземін. Осындай жаңа әдістер арқылы сабақта мынандай жетістіктерге қол жеткіздік:

-Таланттылар мен дарындылар өз қабілеттері мен икемділігін одан әрі бекіте түседі.

-Нашар оқитындардың ынтасы артады.

-Білім дәрежесі бірдей оқу топтарында оқу жеңілдеді.

-Балалардың өздігінен ізденуіне мүмкіндік те туды.

Дамыта оқыту дегеніміз – бұл оқу үрдісінде оқушының ықтимал мүмкіндігінің толық іске асуына бағдарланған оқыту. Дамыта оқыту теориясы сонау

Г.Песталоций, А.Дистерверг, К.Ушинскийден басталадығын білеміз[3].Бұл теорияны алғаш ғылыми негіздеген Л.С.Выготский, кейінірек бұл теория Л.В.Занков, Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдовтың тәжірибелік-эксперименттерінде әрі қарай өзіндік жалғасын тапқандығын білеміз.

Л.В.Занков технологиясында басымдық танытатын әдістер: салыстыру, индуктивтік, талдау, бақылау, зерттеушілік, проблемалық, абстракциялық болса, негізгі көңіл бөлінетін нәрсе-оқушының өзіндік ойын есепке алу,бағалау[4]. Педагогикалық технологияны сараптау мен бағалаудың ең басты өлшемі болып оның тиімділігі, нәтижелілігі және қазіргі заманға лайықтылығы мен жаңашылдығы есептеледі. Білім беру технологиясының негізгі объектісі де, субъектісі де баланың жеке басы. Психологиялық тұрғыда жеке бас қасиеттерінің құрылымдық деңгейлері мыналар болып табылады:

-темпераменттік, психологиялық, жеке басының бағыттылық деңгейі.

Осы деңгейлерді ескере отырып, білім беру технологияларын оқу-тәрбие үрдісіне енгізу жолдарын төмендегідей қарастырамыз:-оқушылардың білім,білік, дағдыларын қалыптастыру;

-ақыл-ойын дамыту;

-жеке бастың өзіндік баасқаруы;

-жеке бастың практикалық-әрекет ортасын қалыптастыру.

XXI ғасырда болашақ мамандарды даярлау, олардың кәсіби бейімделуін қалыптастыру мәселелері-кезек күттірмейтін өзекті қоғам талабы болып отыр.Сондықтан біз болашақ мамандар жаңа педагогикалық технологияларды қолдануға даярлығын қалыптастырудың төмендегідей ұсынылған моделін игеруіміз қажет.

1. Мотивациялық бөлік:Мұғалім мамандығына деген қызығуы, шеберлігін дамытуға ұмтылуы.Инновациялық іс-әрекетке ұмтылуы.

2. Мазмұндық бөлік: Таңдаған кәсіби мамандығын меңгеруі, педагогикалық-психологиялық білімдер, өзіндік басқару ілімдері. Біртұтас педагогикалық үрдістің теориялық негіздерін меңгеруі.

3. Танымдылық бөлік:Әлеуметтік кәсіби қоршаған ортаны жедел тани алуы. Инновациялық технологияларға қызығуын танытуы.

4. Технологиялық бөлік:Біртұтас педагогикалық үрдісті жүзеге асырудың әдіс-тәсілдерін жүзеге асырудың әдіс-тәсілдерін, технологияларын меңгеруі.Біртұтас педагогикалық үрдісті диагностикалай алуы. Оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекеттерін тиімді ұйымдастыра алуы.

5.Шығармашылық бөлік:Әдіс-тәсілдерді жетілдірудегі ізденістік белсенділіктің болуы. Инновациялық әдіс- тәсілдерді меңгерудегі жаңа идеяның пайда болуы.

Оқыту үрдісі ғылыми-техникалық алға басу жағдайында өндірістік тапсырмаларды нәтижелі шешуге қабілетті, қоғам дамуының жаңа тенденцияларына сәйкес кәсіби потенциалын үздіксіз көтеретін жоғары дәрежелі маман қызметкер дайындау мүддесіне бағындырылған. Жаңа қоғамның даму кезеңіне сай мамандарды дайындау «мектеп-арнаулы орта білім беру орны» үздіксіз білім беру үрдісі жағдайында ғана іске асады. Осы жағдай әуелі орта мектеп оқушысына,одан кейін жоғары оқу орны студентіне білім берудің мазмұнын жаңартуға белсенді мүмкіндік береді. Оқушылардың білімдерін жеткілікті дәрежеде дәл бағалауға мүмкіндік беретін деңгейлеп бөлшектерге бөлу (дифференциациялау) идеясы жаппай қолданыс табуда. Оқыту материалын меңгеру кезінде оқушының санасында күрделі үрдіс

жүретіні белгілі. Игеру (меңгеру) күрделі, кең мағыналы ұғым және әртүрлі тәсілдер арқылы түсіндіріледі.

Психология-педагогикалық әдебиеттерде меңгеру үрдісі жалпы түрде: алған білімдердің мағынасын өңдеп, қабылдау үрдісі, алған білімдерін жадында сақтау және оларды жаңа жағдайда практикалық, теориялық міндеттерді шешуге қолдану ретінде сипатталады, яғни алған білімдерді, іскерлік пен дағдыларды қолданамыз, құзыреттіліктерді қалыптастырамыз.

Кез-келген әрекетті, әлеуметтік сынаудың кез-келген элементін меңгерудің жағдай мен құралы ол әуелден сыртқы материалдық әрекетпен ішкі әрекеттің бірлестігі болып табылады. Меңгерудің нәтижесінде осы екі құрам бөліктер белгілі түрде әсер етеді. Толық және сапалы меңгеру елеулі түрде индивидтің жеке қабілеттілігіне байланысты. Меңгеру үрдісінде жаңа материалды жақсы түсіну үшін оқытушы меңгерудің әртүрлі кезеңдерін ескеріп, білімдерді меңгеруді қалыптастыру «жолын» немесе «механизмін» бақылап отыруы қажет.

Қорыта келгенде, белгілі дидакт ғалымдарымыздың ұсынған анықтамаларын зерделей келе, педагогикалық әрекетті-әлеуметтік тәжірибе мен мәдениетті ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін әрекеттің дербес түрі деп, ал педагогикалық технологияны-педагогикалық мақсаттарға жетуге кепілдік беретін, алдын-ала жобаланған оқу-тәрбие үрдісі бірізді жүзеге асатын жүйе деп түсінгеніміз жөн деген қорытынды жасауға болады.

Ал оқу-тәрбие үрдісінің технологиясын-оқыту мен тәрбиенің мұғалім мен оқушы тұлғасын дамытуға бағытталған мақсат, мазмұн, құрал, форма және әдістерінің жүйесі деп білеміз. Білім беру технологияларын оқу-тәрбие үрдісіне енгізе отырып, жұмыс жүргізу балалардың ой-өрісін дамытуға, тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Ал, біз болашақ жас маман жаңа инновациялық технологияларды қазірден меңгеруіміз қажет. Ұлы көштен қалмай табанды түрде оқып, біліп, озық тәжірибелерді меңгеру мақсатында ізденуден шаршамайық деп айтқым келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар. Оқулық. Алматы, 2012ж.

2. Бұзаубақова К.Ж., Елубаева М.С. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі. Тараз, 2019ж.

3. Нағымжанова Қ.М. Инновациялық оқыту жағдайларындағы мұғалім қызметінің психологиялық-педагогикалық негіздері. – Өскемен, 2020ж.

4. Дарибаева С.К. Болашақ мамандардың инновациялық іс-әрекетін ұйымдастыру жолдары [Текст] / С. К. Дарибаева // Молодой ученый. — 2015. — №8.2. — С. 21-23.



ӘОЖ 37. 035. 4

САНАЛЫ ҰРПАҚ – ҰЛТ КЕШЛІ

Әбіқұлова Альбина Оралбекқызы
 Халықаралық Тараз Инновациялық Институтының 3 курс студенті,
 Тараз, Қазақстан albinaabikulova02@gmail.com
 Ғылыми жетекшісі: **Пірәлі Фатима Елубайқызы**
 Халықаралық Тараз Инновациялық Институтының оқытушысы, Тараз,
 Қазақстан pirali.fatima721@mail.ru

*«Тәрбие дегеніміз - тәрбиеленушілерді
 белгілі бір адамгершілік дағдыларын
 меңгеруге көндіру мақсатымен бір
 адамның екінші адамға жасайтын ықпалы»
 Лев Толстой*

Аңдатпа: Мақала жалпы ұлттың келешегі жастардың қолында және сол жолда жоғары білім мен үлкен жауапкершіліктің керектігін көрсетеді.

Кілтті сөздер: болашақ, саналы ұрпақ, ұлт тәрбиесі, инновация.

Аннотация: В статье показано, что будущее нации в целом находится в руках молодежи и необходимость получения высшего образования и большей ответственности.

Ключевые слова: будущее, сознательное поколение, национальное образование, инновация, современные технологии.

Abstract: The article shows that the future of the nation as a whole is in the hands of young people and the need for higher education and greater responsibility.

Key words: future, conscious generation, national education, innovation.

Қазақ халқы үшін қашанда өзекті тақырыптың бірі болған -ұрпақ тәрбиесі. Баланың кішкентай кезінен-ақ санасына, бойына ұлтына деген сүйіспеншілік, ұлтының салт- дәстүрін сіңіріп өсірген. Бесікте жатқан кезінен бастап, ұлттық мұрамыз қазақ фольклорын, яғни анасының әлдилеп айтқан бесік жырын естіп, тілі шығып, сөйлеуге талпынып жатқанда, әжесінің ертегі-аңызын тыңдап, ойынға құмар шағына келгенде, әкесі мен атасы балаға асық атуды үйретіп, атқа міну, күрес секілді спорттың түрлерімен ойындарды үйретеді. Мұның екі мәнісі бар: біріншісі, бала ұлттық ойынымызды білумен қатар сондай-ақ спорт жақын шымыр ер азамат етіп тәрбиелеу.

Ал қыз баласын қалай тәрбиелеген? Қыз баласын халқымыз жат жұрттық қонақ деп сый-құрмет көрсеткен. Қызды екі үлкен әулетті жақындастыратын алтын көпір санаған. Бойжетіп ес білер шағында оны үй шаруасына икемді пысық көйлегіменмен қос бұрымы ұзын болып, аз сөйлеп көп тыңдаған.

Бала «саналы» болып өсу үшін әсер ететін негізгі фактор ол- тәрбие. Қазіргі уақытта біз дербес, егемен қазақ елінің саналы азаматы мен азаматшасымыз. Жоғарыда айтылып, өткен тәрбиенің негізгі түп тамыры осы қазақ ұлттың кемел бұллыңғырсыз жарқын болашағының болуы. «Саналы ұрпақ» дегенді қалай түсінемін?

Саналы ұрпақ - ол жастайынан ұлтының бар болмысын бойына жинаған, елдің өсіп, өркендеуіне деген қадамдарын нық әрі, күмәнсіз баса алатын, мемлекеттің дамуына тамшыдай болсын үлес қосатын «тамшыда тама - тама көл болады» дейтін бір тамшысынан үлкен көл теңіз жасай алатын, өзінің өзгерумен қатар әлемді өзгертуге тырысатын, «Әлемді өзгерту үшін алдымен өзің өзгеріс жаса!» - деген ұранды өзінің басты өмірлік ұстанымына айналдырған білімді, жан-жақты жалындап жанып тұрған, ерік - жігері мықты жастар деп білемін. Еліміздің болашағын дәл осындай ұрпаққа қорықпастан аманаттай аламыз. Бүгінгі жас ертенгі аға буын өкілі дәл қазіргі мезетте оларға қандай бағыт-бағдар берсек, сол бағдармен өз жолын таппақ.

Қазіргі таңда дәл осындай өскелең ұрпақ көшімізге ілесіп – еріп келеді. Осындай атадан балаға мирас болып сан ғасырлар бойы жалғасып келе жатырған ұлттық болмыс- бітімді құндылықтардың қалыпын бұзбай жеткізу біздің басты мұратымыз. Осы қазынамызды дұрыс жеткізе білсек, ұлтымыз жойылмайды, өшпейді, тек жасампазданып, жаңғырып тарихта мәңгі Қазақ халқында «Тәрбие тал бесіктен басталады», «ел боламын десең – бесігіңді түзе» деген қанатты сөздер бекер айтылмаған.

Отбасы - әрадамның шағынотаны. Олқоғамныңбірбөлшегі, от бар жердеөмір бар. Отбасыдегенкелешекұрпақтыжалғастыратынболашақ. Адамныңөміріндегіеңқуаныштықызықдәурені осы отбасындаөтіпжатыр. Бала өмірініңалғашқыкүніненбастап, ата-анаөздерініңнегізгіборыштарынтәрбиежұмыстарынатқаруғакіріседі. Бала тәрбиесі ана сүтінен басталып, өмір бойы қалыптасатын күрделі құбылыс. Тәрбиенің ең алғашқы негізі отбасында қаланып, балабақшамен байланыс арқылы одан әрі жалғасады.

Бүгінгі тәрбие берудің негізгі міндеттерінің өзі, ең алдымен, дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, ар-ожданы мол, мәдениетті, парасатты, еңбекқор, іскер, бойында басқа да ізгі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу деп көрсетілген Қазақстан Республикасының тәлім-тәрбие тұжырымдамасында. Отбасы тәрбиесінің негізгі мәні отбасындағы өзара ынтымақтастық пен түсіністік болып табылады. "Үядан не көрсең, ұшқанда соны ілесің" дегендей бала тәрбиесі ол дүниеге келген алғашқы күннен басталады. Бала өскен сайын, оның тәрбиесі де күрделеніп, оған қойылатын талаптар да күшейе түседі. Ақыл-ойының дамуы, ұнамды мінез-құлқын қалыптастыру ең негізгі міндетке айналады. Оның негізі отбасында әрі мектепке дейінгі жаста қаланады. Балалар үйде ата-анасының еңбектегі ісіне және сөйлеу мәнеріне көңіл бөліп, оны түсінуге тырысады. Ата-аналар да балаларының күн сайынғы әрекеттерін қадағалап, жағдайларын біліп отыруы қажет.

Отбасы тәрбиесіндегі ең маңызды мақсаттардың бірі – айналаны тану, сезіну, қабылдау, түсіне қарай таңдау, әсерлей білу, өзіне мақсат қоя білуге баулу. Өмірдегі, өнердегі, табиғаттағы тамаша көріністерден жан азығын алып әсерлене білуге үйрету. Білімге, білуге, құштарлыққа, әсемдікке, талғампаздыққа тәрбиелей отырып, баланы болашақ білім ордасы – мектепке дайындауы. Мұндай алдын-алу жұмыстарын ерте жастан жүргізудің басты мақсаты – балалардың санасында өмірдің әр саласында кездесетін жемқорлықпен күрес дағдыларын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетаным, көзқарас, жоғары адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру. Бесіктен соң балабақша, ал балабақшадан соң бала тәрбиесі мектепте жалғасады. Сондықтан балабақша жасындағы балалардың ата-аналары бұл

бағыттағы тәрбиеге немқұрайлы қарамаулары тиіс. Көз алдында ата-анасы бала-бақша тәрбиешісіне үнемі сыйлық сыйлап жатқанын көріп өскен бүлдіршін, ересек өмірінде мұның бәрін, атап айтсақ жағымпаздандуды, ақша арқылы өзіне ерекше көңіл аудартуды қалыпты жағдай ретінде қабылдайтын болады.

Қорыта келе, қазіргі кезде «Жастар-еліміздің жарқын болашағы» деген қанатты сөздерді жиі айтамыз, ал сол жастардың болашағы, Отанымыздың ертеңгі тағдыры болса, соған дәнекер өзіміздің бүгінгі қызметіміздің қалай атқарылып жатқаны, қоғамға қандай үлес қосып жүргенімізге тікелей байланысты. Міне, «Саналы ұрпақ-жарқын болашақ» тақырыбындағы ойтүйінді жалпы ел жастарына бағыттаймын! Жас күш, жас толқын болып толқып, ана тілінде сайрап, өзге тілді меңгеру арқылы болашақ елдің кемел келешегін биіктерден көруге үлес қосайық, саналы ұрпақ...!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Государственная молодежная политика Республики Казахстан» Астана 2001 жыл
2. Әбдірайымова Г. Жастар жаңарып жатқан қоғамда: кеше, бүгін, ертең... // саясат. 2004ж. №9 – 36 – 38 бет.
3. Оспанова .Қ. Жастар саясатының маңыздысы. // Ақиқат 2002 №3 – 21 – 23 бет.
4. Холостова Е.И. «Социальная политика». Москва, 2001
5. <https://strategy2050.kz/news/zha-andanu-zh-ne-zhastar-t-rbiesi/> сайты
6. Massaget.kz сайты



УДК 378.3

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ РӨЛІ

Әмірбек Тоғжан Ерғалиқызы

**Халықаралық Тараз Инновациялық Институтының Экурс студенті,
Тараз, Қазақстан**

**Ғылыми жетекшісі: Таджикова Айгерім Жамбылқызы
Халықаралық Тараз Инновациялық Институтының педагогика
ғылымдарының магистрі, Тараз, Қазақстан**

*«Алдарыңда таудай талап тұр.
Өмір заңғарлары үнемі биікке шығарады.
Оған жету үшін талмай ізденіңдер!»
Ғабит Мүсірепов*

Андатпа: Мақала жалпы ұлттың келешегі жастардың қолында және сол жолда жоғары білім мен үлкен жауапкершіліктің керектігін көрсетеді.

Кілтті сөздер: болашақ, саналы ұрпақ, ұлт тәрбиесі, инновация, заманауи технологиялар.

Аннотация: В статье показано, что будущее нации в целом находится в руках молодежи и необходимость получения высшего образования и большей ответственности.

Ключевые слова: будущее, сознательное поколение, национальное образование, инновация, современные технологии.

Abstrakt: The article shows that the future of the nation as a whole is in the hands of young people and the need for higher education and greater responsibility.

Key words: future, conscious generation, national education, innovation, modern technologies.

Ең алдымен сөзімнің басын «Арыстандай айбатты Жолбарыстай қайратты. Қырандай күшті қанатты, Мен жастарға сенемін». -деп М.Жұмабаев атамыз айтқандай келешектің мына өскелең ұрпақтың қолында екендігін сонау ерте замандардан бері білген. Кәзіргі жастарымыз қандай? Келешекте үлкен үмітті ақтайды ма? - деген сауал туатыны сөзсіз. Кез-келген мемлекеттің қозғаушы күші, қоғамның драйвері – жастар. Жастар жаңалыққа, өзгерістер мен жедел іс-қимылға бейім. Еуразия кеңістігіндегі елдердің тарихына үңілсек, жастар және олардың қозғалыстары мемлекеттің дамуына үлкен түрткі болған. Қоғамды дүр сілкіндірген тағдыршешті оқиғалардың бел ортасында белсенді жастар жүрді. Қазіргі уақытта да мемлекеттің қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени өміріне жастар белсенді араласып, елеулі орын алып келеді. Мемлекет өзінің әлеуметтік саясатына сәйкес жастардың білім алуы, баспанамен және жұмыспен қамтылуына қажетті бағдарламаларды қабылдады. Дегенмен, жастар арасындағы қылмыс, нашақорлық, жат ағымның жетегінде кету, сыртқы миграция, ажырасу сияқты проблемалар да жоқ емес.

Сондықтан жаһандану жағдайында жастарға мемлекет тарапынан көңіл бөліп, рухани-патриоттық тәрбие беру – өзектілігі жоғалмайтын міндет. Әрине кез-келген заманның өзіне тән болмысы тайға таңба басқандай көрінетін намысшыл тұлғалары қалыптасатыны анық. Біз қазақ халқы көне түркі халықтарының ұрпағымыз. Бұл жайлы тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы Қазақ елінің адамзат тарихындағы маңызды мәселелерді көтергені белгілі. Мақалада, әсіресе қазақтардың Түркі жұртындағы маңызды орны тағы да бір рет айрықша аталып өтті. «Қазақстан – күллі түркі халықтарының қасиетті қара шаңырағы. Бүгінгі қазақтың сайын даласынан әлемнің әр түпкіріне тараған түркі тектес тайпалар мен халықтар басқа елде мен өңірлердің тарихи үдерістеріне елеулі үлес қосты», делінген мақалада. Осыдан келе біздің жастардың қолынан іс келмейді деген қате пікірде болмауымыз керек. Кәзір дамыған заман ХХІ ғасыр жаңа технологиялар кезеңі. Шынында елдерде елеулі өзгерістердің болып жатқаны көз алдымызда көрініп отыр. Бізде осыдан 30 жыл бұрын тәуелсіздігін енді алып дамыған елдермен бәсекеге түсуге талпынған ел едік. Осы жолда талай тар жол тайғақ кешкен кездер болды десекте кәзір сол сәттер қатайып дамуымызға өз ықпалын тигізді. Ендігі кезекте біз қазіргі қоғамдағы жастарға жастар және олардың әрекеті туралы түсінігін жетілдіру, өз ойларын айта білуге, дәлелді мысалдар келтіруге, өз көзқарастарын, ой толғауларын жеткізе білуге бағыт беру. Оқушылардың қоғамдағы міндеті мен жауапкершілігін сезіндіру. Қоғамға, өз ортасына саналықпен қарау сияқты көзқарасын қалыптастыру. Өз ойын еркін айта білуге, жүйелі шешен сөйлеуге баулу, қабілеттерін арттыру. Оқушыларға жастар және олардың әрекеті туралы түсінігін жетілдіру, өз ойларын айта білуге, дәлелді мысалдар келтіруге, өз көзқарастарын, ой толғауларын жеткізе білуге бағыт беру.

Оқушылардың қоғамдағы міндеті мен жауапкершілігін сезіндіру. Қоғамға, өз ортасына саналықпен қарау сияқты көзқарасын қалыптастыру. Өз ойын еркін айта білуге, жүйелі шешен сөйлеуге баулу, қабілеттерін арттыру. Оқушылардың қоғамда өзін ұстай білу мәдениетіне, сыйластыққа және адамгершілікке ізгі қасиеттерге тәрбиелеу. Қазақстандық патриотзм мен азаматтықты қалыптастыру. Соған байланысты өзінің республика жастарымен көптеген кездесулерінде Н.Ә. Назарбаев: «Әр адамның бойына жұмыс істей білу, оқып-үйрене білу, өмір сүре білу, қазіргі әлемде өмір сүре білу қасиетін сіңіру керек», – деп жиі ескертеді. Елбасының үнемі жастарды қолдап, жастар саясатын дамытуды көздейтіні бекер емес. Жастар жылы кейбір айтулы даталар сияқты ұрандатып, желеулетіп өткізетін жыл емес. Жастар – қоғамның қозғаушы күші, еліміздің ертеңі. Бүгінгі жастар креативті пікірге ие. Шыны керек, қазір жастар арасында соңғы инновациялық технологияларды пайдалану арқылы жобалар ұсынып жүргендері баршылық. Бүгінгі жастар – ертеңгі кәсіби білікті маман, болашақ отбасының тірегі. Әрбір жас қоғамда өз орнына ие болу үшін кез келген қоғамдық мәселеге бейжай қарамауы тиіс. Себебі патриоттық рух та, рухани ерік-жігер де ортамен араласудан туындайды. Халқымыздың «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» деген ұлағатты сөзін, білімнің шындығында да баға жетпес үлкен рухани қару екендігін, тек рухани қару ғана емес, сонымен қатар аса зор өндіргіш күш екенін білуіміз тиіс. Білімнің қуатына тең келетін басқа идеялық — рухани күш, қуат көзі жоқ екені белгілі. Өйткені, білім — тек ғылымның іргетасы ғана емес, сонымен бірге тасы өрге домалаған еңсесі биік елдермен терезесі тең мемлекет болудың күре тамыры, ел дамуының алтын қаруы. Білім бар жерде даму, жетілу, кемелдену үрдісі бір сәтке толастамайды.

Қазіргі уақытта адамзат білімі мен дүниетанымына сыртқы ықпалы үлкен, әлемдік қоғамдастықтың келешек даму бағыт-бағдарын айқындайтын жаһандану дәуірінде өмір сүріп жатыр. Бұл барлық елдерге, оның ішінде әсіресе халықаралық қауымдастықпен интеграциялануға дайын, экономикалық және саяси жүйесі ашық елдерге тікелей қатысты. Әрине, алыс-жақын мемлекеттер сауда-экономикалық, ақпараттық-мәдени ынтымақтасып жатқан уақытта оқшауланып өмір сүру мүмкін емес. Бірақ көптеген елдер мемлекеттің ішкі саясаты, өзіндік мәдениеті, дүниетанымы сияқты объективті және субъективті себептерге сәйкес жаһандануды қабылдауға дайын емес. Жаһандану біздің өміріміздің барлық салаларына, атап айтқанда экономикалық, саяси, мәдени салаларға, қоғамға, отбасына, қауіпсіздікке, әлеуметтік өмірге тікелей әсер етеді. Интернеттің пайда болуымен ақпараттық кеңістіктің шекаралары бұзылып, кез-келген жаңалықты жар салып, еш кедергісіз әлемнің бір бұрышынан екіншісіне жеткізу мүмкіндігі кеңейе түсті. Жаңа технологиялардың пайда болып, жаңа экономикалық аймақтардың құрылып, өндіргіш күштердің өзгеруімен әлем дамудың жаңа интеграциялық кезеңіне қадам басты. Яғни, барлық қоғамдық құбылыстар бір-бірімен терең байланысып, жең ұшына жеңі жалғасып жатыр. Инновацияны, технологияны, білім мен өнерді ең бірінші болып қабылдайтын жастар болғандықтан, олардың өмірге, материалдық және рухани құндылықтарға, төл тарихы мен дәстүр-тіліне, қоғамдағы қарым-қатынас процестеріне көзқарасы өзгеріске ұшырауда. Осы орайда рухани мәселеге қарағанда материалдық қажеттіліктердің алға шыққаны жиі айтылып жатады. Жастар белсенді, көзқарасы тың, энергиясы мол болғандықтан тәжірибесі аз болса да, жұмысы өнімді болып, кез-келген процеске шынайы қызығушылықпен қатысады. Көптеген жастардың шет тілдерін үйренуі коммуникациялық кедергілерді бұзады

және кез-келген мемлекеттің жастарымен байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Жаһандану жастарға, оның қазіргі өмірге бейімделуіне және сайып келгенде оның әлеуметтенуіне әсер етеді. Жаһандану жағдайында әр елдің өзгеруі мен дамуы үшін жаңа күштер, жаңа идеялар, ізгі құндылықтар қажет. Олардың барлығына жас ұрпақты дұрыс тәрбиелеу арқылы қол жеткізуге болады. Өйткені, жаһанданудың жағымсыз жақтары жастарды жарға жығуы да ықтимал. Қазіргі уақытта тәрбие беру процесі жастардың бойына жақсы қасиеттерді сіңіру ғана емес, заманның кері ықпалынан қорғауға да бағытталған. Жаһандану процесі кезеңінде уақыт ағымы жас ұрпақты қиын таңдау жасауға итермелейді. Буырқанған бұқаралық мәдениет жеке моральдық және рухани принциптерді шайып жіберіп, этикалық қағидалар жастарды рухани тәрбиелеуде бағдар бола алмай қалады. Әр елдің өз ұлттық мәдениетін нығайту, жергілікті дәстүр-салтын сақтау және жаһанданудың кері ықпалын еңсеру көптеген мемлекеттердің ішкі саяси бағытының басымдықтарына кіреді. Әрбір мәдениет бағзыдан келе жатқан рухани мұрасы негізінде қалыптасады және ары қарай кеңейіп, жаңаша түрленіп отырады.

Сонымен қорытындылай келе, қазіргі қоғамдағы жастардың келбеті мен тұлға болып қалыптасуына үлкен мән бергеніміз абзалырақ. Себебі бүгінгі бастама болашаққа салып отыратын жол іспеттес. Болашағымыз жарқын еліміз алдыңғы қатарда болу үшін жастардың қоғамдағы рөлін арттырайық дегім келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жастармен жүргізілетін әлеуметтік жұмыстар. Оқу құралы. А.Н. Агафонов, Қ.Н. Меңлібаев. Астана, 2005.
2. Государственная молодежная политика Республики Казахстан. – Астана, 2001.
3. Царева Т.А. Правовая социализация молодежи в рамках молодежной политики Республики Казахстан. Саясат. – 2000. № 2-3.
4. Холостова Е.И. «Социальная политика». Москва, 2001
5. <https://strategy2050.kz/news/zha-andanu-zh-ne-zhastar-t-rbiesi/> сайты
6. Massaget.kz сайты



ӘОЖ 378.15.3

ЖАСТАРДЫҢ БҮГІНГІ КЕЛБЕТІ МЕН ТӘРТІБІ

Әмірбек Ұлданай Маратқызы

Халықаралық Тараз инновациялық институтының студенті, Тараз,

Қазақстан

Ғылыми жетекші: Фатихова Назипа Агламовна

Халықаралық Тараз инновациялық институтының педагогика

ғылымдарының магистрі, Тараз, Қазақстан

*Жас мұраты, білім, тәлім — талабы
Өнер, оқу — жастықтың қару жарағы.
Ілияс Жансүгіров*

Аңдатпа: Бұл мақалада жастардың бүгінгі келбеті мен тәртібі. Қазіргі заман тәрбиесі туралы жазылған.

Кілтті сөздер: болашақ, саналы ұрпақ, ұлт тәрбиесі, инновация, заманауи технологиялар.

Аннотация: Эта статья о внешности и поведении современной молодежи. Написано о современном воспитании.

Ключевые слова: будущее, сознательное поколение, национальное образование, инновация, современные технологии.

Abstract: This article is about the appearance and behavior of young people today. It is written about modern upbringing.

Key words: future, conscious generation, national education, innovation, modern technologies.

Мемлекеттің болашақта әрі қарай дамуы мен гүлденуі тікелей жастарға байланысты болатындықтан, қоғамның белсенді буыны, елдің ертеңі жастардың тәрбиесіне баса көңіл аударуды уақыт талап етуде.

Республикамызда әрбір екінші адам – 30 жасқа толмаған жастар, сондықтан 1999 жылдың 28 тамызында Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың өкімімен мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасының бекітілуі, 2004 жылы Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңның қабылдануы жастардың өміріне ерекше мән берілетініне мысал болады. Мемлекеттік жастар саясатының негізгі бағыттары: қолжетімді және сапалы білім беруді қамтамасыз ету, ғылыми-техникалық әлеуетті дамыту, денсаулық сақтау, салауатты өмір салтын ұстану, жұмыспен қамту, жастар арасында кәсіпкерлікті дамыту болып табылады.

Жастардың білім алу, мамандық таңдау, рухани ұстанымдарын қалыптастыру, қоғамдағы өз орнын табу секілді әлеуметтік кезеңдерден өтуі – өмір заңдылығы. Осы әлеуметтік кезеңдерде жеке адамның тұлға болып қалыптасуына көптеген жағдайлар әсер етеді.[1]

«Отан отбасынан басталатындықтан» ата-ананың тәрбиесімен бойға даритын ізгілікті балабақшада дамытып, мектеп пен жоғарғы оқу орындарында рухани және дәстүрлі құндылықтарды жастардың санасына сіңіру – оның тұлға болып қалыптасуына ықпал ететін маңызды іс.

Қазіргі қоғамда жастарға байланысты көп айтылатын келеңсіздіктің бірі – үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетпеу. Атап айтқанда, қоғамдық орындарда үлкендерді сыйламау, ата-анасын тыңдамау секілді құбылыстар байқалады. Соның бір мысалы – қоғамдық көліктің ішіне үлкен кісі кіргенде жастардың көрмегендей сынай танытып, орын бермеуі.

«Атаңа не қылсаң, алдына сол келеді» – дейді қазақ, сондықтан қай уақытта болмасын ересектерді сыйлап, керек кезде қол ұшын созып, үлкенге ілтипат, кішіге қамқорлық көрсету – дәстүрлі үрдіс. Үрдісті үзбей, дәстүрді бұзбай кейінгілерге жеткізу – жастарға аманат, жастар – рухани құндылықтарды жалғастырушы алтын көпір.[2]

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» жолдауында жастарға дәстүрді ардақтап, дәстүрге сай діни сана қалыптастыру қажеттігін айта келіп, қаракөз қазақ қыздарын өзге елдің киімін үлгі тұтпай, ұлттық болмысқа сай киінуге мен қазіргі заман ағымына сәйкес өмір салтын ұстануға шақырды.

Қазақстанның зайырлылық қағидасына сай дін таңдау – әр адамның өз еркінде. Осы еркіндікті дұрыс түсінбейтін жастардың теріс ағымдардың ықпалына түсіп жатқанын айтпай кетуге болмайды. Діни білімі таяз жастар діннің не екенін, оның мақсатының қандай екенін жете түсінбегендіктен де осындай қателіктерге ұрынуда. Әлі оң мен солын танымаған, жақсылық мен жамандықты ажырата алмайтын жастарды теріс ағым өкілдері арам пиғылдарына пайдалануда. Мемлекеттің келешегі жастарға байланысты, сондықтан бұл құбылыс мемлекетке қауіп төндіреді.

Жастардың эстетикалық, діни көзқарастарын қалыптастыруда бүгінгі ғаламтор мен бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалы өлшеусіз. Мобильді әлемде өмір сүру, ғаламтор желісіндегі сансыз ақпараттар жастардың діни немесе өзге де мәліметтерді таңдауына дес бермейді. Сондықтан, ең басты бағдаршам – ұлттық құндылық, ең негізгі ұстаным рухани ізгілік болса ғана ұтылмаймыз.

Елбасымыз «Қазақстан-2050» стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» жолдауында: «Бүгінде біздің халқымыз үшін дәстүрлі емес және жалған діни ағымдар мәселесі өткір тұр. Жастарымыздың бір бөлігі осы өмірге жат, жалған діни көзқарасты көзсіз қабылдайды, өйткені, біздің қоғамның бір бөлігінде шеттен келген жалған діни әсерлерге иммунитеті әлсіз», – деп атап көрсеткен болатын.

Жастардың теріс ағымдардың шырғауына түсуінің басты себебі – жұмыссыздық пен діни сауатсыздық. Бұл қатардан жас буын өкілдерді ғана емес, ересек адамдарды да көруге болады. Теріс ағымдардың арбауына түсіп, діни көзқарасын өзгертіп жатқандар ертеден келе жатқан салт-дәстүрді теріске шығарып, ата-анасының берген тәрбиесін мойындамай, дәстүрлі болмысқа сай киінбей, қоғам ішінде іріткі тудырып жүр. Жастардың теріс ағымдар қатарына кіріп кетпеуі үшін ғаламтор желілерінде таралатын мәліметтерді бақылап отыру, жастардың қызығушылығын арттыратын сайттарды көбірек ашу, жастарды қоғамдық іс-шараларға белсенді араластыру, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу, рухани құндылықтарды бойына сіңіру, діни білім беру сапасын арттыру жұмыстарын қарқынды жүргізуді уақыт талап етуде.

Қазақстанда мемлекеттік білім беру жүйесі қатаң зайырлы сипатқа ие және ол діни білім беру жүйесінен бөлек. Сондықтан, зайырлы мектептерде, колледждер мен жоғары оқу орындарында жастардың санасында белгілі бір дінге деген көзқарас қалыптастыруға жол берілмейді әрі оқу орындарында діни атрибутикасы бар заттарды қолдану немесе киімдерді киюге тыйым салынады. Әрбір мекеменің ішкі тәртібі бар, білім алушы сол тәртіпке бағынуы керек.

Әлемдік діндерді оқыту арқылы жас буын өкілдерінің діни көзқарасын қалыптастыруға, заман ағымына сай өзінің және өзгелердің құндылықтарын сыйлауға және рухани құндылықтарымызды теріс ағымдардан ажыратуға үйрететін «Дінтану» пәні білім берудің зайырлы жүйесі арқылы қоғамдағы құндылықтардың сақталуын қамтамасыз етеді.

Жастардың салауатты өмір салтын ұстанып, спорттық шараларға белсенді қатысуы көңілге қуаныш ұялатады. Оған дәлел түрлі халықаралық, республикалық, облыстық жарыстарда жастардың топ жарып, жүлделі орындарға ие болуы. Сонымен қатар, күнделікті өмірде де спортпен айналысып жүрген жастар қатары көбеюде. Бұл – болашақта ұрпақтың сау әрі белсенді болатының айғағы.

Мемлекет тарапынан жастарды қолдау үшін жасалып отырған «Жасыл ел», «Жастар кадрлық резерві», «Дипломмен ауылға», «Серпін-2050», «Қолжетімді

баспана – 2020» және тағы да басқа бағдарламалар бар. Жастар табанды еңбек етіп, елімізде болып жатқан оңды үрдістерге белсене қатысуы арқылы ғана жетістікке қол жеткізіп, биіктерге көтерілуге болатынын түсінуі маңызды.[3]

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтар болсақ, қазіргі заманғы жастар қай қоғамда да құны кемімейтін мейірімділік, әділдік, шыдамдылық секілді адами құндылықтарды басты орынға қойса, нұр үстіне нұр болар еді. Ұлттың бүгінгі мен келешегі – белсенді жастардың қолында дейтін болсақ, ұлттың рухани құндылықтарын бойына сіңірген ұрпақ ғана ел болашағын қалыптастыра алады. Жастар салауатты өмір салтын ұстанып, мемлекеттің индустриялық-инновациялық дамуына өз үлесін қосса, қоғамға пайдасын тигізіп, сапалы, терең білім алуды басты міндетіне айналдырса, онда келешегіміз кемел болары сөзсіз. Өз күш-жігерлері мен алған білімдерін еліміздің өркендеуіне жұмсайтын жастары бар зайырлы қоғам мақсатты межеге жетері анық. «Ел ертеңі жастар» немесе «Ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер қайдан болсын». Бүгінгі таңда осы тектес нақыл сөздерді алға тартып, біз мемлекетіміздің жастар қауымын бірінші орынға қойып, келешектің кілтін соларға табыстамақ ниеттеміз. Ал, сол біз сенім артып отырған жастарымыз қазіргі таңда болашақтың тұтқасынан ұстап, өзіміз жиі айтатын бәсекеге қабілетті азамат ретінде қалыптасып келе жатыр ма? Туған ел үшін жанын бере шайқасқан батырлардың ұрпақтары бабалары «білектің күшімен, найзаның ұшымен» сақтап қалған қазіргі тәуелсіз еліміздің әрі қарай дамуы үшін нендей қадамдарға бара алады? Осы тектес сансыз сұрақтар исі қазақ азаматын осы уақытқа дейін талай ойландырып, бүгінде ұлттық мәселелердің қатарында тұрса да, өзіндік нақты жауабын таба алмай келе жатқаны рас. Бұл тақырыпқа келгенде әркім әртүрлі пікір білдіріп, өзінше баға береді.

Кейде қоғамдық орындарда үлкен кісілердің «біз жас кезімізде ондай едік, мұндай болғанбыз, ал қазіргінің балалары өзгерген» деген сияқты реніштерін естіп жатамыз. Егер есімізге алсақ, Кеңес одағында жастар – мәдениетті, бәрі белгілі бір тәртіпке бағынған, Отан үшін отқа түсетін коммунистер болған. Солай болуға тиісті де еді. Өйткені, кеңестік кезең ешкімге еркінсуге мүмкіндік бермеді. Ал, қазір – демократия. Шүкір, азат елдің азаматтарымыз. Екі замандағы жағдайларды салыстыруға келмейді. Десек те, бір сәт «бүгінгі тәуелсіз елдің жастары қандай?» деген сұраққа тоқталайықшы.

Егер жастардың жағдайын, ұстанған бағытын мемлекеттік мекемелер болмаса партия ұйымдастырған шаралармен немесе олардың атқарған жұмыстарымен бағалайтын болсақ, онда көпшілігіміз «жастар – патриот, олар белсенді» деп жауап беретініміз сөзсіз. Бұл түсінікті. Себебі, қандай жиын болмасын, жастар улап-шулап, ұрандатылған сөздер жазылған плакаттарды ұстап бірінші қатарда тұрады. Бірақ, мұндай шараларға көбінесе студенттерді сабақ уақытысында жинап апаратынымыз жасырын емес. Әрине, ондай уақытта біз жастардың жағдайына емес, залды толтырудың қамына кірісіп кетеміз. Сөйтіп осылай кім-кімді алдап жүргені түсініксіз, көзбояушылыққа барамыз. Кейбіріміз осындай шараларды көріп, «өздері патриот дегеннің не екенін білмей жүріп, патриотпын деп жаһанға жар салады» - деп ашынамыз. Иә, шын мәнісінде, аузымызға жиі алатын патриотизм дегеніміз не? Егер оның нақты анықтамасын алып қарайтын болсақ, бұл сөзді грек тілінен аударғанда, *patris* - отан, атамекен деген мағынаны білдіреді. Яғни, патриотизм - өзінің жеке және топтық мүдделерін жалпы елдің мүдделеріне бағындыратын, оған адал қызмет етіп, қорғауды мақсат тұтатын өз Отанына, Атамекеніне деген терең сүйіспеншілік сезім. Көрдiңiз бе, Отанына деген сүйіспеншілік сезім. Ал, қазір біз өзімізше

пайымдап, парқына бара бермейтін болғанбыз. Жүрекпен сезінудің орнына, қанша рет алаңға уралап шыққанымызға есеп беретін болдық, осымен өлшейтінді шығардық. Соған байланысты мемлекеттен бөлінетін қомақты қаржыға ие болатын болдық. Жастарды желеу етіп, олардың бойында Отанға деген сүйіспеншілікті қалыптастырамыз деп, топ-топ қылып жиып алып, ұрандатқанымыз жасанды көрінеді кейде. Осындай шаралардың жиілеп, үрдіске айналып кеткені соншалық, «бұл әрекетіміз патриотизмнен популизмге ауысып бара жатқан жоқ па?» деген ой келеді. Әлбетте, қазіргі өркениетті қоғамның даму үрдісімен бағамдасақ, жастардың өздері белгілі бір сауатты топқа айналып келе жатқаны жасырын емес. Ал, популизм деген сөздің астарына үңілсек, белгілі бір әлеуметтік-саяси топтардың халыққа негізсіз уәделер беріп, жалған ұрандарын алға тартып, өз мақсаттарына жетуге бағытталған қызметіне әкеп тірейді. Бір сөзбен айтқанда, атың шықпаса жер өрте. Әрине, көпке топырақ шашуға болмас.

Дегенмен, бір сәт ойланып қарайтын болсақ, келешек жастарға біз Отанды, елді сүюді, патриотизмнің қадір-қасиетін үйретеміз деп жүріп, оларға ауызбен орақ орып, құр сөзбен қала салудың үлгісін көрсетіп жатқандаймыз ба қалай?! Осындайдан барып, ел болашағы саналатын жастар өз мақсаттарынан жаңылысып, алған бағытынан алыстап кетпей ме деген қорқыныш туады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы//Егемен Қазақстан. 2012. 15 желтоқсан.
2. Н.Тоқабаев. Вернуть престиж профессии рабочей//Казахстанская правда. 28 марта 2010г.
3. Зайниева Л.Ю. Мемлекеттік жастар саясаты: Қазақстан әлемдік тәжірибе тұрғысында.- Алматы: Дайк- пресс, 2009-284 б.



УДК 342.86.5

ЖАСТАР ПРОБЛЕМАЛАРЫ: МӘДЕНИЕТІ МЕН ДАМУЫ

Жиенбаева Аяулым Өксікбайқызы

**Халықаралық Тараз Инновациялық Институтының Экурс студенті,
Тараз, Қазақстан**

Ғылыми жетекшісі: Таджикова Айгерім Жамбылқызы

**Халықаралық Тараз Инновациялық Институтының педагогика
ғылымдарының магистрі,
Тараз, Қазақстан**

Аннотация. Мақалада жастардың қоғамдағы рөлі және олардың біздің еліміз үшін пайдасы қарастырылады.

Кілтті сөздер: бәсекелестік, мәдени фактор, рухани тәрбие, жастар субмәдениеті.

Аннотация. В статье рассматривается роль молодежи в обществе и их польза для нашей страны.

Ключевые слова: конкуренция, культурный фактор, духовное воспитание, молодежная субкультура.

Abstract. The article discusses the role of youth in society and their benefits for our country.

Keywords: competition, cultural factor, spiritual education, youth subculture.

Ел тұтқасын ұстар азаматтардың бүгінгі өнегелі тәрбиесі, олардың бойына дүниеге деген жаңа көзқарастық бағдар-жекешіл, дербес дүниетанымдық бағдарды, қазақстандық Отанын сүйгіштік сезімді, нарықтық экономикалық қатынастар жағдайында жемісті еңбектенуге қажетті білімді, біліктілікті, дағды-шеберлікті сіңіру, қатаң бәсекелестік пен бұралаң бұрылысы көп жаңа бетбұрыстық жолда асқақ адамшылдық пен адамгершілік қадір-қасиеттерді, жұғымды мінез-құлық нормалары мен жоғары имандылық құндылықтарды, саяси кемелділік пен әлеуметтік белсенділікті қалыптастыру-уақыт талабы, Қазіргі жастардың ұлттық құндылықтарды дәріштеп, рухани тәрбиелену мәселесінде. Сонымен қатар жаһандану үрдісінің жастарды өте белсенді, әрі психологиялық жағынан әр түрлі қылықтарға әкелуі аса маңызды. Жаңа саяси-әлеуметтік жағдайда республика үшін ғылыми негізделген өркениетті жастар саясатының қажеттілігі күн тәртібіне қойылып отыр. Әр түрлі саяси ағымдардың жастарға тигізетін әсерлерінің молаюы мемлекеттен пәрменді жастар саясатын жүргізуді талап етеді.

Жастардың саяси санасы бос кеңістікте қалыптаспайды. Оған этникалық, діни, мәдени факторлар тікелей әсер етеді. Әсіресе, діни қайта жаңғырту түбегейлі саяси-әлеуметтік факторға айналып отыр. Мемлекеттік саясаттың басты мақсаты-жастардың шығармашылық, жаңашылдық қуатын қоғамды алға бастайтын басты күшке айналдыру.

Жастардың әлеуметтік проблемалары жалпы қоғамның әлеуметтік-экономикалық проблемалардың көрінісі мен жалғасы болып табылады. Жастардың әлеуметтік проблемалары – бұл қоғамның өмір тіршілігі және де, жастар үшін де өмірлік маңызды, халықтың ерекше әлеуметтік – демографиялық топтың проблемалары, жас ұрпақтардың және олардың ұйымдарының жігерін ғана емес сонымен қатар қоғам мен мемлекет тарапынан нақты саясатты талап ететін шешімдер болып табылады.

Жастарды негізінен келесі проблемалар қатты ойландырады: жоғары немесе орта білім ала алмау; өз отбасын материалдық жағынан қамсыздандыру қиындықтары; өз мамандығы бойынша жұмысқа қамтылу мәселесі; баспананың болмауы. Өмір тәжірибесі көрсетіп отырғандай дәл осы қиын шешілетін мәселелер жиынтығы отбасы ішілік келіспеушіліктердің пайда болуына, олардың тұрақсыздығына алып келеді. Келешекте дұрыс қоғамды қалыптастыру үшін төмендегідей бөтен мәдениет түрін қабылдамаудың жолын шешу керек. Керісінше, өзіміздің қазақы діліміз бен мәдениетімізге тән ерекшеліктерімізді тануға тиіспіз. Ұмыт қалған салт-дәстүрімізді қайта жаңғыртып, дамытып, өзіміздің қазақ деген атқа лайық мәдениетті, оның салаларын қазіргі жастарға насихаттау керек. Бүгінде мектеп, университет және отбасы жастарға жай «бақылаушы» позициясын ұстанбаулары керек, керісінше, жеке адамның бүкіл қоғам мүддесін игеру үшін жарыс мүмкіншілігіне тең дәрежеде ұмтылу позициясын қамтамасыз ету керек. Жастар проблемасы қашанда қоғамның өзекті мәселелерінің негізі болып табылған. Әдебиетімізде жастар көп жылдар бойы жеке әлеуметтік-демографиялық топ болып қарастырылған жоқ.

Қазақ халқы ежелден-ақ ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән берген. Тәрбие құралдарын таба білген. Батырлық та, даналық та осы тәрбиеден бастау алады. Өйткені, тәрбиенің өзі нағыз ұлттық құндылық. Қазақтың нақыл сөздері мен мақал-мәтелдері — тұнып тұрған тәрбие құралдары. Халқымыз «Көп сөз көмір, аз сөз алтын» деп бекерге айтпаған. Азда болса, мәнді, мағыналы сөзбен ұрпағын тәрбиелеп, психологиялық ерекшелігін сақтап, бірлігін қорғап, нығайтып, дамытып отырған. Сондықтан, ең дамыған 30 елдің қатарына ұлттық құндылықтарымызды сақтай отырып еңсек, болашағымыз баянды бола түседі. Қазақ жастары — елдің болашағы. Қай кезде де халқымыз өзінің болашағы — жастар тәрбиесіне көңіл бөліп отырған. Ұлт пен ұлыстың аманатын арқалаған жас өскінді тәрбиелеудің жолдары мен амалдары да сан тарау. Солардың ішінде шешуші рөл атқаратын тәлімі мен тәрбиенің бір түрі — жастарды патриотизм үлгісінде тәрбиелеу маңызды іс саналады. Қазіргі кезде жастарымыздың арасында Отанды қорғауға деген саналы көзқарастың болмауы салдарынан әскер қатарында қилы келеңсіздіктер жиі кездесіп қалады. Сондықтан да балабақшадан бастап, мектепте, ЖОО-да және өзге де мекемелерде патриоттық тәрбие беруді қолға алудың қажеттігі айқын байқалуда. Тәрбиенің бұл түрі жас ұрпақты елін қорғауға, ұлттық әскер сапында адал қызмет атқаруға, азаматтық қасиеттерге баулиды. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму барысында саяси-идеологиялық, мәдени тұрғыдан жаңаруына сай жас ұрпаққа отансүйгіштік тәрбие беру үкіметіміздің жаңа стратегиялық бағдарламасының басым бағыттарының бірі болып саналады. Еліміздің географиялық орналасуы мен ұлттық-этникалық ерекшелігіне орай оқушыларға халықтық дәстүрге негізделген бабалар рухына сай тәрбие жүйесін құру қажеттілігі қазақстандық білім саласының маңызды проблемаларының бірінен саналады. Біздің назарымыздан осы мәселе де тыс қалған жоқ.

«Жастар субмәдениеті проблемасын анықтау үшін, ең алдымен, «жастар» деген түсінікті қарастыру керек, яғни жастардың басқа топтардан айырмашылығын, жастардың жеке қасиеттері мен құндылықтарын, жастарға тән іс-әрекет пен жас тұлғаға әсер ететін факторлармен танысу қажет. Адамның жас шағы — құндылықтар жүйесінің қалыптасуы мен әлеуметтік статусының алғышарты болып табылады. Сонымен қатар осы шақта жастарға жаңаға деген ұмтылыс, ерекше болып көріну, белсенді өмір салтын ұстану тән, сондықтан жастар арасында нормадан ауытқушылықтар, яғни әртүрлі ықпалдарға еліктеушілік, оның ішінде батысқа еліктеушілік, әртүрлі жастар субмәдениетіне ену көрініс табады. Яғни «Жастар субмәдениеті» дегеніміз жеке адам дамуының өтпелі сатысы, жастардың ресми емес қатынастары және олардың өздеріне ғана тән мақсаттарын табуы жеке субмәдениеттің қалыптасуының себебіне айналады, белгілі бір субмәдениет өкілдері киген киіммен, сөйлеу мәнерімен, жаргондары және айрықша әуестенулерімен ерекшеленеді және үлкендер әлеміне, қоғамның ережелері мен құндылықтарына деген өзіндік қарсылықты білдіретінін көрсетеді. Мұндай топтарға жастар қай жолмен келеді немесе не әсер етеді дейтін болсақ, ол жастардың тікелей психологиялық ерекшелігімен байланысты, яғни ең алдымен, ата-аналары мен мектеп тарапынан болатын бақылаулардан босауға деген ұмтылыстан, эмоцияға аса берілгіштіктен, жасөспірімдік әсірелеушіліктен, өмірге қатысты ойларының тым мінсіздігінен, адамгершілік ұстанымдарының тұрақсыздығынан, жеке адами құндылықтарының қалыптаспауынан. Қазіргі жаһандану заманында елімізде жастардың өз орнын тауып, жеке әлеуметтік топ болып, дұрыс бағытта дамуы қиынға соғуда. Оларға нағыз өмір туралы нақты кеңестер беріп, уақытында өз

өмірлік тәжірибемізбен бөлісіп, олардың бастан кешіргендеріне сыйластықпен қарауымыз қажет. Сондықтан отбасы жағдайы, мектеп қабырғасы жастардың қалыптасуының негізі болып табылғандықтан жастармен тең дәрежедегі позициясын ұстанып, тәрбиеге көбірек көңіл бөлгені дұрыс».

Жастарды патриотизмге тәрбиелегенде қазақ халқы үшін қиын күндер туғанда, ер етігімен су кешіп, ат ауыздығымен су ішкен күндердің құрбандары болған батырлардың ерліктері жайлы сөз қозғамау мүмкін емес .

«Бүгінде жастар саясаты тәуелсіз Қазақстан елінің басты басымдықтарының бірі болып табылады. Жастарға айрықша көңіл бөлген мемлекет қана саяси және экономикалық табысқа жете алады. Жастардың инновациялық әлеуетін тиімді қолдана білген мемлекет стратегиялық артықшылыққа ие болады. Сондықтан да елімізде жастарды жалпы қоғамдық үдерістерге қосу мақсатында ынталандыру шаралары іске асырылып, олардың өзін-өзі жүзеге асыруы үшін мемлекеттік деңгейде жағдай жасалуда. Елімізде жастар саясаты қалай жүзеге асырылып жатқанын баяндап өтейік. Себебі, елімізде қазіргі таңда әр жас азаматтың толыққанды дамуына арналған жан-жақты тетіктер жасақталғандығы белгілі. Мәселен, әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан, мемлекет жастар мен жас отбасылардың экономикалық ахуалын жақсарту мен табыс деңгейін көтеру, ұзақ мерзімді несиелер берудің кезеңдік жүйесін енгізу, басқа да экономикалық көмек түрлері арқылы білім алу мүмкіндігін кеңейту, іскерлік белсенділігін арттыру, тұрғын жайы мен үй шаруашылығын толыққанды жабдықтау үшін құқықтық, ұйымдастырушылық жағдай жасаудың барлық шараларын қолдануда. Мысалы, студенттерге жол ақысының жеңілдігінің қолданылуы, еліміздегі жас азаматтар мен жас отбасыларды жеңілдікті ипотекалық несиелеу, жас мамандарды жұмыспен қамтудағы жеңілдіктер, ауыл жастарына берілетін көпсалалы квота, ауылға барған жастарға көтерме көмектер, жетім балаларға және мүгедек жандарға көсетілетін көмек түрлерін атап өтуге болады. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жастардың бүгінгі мен болашағына қамқорлық жасауды өз саясатының негізгі мәні деп санайды. Президент жыл сайынғы жолдауларында жастар саясатын жетілдіру бойынша бірнеше іргелі тапсырмалар беріп жүргені белгілі». [16] Жастар саясатын жүзеге асыру елді жаңашылдыққа, интеллектуалды бәсекелестікке жетелейді. ыҚазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Кез келген ел өз келешегін болашақ ұрпағымен байланыстырады», — деген болатын. Сондықтан жастар қоғамның бір бөлігі ретінде мемлекетте маңызды рөл атқарады. Жастарды жұмыспен қамту мәселесі елімізде басты назардағы мәселе екені белгілі. Осы проблеманы жою үшін елімізде «Дипломмен ауылға», «Бизнестің жол картасы», «Жұмыспен қамту», т.б. бағдарламалар қолға алынып, еліміздің түкпір-түкпірінде жүзеге асырылып жатыр. Осы бағдарламалар аясында республика аймақтарында қандай жұмыстар атқарылып жатқанын назарларыңызға ұсына кетейік.

Елімізде жастар тәрбиесіне қатысты қандай шаралар қолға алынып, қандай жұмыстар атқарылып жатқаны туралы да айтып өтейік. Іс-шаралардың басым бөлігі оқу орындарының іргесінде өтіп жатқаны белгілі. Жаһандану заманында лайықты тәрбиесіз ұлтты, ұрпақты сақтап қалу қиын. Ғылыми жобалар, олимпиадалар, әдеби оқулар, сәндік-қолданбалы, шығармашылық және тарихи зерделеу бойынша үйірмелер, жастардың ата-бабаларымыздың әдеби мұрасын зерттеуге ынта-қабілетін арттыру, туристік-өлкетану қызметін ұйымдастыру, жас туристердің шеберлігі мен тактикалық дайындығын ұштау, үздіктуристік ұйымдарды анықтау бағытында өткен жылғы желтоқсан айынан басталған шаралар биыл да жалғасуда. Мысалы, жас

зерттеушілерді анықтау, іріктеп, оларды қолдау бағытында ақпан айында оқушылар арасында түрлі пәндер бойынша дәстүрлі ғылыми жобалар сайысы өткізілді.

Қорытындылай келе, ел есіндегі естеліктерді сөйлеткен сайын ерлік пен елжандылықтың рухы асқақтай түседі. Соғыс уақытын көзімен көрген көнекөз қариялардың айтқанын тыңдасаң да, осы тақырыпқа жазылған әдеби-көркем шығармаларды оқысаң да, ердің ері ғана шыдаған, сол бір қан майданға өз үлесін қоспаған қазақ баласы болмапты. Яғни, қазақ халқының шынайы бейнесіндегі ерлік өнегесі осы оқиғалардан тайға таңба басқандай білінеді. Осындай ер тұлғаларымыздың бірі — Бауыржан Момышұлы. Бауыржан Момышұлының патриоттық сезімі, Отанға деген сүйіспеншілігі, өзінің мемлекетке тәуелді екенін өз істерінен дәлелдей білді. Тіпті, өзінің қазақ екенін соғыс шебінде жүріп ұмытқан емес.

Еңсесі биік елдігіміздің ертеңі – қазіргі ұрпақ, жас жеткіншектеріміз Бауыржан атамыздың бітіміндегі асқар жұртының шың басындай тәккаппар рухынан қанаттанып, батырлық, отансүйгіштік қасиеттерді бойларына сіңіріп өссе, нұр үстіне нұр болар еді!

Ендеше, Бауыржан атаға қанша тағзым етсең де артық болмас деп ойлаймын. Ардагердің тәрбиесінің арқасында қазіргі таңда бәрі үйлі-боранды, бір-бір қызметтің құлағын ұстап, тәуелсіз еліне қызмет етуде.

Қан майданда тек қазақ баласы ғана емес, қазақ қыздары да өздерінің мықты екендігін көрсете білген. Солардың бірі Шығыстың қос жұлдыздары — Әлия мен Мәншүк. Осы кездердегі қызғалдақтардың ұраны «Өзім өлсем де Отаным аман болса екен»- деп қасық қаны қалғанша жаулармен шайқасқан. Болашақта жас гүлдер, яғни жастар ерте солмасын деп соғыста аса үлкен патриоттық сезіммен шайқаса білген. Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – болашақ ұрпақты Отанын сүйуге, елінің, жерінің адал патриоттары, достық пен бірлік туралы түсінік беру арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу.

«Ер есімі –ел есінде» демекші, аңызға айналған батыр ата-апаларымыздың асқар таудай бейнесі, тарих беттеріндегі өшпес есімі мәңгі алтын әріптермен жазылып тұрады. Шыдамының шегіне жеткенде, намыс оты, еті түгілі сүйегінен өткенде, кеудесінде жанар тауы жарылып, көзінің алды қанталап, өзіне қарай аңталап тұрған жаудың алысқанының ауызына ұрып, жұлысқанының жалынын жұлып бірақ тоқтаған қазақпыз.

Қазақ елінің есімі аңызға айналып, дастандарға арқау болған батыр ұл-қыздар толып жатыр. Олар атамекенін, туған елін жан аямай қорғап, ата-бабаларының ерлік дәстүрін сақтау арқылы өздерінің өшпес даңқын шығарғандар.

«Өзім өлсем де, Отаным аман болса екен» деп өз жанын да аямаған батырларымыздың ерліктерін ұмытпай, адам бойына патриоттық сезімді қалыптастыру үшін тәрбиені отбасы мен балабақшадан бастау керектігі айқын. Сәбиді отбасында патриотизмге тәрбиелеу, ана тілін үйрету, ұлттық мінез құлық қалыптастыру, ұлттық салт-дәстүрді сақтауға баулу, шыққан ата-тегін білуді таныту – ата-ананың парызы. Ендеше, батырларымыздың ерліктерін ары қарай жас ұрпақ есте сақтап, ананың жасы, арудың ары, батырдың қаны төгілген бұл даланы көзінің қарашығындай қорғап жүру жас ұрпақтың патриоттық құралы болып табылады. Бұл соғыстың жарасы әлі күнге дейін барлық ұлттың жүрегінде. Мұны ешқашан ұмытпаймыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. <https://vk.com/away.php?to=http%3A%2F%2Fkisi.kz%2Fkk%2Fcategories%2Fs ayasi-modernizaciya%2Fposts%2Fkazakistan-zhastary-zhane-patriottyk-sezim> «ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫ ЖӘНЕ ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМ» Болат Тлепов
2. <http://old.osdp.info/index.php/o-am-zh-ne-sayasat/item/317-babam-ratov-dauren-zhastar-problemasy-bolasha-ty-problemasy> Дәурен Бадамұратов «Жастар проблемасы – болашақ проблемасы»
3. http://testent.ru/load/studentu/sociologija/zhastar_subm_denieti/50-1-0-2586 «Жастар субмәдениеті»
4. http://www.inform.kz/kz/sholu-kazakstandagy-zhastar-sayasaty_a2916805
5. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Жоба. //
6. Егемен Қазақстан, 2002, 14 мамыр.
7. Жаңа ғасыр — жастардың қолында. // Астана Ақшамы, 2002, 27 шілде.
8. <http://yvision.kz/post/556012> «Жастар мәдениетін дамыту»
9. http://www.inform.kz/kz/sholu-kazakstandagy-zhastar-sayasaty_a2916805
10. «Айқын» 2014ж 3сәуір. «Жастар проблемасы тереңде жатыр » Ұласбек Сәдібеков.



ӘОЖ : 81-115

**БҮГІНГІ ТАҢДА ТІЛІМІЗГЕ ӨЗГЕ ТІЛДЕРДЕН ЕНГЕН СӨЗДЕРДІҢ
БАЛАЛАР ПСИХОЛОГИЯСЫНА ӘСЕРІ**

Жұмаш Әзима Қуанышқызы

Халқаралық Тараз инновациялық институтының студенті. Тараз, Қазақстан

Ғылыми жетекші: Елубаева Рахат Сайлаубекқызы

Халықаралық Тараз инновациялық институтының педагогика

ғылымдарының кандидаты, доцент. Тараз, Қазақстан

Аннотация: Қазақ тілінің лексикасы ағылшын тілінен, орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген сөздермен толығып, оның аумағы кеңейді. Белгілі бір тілдің сөздік құрамы, ең алдымен, сөз тудырудың сан алуан тәсілдері арқылы сол тілдің ішкі мүмдіктерінің есесінен, бұрыннан бар сөздерден туындауы, сөздер жасаудың есесінен дамып байыса, сонымен қатар басқа тілдерден жаңа сөздердің енуі арқылы да толығып отырады. Мақалада, тілдің лексикасының баю жолдарының ең басты тәсілдері мен қолданбалы әдістері туралы айтылған.

Кілтті сөздер: өркениет, кірме сөздер, лексика, рухани мұра, Англицизмдер, фонетикалық, орфоэпиялық.

Аннотация: Лексика казахского языка пополнилась словами из английского, русского и других языков, расширилась его территория. Словарный запас языка обогащается, прежде всего, различными способами словообразования, внутренними возможностями этого языка, образованием существующих слов, созданием слов, а также введением новых слов из Другие языки. В статье описаны основные способы и методы обогащения словарного запаса языка.

Ключевые слова: цивилизация, ключевые слова, лексика, духовное наследие, англицизмы, фонетика, орфоэпика.

Abstract: The vocabulary of the Kazakh language has been replenished with words from English, Russian and other languages, its territory has expanded. The vocabulary of a language is enriched, first of all, by various ways of word formation, the internal capabilities of this language, the formation of existing words, the creation of words, as well as the introduction of new words from other languages. The article describes the main ways and methods of enriching the vocabulary of the language.

Keywords: civilization, keywords, vocabulary, spiritual heritage, anglicisms, phonetics, orthoepy.

Қай халықтың болмасын дәуірлік мәні бар мәдени мұрасы, рухани қазынасы, асыл ойлары мен өзіндік пайымдаулары бар. Адам баласының өткен ғасырлардағы осындай күрделі құбылыстары келесі ұрпаққа тіл арқылы, тілдегі сөздер, ұғымдары арқылы жетіп отырған. Қазақ халқының да өзіне тән тарихи басынан кешкен кезеңдері, өрлеу сатылары, рухани мұралары оны көрсетер ана тілі, сөз байлығы болған. Яғни, тіл - қоғамдық құбылыс.

Дүниежүзі халықтарының тілдері бір-біріне ықпал етіп отырады. Өйткені әртүрлі тілдерде сөйлейтін халықтар бір-бірімен қарым-қатынаста болып, сөз алмасып отырады. Халық тілінің сөздік қорының баю жолдарының бірі – басқа тілден сөз енуі.

Ана тіліміздің байлығы негізінен байырғы сөздер мен өзге тілдерден кірген сөздерден құралып, дамып отырады. Тілдің дамуы, бір тілдің екінші бір тілге әсер ете баюы қоғамның нақтылы тарихи-экономикалық жағдайында өтетін үдеріс деп қаралады. Олай болса, қазақ тілі лексикасын толықтырып, жетілдіре түсуге өз әсерін тигізіп отырған кірме сөздер тарихи кезеңдер мен экономикалық жағдайлар және мәдени байланыс пен өзара қарым-қатынастарға байланысты қарастырылады. Жалпы дүниежүзіндегі елдер бір-бірінен оқшау өмір сүрмейді. Экономика, саясат, мәдени салаларында байланыстар жасайды, ғылым мен техника дамуындағы жаңалықтар барлық елдерге тарайды. Елдер бір-бірінен түрлі заттар, тұрмыстық бұйымдар, тауарлар, техника құралдарын алысады. Сондықтан ондай заттардың, техника құралдарының аттарын білдіретін сөздер де басқа тілден болып шығады. Олар ана тілінің өз сөздерімен қатар жиі қолданылады, сөйтіп, сырт тілден енген сөздер екені бірте-бірте ұмытылады.

Басқа тілдерден келген кірме сөздер – табиғи және тұрақты үдеріс. Халықтар, елдер, мемлекеттер әрқашан бір-бірімен байланыста болғандықтан басқа тілдерден кірме сөздердің келуі заман талабы. Ақпараттық тасқынның күшеюі – ғаламдық интернет желісінің пайда болуы, дүниежүзілік экономикалық нарықтың дамуы, халықаралық туризм, мәдениет байланыстары, ақпараттық технологиялар, халықаралық олимпиадалар, фестивальдер – осының барлығы ағылшын тілінен енген кірме сөздерінің келуіне себеп болды. Кез-келген халықтың тілі жеке өмір сүрмейді. Қандай да бір тілге басқа тілден кірме сөздердің енуі сол тілдің дамуына қажетті табиғи үдеріс болып табылады.

Кірме сөздер дегеніміз – тілдің өзіндік сөзжасам тәсілімен емес, басқа тілдердің ықпалымен жасалған немесе олардан енген сөздер. Яғни сөздің дыбыстық тұлғасы да, мағынасы да өзге тілге қатысты сөздер кірме сөздер делінеді. Жер

шарында өмір сүріп келе жатқан үлкенді-кішілі халықтардың қай-қайсысында болсын өзге тілдерден ауысып келген кірме сөздер көптеп кездеседі.

Бүгінгі таңда ғаламдық интернет желісінің жедел дамуы ағылшын тілінен енген сөздердің қатарының молаюына алып келуде. Ал, ағылшын тілінен енген сөздерді англицизмдер деп атайды. Англицизмдер – қоғамдағы саяси, мәдени, экономикалық қатынастардың, ғылым мен техниканың дамуына байланысты қазақ тіліне енген жаңа сөздер мен сөз тіркестері, фразеологиялық оралымдар.

Бүгінгі күні жер шарының төрттен бір бөлігі ағылшын тілінде сөйлейді, ал миллиардтаған халық оны оқиды. Жаңа ақпараттық технологиялар ағылшын тілінде дамуда, халықаралық ғылыми конференциялар көбінше ағылшын тілінде жүргізілуде, ғылыми баяндамалардың басым көпшілігі ағылшын тілінде жасалуда, халықаралық байланыс та ағылшын тілінде жүргізілуде. Осының барлығы да ағылшын тілінің әлемдік деңгейде кең таралуына мейлінше ықпал етуде.

Тіл өзі қызмет атқаратын қоғаммен бірге өмір сүріп, сол қоғаммен бірге өзгеріп отырады, әрі оның ішкі заңдылықтарына сәйкес дамиды. Дүниежүзіндегі түрлі тілдерде сөйлейтін халықтар өзара бір-бірімен қарым қатынаста болады да, бір-біріне сөз ауысады. Ағылшын тілінің лексикасынан роман тілдерінен енген сөздерді өте жиі кездестіруге болады. Шет тілдерден сөздердің ену сипаты әртүрлі болады. Бір тілден екінші тілге сөздердің ауысуы белгіленетін заттар мен ұғымдардың ауысып келуімен байланысты. Мысалы, ағылшын тілінен қазақ тілдеріне енген сөздерді осы сөздер арқылы белгіленген жаңа ұғымдардан бөліп қарауға болмайды. Бұл жаңа сөздердің жаңа ұғымдармен бірге енгені әркімге аян. Сөздердің жаңа заттар немесе жаңа ұғымдармен бірге ену құбылысы тіл-тілде сөз алмасудағы басты және дағдылы құбылыс болып саналады.

Тіл-тілдің лексикасында ауызша енген кірме сөздер де, жазбаша енген кірме сөздер де бар.

Ауызша түрде енген сөздердің көпшілігі тұрмыс қажетіне байланысты зат атаулары болып келеді. Мұнымен бірге олардың ішінде мәдениетке байланысты ұғымдардың да атаулары болады. Ауызша енген кірме сөздерге тән ерекшелік сол – олар қабылдаушы фонетикалық заңдарына, орфоэпиялық ерекшеліктеріне бағынып, соған сәйкестендіріледі.

Жазбаша немесе кітаби кірме сөздер көбінесе ғылыми-техникалық, әдебиет пен өнер тағы басқалар арқылы енген және солардың белгілі бір саласына бейімделіп қолданылатын сөздер болып табылады. Бұлар өркениет ұғымдарына телінген сөздер болу қасиетімен сипатталады. Сөздердің бұл тобы білдіретін ұғымы мен мәніне байланысты интернационалдық сөздер болуға икемделеді де, олардың тілден-тілге ауысу, кең түрде таралу қасиеті басым болады. Ондай сөздердің кейбіреулері өзінің білдіретін ұғымы мен мазмұнының айрықша маңызды болуына байланысты дүниежүзіне, күллі халықтардың тіліне ауызша түрде де, жазбаша түрде де еніп, жаппай және жиі қолданылатын сөздерге айналады. Мысалы, кастинг, шоу, видео клип, компьютер, интернет деген сөздер бүкіл әлемге таралып, әртүрлі тілдерде сөйлейтін халықтардың баршасына бірдей таныс сөздерге айналып отыр.

Шет тілдерден енген сөздер уақыт озған сайын әбден кірігіп, фонетикалық, грамматикалық және семантикалық жақтан игеріліп, сіңісіп кетеді. Англицизмдердің қабылдаушы тілдің грамматикалық заңдарына бағынып игерілуі қабылдаушы тілде олардың грамматикалық формасының мағынасы сақталып бауынан айқын көрінеді. Мысалы, ағылшын тілінің рельс деген сөзі ағылшынша көптік жалғаулы сөз болғанмен (ағылшын тілінде жекеше түрі – rail, көпше түрі – rails), қазақ тілінде

жекеше түрінде ұғынылып, көпше түрде қолдану қажет болғанда, оған көптік жалғауы жалғанады (қазақша – рельестер). Кейде шет тілдік сөздер мен сөз тіркестері тілден тілге аударылғанда, олардың құрылысы сақталып аударылады да, солардың үлгісі бойынша сөздер мен сөз тіркестері жасалады.

Шет тілдік сөздер мен сөз тіркестерінің үлгісі бойынша жасалған, олардың құрылысының көшірмесі болып табылатын сөздер мен сөз тіркестері калька деп аталады. Кейбір тұрақты сөз тіркестері де, баламасы болмаған жағдайда, калька жолымен аударылады. Англицизмдердің енуі, сондай-ақ кейде оларды калька жолымен аударып алу қабылдаушы тілдің сөздік құрамын толықтырып байытады.

Ал А.М. Қызырова «Ағылшын кірме сөздерінің қазақ тіліндегі ассимиляция үдерісі» атты диссертациялық жұмысында ағылшын тілінен енген сөздерді талдап, әр кәсіпке байланысты саралап, талқылап қарастырған. Мысалы: Ақша және ақшамен байланысты ұғымдар: банкнот, инвестиция, депозит, пин код, банк, гринкард, доллар, цент, шиллинг, пенс.

Ер адам ұғымын білдіретін синонимдер: күзетші – секьюрити, басқарма – менеджер, босс – шеф, жетекші – куратор – тьютор, іскер – бизнесмен, есепші – аудитор, атқамінер – жокей, тауарды жылжытушы – промоутер, ер адам – мэн, джентльмен, тағы басқа.

Демалысқа байланысты сөздер: уик – энд, сейшн, фейшн, круиз, пати, шоп тур, тағы басқа.

Ойынға байланысты сөздер: керлинг, хоккей, бокс, биллборд, боулинг, гольф, сквош, гейм, гандбол, футбол, кроссворд, аттракцион, крикет, тағы басқа.

Спортқа байланысты сөздер: аквалангты пайдаланатын адам – дайвер, туризм – бодибилдинг, ұзын қашықтыққа жүгіретін адам – стайер, қысқа қашықтыққа жүгіретін адам – спринтер, велосипед – байк, тағы басқа.

Ақпараттық терминдер компьютермен жұмыс істеу барысында кездеседі: геймер (компьютерлік ойындарды жақсы көретін адам), хакер, юзер (жеке компьютерді пайдаланушы), хардвер, софтвер, драйвер, провайдер, тағы басқалар.

Хат-жазбаларға байланысты сөздер: майл (компьютер арқылы жіберілетін хат), сайт, файл, емейл, тағы басқалар.

Өлшем бірлігіне байланысты сөздер: байт, мегабайт, тағы басқа.

Компьютердің атауы немесе компьютерлік ақпаратқа қатысы бар құрамдық бөлшектердің аты: ноутбук, пентиум, лаптоп, кэш, принтер, декомпилятор, джойстик, факс-модем, тағы басқалар.

Компьютер арқылы жүзеге асырылатын іс-әрекетке байланысты сөздер: принтовать ету, логиндау (пароль кіргізу), таймерлеу, кликать ету (тышқанның клавишін басы), Internet-браузер, Internet-магазин, Internet-провайдер, онлайн-сауда, дамп, хост, аудит, гамдеу (gameойын), виндузда жұмыс істеу (Windowsпен жұмыс істеу), тағы басқалар.

Қазіргі тіл білімі ғалымдарының зерттеуіне сүйенсек, күніне 300 сөз қазақ тіліне енеді екен. Ол сөздердің басымы ағылшын тілінен енген. Ресей ғалымдарының пікірінше, әсіресе көптеген кірме лексика газет, журнал беттерінде көрінеді, сондықтан газет, журнал бетінде кездесетін мәтіндерді оқу үшін алдымен ағылшын тілін оқыту мәселесі өзекті болып келеді.

Көптеген тарихи жағдайларға байланысты қазақ тіліне шетел тілінен кірген сөздердің ауысуы дәнекер тіл орыс тілі арқылы жүзеге асады. Шетел тілінен енген сөздер ғылым мен әртүрлі халықаралық деңгейде іске асып жатқан шаралардың негізінде көптеп енуде. Бұл туралы А. Исланова «Шетел сөздердің белгілері мен

деректері» атты еңбегінде атап, жұмыс барысында қазақ тіліне енген шетел сөздеріне толық сипат береді.

Жалпы тіл атаулы өзге тілдерден енген кірме сөздермен толығып-молығып, байып отырады. Тіл жаратылысының заңдылығы солай. Ағылшын тілінің 29 % көне латыннан, тағы да осындай 29% француз тілінен, 26% герман тілдес топтан, 6% грек тілінен және 10% өзге де тілдерден енген сөздер құрайды.

Тәуелсіздік алған уақыттан бері ұлттық құндылықтарымызға қайта үңіліп, тіліміздің өзіндік болмысын тарихи тұрғыдан тану, сөйлеу мәдениетін көтеру, тіл тұғырын берік ұстау міндеті бүгінгі күннің келелі мәселерінің бірі болып отыр. Болашақта жаһандану үдерісінде елдігімізді сақтап қалу үшін ана тіліміздің мәселелеріне ерекше көңіл бөлу керек. Сондықтан қазақ тіліндегі шетел сөздерінің соның ішінде, әсіресе ағылшын тілінің элементтерін саралау қажет деп ойлаймыз.

Бүгінгі жаһандану дәуірінегі заман талабы оқушыларды тәжірибелік жұмыстар мен іс-шараларға бейімдей оқыту, олардың дүниетанымы мен ой өрісін қалыптастыру мақсат-міндеттерін жетілдіріп, дамытуды қажет етеді. Олай болса, қазіргі таңда жалпы халықтық қолданыстағы кейбір ұлт тілдерінің даму, қалыптасу заңдылықтарын қарастырып, зерттеу әрі оны оқу ағарту саласының өміріне мейлінше енгізіп, оқыту үдерісінде жан-жақты қолдану аса маңызы зор, өте қажетті мәселелердің бірі.

Әлемдегі тілдер тарихына көз жіберсек, қоғамдағы қарым-қатынастар негізінде бір тілден екінші тілге сөздер алмасып отырады. Соның арқасында тілдер байып, дамыған.

Тәуелсіздік алған уақыттан бері ұлттық құндылықтарымызға қайта үңіліп, тіліміздің өзіндік болмысын тарихи тұрғыдан тану, сөйлеу мәдениетін көтеру, тіл тұғырын берік ұстау міндеті бүгінгі күннің келелі мәселерінің бірі болып отыр. Болашақта жаһандану үдерісінде елдігімізді сақтап қалу үшін ана тіліміздің мәселелеріне ерекше көңіл бөлу керек. Сондықтан қазақ тіліндегі шетел сөздерінің соның ішінде, әсіресе ағылшын тілінің элементтерін саралау қажет деп ойлаймыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1.Исланова А. Шетел сөздердің белгілері мен деректері. А., 2003 - 34б.
- 2.Балақаев М. Б. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. Алматы: Ғылым баспасы, 1984. 267 б.
- 3.Қызырова Ә.М. Ағылшын кірме сөздерінің қазақ тіліндегі ассимиляция үдерісі. Канд.дисс.автореф. –Алматы, 2007. 25 б.
- 4.Уәлиұлы Н.У. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. А., 2007
- 5.Қалиев Ғ.,Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы, 2006. 259 б.
- 6.Омарова А.Қ., Шыныбекова А.С. Қазақ тілі. Алматы:Бастау,2003,127б.



УДК 275: 16

ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЖАСТАР

Құралбай Әдемі

Халықаралық Тараз инновациялық институтының студенті,

Тараз, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі: Келімбетова Айнұр
Халықаралық Тараз инновациялық институтының оқытушысы,
Тараз, Қазақстан
Kelimbetova94@mail.ru

Аннотация. Мақалада интернет жүйесі арқылы оқыту білім алушылардың өзара ақпарат алмасуын мүмкін етеді, танымдық қызметін арттырады, білім алуға қызығушылық ұлғайтып, өз бетінше ізденуге ұмтылдырады. Білім алушылардың мұндай қабілеттерін ашып, танымдық іс-әрекетін қалыптастыратын әрине, мұғалім екені даусыз.

Түйінді сөздер: Техника, жастар, интернет, компьютер, жаһандану

Аннотация. В статье отмечается, что обучение через систему интернет делает возможным обмен информацией между обучающимися, повышает познавательную деятельность, интерес к получению знаний, стремление к самостоятельному поиску. Безусловно, педагог, который раскрывает такие способности обучающихся и формирует их познавательную деятельность.

Ключевые слова: Техника, молодежь, интернет, компьютер, глобализация.

Annotation. The article notes that learning via the Internet makes it possible to exchange information between students, increases cognitive activity, interest in obtaining knowledge, and the desire for independent search. Of course, a teacher who reveals such abilities of students and forms their cognitive activity.

Keywords: Technology, youth, Internet, tablet, computer, globalization.

Біздің заманымыз – жаңа мүмкіндіктер мен жаңа идеялар, заманауи технологиялардың қарыштаған кезеңі. Бұл дегеніміз ендігі кезекте біздің еліміздің тағдыры біздің тағдырымызбен айқындалады. Ақпараттық білімнің, орта мен адамның өзара қарым-қатынасын үйлесімді ету және жаңа ақпараттық қоғамда ақпараттық технологияны пайдалану, ақпараттық мәдениетпен байланысын кеңейту мүмкіндіктері мол. Өркениеттің өсуі ақпараттық қоғамның қалыптасуымен тікелей байланысты екенін ескерсек, қазіргі кездегі білім мен техниканың даму деңгейі әрбір адамға сапалы және терең білім мен кәсіби іскерліктердің болуын, жастардың белсенді шығармашылықпен жұмыс істеуін талап етеді. Оқу-тәрбие үрдісінде жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану заман талабынан туындап отыр. ХХІ ғасыр- бұл ақпараттық қоғам, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір. Кәсіптік оқытуда ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты- білімгерлердің оқу материалдарын толық меңгеруі үшін оқу материалдарының практикалық жағынан тиімді ұсынылуына мүмкіндік беру. Бұл мақсаттарға жету жолында электрондық оқулықтар, тексеру программалары, оқу программалары сияқты программалық өнімдер қызмет етеді. Кәсіптік оқыту саласында компьютер білімгер үшін оқу құралы. Жаңа заман талабына сай білімді, бәсекеге қабілетті, ақпараттық – коммуникациялық технологияларды жетік меңгерген, кәсіби біліктілікті жұмысшы мамандарды даярлауда кәсіптік оқытуды жетілдірудің, оның материалдық- техникалық базасын толық жаңартып отыру қажетті оқу құралдарымен қамтамасыз етіліп отырылуы қажет. Осыған байланысты мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп жылда дамып келе жатқан кезеңінде

ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Келешек қоғамымыздың мүшелері-жастардың бойында ақпараттық мәдениетін қалыптастыру. Осы мақсатты орындау барысында білімгерлердің ақпараттық мәдениетін қалыптастыруда жаңа әдістерді қолдану қажеттілігі туындап отыр.

Егеменді еліміздің ең басты мақсаты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ол өркениетке жетуде жан – жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше. Қазіргі білім берудің басты мақсаты да жан – жақты дамыған, рухани бай жеке тұлға қалыптастыру болып табылады. Сондықтан заман талабына сай оқыту үрдісін жетілдіре отырып, қоғам сұранысына сай жеке тұлға қалыптастыру мәселесі бойынша білімгерлерге ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сабақта көптеп қолдану тиімділігі артып отыр.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11 – бабының 9 тармағында оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық – коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану міндеті қойылған. Ақпараттық технологиялардың бірі-интерактивтік тақта, мультимедиялық және он-лайн сабақтары.

Жаңа ақпараттық технологияларды сабақта қолдану келесі нәтижелерге жеткізеді:

1. Білімгерлерге еркін ойлауға мүмкіндік береді;
2. Тіл байлығын дамытады;
3. Өз ойын жеткізуге, жан-жақты ізденуге үйретеді;
4. Шығармашылық белсенділігін арттырып, ұжымда бірігіп жұмыс істеуге тәрбиелейді.
5. Өз бетімен білім алатын, ақпараттық технологияларды жақсы меңгерген, білімді жеке тұлғаны қалыптастырады.

«Қанша білсең, ізден тағы, тағы да, білікті адам жетер тілек, бағына» деген ғұлама Баласағұнның сөздері менің өмірлік қағидам. Ұлы педагог Ушинский: «Мұғалім білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, іздеуді тоқтатса, мұғалімдігі де жойылады» деген болатын. Сондықтан әр бір ұстаз күнделікті сабағына өмір талабына сай дайындалып ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен пайдалануы тиіс. Ол заман талабы. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында «Білім беру жүйесінің басты- міндеті ұлттық және азаматтық құндылықтар мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желіге шығу делінген.

Білім ақпараттық қоғамда, жаһандану заманында құнның негізгі көзіне айналуға. Ғылым мен жаңа технологияларды, білім беруді дамытудың жаһандық үрдістері:

1. Ақпараттық коммуникациялық технологиялар.
2. Ақпараттық мәдениет орталығы.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияға интернет, теледидар, электрондық почта, радионы жатқызуға болады. Оқытушы ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы білім алушылармен байланысын жеке-дара жақындаса алатындай жолмен жүргізуге мүмкіндік алады. Мультимедия кабинетінде электрондық оқулықпен сабақ берудің тиімділігі көп:

1. Оқытушы білім алушымен білімін бағалауды компьютерге жүктейді. Бұл бағалау көрсеткіштерінің нақты, дәл болуын қамтамасыз етеді.

2. Білім алушы жеке жұмыс жасайды.

3. Оқытушы аудиториядағы білім алушылардың жағдайын толық көріп, әрбір білім алушының қабілетіне қарай онымен жеке жұмыс жасауға мүмкіндігі ашылады. Сонымен қатар пәндерді оқыту әдістемесіне интернет жүйесін қосу сапалы білімнің қайнар көзі болар еді. Оқытудың бұл жүйелерінде оқытушы тек басшылық жасайды әрі ұйымдастырушы, бағыттаушы ролінде болады.

Оқытудың жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларын меңгеру-қазіргі заман талабы. ХХІ ғасыр-ақпараттық технология ғасыры. Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың маңызы зор. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми – технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда. Ақпараттандыру технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті жұмысшы мамандарын даярлау оқытушының басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді.

Білім-болашақ бағдары, кез-келген маман даярлайтын оқу орынның басты міндеттерінің бірі-жеке тұлғаның құзіреттілігін дамыту. Құзірет білім алушының жеке және қоғам талаптарын қанағаттандыру мақсатындағы табысты іс-әрекетіне қажетті білім дайындығына әлеуметтік тапсырыс.

Құзыреттілік- білім алушының әрекет тәсілдерін жан-жақты игеруінен көрінетін білім нәтижесі. Ақпараттық құзыреттілік-бұл жеке тұлғаның әртүрлі ақпаратты қабылдау, табу, сақтау, оны жүзеге асыру және ақпараттық-коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеті. Білім алушылардың түпкілікті құзіреттіліктері – білім берудің жаңа нәтижелері. Құзіреттілікті білім алушының пән бойынша игерген білім, білігінің жинағы деп қабылдауға келмейді. Ол-оқу нәтижесінде өзгермелі жағдайда меңгерген білім, білік, дағдыны тәжірибеде қолдана алу қабілеті болып табылатын жаңа сапа.

Ақпараттық құзіреттілікті қалыптастырудың басты мақсаты – білім алушыларды ақпаратты беру, түрлендіру және оны қолдану білімдерімен қаруландыру, олардың компьютерлік технологияны өз қызметтеріне еркін, тиімді пайдалана алу қабілеттерін қалыптастыру.[3]

Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – білім алушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық ойлау-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны пайдалану дағдыларын қалыптастыру және оқушы әлеуметінің ақпараттық сауатты болып өсуі мен ғасыр ағымына бейімделе білуге тәрбиелеу, яғни ақпараттық қоғамға бейімдеу. Ақпараттық технология- қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны.

Коммуникация- ақпаратты тасымалдап жеткізу әдістері мен механизмдерін және оларды жазып жинақтап жеткізу құрылғыларын қамтитын жалпы ұғым. Ақпараттық-коммуникативтік технология жағдайындағы жалпы оқыту үрдісінің

функциялары: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпараттық болжамдау және шығармашылық қабілеттерін дамытумен анықталады.

Оқытудың ақпараттық-коммуникативтік және интерактивтік технологиялары бағыттары:

- а) электронды оқулықтар;
- ә) телекоммуникациялық технологиялар;
- б) мультимедиялық жән египер мәтіндік технологиялар;
- в) қашықтықтан оқыту (басқару) Интернет.

Ақпараттық-коммуникативтік технологияны оқу-тәрбие үрдісіне енгізуде мұғалім алдына жаңа бағыттағы мақсаттар қойылады:

- Өз пәні бойынша оқу-әдістемелік электронды кешендер құру, әдістемелік пәндік Web –сайттар ашу;
 - Жалпы компьютерлік желілерді пайдалану;
- Бағдарламалау ортасында инновациялық әдістерді пайдаланып, бағдарламалық сайттар, құралдар жасау. (мультимедиялық және гипермәтіндік технологиялар).
- Қашықтықтан оқыту (Internet желісі) барысында өздігінен қосымша білім аруды қамтамасыз ету.

Оқыту құралдарының біріне тоқталсақ– электрондық оқулық. Ол білім алушыларды даралай оқытуда жаңа информацияларды жеткізуге, сондай-ақ игерілген білім мен біліктерді тесттік бақылауға арналған программалық құрал. Білім беру жүйесінде электронды оқулықтарды пайдаланып, үлкен табыстарға жетуге болады. Электронды оқулықтарды пайдалану барысында оқушы екі жақты білім алады: біріншісі-пәндік білім, екіншісі- компьютерлік білім. Электронды оқулықтарды пайдалану білім алушының өз бетінше шығармашылық жұмыс жасауына, теориялық білімін практикамен ұштастыруына мүмкіндік береді. Электронды оқулық арқылы білім алушы көптеген қосымша материал ала алады, осы алған мәліметтерін компьютерден көргендіктен есінде жақсы сақтайды, өз бетінше жұмыс жасау қабілеті қалыптасады. Осылайша жас ұрпақты оқытуда инновацияны пайдаланудың – шығармашылық жетістіктің негізгі көзі.

Электрондық оқулықпен оқытудың негізгі мақсаты-оқыту үрдісін үздіксіз және толық деңгейін бақылау, сонымен қатар ақпараттық-ізденіс қабілетін, шығармашылық қабілетін дамыту. Мұның тиімді жағы: электронды оқулықта әр сабаққа арналған бейне көрініс, анықтама сөздік, диктант, тест тапсырмаларын, қайталау сұрақтарын пайдалана аламыз. Электронды оқулықты қолдану арқылы сабақта техникалық құралдарды, дидактикалық материалдарды қолдану тиімділігі, білім алушының пәнге қызығушылығы, білім, білік, дағды деңгейін қалыптастыруы, білімнің тереңдігі, тексеру түрлері, бағалауы, практикалық дағдыларды игеруі артады. Білім алушылардың өздері де алынған ақпаратты көшіріп алып, онымен өз ыңғайына қарай жұмыс істей алады.

Қорыта келгенде, оқытушы үшін нәтижеге жету білім алушысының білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады. Бүгінгі бала- ертеңгі жаңа әлем. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, Онлайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болуы тиіс. Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағыт-бағдар беруші – мұғалімдерміз. Білім алушылардың жаңа тұрмысқа,

жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Осы үрдіспен бәсекеге сай дамыған елдердің қатарына ену ұстаздар қауымына зор міндеттер жүктелетінін ұмытпауымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы
2. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
3. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010 ж.



УДК 378.156.32

БОЛАШАҚ БҮГІННЕН БАСТАЛАДЫ

Махай Ақмаржан Маратқызы

Халықаралық Тараз инновациялық институтының студенті, Тараз, Қазақстан

Ғылыми жетекші: Фатихова Назипа Агламовна

Халықаралық Тараз инновациялық институтының педагогика ғылымдарының магистрі, Тараз, Қазақстан

*«Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу –
біздің қанымызда бар қасиет»*

Н.Ә. Назарбаев

Андатпа: Мақала қазіргі жастардың көптеген бағыттарда өздерін дамытып қана қоймай, елін сол дамыған елдердің қатарынан табылуына себепші болуы.

Кілтті сөздер: жаңғыру, болашақ жастар, білімді ұрпақ, технология

Аннотация: Статья призвана помочь современной молодежи не только развить себя во многих сферах, но и сделать свою страну одной из таких развитых стран.

Ключевые слова: возрождение, будущая молодежь, образованное поколение, технологии.

Abstrakt: The article aims to help today's youth not only develop themselves in many areas, but also to make their country one of those developed countries.

Key words: modernization, future youth, educated generation, technology.

Болашақтың жарқын болуы әрине жастардың қолында. Келешекте қалай өмір сүретіндігі, қалай білім алатыны, дамуы барлығы өз қолдарында. Қазіргі кезде дамуға барлық жағдай жасалған. Ал соны жасаған біздің алдымыздағы жастар. «Білімдіге дүние жарық, білімсіздің күні ғаріп» дегендей тек қана өздерінің бойындағы кішкене ғана жарықты оята алса жастардық алар асулары көп.

Адам ол үшін өзін осы өмірде жеке саналы тұлға ретінде қалыптастыра алуы өте маңызды. Бұлай деген себебім, ол өзін жеке тұлға ретінде қалыптастыра алғанда ғана барлығына қызығушылығы артып, ізденіп, жан- жақты адам ретінде тәрбиелей

алады. Бүгінгі педагогика ғылымдырының алдында тұрған зор міндеттердің бірі-саналы ұрпақ тәрбиелеу, жастардың қоғамдық өмірден еш уақыт қол үзбей, өз елін сүйуге, салт- дәстүр, әдет- ғұрпын сақтауға, өз тілін мақтан ете отырып өзге тілді меңгеруге ықпал жасау. Ғылыми жаңғыру, жаһандану заманға сай өз үлестерін қосу, Ел болашағын әлемге таныту бүгінгі ұрпақтың үлесінде. Еліміздің тұңғыш президенті Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Бүгінгі өскелең ұрпақымыз білімді, жан-жақты дамыған, бірнеше тілді меңгерген, нағыз өз елін сүйетін, ұлт танымды азамат болуы керек.»- деп атап өтті. «Ел болуға өзінің тілі, діні, салты мен әдебиеті-мәдениеті бар ел ғана тұғырлы бола алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз.» -деген А.Байтұрсынұлы. Танымдық белсенділікті арттырып, өз пікірін тұжырымды түрде еркін сөйлеуге, өзіне сенімді болуға өзгенің пікірін тындап, бірін- бірі құрметтеп, өз тілінде құлаштай еркін сөйлейтін саналы ұрпақ тәрбиелеу бүгінгі ел еншісі болып отыр. Сол саналы ұрпақтың жарқын болашағын жасампаз ету үшін біз білімді азаматтардың ең негізгі парасаттарын міндеттеуіміз қажет.

Мемлекет тарапынан жастарды қолдау үшін жасалып отырған «Жасыл ел», «Жастар кадрлық резерві», «Дипломмен ауылға», «Серпін-2050», «Қолжетімді баспана-2020» және тағы да басқа бағдарламалар Қазақстан жастарына арналған тамаша мүмкіндік. Жастар табанды еңбек етіп, елімізде болып жатқан оңды үрдістерге белсене қатысуы арқылы ғана жетістікке қол жеткізе алады. Сонымен қатар, жастар қоғамға пайдасын тигізіп, алған білімін еліміздің өркендеуіне жұмсайтын болса, онда келешегіміздің кемел болатыны сөзсіз. Жаңа заман тәуелсіз ел мұраты — жастардың білімі мен біліктілікке талпынып әрекеттенуін, еңбектеніп өсуін талап етіп отыр. Ал біз неге осы керемет мүмкіндікті қолданбасқа? дегім келеді. Адамның ісін адам істей алады. Тек қана өзіне деген сенімділікті арттыру керек. Елімізді көркейтіп жатқан жастар өте көп. Солардың қатарына қосылу үшін мектеп табылдырығын аттағаннан бастап білім нәрімен сусындап, білім алу қажет. Тек білім мен еңбек ету арқылы ғана жастар келешегін жасай алады.

Кез келген ел өзінің келешегін өскелең ұрпағымен байланыстырады. Әр ұрпақтың пешенесіне жазылған заман ағымы, кезең тынысы болады. ХХІ ғасыр бүгінгі ұрпаққа, яғни біздерге бұйырған бақыт деп ойлаймын. Ата-бабаларымыз болашақ ұрпақ үшін ақтық демі қалғанша күресіп, бізге егемендік алып берді. Қазақ даласы ата-бабаларымыз ғасырлар бойы арман еткен және сол жолда зор құрбандықтарға душар болып, өз тәуелсіздігін жеңіп алды. Ендігі болашақ жастардың қолында деп өлеңдетіп, жырлап жазған ақын аға-апаларымыздың өлеңдерінен де көруге болады.

Арқауы ерен ерлік дастанының,
Қайраты елге әйгі жастарының,
Желбіреп көк байрағы тұрған шақта,
Жұлдызы жарқырайды аспанының.

Елімізді көркейту, оны өзімізден кейінгі ұрпаққа жеткізу-біздің борышымыз деп білем. Ал осы дұрыс жолдан тайып, нашақорлық пен маскүнемдікке салынып жүрген жасөспірімдердің саны өсуде. Неге денсаулығымызды, жанымызды таза ұстап, талғамымыздың биіктігін білдіріп, салауатты өмір сүрмеске? Бұған не кедергі, кім кінәлі? Бұған әр адамның өзі кінәлі. Өйткені біз келешегімізді ешқашанда қабылдағымыз келмейді. Пайғамбарымыздың хадистерінің бірінде: Ішімдікпен достастым дегенше, адамгершілікпен қоштастым дейтін ұлағатты сөзі бар. Бүгінгі батыстық әдеттерден арыла алмай жүрген жастар адамгершілікпен баяғыда қоштасқан. Ондайлар өздері өмір сүрген қоғамды қайтып көктетеді? Елінің қамын

қашан ойлайды? Оны қалай қорғамақ? Осының бәрін ойлағанда қоғамды түсініп болмайсың.

Ел боламын десен, бесігіңді түзе,-дегендей, еңсесін енді ғана көтеріп келе жатқан біздің еліміз үшін дарынды, білімді, жігерлі ұрпақтардың орны бөлек қой. Ал барлық жігер, қайрат, еліміздің болашағы тек жастардың қолында. Елбасымыздың Халыққа Жолдауында: Біздің ұрпақ алдында бабалар қол жеткізген игілікті сақтау, қайта қалпына келтірілген мемлекетімізді нығайту және дүниежүзілік қауымдастық талаптарына сай жаңа сапалық деңгейге көтерілу міндеті тұр,-деп, жастарға зор сенім мен үміт артып отыр. Сол сенімді ақтап, болашағымызды жарқын қылайық.

Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарих-тың шаңына көміліп қала береді. Қазіргі жастар, ұлт болашағы жарқын болсын десек, саналы ұрпақ болайық! Адам білім арқылы дүние кілтін ашады. «Ақыл жастан, асыл тастан»-деген сөзді халқымыз жас толқынның болашағынан үміт күткендіктен айтқан.

Қорыта келе, қазіргі кезде «Жастар-еліміздің жарқын болашағы» деген қанатты сөздерді жиі айтамыз, ал сол жастардың болашағы, Отанымыздың ертеңгі тағдыры болса, соған дәнекер өзіміздің бүгінгі қызметіміздің қалай атқарылып жатқаны, қоғамға қандай үлес қосып жүргенімізге тікелей байланысты. Міне, «Саналы ұрпақ-жарқын болашақ» тақырыбындағы ойтүйінді жалпы ел жастарына бағыттаймын! Жас күш, жас толқын болып толқып, ана тілінде сайрап, өзге тілді меңгеру арқылы болашақ елдің кемел келешегін биіктерден көруге үлес қосайық, саналы ұрпақ...!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру//Егемен Қазақстан.2017. 12 сәуір.
2. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. - Алматы, «Әдебиет әлемі», 2013. -500 бет.
3. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы//Егемен Қазақстан. 2012. 15 желтоқсан.
4. Қазақстан ғылымы: талдамалық шолу. Наука Казахстана: аналитический обзор. Астана, 2013. – 192 бет.



ӘОЖ 37. 17

ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДСІНДЕ ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Нурбекова Куралай Жанабековна

**Халықаралық Тараз инновациялық институтының студенті, Тараз,
Қазақстан**

kuralai0404@icloud.com

Ғылыми жетекші: Сыдықова Құралай Өменқызы

**Халықаралық Тараз инновациялық институтының педагогика
ғылымдарының магистрі, Тараз, Қазақстан**

kuralay.umenovna67@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада оқу-тәрбие үрдісінде жаңа инновациялық әдістерді қолданудың тиімділігі мен оның зерттелуі қарастырылған.

Кілтті сөздер: интерактивті әдіс, моделі, жаһандану, интернет, инновация, компьютер, проблемалық презентация, пікірталас, миға шабуыл, сыни ойлау, конвейер, іскерлік ойындар, инсерт әдісі.

Аннотация. В статье рассматривается эффективность использования новых инновационных методов в учебно-воспитательном процессе и его исследование.

Ключевые слова: интерактивный метод, модель, глобализация, интернет, инновации, компьютер, проблемный, презентация, дискуссия, мозговой штурм, критическое мышление, конвейер, деловые игры, метод инсорта.

Abstract. The article discusses the effectiveness of the use of new innovative methods in the educational process and its research.

Key words: interactive method, model, globalization, internet, innovation, computer, problem, presentation, discussion, brainstorming, critical thinking, pipeline, business games, the insertion method.

Елбасымыздың Жолдауында: «Ұлттың бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте білім деңгейімен айқындалады» - деген байламы жеке адамның құндылығын арттыру, оны дайындайтын оқытушы жауапкершілігінің өсуі, тынымсыз еңбек, сапалы нәтиже деген ұғыммен егіз [1]. Тәуелсіз ел тірегі-білімді ұрпақ.

Демек, заман талабына сай бәсекеге қабілетті жас ұрпақты тәрбиелеуде, оқушыларға қажетті білімді меңгертудің тиімді жолдарын, әдіс-тәсілдерін талмай іздеу-әр ұстаздың міндеті. Әрбір педагог өз жұмыс тәсілі мен формасын, өз педагогикалық технологиясын таңдай отырып, білім алушылардың білімін жетілдіру бағытында жұмыс істеуі керек. Осыған байланысты әр түрлі әдістерді қолданудың қажеттігі туындайды.

Қазіргі кезеңде республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне еруге ұмтылыс бар. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды.

Ұстаздық ету жан-жақты ізденісті қажет етеді. «Нашар ұстаз шындықты қайталайды, жақсы ұстаз сол шындықты іздеп табуға үйретеді» деп ұлы ойшыл А.Дистерверг айтқандай, ұстаз еңбегінің қыр-сыры мол, қиын да жауапты [2].

Ұстаздардың сабақты жобалаудағы жауапкершілігі студенттердің нәтижелі қарым-қатынас жасауына мүмкіншіліктер туғызады. Олар аз уақытта жаңа технология жәрдеміне үлкен жетістіктерге жете алады. Оқудың дәстүрлі үрдісіне инновациялық технологияны ендіру, оқытушылар мен студенттерге дәстүрлі формаларды жаңа әдістерді жетілдіруге мүмкіндік береді, сонымен қатар жаңаларды да, атап айтқанда: тренингтер, дөңгелек үстелдер, пресс-конференциялар және т.б. Мұғалімдердің біліктілігі олардың педагогикалық қарым-қатынаста жағдаят жасауда көрінеді, онда оқытушылар да, студенттер де таңдау және бақылау мүмкіншілігіне ие болады. Инновация дегеніміз тек қана жаңалық енгізу емес, сонымен қатар жаңаны дәстүрлі оқу-тәрбие үрдісіне қолдана білу.

Жаһанданған интернет жүйесін қолдану негізінде, студенттердің сөз әрекетінің төрт түрінде де біліктілігін қалыптастыруға болады, жүйе материалдарын қолдану арқылы олардың оқу, жазу іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыруға,

сөздік қорын байытуға мүмкіндік туады. Қазіргі ақпараттық қоғам болашақ мамандар алдына мынадай міндеттер қойып отыр:

- қажетті білімді өз бетінше ала отырып пайда болған алуан түрлі мәселелерді шешу үшін оларды тәжірибеде біліктілікпен пайдалануға, өзгеріп отырған өмір жағдайларына оңай бейімделуге;

- дербес сыни тұрғыда ойлай білуге, білім беру барысында кездескен өзекті мәселелерді көре білуге, білім беру барысында кездескен өзекті мәселелерді көре білуге және жаңа технологияларды пайдалана отырып, оларды шешудің тиімді жолдарын табуға, өзінің алған білімдерін қоршаған ортада қай жерде, қалай пайдалануға болатынын саналы түрде түсіне білуге;

- әр түрлі әлеуметтік топтарда коммуникабельді, тез тіл табыса алатындай болуға, кез келген жанжалды жағдайлардан біліктілікпен шыға алуға;

- өз адамгершілік қасиеттерін, интеллектісін, мәдени деңгейін дамыту бойынша өз бетінше жұмыс жасауға қабілетті кәсіби маман болып шығу.

Мұның өзі еліміздегі білім беру жүйесінің бұрынғы қалпында қала алмайтындығын, оның әлемдік тәжірибелерді негізге ала отырып даму қажеттігін көріп те, сезіп те отырмыз.

Білім берудегі инновация дегеніміз компьютерлерді қолдану арқылы осы жүйеде ақпараттық жабдықтамаларды барынша тиімді пайдалану. Мұндағы басты деп айтуға болады. Жаңалық компьютер тек оқушы қолындағы құрал ғана емес, оған қоса төмендегідей маңызды педагогикалық мәселелерді шеше алады:

- оқушының қабілетіне қарай үйрету ісін ұйымдастыру;
- сабақтағы жұмыс тәсілдерінің тиімді түрін таңдау;
- сабақ жүргізудің ыңғайлы жүйесін жасау.

Қазір бүкіл әлемде индустриялық қоғамнан интерактивті қатынас жасауға, оны жүзеге асыратын техникалық мүмкіндіктерді дамытып отыра алатын ақпараттық қоғамға көштік. Бүгінгі күні сабақтарда оқытушылар инновациялық әдістер мен ақпараттық технологиялар қолдануда. Интерактивті әдістер арқылы студенттердің ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, қызығушылығын тудыру, белсенділігін арттыру, жауапкершіліктерін арттыру, өзін-өзі бағалауы, шешім қабылдауы, ынтымақтастық пен сенім орнатуы, ең негізгі мақсат болып айқындалады.

Оқушылардың танымдық көзқарасын байыту, ақыл-ой қабілетін жетілдіру, өзіндік ойлау және өмірлік ұстанымын қалыптастыру мұғалімнің шеберлігіне, шығармашылық қабілетіне байланысты. Теориялық білімді игерту мен жаңғырту және жаңа жағдайға іс жүзінде лайықтап қолдануға үйреткенде ғана оқушылардың алған білімі мен біліктілігі шынайы да нақтылы қалыптасады. Осындай жолмен қалыптасқан білім мен біліктіліктің танымдық маңызы да зор болады.

Ақпараттық және педагогикалық технологиялар негізінде мұғалімнің рөлін түбегейлі өзгертуге мүмкіндік туды. Мұғалім тек қана білімді алып жүруші ғана емес сонымен қатар оқушының өзіндік шығармашылық жұмысының жетекшісі және бағыт берушісі болып анықталды. Осыған орай сабақ беру үрдісінде қазіргі күннің, яғни инновациялық әдістерді оқытудың интерактивті оқыту моделі болып табылады. Инновациялық әдістердің ең негізгісінің бірі — «интерактивті оқыту әдісі». Негізгі қағидасы-педагогикалық қарым-қатынас пен қарым-қатынас диалогы арқылы жеке тұлғаны қалыптастырып дамыту. Интерактивті әдістерге мыналар жатады:

1. Проблемалықшығармаәдістері
2. Презентациялар

3. Пікірталастар
4. топпен жұмыс
5. Миғашабуыләдісі
6. Сын тұрғысынан ойлау әдісі
7. Конвейер әдісі
8. Мини зерттеулер
9. Іскерлік ойындар
10. Рөлдік ойындар
11. Инсерт әдісі т.б

Оқытушылар осы аталған интерактивті әдістерді қолдану арқылы студенттердің қызығушылығы мен белсенділігін арттырып, алынған мәліметтерді шығармашылық тұрғыдан қайта өңдеп отырады.

Практикалық сабақта сын тұрғысынан ойлау стратегиясын қолданғанда төмендегідей жетістіктерге қол жеткіздік:

- Сабақ ойын формасында өтетіндіктен, оқушы оқу материалын тез қабылдайды;
- Студенттердің сабаққа қатысуын тасартады;
- «Енжар» студент белсенді студентке айналды;
- Студенттердің жауапкершілік сезімі артты;
- Бір-бірінен қалмауға тырысты;
- Студенттердің өз ойын жеткізе білу қабілеті артты;
- Студенттердің ескетісі руқаблеті шынықты;
- Студенттердің оқу материалын толықтай меңгеруіне жол ашылды, студенттердің жаңа тақырыпты бір-біріне өздері түсіндіреді, оқытушы межелеген жоғары талаптардан шығу мақсатында еңбек етті.

Жалпы «Сын тұрғысынан ойлау технологиясының» 90 түрлі стратегиясы бар, солардың ішіндегі - Даралық пен ұқсастық, Венн диаграммасы, Галереяға саяхат, INSERT кестесі, ББҮ стратегияларын оқытушылардың сабақтарында қолданып жүргенін мектепте де, институтта да көріп, қатысып жүрміз.

Бұл оқыту ойындар арқылы студенттердің білімге, үйренуге деген құштарлықтары оянып, оқу қызметінен жағымды эмоциялар алып, қанағаттанады.

Инсерт (түртіп алу) жүйесі. Бұл тәсіл бойынша оқу материалы дайын күйінде беріледі, мәтінді оқып отырып оның бір жақ шетіне немесе кесте түрінде жазылады: «V» — білемін «+» мен үшін жаңа «-» басқаша ойлаймын «?» — түсінбедім, тереңірек білгім келеді., Венн диаграммасы – екі затты алып, олардың ерекшеліктері мен ұқсастықтарын салыстыру.

Қазірдің өзінде студенттер топпен, жұппен жұмыс атқара біледі. Өз ойларын ашық, нақты айта алады және сыни тұрғыдан ойлай біледі. Студенттердің сабаққа деген қызығушылықтары артып, топтың білім сапасы көтерілді. Егер де жаңа технология элементтерін сабақта өз дәрежесінде ұйымдастыра білуді үйренсек, өз нәтижесін береді деп ойлаймын. Баяндамамыз Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың мына сөзімен аяқтағым келеді: «Еліміздің ертеңі бүгінгі ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздың қолында» [3].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сарбасова Қ.А. Инновациялық технологиялар. Алматы, 2015.
2. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. – //Қазақстан мектебі, №4, 2014.

3. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А., 2018.



УДК 811.110

LEARNING ENGLISH GRAMMAR AT AN INTERMEDIATE LEVEL

Нышанова Аружан Сериккызы

Халқаралық Тараз инновациялық институтының студенті.

Тараз, Қазақстан

Ғылыми жетекші: Таласбаева Мадина Ерқазықызы

Халықаралық Тараз инновациялық институтының педагогика

ғылымдарының магистрі. Тараз, Қазақстан

Аңдатпа: CEFR, Intermediate жалпыеуропалық тілдік құзыреттілік шкаласы бойынша тілді орташа меңгеруге жатады және B1 деңгейіне сәйкес келеді. Орта деңгей оқушыға білім беруден бастап кәсіби деңгейге дейін үлкен мүмкіндіктер ашады. Intermediate level ЖОО-ға түсуге және жұмыс берушіде әңгімелесуден өтуге мүмкіндік береді. Бұл оқушыны ағылшын тілін сенімді меңгеруге жақындататын маңызды қадам.

Түйінді сөздер: деңгей, орта білім, ағылшын тілі, сәйкестік, оқыту.

Аннотация: По общеевропейской шкале языковой компетенции CEFR, Intermediate относится к среднему владению языком и соответствует уровню B1. Средний уровень открывает большие возможности для учащегося – от образовательных до профессиональных. Intermediate level позволит поступить в ВУЗ и пройти собеседование у работодателя. Это важная пороговая ступень, которая приближает ученика к уверенному владению английским языком.

Ключевы еслова: Уровень, среднее знание, английский язык, соответствие, обучение.

Annotation: According to the common European scale of language competence CEFR, Intermediate refers to the average language proficiency and corresponds to level B1. The intermediate level opens up great opportunities for the student – from educational to professional. Intermediate level will allow you to enter a university and pass an interview with an employer. This is an important threshold step that brings the student closer to a confident command of the English language.

Keywords: Level, average knowledge, English, compliance, training.

Intermediate level – what is it?

So, what gives the holder Intermediate level. This level allows the student to talk freely on various topics – from professional to everyday. The fluent speech of native speakers no longer confuses the student, at the usual pace he understands almost everything. Employers often require employees to know at least Intermediate English, which means they expect employees to have a good level of language proficiency. So the coveted average level indicated in the resume will certainly add to the applicant's chances of working in the company.

With this knowledge, you can pass international exams, for example, when applying to study in English-speaking countries. Knowledge of English at the Intermediate level and a special preparatory course for the exam will allow the student to score from 4.0 to 5.0 on IELTS, from 57 to 86 on TOEFL iBT and get good scores on PET. Such results will allow you to enter a university, including a foreign one. However, most often in a foreign university you will have to study for another year at preparatory courses, the so-called Foundation, before you start studying in the profile direction.

Readiness to study at the Intermediate level

Before you start studying at this stage, you need to make sure that you have passed the previous levels of English. Intermediate is a serious step forward, so there should be as few gaps as possible. Some signs that will help you understand that the student is ready to study at the threshold level:

I finished studying Pre-Intermediate and the level determination test confirmed the necessary language proficiency;

speaks fluently and maintains a conversation on personal and abstract topics, clearly expresses his thoughts and feelings;

understands the speech of a native speaker if the pace of speech is measured, and the interlocutor speaks clearly;

knows basic English grammar and uses different tenses in speech;

watches movies and TV series with subtitles;

has a good vocabulary and can always immediately remember the necessary word;

I studied Intermediate English in the past, but I forgot.

The course of study lasts on average from 6 to 9 months, but largely depends on the motivation and abilities of the student. Initial knowledge is very important, they guarantee that during the course time in the lesson will be spent only on materials at the level, not lower. Knowledge of Intermediate English is the final stage in the study of new materials. Further training will mainly be based on the deepening of existing knowledge.

Topics for the Intermediate program

Since Intermediate is the final stage in the formation of the grammatical base, among the materials there will be not only many familiar topics, but also new grammatical constructions. The skills practice will take place on the following grammatical topics: four aspects of the present tense: Present Simple, Present Continuous, Present Perfect, Present Perfect Continuous; four aspects of the past tense: Past Simple, Past Continuous, Past Perfect, Past Perfect Continuous; verbs of state and verbs of action (Action and state verbs); types of future tense: Future Simple, to be going to, Present Continuous; constructions used to do and to be/get used to; turnover to have something done (Causative); Modal verbs: must, have to, should, may, might, can, could, to be able to; non-personal verb forms: Gerund and Infinitive;

Degrees of Comparison of adjectives (Degrees of Comparison); Articles: a/an, the, no article any, some, few, a lot of, a piece of (Quantifiers) conditional sentences of three types and subordinate clauses of time (Conditionals, Future time clauses); distributive and restrictive subordinate clauses (Relative clauses); indirect speech with statements, questions and orders (Reported Speech); passive Voice; dividing question (Tag question); Phrasal verbs. Intermediate complements vocabulary topics with new interesting areas. If classes are held in a group, there will be plenty of topics for discussion:

Family and Personality;

Appearance and character;

Professions, Money and Success (Jobs, Money and Success);
Business (Business);
Education;
Modern manners;
Morality and ethics (Moral Or Ethical Standards);
Transport and Traveling;
Places to live;
Nature and Environment;
Climate and Natural disasters;
Communication;
Television and Media;
Film industry and films (Cinema and Movies);
Advanced technologies of the modern world (Cutting-Edge Technology);
Art (Art);
Shop and Shopping;
Food and Restaurants;
Lifestyle;
Sports and training (Sport);
Friendship;
Dates and Romance;
Problem and Success (Challenges and Success);
Good and Bad Luck;
Social Issues;
Crime and Punishment.

Intermediate English is an opportunity to communicate with native speakers on a wide range of topics - from your favorite movie to acute social problems.

Intermediate level learning outcomes

After a few months of training, the student will significantly increase his knowledge. Progress will be visible in all four skills - Listening (listening to speech), Reading (reading), Writing (writing), Speaking (speaking). To fully reflect the results, two more criteria can be distinguished — Vocabulary (vocabulary) and Grammar (grammar).

Listening

This level involves more complex tasks and listening texts, so at first there may be problems with them. But as a result, the student will be able to listen to long recordings without pauses, understand not only the general meaning, but also the details. Adapted recordings will be easily given to the student, so watching TV shows in English will be a good workout, the student will be able to watch TV shows with simple vocabulary without subtitles. Knowledge of English at the Intermediate level includes various accents, so that the student will be able to understand people for whom English is not their native language.

Reading

The complexity of the texts for reading is already much higher, although it is still adapted to the Intermediate level of literature. The student will be able to express his opinion about the text, analyze it, tell about the characters. Some works in the original will already be within the power of the student, so you can arm yourself with a dictionary and study the works of classics. The student will also be able to read magazines or articles on the Internet.

Writing

To learn more

At this stage, various types of letters will be studied in detail. The student will be able to write not only informal, but also official letters. It will not be a problem to fill out a questionnaire, a declaration, a postcard, a review. He will be able to compose his resume, write an article or tell some life story in writing – a strong grammatical foundation and an extensive vocabulary guarantees this. Having mastered the Intermediate English level, the student will easily be able to correspond with native speakers.

Speaking

This is a turning point in language learning, which involves self-mastery of the language. In other words, the student really talks, quite fluently and competently. The student correctly combines sentences, phrases, uses phrasal verbs and idioms. He will be able to conduct a conversation in almost any situation, to argue his point of view.

Vocabulary

The level of English intermedia increases the vocabulary to 2000-3000 words. These are not only common phrases and expressions that the student remembers right in the context, but also basic business vocabulary, knowledge of which will necessarily affect the conversation with a future employer.

Grammar

To learn more

Grammar is perhaps the widest spectrum for determining the threshold level. Grammar at the Intermediate level assumes that the student:

Knows all tenses of English: Present, Past and Future Simple; Present, Past and Future Continuous; Present, Past and Future Perfect; Present, Past and Future Perfect Continuous.

Knows how to understand sentences with the constructions used to and to be used to, for example: I used to eat much and I'm used to getting up late.

Understands the difference between the types of future tense: I'm going to meet Sarah; I'm meeting Sarah tomorrow at 7 p.m.; I'll meet Sarah next week. Knows the difference between modal verbs and their equivalents: He mustn't go away and He doesn't have to go away. Understands the difference between words that denote quantity. For example, little and few.

Understands the difference between a gerund and an infinitive: I stopped to eat fast food and I stopped eating fast food. Knows how to use the degrees of adjectives: easy - easier – the easiest.

Knows how the types of conditional sentences differ: If you stay there, we won't go either, If you stayed there, we wouldn't go either and If you had stayed there, we wouldn't have gone either.

He knows in which situations a causative phrase can be used: I want to have my hair cut.

Knows how to ask a clarifying question: Has she never been there, has she?

Knows how to translate different types of direct speech sentences into indirect: He asked Sarah: "Where are you going?" - He asked Sarah where she was going.

To learn more

First of all, the intermediate level is a solid foundation for the successful use of the language, an extensive vocabulary and a clear understanding of grammar. Intermediate level means new opportunities in all spheres of life. Career growth, study abroad, new travel experiences. English at the Intermediate level is the moment when boundaries begin to blur and barriers disappear, so it is important not to stop there.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Щукин, А.Н. Обучение иностранным языкам. Теория и практика: учебное пособие / А.Н. Щукин. - М.: Филоматис. - 2007. - 480 с.
2. Byram, M. Acquiring intercultural competence. A review of learning theories / M. Byram // Intercultural competence. A new challenge for language teachers and trainers in Europe. Vol.1: The secondary school / Ed. by L. Sercu. - Aalborg University Press, 2005. - P. 53-67.
3. Meyer, M. Developing transcultural competence: case studies of advanced foreign language learners / M. Meyer // Mediating languages and cultures / Ed. by D. Buttjes and M. Byram. - Clevedon: Multilingual Matters, 1991. - P. 133-141.
4. Почепцов, Г.Г. Прагматическое понимание иноязычной культуры / Г.Г. Почепцов // Народы Забайкалья: межкультурный диалог: сб. науч. трудов. - Чита: Изд-во Заб. ГПУ, 2006. - С. 24-30.
5. Маров, В.Н. Прагматика и стилистика текста / В.Н. Маров. - Алма-Ата: Казах. гос. ун-т, 2008. - 50 с.



УДК: 316.12.1

ЖАСТАР ҚОҒАМНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ**Орынбасар Сымбат Полатқызы****Халықаралық Тараз инновациялық институтының студенті,
Тараз, Қазақстан****Ғылыми жетекшісі: Келімбетова Айнұр****Халықаралық Тараз инновациялық институтының оқытушысы,
Тараз, Қазақстан****Kelimbetova94@mail.ru**

Аңдатпа: Жастар – қашанда қоғамның қозғаушы күші. Болашағын бағамдайтын мемлекет жастарының санасының ояу, білімінің жоғары болуына басты мән береді. Білім мен ғылымның салтанат құруы Отанның еңсесін ешкімге бастырмауға сеп болатынын бүгінгі заман дәлелдеп отыр.

Кілтті сөздер: Болашақ жастардың еңбекқорлығына, талап-тілегіне, арман-мұратына, және де ұлт тәрбиесіне.

Аннотация: Молодежь всегда является движущей силой общества. Государство, которое дорожит будущим, уделяет особое внимание пробуждению умов молодежи, высокому образованию. Новое время доказало, что торжество образования и науки поможет удержать Родину на плаву.

Ключевые слова: трудолюбие, стремлениям, мечтам и воспитанию будущей молодежи.

Annotation: Youth is always the driving force of society. The state, which values the future, pays special attention to the awakening of the minds of young people, high education. Modern times have proved that the triumph of education and science will help to keep the Motherland afloat.

Key words: to the diligence, aspirations, dreams and upbringing of the future youth

Бүгінгі таңда жастар қоғамдық бірлестіктерінің көпшілігінің жұмысы бірізділенді. Олар нақты істермен шұғылдануға бейімделген. Жастардың бұл белсенділігін азаматтық қоғамның дамуына қосқан үлесі деп білемін. Осы тақырыпты алған себебім, болашаққа деген үмітім зор екенімді білдіреді, қазіргі уақытта өмір сүргенімді мақтан етемін. Тәуелсіз Қазақстанның кішкентай ғана тұрғынымын.

Мен жанбасам лапылдап,
Сен жанбасаң лапылдап,
Біз жанбасақ лапылдап,
Аспан қалай ашылмақ.
Назым Хикмет Ран

Бибігүл Төлегенова апамыз төмендегідей айтқандай:

– Ересек адамға бір нәрсе туралы кеңес беру қиын, өйткені ол бұрыннан қалыптасқан. Ал жастарға кеңес беремін - Жастар болашақ туралы ойлану керек...

Жастарды тәрбиелеудің маңызы жайында Елбасымыз Нұрсылтан Әбішұлы Назарбаев атамыз айтқандай: «Қазақстанның болашағы – бүгінгі жастар деп сенеміз. Сіздер оларға қалай білім берсеңіздер, Қазақстан сол деңгейде болады», – деп атап көрсеткен болатын.

Еліміздің болашағы жастардың еңбекқорлығына, талап-тілегіне, арман – мұратына байланысты. Олар ата – бабаларымыздан мұра болып келе жатқан құндылықтарымызды, тарихи дәстүрлерімізді жаңғыртып, оны алға бастырып қана қоймай, экономикасын, ғылымын да дамытуға, жігерлене ел үшін еңбектенуге міндетті.

Дейтұрғанмен, қазіргі таңда еліміздегі кейбір жастарымыздың теріс діни ағымға еріп, саналарының көз алдымызда улануы ойландыратын мәселе болып отыр. Шетін көзқарасты діни ағымдардың кейбір жастардың білім мен ғылымға деген ынтасын жойып, өзге мәдениет пен теріс құндылықтарды насихаттап, жастар арасында жанжал тудыру жағдаяттары орын алып келеді.

Өркениетінің алыстығы теріс жолға түскен жастарымызды ортаға сіңімділігін төмендетіп, өз алдына орта қалыптастыруға алып келетіні сөзсіз. Сонымен қатар, ол орталарда қосалқы мәдениет қалыптастыратынын да жоққа шығара алмаймыз. Бұл жерде діннің атын жамылған ағымдардың діни-психологиялық және әлеуметтік тартымдылығы өз алдына бөлек мәселе.

Психология саласының мамандары адам баласының құбылыс екендігі, кез келген ортада психологиялық әрі әлеуметтік мәжбүрлікпен болған жағдайда, сол ортаның жалған идеяларына сіңісіп, ол идеяларды өте келе ақиқаттай көретінін алға тартады.

Жастардың қай замандарда болмасын, әрқашан қоғамда үлкен әлеуметтік күшке ие болғанын байқаймыз. Олар әрдайым қоғамның ең белсенді мүшесі әрі жұмыс күші болып табылған. Оның үстіне бүгінгі жастың ертеңгі елдің тұтқасын ұстайтын басшы боларын ескерсек, олардың қоғам үшін маңызы арта түседі.

Сондай-ақ жастарда үлкен, әрі жүзеге асырылмаған қуаты мен мүмкіндіктері де бар екенін ұмытпауымыз қажет. Ал, бірақ басқа қырынан қарасақ, салыстырмалы түрде жастар қоғамда әлеуметтік жағынан ең аз қамтылған топқа жатады. Яғни, басында баспанасы мен жұмысы жоқтар, білім алуға да мүмкіндігі аз категориялары бар. Сондай-ақ әлі өмірлік тәжірбиесі қалыптаса қоймаған және сезімге ерік беретін жастар, көбінесе өзіне ұнаған кез келген бір идеяның соңынан

еруге дайын тұрады. Мұнан көріп тұрғанымыздай, жастар – қоғамның ең күшті әрі ең осал тұсы. Көптеген қоғамға таңсық, оның тыныштығын бұзатын идеялар жастар арқылы таралатыны тарихтан белгілі.

Бүгінгі күні діншілдік, діни мәдениеттің қалыптасу қарқынынан озып кеткенін байқаймыз. Бұл өз кезегінде радикалды идеологияның қалыптасуына ықпал етеді. Ал радикалданудың салдары жақсылыққа апармайды. Сондықтан діндарлықтың тым жылдам өсуі қауіп-қатерлер әлеуетін арттыруы мүмкін.

Дін саласындағы өкілетті мекемелер мен сарапшылардың пайымдауы бойынша сарапталған мәселелер жастардың теріс діни ағымдарға арбалуына негіз болатын факторлардың өзектілері болмақ.

Ал, мемлекет бұл тұрғыда қандай шараларды уақытында қолға алып, алдын алу шараларын жасамақ деген мәселеге оралсақ. Бұл тұрғыда тәуелсіз сарапшылар тарапынан мемлекет себебімен емес, салдарымен ғана күресуде деген сыңар езу мәселелерді айтуда. Алайда, мемлекет тарапынан бұл бағытта арнайы министрлік құрып, ол министрлікке жастар саясатын бағындыруының маңызы бар.

Өйткені дін – санаға әсер ететін күш. Ал сана жастардың өмірлік ұстанымдарын қалыптастырып, ынта мен күш-жігерлерін арттырушы. Саналық негіз қалай қалыптасса, үйдің іргетасы секілді жастарда солай қарай бой түземек.

Бұл туралы данышпан Абай атамыз: «Адамның жақсы болуы тегінде емес, тәрбиесінде. Тәрбие ата-анасы, ұстазы, ортасы арқылы қалыптасады. Жас өсе келе қай органы жақсы көрсе, сол ортаның ықпалы жастардың санасына көп ықпал етеді», – деген болатын қара сөзінде.

Тәрбиедегі қамқорлық – маңызды құбылыс. Сонымен қатар, көптен бірге адаспай, жалғыз жүріп жол тауып, сол дұрыс жол арқылы көпті тәрбиелеудің маңыздылығының жоғары екенін ұққандаймыз.

Сонымен қош делік. Жастардың теріс діни ағымдарға тартылуының негізгі себептерін саралап өтсек. Оны қазіргі уақытқа дейін сарапталған мәселелермен қатар, жаңаша көзқарастар да қалыптасып үлгерді. Сараптама қорытындылары көрсеткендей, жастарды адастыратын теріс діни ағымдардың айла-әдістері сипаттасақ.

Олар: адастыратын ақпаратқа толы интернет пен әлеуметтік желілердің санын арттыру, санаға жеңіл фанатистік қуаты мықты теріс діни әдебиеттерді көптеп шығару, санаға жеңіл діни догмалар мен шаблондардың тартымдылығын арттыру және насихаттау, әлеуметтік мұқтаждықтары бар жастарды қаржылық ынталандыру, психологиялық тартымдылық арқылы теріс ортаға бейімдеу, отбасындағы махаббаттың жетіспеушілігі мен діни қызығушылығын оңтайлы пайдалану, жастарды бойына діншілдік психологияны діни мәдениеттен арттыра насихаттау, әлеуметтік қиындықтарының эмоцияларын жалған діни догмалар арқылы шығаруға итермелеу, психологиялық күйзелістер шеңберінде жүрген жастарға демеу болу деген секілді бірқатар діни-психологиялық әрі әлеуметтік мәселелер.

Қорыта келе: Қазақстан қоғамында қазіргі кезде бұрынғы ұрпақтардан айтарлықтай өзгеше, мүлдем жаңа зияткерлік тап: жаңа бағдар ұстанған, құндылық ұстанымдары ұтымды экономикалық іс-қимылдар арқылы табысқа жетуге бағытталған жастар табы қалыптасты. Еліміздің ертеңі, мемлекетіміздің жарқын болашағы білімді де, білгір жастардың қолында. Жастар алдыңғы буын ағалардың жолын лайықты жалғастырып, өздерінің сенімді ізбасар екенін дәлелдеуде. Қай заманда болмасын қоғамның қозғаушы күші – жастар. Бүгінде жастар қоғамның қозғаушы күші ретінде озық идеяларымен қаруланып, еліміздің дамып, өркендеуіне

барша үлес қосып келеді. Алдағы уақытта тәуелсіздігіміздің тамырын тереңдетіп, Қазақстанды іргелі мемлекетке айналдыру біздің қолдарымызда, яғни болашағымыз жастардың жауапкершілігінде. Сондықтан жастар қауымы уақыттың кез — келген сынағына дайын болып, бәсекеге төтеп беруі керек. Санасы сергек, замандық технологияларды меңгерген Отанымыздың нағыз патриоттары ғана осындай сынақтардан сүрінбей өте алмақ.

Жастар жас шыбық сияқты. Қалай исең солай иілуге әзір. Сол себепті жастардың ойын да, бойын да түзу өсіруге халықтың басты парызы. Жастар – жердің, елдің иесі, қазақ елінің рухани тәуелсіздігінің биік тұғыры.

Мен осылай деп ойлаймын, әрбір жас жүрек өзінің туған Отаны – Қазақстанын жанындай сүйіп, танып, оған табынып өсуі қажет. Сонда ғана жас ұрпақ бойында патриоттық сезім ұялап, келешегіміз кемелдене түспек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Елбасымен бірге - жаңа жеңістерге» жастар форумы. – Астана, 2015 жылғы 10 сәуір (<http://www.inform.kz>)
2. Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған Жастардың республикалық форумы. - Астана, 2016 жылғы 14 қазан (<http://www.inform.kz>)
3. Н.Ә. Назарбаевтың жолдауы - «Қазақстандық жол-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». – Астана, 2019 жыл.



ӘОЖ 811.512.122

ҰЛТЖАНДЫЛЫҚ-БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ

Өмірәли Динара Нұрланқызы

Халықаралық Тараз Инновациялық Институтының студенті, Тараз, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі: Ажибаева Роза

Халықаралық Тараз инновациялық институтының педагогика
ғылымдарының магистрі, Тараз, Қазақстан

«Ұлтжандылықты ауаның деңгейіне көтерген үш халық болса, екеуі - француздар мен поляктар, екі халық болса - тағы сол екеуі. Ұлтшылдықпен тыныстау олар үшін табиғи нәрсе. Парижде қайтқан Шопеннің жүрегін Варшавадағы шіркеуге мирас қылғаны ұмыт қалмайды».

Асқар Сүлейменов

Андатпа: Мақалада ұлтжандылық әрбір ұлт үшін қажет, ұлтжанды ұлтшыл болу арқылы ғана ұлттың тілін, салт-дәстүрін, ерекшеліктері мен ұлттық мемлекетін сақтап, дамытуға болатынын көрсетеді.

Кілтті сөздер: ұлтшылдық, ұлтжандылық, қазақ тілі, ұлт, патриотизм, Отан, мемлекет құрушы

Аннотация: В статье показано, что патриотизм является необходимостью для каждого народа, и только через патриотический национализм можно сохранить и развить национальный язык, традиции, черты и национальное государство.

Ключевые слова: национализм, патриотизм, казахский язык, нация, Родина, основатель государства

Annotation: The article shows that patriotism is a necessity for every nation, and only through patriotic nationalism can one preserve and develop the national language, traditions, traits and the national state.

Keywords: nationalism, patriotism, Kazakh language, nation, Motherland, founder of the state

Қазақ халқы – мәдени бай мұрасы, өзіне біткен табиғи ерекшелігі бар, сергек ой, сезімтал жүрек, дәстүрлі тәрбие, әдіс-тәсілдері бар халық. Тәлім-тәрбие берудің басты саласының бірі – ұлтжандылық, халқы үшін адал қызмет ету. Ұлтжандылықтың, елін сүюдің ғажайып күш екендігін терең сезінген ежелгі қазақ ақын-жыраулары, ойшылдары өз шығармаларына осы тақырыпты үнемі арқау етті, көп көңіл бөліп, халықты елі үшін жанын пайда етуге, жастарды елжандылық рухта тәрбиелеуге баса көңіл бөлді. Жастарды ұлтжандылық рухта тәрбиелеу ХІХ ғасырдағы қазақтың ақиық ақыны, жауынгер жыршысы Махамбет Өтемісұлының өлеңдерінде өзекті орын алады. Ол жастарды ерлікке, отан сүйішілікке, ар-намысты қорғауға, адамгершілікке уағыздайды. Ақынның қай өлеңін алсақ та, халыққа адал қызмет ет, еліңді, жеріңді жаудан қасық қаның қалғанша қорға, әділет үшін, халық үшін өкінбей өлу азамат ердің ісі деген аталы сөздер өрнектеледі. Махамбет, Ақтамберді, т.б. ақын-жыраулар шығармасында ерекше сөз болатын ерлік, Отанын, елін, жерін жаудан қорғай білушілік, отбасы, ауыл-аймақ, ел намысын қорғау жолында жан аямаушылық сияқты ізгі қасиеттерді дәріптей отырып, жастардың бойына ұлтжандылық қасиетін сіңіре аламыз.

Кез келген бала тәрбиесіне қатысы бар адам не мекеме өз алдына мен бала бойына ұлтжандылық қасиетін сіңдіремін, бала бойында бұл қасиет міндетті түрде кездесу керек деген Адамгершілік тәрбиесінің құрамды бөлігі – ұлтжандылық, отаншылдық (патриоттық) қасиеттер. Патриоттық сезім және ұлттық құндылықтарды құрметтеу арқылы Отанға деген сүйіспеншілік артып, оның қуатты, тәуелді болуы үшін жауапкершілікті сезіну пайда болады. мақсат, міндет жүктеп алуы қажет.

Ұлтжандылық деген бұл- ұлы сезім. Адамды ажарландырып, нұрландырып, жігерлендіріп жібереді. Қазақ халқының саны тым аз. Сондықтан біз ұлттың сапалы болуын ойлауымыз керек. Ол үшін нағыз білім болуы керек. Тек диплом алу үшін білім қуудың қажеті жоқ, білімнің ұшан-теңіз тереңіне бойлай білуіміз керек. Алаштың азаматтары «Сегіз қырлы, бір сырлы» болған. Сыры- осы ұлтжандылық. Олар нағыз қазақ бола білді. Біз қазақтығымызды жүрегімізбен сезінуге тиіспіз.

Ұлтжандылық әрбір ұлт үшін қажет, ұлтжанды ұлтшыл болу арқылы ғана ұлттың тілін, салт-дәстүрін, ерекшеліктері мен ұлттық мемлекетін сақтап, дамытуға болады. Таза национализм, яғни өз ұлтыңды сүюді білдіретін ұлтжанды ұлтшылдық ұғымы – жағымды құбылыс, ол ұлттық мемлекет құру үшін аса қажетті рухани құндылық. Ұлтшылдық – өз ұлтыңа деген сүйіспеншілік, ұлттық ерекшеліктеріңе мақтанышпен қарау, салт-дәстүрлеріңді сақтап, ана тілде сөйлеу, қысқасы, өз шыққан тегіңе, ұлтыңа тән барлық белгілер мен ұстанымдарға қатысты асқақ та позитивке толы сезім. Ұлтшылдықтың ауқымы кең, ол саяси, қоғамдық немесе мәдени сипаттағы қозғалыс емес және ұлттық өмірдің барлық саласын қамтиды. Саяси режимдер ауыса береді, экономика да сан алуан жолдармен дамиды, ал ұлт өзінің ерекшеліктерін сақтап, қоғамдық өзгерістерге бейімделе отырып өмір сүруін

жалғастырады. Осылайша, ұрпақ алмасу, мәдени мұраны үзбей, ұлттық болмысты жоғалтпай болашаққа қадам басу жүзеге асады. Ал ұлттық сана-сезімін, болмыс-бітімін жоғалтқан ұлт жер бетінен жойылады.

Ұлтшылдық мәселесінде ерекше мән беретін маңызды ерекшелік – ол тек бір ұлтты мақтап, асыра сілтеуді ғана білдірмейді, ұлтшылдықта сынға да орын бар. Ұлттың бойындағы кемшіліктерді сынап көрсетіп, олардан арылудың жолдарын іздеп, қайғырып-қамықпаған ұлтшыл ойшыл жоқ шығар. Абай атамыздың «Қара сөздеріндегі» қазақтың бойындағы кемшіліктердің айтылуы осыдан, Алаштың ұлтжанды қайраткерлері де «Айқап», «Маса», «Қазақ» басылымдары арқылы өз ұлтының кем-кетігін айтып, жоғын жоқтады. Бұл тұрғыдан алғанда, ұлтшылдық – ұлттың өзін өзі сақтау инстинк іспетті аса қажетті қасиет. Ресей ойшылдары да орыстың олқылықтарын ашына көрсетіп, қаншама сыни шығармаларын жазды. Әлемдегі басқа ұлттардың ойшылдары да солай, өз ұлтын сүйгендіктен, жақсы қасиеттерін асқақтатып мақтаса, жаман қылықтарына ұялады, жаны ашығандықтан кемшіліктерін сынап, ұлтының мықты болуын армандайды. «Сын түзелмей, мін түзелмейді» деп, нағыз ұлтшылдар жақсы мен жаманды қатар көре біледі. Ұлдары ұлтшыл келетін, сол ұлдарын ұлықтай білетін ұлт ұлы болмақ. Ал керісінше, ұлтын сүйетін ұлтшыл ұлдарын ұрыдай көріп, қуыстанған ұлт түбі ұтылады. Елдің өркендеуі мен дамуын үнемі және біржақты насихаттай беру де ұлтшылдықтың халықты ұйыстырудағы қызметіне теріс әсерін тигізеді. Бірақ бұл бас салып Үкіметті, еліміздің саясатын сынау емес, осы мәселеге өзін қандай үлес қосып жүрмін деген сауал төңірегінде ойлану. Қиыншылықтардың бар екендігін және оның себептерін анықтап, оларды еңсерудің жолдарын көрсету, оған әрқайсымыздың саяси сілкінісіміздің, рухани жаңаруымыздың, ұлтжандылығымыздың қажет екендігін түсіндіру арқылы отаншылдықты жандандыруға болады. Бұл көп жағдайда халықты, ұлтты кез келген қиындықты жеңуге жұмылдыруда тиімді қызмет атқаратынын ұмытпауымыз керек.

Ұлтымыздың болашағы зор, бәсекеге қабілетті әрі сапалы болуы үшін әрқайсысымыз бала тәрбиесіне ерекше мән беруіміз қажет. Бұл міндет жүзеге асуы үшін ата-аналардың ұлттық намысы берік болуға, ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрді қастерлей білуге тиіс. Ең бастысы – әр қазақтың өз ұлтына, тіліне, діліне, елі мен жеріне деген мақтанышы мен сенімі мол болуы қажет. Ондай мақтаныш сезімі қай кезде болады? Әрине, еліміз дамып, халықтың әл-ауқаты артып, өмір сапасы жақсарып, білім-ғылым мен мәдениет көркейіп, заң алдында бәрі тең болатындай құқықты және қауіпсіз қоғам орнаса Қазақ елі үшін бәріміз мақтанып, халқымыз өз Отаны үшін жанын қиюға даяр болары сөзсіз. Бұл біз ашқан жаңалық емес.[1]

Ұлттық мемлекетті нығайту үшін, ең алдымен, мемлекетқұраушы ұлттың саны мен сапасын жақсарту қажет деген қағида баяғыдан бар. Дамыған елдер бұл қағидаға имандай сенеді және оны шынайы жүзеге асырып та жатыр. Ал біздегі жағдай қалай? Қазақстандағы мемлекетқұраушы ұлт – қазақ ұлтының саны мен сапасын жақсарту үшін бізге әлі де көп еңбектену қажет. Қазақтар көп қоныстанған ауыл-аймақтарды дамыту, тұралаған ауыл шаруашылығын көтеру, жастарды баспанамен қамту, ауылдық жерлердегі өмір сапасын жақсарту, шетелдегі қазақтарды жинау және т.б. Қазақ ұлты мықты болмай, Қазақ елі мықты болмасы анық. Бұл өзара тәуелді мәселе, бір жағынан қазақ ұлты бәсекеге қабілетті болу үшін барынша тырысып, ғылым-білімді, кәсіпті, бизнесті барынша меңгеруге ұмтылуы шарт.

Екінші жағынан, билік тарапынан мемлекетқұраушы қазақ ұлтының дамуына барынша жағдай жасалуға тиіс.

Мемлекетқұраушы қазақ ұлтының атқаратын миссиясы ауыр, жауапкершілігі зор, сондықтан да өз атамекенінде тұрып жатқан төл ұлттың артықшылықтарға ие болуына моральдық құқығы бар. Бұған өзге этнос өкілдері түсіністікпен қарауы керек, қазақтар әрдайым кеңпейілділік танытып келе жатқанын олар да ұмытпауға тиіс.

Мемлекетқұраушы ұлт ретінде қазақ ұлты – Қазақстан атты ұлттық мемлекеттің ең басты субъектісі, ұлттық мүдденің қайнар бастауы әрі басты қорғаушысы. Кез келген ұлттық мемлекеттегі мемлекетқұраушы ұлттың орны мен рөлі осындай. Мемлекетқұраушы ұлттың төңірегіне ұйысқан елдегі барша халықтың мұң-мұқтажы мен арман-мақсаты ескерілмесе, ол – жалпыұлттық мүдде емес, билік басында отырған билеуші элитаның ғана мүддесін білдіретін тар саяси мүддеге айналмақ. Мұндай алдамшы, ауқымы тар саяси мүддені саясаткерлер жүз жерден жалаң ұранмен бүркемелегенімен, ол ұлттық мүдде деңгейіне көтеріле алмайды. Бұл тұрғыда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы Жолдауында: «Бірлігіміз – әр алуандықта» деген басты қағидамыз ешқашан өзгермейді. Сондықтан этносаралық қатынастардың үйлесімді дамуы Қазақстанның мемлекеттік саясатының басты бағытының бірі болған, әрдайым солай болып қала береді», деп нақты көрсетілген.

Ұлтшылдық теориясының дамуы барысында ұлтты мемлекеттің азаматы болуымен анықтау да орын алды. Бұл саяси ғылымда француздық модель деп те аталады. Мұндай үлгі бойынша қандай ұлттың өкілі болсын, қолында Франция азаматы екенін растайтын төлқұжаты бар болса, ол – француз. Францияға бақыт іздеп келген қаншама араб, африкалық, азиялық мигранттар азаматтық алып, еуропалық өмірден орнын тауып, бағы жанып жатса, өздерін французбыз деп мақтанышпен айтады. Бұл модельден көріп отырғанымыздай, азаматтық – тек саяси, яки мемлекеттік сипаттағы, ал ұлт – саяси әрі халықтық сипаттағы ұғым. Ұлт ұғымының ауқымы да кең, мән-мағынасы да терең. Қазіргі заманғы ғаламдану процесі ұлтты айқындау мәселесіне де, ұлтшылдық сезіміне де айтарлықтай ықпал етіп отыр. «Әлем азаматы» деген космополиттік өзін өзі айқындау түрі пайда болып, кейбір елдерде ұлттық ерекшеліктер, азаматтық өзін өзі айқындау екінші кезекке қалып барады. Трансұлттық компаниялар ғаламдық деңгейде пайда табуды көздейді, бір мемлекеттің ауқымы олар үшін тар. Жаһанданудың басты қозғаушы күштері солар. Бұл аздай, нарықтық қатынастар адамдарды тұтынушылық психологияға негізделген эгоизмге ұрындырып, әлеуметтік жіктелудің жаңа түрлерін туындатуда. Мұның барлығы айналып келгенде, ұлттық құндылықтардың девальвацияға ұшырауына әкеліп соғып отыр. Біздіңше, шынайы ұлтшылдар да, патриоттар да, негізінен, орта таптан шығады. Тұрғылықты халықтың бай-кедейболып жіктелуі – қоғамның тұрақтылығына қауіп төндіретін басты факторлардың бірі. Орта тап саясат тұрғыда әлеуметтік амортизатор қызметін атқаратынын ескерсек, мұндай жұмсартушы-тұрақтандырушы факторсыз антогонистік сипаттағы бай-кедей қайшылығы таптық күреске ұласып, саяси жанжалға немесе дағдарысқа ұрындыруы ғажап емес. Ал республикамызда нағыз орта тапты қалыптастырып, одан әрі дамыту үшін өндірісті жолға қою, ауыл шаруашылығын жандандыру, еркін сауданы қалпына келтіру, салықтарды төмендету, несиенің сыйақылық пайыздық мөлшерін өркениетті елдердің деңгейіне жақындату, жалақы мен зейнетақы сияқты төлемдерді көтеру, бюрократиялық кедергілер мен сыбайлас жемқорлықты барынша азайту, шағын

және орта бизнеске қолдау көрсету, кедейшілікпен және жұмыссыздықпен күрес, нарықтық қатынастарға сәйкес мамандарды қайта даярлау сияқтыбір қатар аса маңызды міндеттерді шешу ұлтшыл азамат пен мемлекеттің арасындағы кері байланысты жүзеге асырудың әдіс-тәсілдері, қысқаша айтсақ, қазақы ұлтшылдық пен отаншылдықты нығайтатын әлеуметтік-экономикалық факторлар болып саналады.[2]

Рухани факторларға келсек, ең алдымен, қазақ ұлты халықты ұйыстырушы ядро қызметін атқарғанымен, қазақ тілі мұндай миссияны атқаруда кенжелеп қалғаны жасырын емес. Президентіміз де идеялық бірігудің сындарлы жұмысы арнасында қоғамда жоғарғы тіл мәдениеті орнығуға тиіс екенін атап көрсетті. Оған мемлекеттік тілді оқшаулау, оны басқаларға қарсы қою тұрғысынан емес, керісінше, оның біріктіруші рөлі тұрғысынан қарау керек. Қазақ тілі мәдениеттің бір бөлігі ретінде барлық қазақстандықтарды біріктірудің қосымша факторы болуға тиіс. Ол шын мәнісінде барлық ұлттар мен ұлыстарға қазақ халқыныңмәдениетін, дәстүрін, әдет-ғұрпын, тұрмыс-тіршілігін танып-білудің негізі екені даусыз.

Ұлтшылдықтың негізі – мемлекеттік тіл, сондықтан Қазақстанды мекен еткен әрбір азамат мемлекеттік тілді меңгеруге тиіс. Әлемде біз сияқты көпэтносты мемлекеттер жеткілікті. Бірақ көптеген елде мемлекеттік тілді білмесең, азаматтық ала алмайсың, жақсы жұмыс жоқ, өмір сүруің қиын. Сол елдің тілін білу деңгейін тексеретін арнайы емтихан тапсырып, тиісті сертификат алып дәлелдеуің керек. Сөйте тұра, ондай мемлекеттерді ешкім де «ұлтшыл» деп кінәлап, айып тағып жатқан жоқ.

Жалпы, ұлтшылдық мәселесі жөніндегі ой-пікірлеріміздің түйіні төмендегідей:

1. Қазақы ұлтшылдыққа тәрбиелеуде тарихымызды, рухани-мәдени мұраларымызды жаңғырта отырып, дәстүр мен жаңашылдықты өзара бейімдеп, қатар өрбіткеніміз жөн. Алайда ұлтшылдық сияқты аса нәзік мәселеде ешқашан сынаржақтылыққа, асырасілтеушілік пен еліктегіштікке бой алдырмауымыз қажет. Ұлтжандылыққа тәрбиелеу іс-шаралары өмірлік шынайылықпен сабақтасуы қажет;

2. Ұлтшылдық ұғымының мәні терең, атқаратын қызмет ауқымы да анағұрлым кең. Сонымен қатар ұлтшылдық сезімі жасампаздық сипаттаған болмайтынын ескеруіміз қажет. Радикалды, нацистік, экстремистік, террористік, т.б. саяси күштер патриоттық ұрандарды жамылып, халықтың арасына іріткі салуы да ықтимал. Нағыз ұлтшылдық сана-сезімді қалыптастыру жалпыадамзаттық құндылықтарға қайшы келмейтін ұлттық тәрбие арқылы жүзеге асырылуға тиіс;

Қазақстандық патриотизмнің де, қазақы ұлтшылдықтың да тілі – мемлекеттік тіл, яғни, қазақ тілі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» Жолдауында: «Қазақ тілін дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағытының бірі болып қала береді. Ата Заң бойынша Қазақстанда бір ғана мемлекеттік тіл бар. Бұл – қазақ тілі. Орыс тілі ресми тіл мәртебесіне ие. Біздің заңнамаға сәйкес, оның қолданылуын шектеуге болмайды.

Болашағын Отанымызбен байланыстыратын әрбір азамат қазақ тілін үйренуге ден қоюға тиіс. Бұл отаншылдықтың басты белгісі деуге болады», деп атап көрсетті. Сондықтан ел азаматтары мемлекеттік тілді білуге тиіс. Әлемдік тәжірибеде көптеген мемлекет азаматтық берер алдында үміткерлердің мемлекеттік тілді білу деңгейін тексеріп, емтихан өткізетіні белгілі. Міндет қойылмайынша, талап етілмейінше, заң орындалмайтыны сияқты, мемлекеттік тіл де көркеймейді. Қызмет пен шен керекпе – мемлекеттік тілді біл. Міндет пен талап қою – күштеу немесе

мәжбүрлеу емес. Біз конституциялық тұрғыда құқықтық мемлекет болғандықтан, қазақ тілін оқып-үйрену күштеу арқылы емес, талап қою жолымен, саналы түрде, халықтың бәріне ортақ қажеттілік ретінде, әсіресе, жасұрпаққа бала кезінен үйретіліп, ұйымдық және әдістемелік жағынан қамтамасыз етілуі керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Саяситүсіндірмесөздік. – Алматы, 2007. ISBN 9965-32-491-3
2. Орысша-қазақшазаңдықтысіндірмесөздік-анықтамалық.-Алматы: «Жетіжарғы» баспасы, 2008 жыл. ISBN 9965-11-274-6



ӘОЖ 376 (082)

ИННОВАЦИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ОҚУШЫЛАРДЫҢ МЕТАТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Руслан Сабина Қайратқызы

**Халықаралық Тараз Инновациялық Институтының студенті, Тараз,
Қазақстан**

Ғылыми жетекшісі: Ажибаева Роза

**Халықаралық Тараз инновациялық институтының педагогика
ғылымдарының магистрі, Тараз, Қазақстан**

Андатпа:Мақалада инновациялық білім беруді игеру оқушылардың кез келген жаңалық және бүгінгі қолданыстағы білім жүйесін жетіп меңгерген, деңгейі жоғары саналы ұрпақ болатыны туралы айтылады. Метатанымдық процестерді меңгере білген жас ұрпақ оқуды үйрену, өзін -өзі реттеу, алдыға жоспар құра алатын, тәсілдерді тың игере білетін нәтиже көрсететіндігі айқын берілген.

Кілтті сөздер:инновациялық технология, метатану, жаңа формация мұғалімі, кәсіби құзыреттілік.

Аннотация: В статье говорится о том, что овладение инновационным образованием станет сознательным поколением с высоким уровнем знаний, достигшим любой новизны и существующей сегодня системы знаний учащихся. Наглядно показано, что молодое поколение, овладевшее метатанальными процессами, демонстрирует результаты обучения, саморегуляции, умения строить планы, осваивать приемы.

Ключевые слова:инновационная технология, методология, педагог новой формации, профессиональная компетентность.

Abstract: The article says that mastering innovative education will become a conscious generation with a high level of knowledge that has achieved any novelty and the current system of knowledge of students. It is clearly shown that the younger generation, who has mastered meta-channel processes, demonstrates the results of training, self-regulation, the ability to make plans, master techniques.

Keywords: innovative technology, metrology, teacher of a new formation, professional competence.

Жаңа инновациялық технология білім беру саласына дамытуды, яғни оқу үрдісін даралауда оқушының жеке тұлға ретінде дамытуды, өзіндік іс-әрекетін қалыптастыруға бағыттау-білім беруде пәндердің бір-бірімен кіріктіріле байланысын жүзеге асыруды көздейді. Жаңа технологияларды жаңарту жылдан жылға негізгі жаһандық үдерістерді ақпараттандыру заман талабы болып отыр.

Қазіргі ақпараттық қоғамда, жаһандану дәуірінде, компьютер, смартфон, телекоммуникациялар қолданыс құндылық негізіне айналады. Кәсіби мамандандырылған пәндерді оқытуда жаңа инновациялық технологияларды пайдалану арқылы оқу тиімділігін арттыру жұмыс түрлерін ұйымдастырып оқушылардың игерген білімдерін пайымдау болып табылады.

Оқытудың жаңа технологиясы — оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін қолдануды, оқытудың әр түрлі әдістері мен формаларын біріктіруді, оқу материалын тиімді пайдалануды, оқудың сапасына білім мен біліктілікті жүйелеуді жүзеге асырады

Инновация – кез - келген жаңалық немесе жаңалықты енгізу ғана емес, бұл бүгінгі қолданыстағы білім жүйесінің тиімділігін арттыратын үдеріс. Инновациялық іс-әрекет – білім берудің кез келген деңгейінде инновациялық үдеріспен қамтамасыз ететін шаралар кешені және үдерістің өзі. Педагогикалық инновация білім беру жүйесін қайта құру, жетілдіру, модификациялау, өзгертуге байланысты немесе оның белгілі жақтарын, қасиеттерін және аспектілерін (жаңа заңнамалық акттерді, құрылымдарды, тұжырымдамаларды және интеграциялық байланыстарды және т.б.) жасақтау.

Инновациялық үдеріс ұйымның мақсаты, құрылымы, міндеттері, технологиясы және адам ресурстарын қамтиды. Инновациялық іс-әрекеттің негізгі функцияларына педагогикалық үдерістің компоненттерінің өзгерістерін енгізеді: мақсаттары, білім беру мазмұны, оқытудың формасы, әдістері, тәсілдері, технологиялары, басқару жүйесі және т.б.

Барлық зерттеушілер инновацияны инновациялық стихиялы ізденіс ретінде қарастырмау керек деген пікірге келеді, себебі инновация - мақсатты бағытталған, саналы өзгеріс. Сонымен, жоғарыда қарастырылған педагогикалық инновацияның болмысын ұғу амалдарындағы ортақ нәрсе олардың басты назары педагогикалық шығармашылықтың үдерісі мен нәтижесінде болуында. Барлық зерттеушілер білімнің инновациялық үдерістердің болмысын жаңа теориялық талдап, түсінік беруге, үздіксіз инновациялық қозғалысты қамтамасыз етуге қажеттілігін атап өтеді.[1]

Бұл қажеттілік, өз кезегінде мамандардың арнайы даярлау, соның ішінде педагогикалық инновация саласында құзыретті педагогтерді даярлау мәселелесін өзектендіреді. Инновациялық іс-әрекетке, үздіксіз инновациялық режимде жұмыс жасауға педагогтерді даярлау арқылы инновациялық білім беруді дамытудың сәттілігі анықталады. Осы даярлықтың маңызды құрылымдық бөліміне қоғамның, еңбек нарығының, тұлғаның, технологиялардың және үздіксіз ақпараттық ортаның жаңаруына өз кәсіби іс-әрекетінде оперативті әрекет етіп, икемді болу қабілеті жатады.

Жалпы айтқанда педагогтің құзыреттілігі білім берудегі инновацияның дамуының тұрақтылығының маңызды шарттарының бірі. Сондықтан, педагог мамандардың кәсіби құзыреттіктерін мақсатты дамыту- білімнің инновациялық дамуының маңызды факторы.

Елімізде жаңа инновациялық технологиямен қаруланған білім берудің жаңа жүйесі жасақталып, қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алуда. Бұл өзгерістер оқушылардың метатанымдық немесе өздігінен реттелетін оқуын жетілдіретін педагогикалық талаптармен шындалған жеке тұлғаның қалыптасуын талап етуде.

Осыған байланысты ұсынылған мақаланың мақсаты – оқушылардың метатанымдық немесе өздігінен реттелетін оқуының тиімділігін анықтау және оқушылардың қабілеттерін арттырудың кейбір педагогикалықалғышарттарына шолу жасау. “Қалай оқудың керектігін үйретудің” қозғаушы күші, ”метатану” болып табылады. Басқаша айтқанда, оқу бар, бірақ сонымен бірге оқуды үйрету де бар.[2]

«Метатану» термині оқушылардың саналы оқуы мен ойлауының дамуына ықпал ететін бірқатар процестерге қатысты қолданылады. Метатануға танымдық процестерді тану, түсіну және реттеу үшін немесе танымдық процестерді қарастыру үшін, соның ішінде қателерді тану және ойлауды бақылау үшін пайдалану ретінде анықтауға болады

Метатанымдық қабілеттерін жетілдірудің кейбір әдістеріне тоқталайық және ең алдымен «оқуды үйрену» модулінің атауы «Өзін-өзі реттеу» процесін білдіреді.

Осы метатану модулінің көмегімен оқушының оқу тәжірибесін түсіну және бақылау қабілеттері дамиды. Оқуға саналы түрде қарайды, есептерді шешуде өзінің әдістері мен тәсілдерін қолданады. Өзінің күшті және әлсіз жақтарын сезінеді, оқу барысында өзіне не ұнайтынын, не ұнамайтынын түсінеді және жеке мақсаттар қою қабілеті пайда болады. Ол орындауға тиісті тапсырманы анықтайды және бір немесе бірнеше тәсілдер арқылы тапсырманы орындау жоспарын құру арқылы стратегиялық ойлау және бақылау қабілетін арттырады. [3]

Оқушының оқуын бақылауға алып, оны жүргізу кезінде оларға тәуелсіздік беруге ерекше назар аудару керек. Бұл метатанудың маңызды аспектісін – өз бетінше жұмыс істеуге және дамуға деген ұмтылысты қалыптастырады. Оқу үдерісінің табыстылығына байланысты ынталандыру, әлеуметтік және эмоционалдық себептер арасындағы күрделі әрекеттестікпен метатанымдық білімге де байланыстылығын ойдан шығармаған жөн. Өзін-өзі реттеу мен метатанудың мұндай дағдыларын дамыту-балалардың саналы оқушылар болып қалыптасуының кепілі. [4]

Оқушылардың метатануының мониторингі бақылау және талдау негізінде анықталған: білім алушының жеке басы ретіндегі өзі туралы білімі; мақсаттар мен тапсырмаларды білу, түсіну және бағалау; тапсырманы орындауға қажетті стратегияларды білу және оларды бақылау.

Метатанымдық қабілеттері қалыптасқан бала: нақты мақсаттар қоюды үйренеді; өзіне деген сенімділікті арттырады; оқу процесіне белсенді қатысады; жолдастарының пікірін құрметтейді; қызықты, проблемалық сұрақтар қоюды біледі; талдауға, бағалауға үйренеді; пәнге қызығушылық танытады, сондай-ақ өзін-өзі реттеудегі оқытудың жеке мәні ашатындай,

оқытудың орындылығын, танымдық мотивацияны, жеке және интеллектуалдық рефлексияны қалыптастырған педагогиканың мүмкіндіктері жасайды, сонымен қатар ақыл-ой қызметін ұйымдастырудың тәсілдерін, жалпы оқу және тәуелсіз кәсіби жұмыс тәсілдерін анықтауға көмектеседі.[5]

Қорыта айтсақ, өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Қазіргі жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден-бір шарты-оқу орындарындағы білім беру үрдісіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу екендігі сөзсіз түсінікті. Сондықтан ғылыми-техникалық прогрестен қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу – әрбір ұстаздың негізгі міндеті болады.

Пайданылған әдебиеттер:

1. Бөрібекова, Ф.Б. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар [Мәтін]: Оқулық / Ф.Б. Бөрібекова, Н.Ж. Жанатбекова.- Алматы: ЖШС РПБК Дәуір, 2014.- 360 б.
2. М. Есекешова, А. Асаубекова, Л. Данилова, “Ғылыми педагогикалық зерттеу негіздері”.- Астана: Фолиант, 2018.-
3. Шевчук, Е.В. Современные технологии в педагогическом образовании [Текст]: Учебное пособие / Е.В. Шевчук, Н.С. Кольева.- Алматы: ИП "Отан", 2014.- 130 с.
4. Мұқанова, Қ.Қ. Білім берудегі жаңа технологиялар: теориясы және әдістемесі [Мәтін]: оқулық / Қ.Қ. Мұқанова.- Қарағанды: АҚНҰР, 2019.- 162 б.
5. https://kk.m.wikipedia.org/wiki/%D0%96%D0%B0%D2%A3%D0%B0_%D0%B1%D1%96%D0%BB%D1%96%D0%BC_%D0%B1%D0%B5%D1%80%D1%83%D0%B6%D2%AF%D0%B9%D0%B5%D1%81%D1%96



УДК 37.01.5

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒЫТТЫЛЫҒЫ

Сабит Гүлайна, Тұрдығыл Балнұр

**Халықаралық Тараз инновациялық институтының студенті,
Тараз, Қазақстан**

Ғылыми жетекші: Фатихова Назипа Агламовна

**Халықаралық Тараз инновациялық институтының педагогика
ғылымдарының магистрі, Тараз, Қазақстан**

Аңдатпа. Мақалада әр түрлі ғылыми және тәрбиелік мәні бар интеграцияға деген белсенді ұмтылыс сипатталған . Бұл қазіргі заманғы және прогрессивті өндірісті ұйымдастыру мақсатында ғылыми зерттеулер мен білікті мамандар даярлау үшін берік база қурудың көп мөлшерін білдіреді .

Мақала білім берудегі заманауи үрдістер мен инновацияларды әзірлеуге және қолдануға байланысты оқытушыларға, әдіскерлерге және студенттерге арналған .

Кілтті сөздер: инновация, оқу процесі, инновациялық қызмет, қуру, өзгерту, білім беру қызметі, қарқынды даму.

Аннотация. В статье дается описание активного стремления к интеграции различных типов научно образовательного значения. Что говорит в большой степени о создании солидной базы для научных исследований и подготовки квалифицированных специалистов с целью организации современного и прогрессивного производства. Статья предназначена для преподавателей, методистов и студентов, связанных с разработкой и использованием современными тенденциями и инновациями в образовании.

Ключевые слова: Инновация, образовательный процесс, инновационная деятельность создание, изменение, образовательная деятельность, интенсивное развитие.

Annotation.The article describes the active desire for the integration of various types of scientific and educational significance. Which speaks to a large extent of creating a solid base for scientific research and training qualified specialists with the aim of organizing modern and progressive production. The article is intended for teachers, methodologists and students related to the development and use of modern trends and innovations in education.

Key words: innovation, educational process, innovative activity, creation, change, educational activity, intensive development.

Жаңа енгізілген немесе инновация адамның кәсіптік қызметінің бәріне де тән болғандықтан, ол табиғи түрде зерттеудің, талдаудың және тәжірибеге енгізудің нысанасына айналды. Инновация өздігінен пайда болмайды. Ол ғылыми ізденістердің, жекелеген мұғалімдер мен тұтас ұжымның озық педагогикалық тәжірибесі. Бұл процесс стихиялы дамымайтындықтан ол басқаруды қажет етеді.

Тұтас педагогикалық процестің инновациялық стратегиясында жаңашылдық процестерді тікелей алға апарушылар ретінде мектеп директоры, мұғалімдер мен тәрбиелеушілердің рөлі арта түсуде. Оқыту процесінің көп түрлілігіне қарамастан – дидактикалық, компьютерлік, проблемалық, модульдық және басқа – жетекші педагогикалық қызметті іске асыру мұғалімнің еншісінде қалып отыр. Оқу-тәрбие процесіне қазіргі заманғы технологиялардың енгізілуіне байланысты мұғалім мен тәрбиеші кеңесшінің, ақылшының және тәрбиешінің қызметін одан әрі игеруде. Мұғалімнің кәсіптік қызметі арнаулы, пәндік білімдермен ғана шектелмей, педагогика мен психологияның, оқыту мен тәрбие технологиясы салаларының қазіргі заманғы білімдерін де қамтитын болғандықтан мұғалімнен арнайы психологиялық-педагогикалық дайындық талап етіледі. Осы негізде педагогикалық инновацияны қабылдау, бағалау және іске асыруға дайындық қалыптасады.

Инновация – жаңалық, жаңашылдық, өзгеріс деген ұғымды білдіреді. Инновация құрал және процесс ретінде әлдебір жаңалықты ендіру деген сөз. Педагогикалық процесте инновация оқыту мен тәрбиенің тәсілдері, түрлері мақсаты мен мазмұнына, мұғалім мен оқушының бірлескен қызметін ұйымдастыруға жаңалық енгізуді білдіреді.

Білім берудегі инновациялық процестердің мәнін педагогиканың маңызды екі проблемасы құрайды. Олар – озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтау және тарату проблемасы және педагогикалық-психологиялық ғылымдардың

жетістігін практикаға енгізу проблемасы. Соған сәйкес инноватика пәні, инновациялық процесстердің мазмұны мен механизмі осы кезге дейін бір-бірінен оқшау қарастырылып келген өзара тығыз байланысты екі процестің тұтастығы тұрғысынан қарастырылуы тиіс, яғни инновациялық процестің нәтижесі теория мен практиканың тоғысуында пайда болатын теориялық және практикалық жаңалықтарды қолдану болуға тиіс.

Бұның барлығы педагогикалық жаңалықты жасау, игеру және пайдалануда басқару қызметінің маңыздылығына көз жеткізе түседі. Өйткені, мұғалім жаңа педагогикалық технологияның, теория мен концепциясының авторы, талап жасаушысы, зерттеушісі, тұтынушысы және насихаттаушысы қызметін атқарады. Осы процесті басқару мұғалімнің өз қызметінде әріптестерінің тәжірибесі немесе ғылымдағы жаңа идеялар, әдістемелерді дұрыс таңдап, бағалау және қолдануын қамтамасыз етеді. Ал педагогикалық қызметте инновациялық бағыттылықты қазіргі заманғы білім беру, қоғамдық және мәдени даму жағдайында педагогикалық қызметтің инновациялық бағыттылығының қажеттілігі бірқатар жағдайлармен айқындалады [1].

Біріншіден, қоғамда жүріп жатқан әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар білім беру жүйесін, әдістемесі мен түрлі типтегі оқу орындарының оқу тәрбие процесстерін ұйымдастырудың технологиясын түбірінен жаңартуды талап етуде. Педагогикалық жаңалықты жасау, игеру және пайдалануға негізделген мұғалім мен тәрбиеші қызметінің инновациялық бағыттылығы білім беру саясатын жаңартудың құралына айналуға.

Екіншіден, білім беру мазмұнын ізгілендірудің күшеюі, пәндердің көлемі мен құрамының үнемі өзгеріске ұшырауы, жаңа оқу пәндерінің енгізілуі жаңа ұжымдық формалар мен оқыту технологиясын үздіксіз іздестіруді талап етуде. Осы жағдайда мұғалімдер арасында педагогикалық білімнің рөлі мен беделі арта түсіп отыр.

Үшіншіден, мұғалімнің педагогикалық жаңалықты игеру және қолдануға деген қатынасы сипатының өзгеруі. Оқу-тәрбие процесінің мазмұнын қатаң тәртіпке бағындырып қойған жағдайда мұғалімнің өз бетінше бағдарлама оқулық таңдаудан бұрын педагогикалық қызметтің жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалануға мүмкіншілігі болмады. Егер бұрынғы уақытта инновациялық қызмет негізінен жоғарыда ұсынылған жаңалықтарды практикада қолданумен шектелсе, қазіргі уақытта ол барынша баламалы, зерттеушілік сипат ала бастады. Сондықтан да мектеп, білім беру органы басшыларының қызметіндегі маңызды бағыттардың бірі мұғалімдердің енгізген инновациясына талдау жасап, баға беру, оны іске асыруға, қолдануға қолайлы жағдай жасау болуы тиіс.

Төртіншіден, жалпы білім беретін оқу орындарының нарықтық қатынастарға енуі, жаңа типті сынып ішінде мемлекеттік емес оқу орындарының құрылуы нақты бәсекелестік ахуал туғызуда.

Қазіргі заманғы мектепте нақты педагогикалық қызметте іске асыруға болатын орасан зор педагогикалық тәжірибе жинақталған, бірақ олардың бәрі бірдей қолданыла бермейді, өйткені көптеген мұғалімдер мен басшыларда ол тәжірибені зерттеу және қолдану қажеттілігі қалыптаспаған, сол сияқты ол тәжірибелерді таңдау мен талдаудың дағдысы мен іскерлігі жетісе бермейді. Мұғалімдер нақты іс-әрекетінде өзінің, сол сияқты әріптесінің де педагогикалық тәжірибесіне талдау жасаудың қажеттілігіне мән бермейді.

Педагогикалық тәжірибе көпшілік және озық болуы мүмкін. Озық педагогикалық тәжірибе тарихилығымен ерекшеленеді. Өйткені әрбір жаңа кезеңде

мектептің материалдық, әдістемелік, кадрлық және басқа да мүмкіндіктердің кеңеюімен педагогикалық қызметтің жаңа талаптары пайда болады. Сонымен бірге озық тәжірибе педагогика ғылымы мен практикасының қазынасын үнемі толықтырушы, жаңартушы қызмет те атқарады. Озық педагогикалық тәжірибені жасау және таратуда мұғалімнің позициясы үлкен рөл атқарады, сондықтан нақты тәжірибенің жетекші ережелеріне талдау жасап, оны қолдануға кіріскенде субъективті факторлардың ықпалын ескеру арқылы оның нәтижесі мен педагогикалық ұжымға кірігуіне болжам жасау қажет. Педагогикалық тәжірибеде объективті және даралық құндылықтар бір-бірімен астасып жатады, бірақ педагогикалық қызметтегі даралық ерекшеліктердің бәрі бірдей көпшіліктің игілігі бола алмайды. Тек және тұлғаның жаңа тәжірибе жасауға ықпал жасайтын бірегей және қайталанбас ерекшеліктері ғана назарға алынады. Озық педагогикалық тәжірибе бұқаралық негізде қалыптаса отырып, объективті педагогикалық заңдылықтарды игерудің деңгейін де танытады (Ю.К.Бабанский). Озық педагогикалық тәжірибенің бір түрі болып есептелетін жаңашылдық пен зерттеушілік педагогикалық тәжірибе сезімдік тәжірибелерден теориялық талдау және жинақтауға алып баратын басқыш сияқты. Жаңашылдық пен педагогикалық зерттеудің бірегей үлгісін көрсеткен Ресейдің И.П.Волков, Т.И.Гончарова, И.П.Иванов, Е.Н.Ильин, В.А.Керинский, С.П.Лысенкова, Р.Г.Хазанкин, М.П.Шетинин, П.Э.Эрдинов, Е.А.Ямбург және тағы басқа ғалымдар мен педагогтардың тәжірибелі мұғалім қауымының игілігіне айналды [2].

Мұғалім қызметінің инновациялық бағыттылығының екінші құрамды бөлігі – психологиялық-педагогикалық зерттеулердің нәтижесін педагогикалық қызметтің практикасына ендіру. Педагогика мен психология бойынша ғылыми зерттеудің нәтижелері уақытылы хабардар ету мүмкіндігі болмағандықтан мектеп қызметкерлеріне белгісіз болып қалады.

Педагогикалық зерттеудің нәтижелерін практикаға енгізу үшін практикалық қызметкерлердің алынған нәтижелермен арнайы танысады, оны іске асырудың орындылығын, сол арқылы осы негізінде ғылыми зерттеу нәтижесін практикада қолдануға деген қажеттілік анықталатындығы В.Е.Груман, В.В.Краевский, П.И.Керташева, М.Н.Скаткин және басқа ғалымдар арнайы еңбектерінде атап айтылған [3].

Педагогикалық инновацияның критерийлері. Инновациялық бағыттылық белгілі бір жаңа енгізілімнің тиімділігіне баға беретіндей нақты критерийлерді пайдалануды қажет етеді. Педагогика бойынша зерттеу тәжірибелеріне сүйене отырып, педагогикалық жаңалықтың мынадай критерийлер жиынтығын анықтауға болады: жаңашылдық, оптималдық, жоғары нәтижелік, бұқаралық тәжірибеде шығармашылықпен қолдану мүмкіндігі.

Инновацияның негізгі критерийі ғылыми педагогикалық тәжірибеге де баға беруде басшылыққа алынатын жаңашылдық деп білеміз. Сондықтан инновациялық процеске араласқысы келетін мұғалім қолға алған жаңалығын мәнін, оның жаңашылдығының деңгейін анықтап алуы тиіс. Біреулер үшін жаңалық болып табылатын құбылыс екіншілер үшін олай болмауы мүмкін. Осыған байланысты мұғалімдерді инновациялық процеске тартқанда олардың еріктілігін, тұлғалық ерекшелігін, дербестік-психологиялық мінездемелері ескерілуі тиіс. Жаңашылдықтың бірнеше деңгейін бөліп көрсетуге болады. Олар: абсолютті, локальды-абсолютті, шартты, субъективті, танымалдық деңгейі және қолдану аймағы бойынша.

Критерийлер жүйесіндегі оптималдық нәтижеге қол жеткізуге мұғалім мен оқушының жұмсаған күшінің шығыны мен қолданған тәсілдің тиімділігін айқындайды. Әртүрлі мұғалімдер әртүрлі еңбек жағдайымен бөлек оқушылар ортасында бірдей жоғары нәтижеге қол жеткізеді. Оқу процесіне педагогикалық инновацияны енгізіп, барынша аз дене, ой еңбегін және аз уақыт жұмсап жоғары нәтижеге қол жеткізу оның оптималдығын білдіреді. Инновацияны бұқаралық тәжірибеде қолданудың бастапқы кезеңі жекелеген мұғалімдер мен тәрбиешілердің қызметіне негізделгенімен олар сыннан өтіп, объективті баға алған соң ғана жалпыға бірдей қолдануға енгізуге ұсынылуы мүмкін. Жоғарыда аталған критерийлерді білу және педагогикалық инновацияны бағалауда қолдана алу педагогикалық шығармашылыққа негіз қалайды [4].

Педагогикалық инновацияны іске асырудың жолдары. «Инновация» деген сөз – латынның «novus» жаңалық және «in» енгізу деген сөзінен шыққан, ал оның қазақша аудармасы «жаңару, жаңалық, өзгерту» деген мағынаны білдіреді.

Т.И.Шамова, П.И.Третьяковалардың еңбегінде «Инновация дегеніміз – жаңа мазмұнды ұйымдастыру, ал жаңалық енгізу дегеніміз – тек қана жаңалық енгізу, ұйымдастыру, яғни инновация үрдісі мазмұнды дамытуды, жаңа мазмұнды, оны енгізудің әдіс-тәсілі мен технологиясын қамтитын құбылысты түсінеміз» делінген.

Ал А.И.Кочетов «инновация» ұғымына төмендегідей анықтама береді: «көрсетілген деңгейге апаруды қамтамасыз ететін теориялық, технологиялық және педагогикалық іс-әрекеттің біртұтас бағдарламасы». Алайда Р. Масырова мен Линчевская мұндай анықтамамен келіспейтіндігін білдіреді. Олардың тұжырымдамасында, «Егер баратын деңгей алдын ала көрсетілген болса, ол қандай инновация» делінген. В.Кваша мен Латинаның пікірлері бойынша «инновация» – бұл жаңа үлгілердің бағытындағы нақты әрекеті, мөлшердің шегінен шығатын кәсіптік іс-әрекеттің жаңа сапалы деңгейге көтерілуі болып табылады.

Демек «инновация» термині анықтауда барлық авторлардың пікірлерін салыстырсақ, аса алшақтаған жоқ десе болғандай. Олардың ойынша, «инновация» – педагогикалық категорияға жатады және ол мектептегі құбылысқа тың жаңалық: жаңа бағдарламаны, оқу жоспарын, әдіс-тәсілдерді оқу және тәрбие жұмыстарына енгізу болып табылады [5].

Қорыта келгенде, белгілі дидакт ғалымдарымыздың ұсынған анықтамаларын зерделей келе, педагогикалық әрекетті әлеуметтік тәжірибе мен мәдениетті ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін әрекеттің дербес түрі деп, ал педагогикалық технологияны – педагогикалық мақсаттарға жетуге кепілдік беретін, алдын-ала жобаланған, оқу-тәрбие үрдісі бірізді жүзеге асатын жүйе деп түсінгеніміз жөн.

Бүкіл оқыту барысында оның әртүрлі жақтарын қамтамасыз ететіндей бір мезетте бірнеше әдіс қолдану керектігіне мұғалім назар аударуы қажет. Оқытудың әдіс-тәсілдерінің бір ерекшелігі – оның білімді меңгертуде, жеке тұлғаның танымдық қабілеттерін және танымдық процестерін: яғни, жадының алуан түрлерін (есту, көру, қимыл ж.т.б) ойлауды, ынтаны, қабылдау қабілетін арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы танытуға, сондай-ақ жеке тұлғаның қауіпсіздігін, өзін-өзі бекіту, қарым-қатынас жасау, ойын, танымдық және шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыруға: белсенді сөздік қорын (ауызша және жазбаша тілде) дамытуға бағытталуында.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Коростылева Л.А. «Инновационные технологии в обучении школьников» СПб., 2008, 66 стр.

2. Педагогика: Учебное пособие для студентов педагогических учебных заведений / В.А.Сластенин, И.Ф.Исаев, А.И.Мищенко, Е.Н.Шиянов. – 4-е изд. – М.: Школьная Пресса, 2007. – 512стр.
3. Грибкова В.А. «Новые технологии обучения в средней школе», М., 2007
4. Безруких М. М., Ефимова С.П. «Технологии обучения» М., 2006, 63стр
5. Харламов Н. «Педагогика», М., 2003



ӘОЖ 811.51.122.49

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ ҰЛТ БОЛМЫСЫ

Тайкеева Айбаршын Жомартқызы

Халықаралық Тараз Инновациялық Институтының студенті, Тараз, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: Ажибаева Роза

Халықаралық Тараз инновациялық институтының педагогика
ғылымдарының магистрі, Тараз, Қазақстан

Адамның адамдық, ұлттың ұлттық ең жоғарғы
қасиеті –тіл өткірлігі мойымасын, тіл сұлулығы кемімесін!

Ғабиден Мұстафин

Аңдатпа: Мақалада әлем, қазақ елін әрине, ең танымалдары осы оюымен, оюлы домбырасымен және оюлы көк туымен танитынын көрсетеді.

Кілт сөздер: Салт-дәстүр, құндылық, тіл, өнер, ұлтшылдық, менталитет.

Аннотация: В статье показано, что мир признает казахский народ, безусловна, самым известным с этой резьбой ,резной домброй и резным голубым флагом.

Ключевые слова: Традиции, ценности, язык, искусство, национализм, менталитет.

Abstract:The article describes the world, the Kazakh people, of course, the most famous of which is this ornament ,dombra and the ornament shows that it recognizes the Blue Flag.

Key words:Traditions, values, language, art, nationalism, mentality

Қазақтың ән өнері, қолөнері, зергерлік өнері өзінің төлтума бітім қасиетімен, көркемдік мән - мағынасымен шын мәніндегі халқымыздың ғасырлар тағылымынан өткен асыл қазынасы.

Мен ұлттық ою - өрнектерге сондай қызығамын және әрбір қолөнер бұйымдарына деген ықыласым зор. Қазақтың ұлттық киімдеріне, ұлттық әшекейлеріне салынатын оюларды зерделеп, оның қандай мағына беретіндігін үнемі ойыма тоқып жүремін. Құс мұрын оюы – ұшқан құстай ерікті, бақытты болындар деген тілекті білдіреді. Омыртқа оюы – бірліктің, ынтымақтың, беріктіліктің белгісі. Қошқармүйіз — әл – ауқатымыз жақсы, молшылықтамыз деген белгі. Мүйіз оюдың бірнеше түрі болады. Арқар мүйіз, сыңар мүйіз, сынық мүйіз, қос мүйіз. Құстандай оюы – шешендердің, ақындардың үні құстың сайрағанындай құлаққа жағымды, жан жұбатарлық деген тілекпен өнер адамдарының шапандарына кестелеп тігіледі

Өз еліміздің өзіне тән белгісі, нышаны бар. Әлем қазақ елін осы оюымен, оюлы домбырасымен және оюлы көк туымен таниды. Әрине, ең танымалдарынан бастауды жөн көрдім. Осылардың өзі-ақ қазақты әлемге танытып үлгерді.

Мысалы, спортшыларымыз көк туымызбен әлемдік аренада шарықтамағанда, біздің сол көк туымызды бәлкім ешкім танымаста ма еді? Жастарымыз шетелде жүріп, домбыраны қолға алып шертпегенде, қара домбыраны бәлкім ешкім танымаста ма еді? Ұлтық мерекеміз Наурызымыз әлемдік деңгейде тойланбағанда, оюлы көйлектеріміз бен тақияларымыз киіліп, көше бойын қазақтың бұлбұл әндерімен аралап, сайрамағанда шетел жұрты ою былай тұрсын, қазақ деген ұлт барын білмес те ме еді?

Тәуелсіздік заманы орнап, ұлт қорғаны – ұлттық құндылықтарымызда одан әрі нығая, таныла түсті. Әрине, бұның бәрінің негізін салып кеткен ата-бабаларымыз болса, ізін одан әрі жалғастырушы – мына біз жастар болуымыз керек деп есептеймін.[1]

Иә, біз ұлт үшін күресіп жүріп, ұлттық құндылықтарымызды қазіргі бейбітшілік заманымызға дейін жоймай, сақтап, ұрпаққа мұра қылып қалдырып кеткен ата-бабаларымызға мың сан рет алғыс айтсақ та аз екені белгілі. Себебі ол кісілердің осындай ерлігін, еліне деген шексіз ұлтшылдығын ешкімде қайталай алмасы анық. Олардың сол ұлтшылдығының көріністері еліміздің ең басты құндылықтарының бірі – кітаптарымыздан белгілі.

Ұлттық құндылықтарымыздың қатарына салт-дәстүрлерімізді, ана тілімізді, мәдениетімізді, әдебиетімізді, жырларымызды да топтастыруға болады.

Иә, басқа елдер секілді біздің де өз менталитетіміз бар. Мен байырғы заманғы қазақ халқын да, қазіргі заманғы қазақ халқында қарапайымдылығымен жақсы көремін. Және бағалмаймын. Адалдық пен ақкөңілділік және қонақжайлылық әсіресе қазақтың бойынан табуға болатын көріністер деп есептеймін. Себебі, Тараз деген киелі шаһарда жүргеннен кейін де маған қазақтардың тең жартысы осы жақта жүргендей боп көрінеді. Және осы қаладағы қазақтардан көбіне қоғамда, қоғамдық көліктерде де байқайтыным да, күтетінім де – қарапайымдылық.

Мәселен, байқағаным... Бүгін қоғамдық көлікке бір үлкен әжей мінгелі тұр екен. Бір қолында – жол сөмкесі, бір қолында – қол сөмкесі. Асылында, қолындағы сөмкелері ауыр. Бірақ, сол арада әжейге көмектесетіндер де табыла кетті. Жасы отыздар шамасындағы қыз бен он-он бір шамасындағы қыз бала екеуі, бірі жол сөмкесін ұстап, бірі әжейді қолтығынан демеп, қоғамдық көлікке отырғызды. Және онымен шектелмей, әжейге «Қай орындық ыңғайлы?», «Жақсысызба?» деп әженің қасында онымен танысып, әңгімеге жалғасты. Қалай қуанғанымды көрсеңізғой! Мейірімділік бар екен ғой, Аллаға шүкір, – деп өзімнен өзім мәз болып, жымыып отырмын. Міне, нағыз қазақ деген халықтың бейнесі осы емес пе?

Жалпы бұл ғана емес, мен осындай көріністерді көп кездестіремін. Әсіресе, қоғамдық көлікпен көп жүретін болғандықтан шығар, көбіне байқайтыным, жастардың үлкендерге орын беріп, сыйластық танытуы. Студенттер, мектеп оқушыларына дейін үлкен кісілерге орын беріп жатады. Осындайда қатты қуанамын.

Міне, қазақ қоғамында осындай керемет көріністер орын алуы да құнды дүние. Бұл – нағыз қазаққа сай менталитет деп атар едім. Қазақтың қонақжайлылығын мойындамайтын ел жоқ шығар.

Мен көз көрген қай қазақ болсын, құшағын жайып тұрады ғо, шіркін! Бұл да ата-бабамыздан сіңісіп кеткен ең көркем, нағыз бүкіл адамгершілікті қамтитын

көрініс деп ойлаймын. Ұлттың құндылығының ең маңыздысы, ең қазынасы – тіліміз деп айтсам артық айтпаған болар едім.

Тіл дегенде ең алдымен, ел қорғаны, тілдің нағыз жанашыры, қазақтың біртуар азаматы Бауыржан атаның ана тілімен шырылдап, ана тілімен өмір сүріп, өзгеге талап етіп те сөйлеткен ең талапшыл адам болғанын құндылықтарымыз кітаптардан оқуға, көріп білуге болады.

Иә, бірақ шүкір, қазіргі таңда қытайыңа дейін қазақ тілін үйреніп, өзінше талпынып жүргендігі де қуантады. Әлем халқының өзі қазақтың тілін үйреніп, игеріп те жүр. Әрине, бұл зор мақтаныш. Өз ұлтыңмен қоса, өзге ұлтың да жарысып, сенің тіліңді үйреніп жүрсе қатты қуанады екенсің.

Қазіргі таңда туған ана тіліміз даму қарқыны, өз дәрежесін жоғалтпай келе жатқандығының дәлелі – қазір көшемізде, жер – жерде қазақша қызмет - көрсететіндер табыла кететіндігі. Неге олай айттым? Иә, себебі бұдан 7-8 жыл бұрын бұндай заман болмап еді. Яғни, ол замандарда қоғамымызда ана тілімізден гөрі орыс тілімізде сөйлейтіндер де, қызмет көрсететіндерде қаптаған орыстар еді. Сол кезде қатты күйінетін едім. Бірақ қазір, шүкір. Барлық жерде үш тілде қалыспай қызмет көрсетіліп келе жатыр.

Ең бастысы, тіліміздің болашағына деген сеніміміз күшейіп келе жатыр. Туған тіліміз – ең басты құндылығымыз деп есептейтінім де осыдан шығар бәлкім? Қазақ халқы ертеден мәдениеті мен әдебиетін жоғалтпаған, сақтаған, дәріптеген халықпыз. Тіпті бұны шетел ғалымдары мен зерттеушілері де мойындап кеткен.

Шіркін, қазақ деген ертеден сондай ырымшыл, мәдениетті, салт-дәстүрге берік, бауырына бауырын беріп, қызын қонағындай сыйлаған, тарихын сатпаған, бүгінгіне шүкір етіп, ертеңіне үмітпен қараған, қонағын төрге шығарып, сол қонағына құшағын кең ашқан ұлы халық қой! Қарап отырсаң, нағыз ұлттың белгісі емес пе!? Ұлтшылдық пен ұлылық та бар біздің елде. Нағыз ұлылар кесіп өткен дархан дала да бар біздің елде. Нағыз ұлтшылдар жүріп өткен ұлы қалалар да бар бізде. Небір шешендер мен көсемдер қалдырып кеткен өнегелі өсиеттер де бар бізде. Сондай шешендердің арқасында да еліміз осындай еңсесі биік алтын ордаға айналды емес пе!?

Өнер десе ішкен асын жерге қоймайтын қазақ жоқ шығар, сірә?

Елімізде әу демейтін қазақ жоқ, домбыраны қолға алмайтын да қазақ жоқ, мыңбұралып билейтін кербез қыз бен ел қазынасы – атқа жаны жақын емес жігіт те де жоқ, шығар? Иә, бұның бәрі сайып келгенде өнерге кіреді. Сонда көрдіңізбе, қазақтың өнер саласы да осал емес. Өнермен атағы шыққан қаншама даңқтылар да жетеді бізде.

Қазақтың өнер саласы өзінің деңгейін сонау ғасырларда дәлелдеп тастаған. Өміре атамыз Париж бен Германияны аралап, әнін шырқап, қазақтың асқақ өнерін әлемге паш етіп, әлемдік өнерде де, қазақ өнерінде де өз орнын ойып тұрып алатын тұлғаға айналды. Сондай өнер майталмандарының арқасында қазақ өнері еш өлген емес, әлі жасап келе жатыр. Содан бері ғасыр өтсе де, қазақ өнерінің жалауы әлі де желбіреп, мықтылар өнерімізді дәлелдеп келе жатыр. Ешқашан жеңіліп, тоқтаған емес. Қазір де елімізді қаншама дарындылар қаптап жүр. Димаш Құдайбергеновтің мықтылығын бұл жерге сыйғыза алмасам да, әлем оны жарыса жазып, әлемге сыйғызып жіберген. Елімізде талантымен танылып, мойындалып жүрген жастарымыз да жетеді.

Міне, қазақ өнері өлген жоқ. Өнер атты құндылығымыз әлі жасап тұр, жалындап тұр. Ей, қазақтың құндылығы бітпес, сірә?! Бұрында да бітпеді, жойылмады. Демек бүгінде бітпеді, бітпейді және жойылмайды.

Дәмі өте бөлек, құндылығымыз жылқыдан бөлінетін қазақтың қазынасы – қазысы мен дастарханына еш алыстамаған бауырсағын, қазақ әйелдері тамсандырып дайындап, қонағына асқан сүйіспеншілікпен ұсынатын қазақтың бешбармағын, ерекше, алтын қолдарымен дайындап, оны бала дейсізбе, үлкен дейсіз бе, көрші дейсізбе бәріне ұсына салатын – қатты әрі тәтті құрты, отбасының таңғы асына таңмен дайындайтын қаймағы мен күні бойы пісіріп, түні бойы отбасына тарататын қазақтың қара көжесін айтпай кетпеуге болмас. Қазақ шетелге ыстық әрі дәмді бауырсағымен кеңінен танымал. Шетелдіктер дәмі былай тұрсын, атында айтып үйреніп алған, дәмін көрмесе де Қазақстанға барғанда міндетті түрде жеймін деп армандап жүрген бауырсақтың дәмі бөлек емес пе? Тіпті бауырсақты өзінше дайындап, сүйсініп жемейтін елде қалмаған шығар, бәлкім? Әлемдік асханалар арасында да дараланып тұратын нағыз қазақша халал тағамдарды да қазақ елінен, яғни біздің елден табуға болады.[2]

Мен жиі баратын қазақтың киелі шаңырақтары – ұлттық кітапханасы, ұлттық театры, ұлттық мұражайларын да осы құндылықтар арасына еш ойланбастан қосар едім. Бұл үшеуі бір-біріне біте қайнасқан, қазақ елінің ең басты – қазыналары. Бұл үш қазына болмаса, қазақ көзсоқыр, сауатсыз да боп жүрер ме еді? Өткен ғасырдағы ұлы жауһарларымыз секілді қазіргі қазақ жастары да ұлттық кітапхана, ұлттық театр, ұлттық мұражай деген киелі жерлердің айналасында көп жүріп, соларды көп көріп, көп оқып жүрсе, бәлкім, болашақта сол жастарымыз да Мұхтардың Абайға арнап жазған том-том кітабы секілді, сол жастар да болашақта бір-біріне арнап дәл солай том-том кітап жазып жүрер еді. Онда демек, құндылықтарымыз да одан әрі асқақтай түсері сөзсіз.

Абай демекші, қазақтың қара өлеңдерін жырлайтын болсам. Жоқ, кітап жазу керек шығар. Мүмкін, жазармыз. Олар да өскелең ұрпаққа арнап асыл қазыналар жазды ғой.

Ұлт қорғаны бола алатын ұлттық құндылықтар деп мен Абайдың қарасөздерін, ұлт зиялыларының шығармаларын, қазақ елін жырға қосқан сан түрлі жырауларымыздың жырларын, соғыс жылдарындағы батырларымыздың қанмен жазылған өлеңдерін, жазушыларымыздың қазақ қоғамының өмірін суреттей білген қисынды романдарын, әуезді ақындарымыздың әуелі қара өлеңдерін, күмбез күйшілердің күйлерін де атай алар едім. Себебі, бұл жоғарыдағы әр тұлғаның туындылары болмағанда, шыққан тегіміз бен руымызды, тіпті тарихымыздың қайдан шыққанын білмей отыратын едік. Бес ғасыр жырлайтын сол туындылардың да өскелең ұрпақтың қолына жетіп, солармен танысуының өзі де сол ата-бабаларымыздың арманының орындалғандығының бір белгісі деп білемін.[3]

Қорыта айтқанда, сол ұлттық құндылықтарымыздың қазіргі қоғам жастарына беретін тәрбиесі тек қазақшылық, ұлтшылдық деп ойлаймын. Біз қазақ деген ұлылардың ұрпағы болғаннан кейін де ұлттық құндылықтарымызды ата-бабаларымыз көзінің қарашығындай сақтағанындай бізде одан әрі сақтап, тек биікте ұстауымыз керек. Тек қазақшылықпен өмір сүріп, сырттан келген қандай да болсын ағымдарға, сырттан келген қандай да болсын сәндерге еріп кетпей, өз қазақшылығымыз бойынша өмір сүрсек бұл да құндылығымызды сақтағанымыздың және өз құндылығымызды жоғалтпауымыздың бірден-бір ең әдемі көрінісі деп санаймын.

Құдайға шүкір, қазір еңсесі биік ордаға айналдық. Өз заңы бар, өз тәуелсіздігі бар, өз тілі бар, өз басшысы бар, өз бағыты, мақсаты бар елге айналдық. Бостандық та бар. Бабалар аңсап кеткен бостандық та орнады.

Абылайхан дәуірінде ел боламыз деп хандық құрылып, батырларымыз қазақ деген ұланғайыр жерді сақтаймыз деп қанын беріп, Әлихан атамыз қазақ деген мемлекет боламыз деп жанын берген сол кісілер армандап кеткен қазақ елі құрылды. Дамыды. Дамып та келе жатыр. Өркендеп, одан әрі жайнай да түсуде.

Сайып келгенде, XXI ғасыр – жастардың ғасыры демекші, сол жастар да елдің құндылықтары үшін еңбек етуі керек. Рухани жаңғырып, Мәңгілік ел болу үшін құндылықтарымызды мәңгілік сақтап, өзімізден кейінгі ұрпақтарға мәңгілікке табыс етуіміз керек. Себебі ұлттық құндылықтар – ұлттың қазынасы.

Әдебиеттер тізімі:

1. Зердеңізге тоқыңыз. Көкшетау, 2012 «Ұрпақ тағылымы» [5-6]
2. Ұлттық ойындар. Алматы «Балауса» 2005 [3,4-6]
3. Қазақ тәлім – тәрбиесі. Алматы «Санат» 2015 [13,14-6]



УДК 377/378:81.11

WAYS OF LEARNING ENGLISH THROUGH A PODCAST

Түрдияр Меруерт Жасұланқызы

Халықаралық Тараз инновациялық институты студенті. Тараз, Қазақстан

E-mail: meruyert.turdiyart@mail.ru

Ғылыми жетекші: Есалиева Сауле Көпжасаровна

Халықаралық Тараз инновациялық институтының аға оқытушысы, Тараз, Қазақстан

saule.yesaliyeva@mail.ru

Аннотация. Мақалада қазіргі білім беру жүйесіндегі ең заманауи технологиялардың бірі – подкасттың көмегімен ағылшын тілін үйрену тәсілдері қарастырылады. Мақала келесі мәселелерге негізделген:

1. Подкасттар студенттерге ағылшын тілін үйренуге көмектесудің пайдалы әдісі ме?

2. Ағылшын тіліндегі подкасттарды екінші оқыту және оқу тілі ретінде тыңдаудың артықшылықтары мен кемшіліктері қандай?

3. Ағылшын тілін үйрену үшін подкасттарды тиімді тыңдаудың қандай жолдары бар?

Автор шет тілін оқытуда оны қолдану алгоритмін көрсете отырып, осы технологияның артықшылықтарын тізімдейді. Подкасттарды тыңдау сіздің айтылымыңыз бен тыңдау дағдыларыңызды жақсартуға мүмкіндік береді дейді. Ағылшын тілін кәсіби бағдарланған оқытуда ол подкасттар арқылы сөйлеу әрекетін жетілдіру оқытудың жаңа парадигмасын табудың тәсілі деп тұжырымдайды. Осылайша, қазақстандық EF (ағылшын тілін меңгеру индексі) жарияланатын жылдық есептің ұлғаюына ықпал ететін болады.

Кілтті сөздер: подкаст, ағылшын тілін үйрену, Ағылшын тілін меңгеру индексі, тыңдау дағдылары, сөйлеу дағдылары.

Аннотация. В статье рассматриваются способы изучения английского языка с помощью подкаста – одной из самых современных технологий в современной системе образования. Статья основана на следующих вопросах:

1. Являются ли подкасты полезным способом помочь студентам в изучении английского языка?

2. Каковы преимущества и недостатки прослушивания подкастов на английском языке в качестве второго языка преподавания и изучения?

3. Каковы способы эффективного прослушивания подкастов для изучения английского языка?

Автор перечисляет преимущества данной технологии, указывая алгоритм ее применения при обучении иностранному языку. Говорят, что прослушивание подкастов позволяет вам улучшить свое произношение и навыки аудирования. В профессионально ориентированном обучении английскому языку он приходит к выводу, что совершенствование видов речевой деятельности с помощью подкастов - это способ найти новую парадигму обучения. Таким образом, казахстанский EF (Индекс владения английским языком) будет способствовать увеличению публикуемого годового отчета.

Ключевые слова: подкаст, изучение английского языка, Индекс владения английским языком, навыки аудирования, разговорные навыки.

Annotation. The article discusses ways to learn English through a podcast – one of the most modern technologies in the modern education system. The article is based on the following questions:

Whether podcasts are useful way to help students in learning English?

What the advantages and disadvantages are of listening to podcasts in English as a second language teaching and learning?

What are the ways to effectively listen to podcasts for learning English?

The author lists the advantages of this technology, indicating the algorithm of its application in teaching a foreign language. It is said that listening to podcasts allows you to improve your pronunciation and listening skills. In professionally oriented English Language Teaching, he concludes that improving the types of speech activity through podcast activities is a way to find a new paradigm of learning. In these ways, Kazakhstan's EF (English Language Proficiency Index) will contribute to the increase in the published annual report.

Key words: podcast, learning English, English Language Proficiency Index, listening skills, speaking skills.

Despite the fact that it is almost a quarter of a century old, few people know about podcasts in Kazakhstan. Today, 50% of the US population is used to listening to podcasts, and according to TIBURON Research, in Russia, every fourth internet user is used to listening to podcasts at least once a month. For this reason, I believe that we are obliged to provide information about the "podcast" and its history.[1]

What is a podcast? A podcast is audio content that can be downloaded or listened to online, distributed via an rss file, or recorded in audio format, such as a radio program on a particular topic. In general, the podcast dates its development back to 2000. And in 2003, when the famous Apple company launched the iPod, it reached its peak in terms of development. The difference between a podcast and TV and radio is that it is not broadcast live, but can be listened to in audiophiles or watched in video programs at a convenient

time. Its duration can range from a few minutes to several hours. Basically, there are two different types of podcasts:

Solo podcasts are a type of podcast where you personally talk about a specific topic and answer questions.

In podcasts in the form of interviews, you invite speakers to visit and talk in the form of interviews.[2]


You can listen to podcasts from your mobile phone. If you have IOS, then there is a special app called "Podcast" for it. And for Android devices, there is a program called Google Podcasts. As well as Overcast, Pocket Casts, Castbox, Spotify and Yandex.Music " is also available in many programs and applications.

According to the meteorological rice podcasting resource as of November 1, 2020, there are now more than a million podcast projects in the world that have already distributed 30 million episodes: in 2018, their number was about 550 thousand.

According to the international expert Association of the Russian Interactive Advertising Bureau, the number of podcast listeners in one month of 2019 amounted to an average of 5.1 million people, and in 2020 – 10.5 million people. There are forecasts that in 2024 the number of podcast listeners will reach 27.9 million people.

The main thing is that you can listen to the podcast at any time convenient for you, while you are busy with any tasks. It may be strange at first, but over time you get used to it and shoot two rabbits with the same bullet as usual. You can put on headphones and listen while standing in line, running in the morning, cooking.[3]

How can Kazakhstanis use one segment of new media, which has its own "voice", to learn foreign languages, in particular English? Article gives a full answer to this question.



According to the annual report published by EF (English Language Proficiency Index), which identifies 100 countries and regions in terms of English language proficiency, in 2022 Kazakhstan ranks 92nd in the world and 21st out of 24 countries in Asia. The country is not only significantly behind the countries with the highest rating (the Netherlands, Sweden, Denmark and Norway), but also behind neighboring countries-China on 54th place, Russia on 51st place, Uzbekistan on 4th place. The report also highlights the low level of English proficiency in secondary schools, especially in public schools. And to compete in the global labor market, you need at least a level of C1.[4]

There are many reasons for this disadvantage, one of which, of course, is the inefficiency of traditional teaching methods aimed at memorizing the rules of grammar. In many cases, the goal is to get a certificate as soon as possible to look good in your resume,

without paying attention to the fact that the language is a living topic and a constantly evolving cultural system. Let's just say, "if you know the grammar of that language, and you can't speak it, even if you know a lot of words, then you don't know that language." [5]

At the same time, there are many traditional ways to learn or improve a language, such as watching or listening to podcasts that are free and available anywhere on any mobile device. Learning by hearing is the fastest and most natural way to start learning or speaking a foreign language.[6]

There is not much material on this topic in scientific works, including in the teaching of foreign languages, in the research of P. V. Sysoev and M. N. Evstigneev, A. G. Solomatina on the importance of improving the types of speech activity and in the article of K. V. Kapranchikova on the socio-cultural function of podcast activities in teaching a foreign language.

TIP 1: Learn to relax with English

If you are not used to hearing the sounds of English, the trick to overcoming this problem is to immerse yourself in the sounds of English. When you go out for your daily run or when you walk to your train, put your headphones in and turn on a podcast.

Be sure to focus on a podcast that gives you natural, authentic conversation. Don't try to understand every single sentence or phrase in the podcast episodes. Instead, just soak up the sounds as if you were a sponge! Tune your ear to the sound of English and before you know it your English anxiety will be gone.

TIP 2: Don't Sound Like a Robot

Are you using a boring English grammar book?"

The conversations and dialogues in your textbook aren't realistic and if you actually try to repeat those phrases in a real conversation you will sound like a robot.

Here's an example: While some textbooks still teach you to say "how do you do?" that phrase has been out of style for years in the United States! If you use it, you will sound like a robot! Don't sound like a robot! When you listen to podcasts you will naturally pick up phrases, greetings, slangs, idioms, and expressions that are real and up-to-date. You will also learn what the underlying meaning is for the phrase. Learn real English with podcasts!

TIP 3: Build a Daily English Habit

The truth is, improving your English doesn't require hours and hours of study each day. But it does require regular, consistent, daily practice and exposure to the language.

A podcast is an easy way to get that practice every single day. Most podcast episodes are a short 10-30 minutes. You can easily listen to an entire episode on your train ride to work.

So start to think about how you can make podcasts a core part of your daily English routine. It only takes a few weeks to establish a new habit, so get started today.

Your habits are what make your goals possible."

TIP 4: Listen first, then speak

How do babies learn their native language? They are silent for 9 months to one year and they listen to the sounds around them.

They don't speak a single sound until they have at least a basic map in their mind of how the language works. Obviously your English is more advanced than a baby's English! However, you can use this technique in your toolbox. Speaking is important, but your foundation should be listening. Build your foundation first then jump into conversations to practice what you have heard

TIP 5: Think of Learning as a Game

You probably have very scary memories of your 7th grade English class. You were 13 years old and your teacher made you conjugate irregular verbs and if you made a mistake you were in trouble. It was painful. It was humiliating. You didn't learn much. Those days are over, but that memory still lives on in your mind as your first English-learning experience.

It's time to learn in a new, fun way. Podcasts can be a form of entertainment. Let us entertain you as we tell funny stories about stupid things we did during our world travels.

With podcasts, learning English doesn't have to be "work." It can be "play." Think of it as a game, a break from your daily routine.

TIP 6: Take Notes While You Listen

Science tells us that the more senses that you involve when you learn a language, the faster and better you will learn. When you hear the language, see it and remember it by writing it down. You can write down new phrases that you learn and turn them into flashcards or you can summarize what you heard and ask your English teacher to correct it. If you are a visual learner, try taking notes while you listen.

TIP 7: Try Shadowing

Shadowing is a way of studying language by mimicking or copying native speakers."

The point of shadowing is to primarily practice listening carefully and to pronounce the words you hear quickly and accurately, as soon as you hear them. Research shows that walking while listening to a podcast and shadowing will increase the effectiveness, because you will stay alert and have more oxygen flowing to your brain as you move. It is perfect for the busy learner to use with a podcast that you have downloaded onto your smartphone or mp3 player.

TIP 8: Use the Phrases that You Hear in Conversation

Notice what phrases people use in specific situations, such as to greet each other, to congratulate someone, to show that they are listening, and so on. Can you remember some of these phrases? Now imagine that you are going to have a conversation. I want you to use the same phrases that you have heard from your English speaking friends or in English language movies. It's OK to pretend that you are acting when you do this. If you are using phrases that you heard your favorite actor say, for example, you might pretend that you are your favorite actor, and even adopt some body language or mannerisms.

TIP 9: Interact with the Podcast Online

Social media, such as Facebook and Twitter, is a relatively new way to interact with people from all over the world in English. What a great opportunity to engage in friendly, fast conversations and make new connections with friends online! Interacting with the podcast via social media means that you can easily and quickly share your opinion or ask questions about the podcast, or about learning English in general.

TIP 10: Share the Podcast with a Friend and Discuss

Share the podcast with an English-speaking friend or your English tutor. You can practice your listening and also get vocabulary on a specific topic that you can start using in conversation. Take notes as you listen to the podcast for a second time to remember ideas and vocabulary that you would like to talk about.[7]

Discuss the podcast with your friend. Before starting the conversation, think about questions you could ask your friend about the podcast topic. Or simply ask, "What did you think about the podcast?" Be the leader in the conversation: ask questions, offer your opinion, and then ask more questions! Having a conversation is a two-way street, meaning that you have to always ask more questions and share your thoughts as you engage and listen to your conversation partner. Interaction with people in English is important to be

able to start using and improving your English. Podcasts are an interesting current topic for discussion, and your friend will surely appreciate that you shared!

References:

1. Imankulova S.M. Podcast-modern technology in language acquisition // al-Farabi atyndagi KazUU Khabarshysy. – 2018.
2. Sysoev P. V. podcast on teaching foreign language // language and culture. – 2014. №2 (26). - P. 189-201.
3. Sysoev P. V., Evstigneev M. N. methods of teaching a foreign language with the use of new information and Communication Internet technologies. Moscow: Glossa-press; Rostov B/ D: Phoenix, 2010.
4. Solomatina A. G. development of speech and listening skills of educational podcasts // foreign languages in school. – 2012. - No. 9. - pp. 71-74.
5. 10 Ways Ebook Updated 2018 from www.allarsenglish.com
6. Ainel Amirkhan. "What is a podcast symbol?" 20 January 202. magazine "Forbes Kazakhstan"
7. EF English Proficiency Index A Ranking of 100 Countries and Regions by English Skills 2020.



УДК 8.02 (574)

ҚАЗАҚ АҒАРТУШЫ-ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ

Тұрсынбек Ақерке Ерланқызы

Халқаралық Тараз инновациялық институтының студенті.

Тараз, Қазақстан

Ғылыми жетекші: Елубаева Рахат Сайлаубекқызы

Халықаралық Тараз инновациялық институтының педагогика
ғылымдарының кандидаты, доцент. Тараз, Қазақстан

Аннотация: Бұл мақалада қазақ ағартушы педагогтарының адамгершілік тәрбие, ұлттық құндылық тақырыбындағы шығармаларының маңызы, жастардың бойына құнды қасиеттерді сіңіру туралы жазылған.

Кілтті сөздер: ұстаз-ғалым, адамдықтың кілті, жеткіншек, жетесіз.

Аннотация: В данной статье речь идет о значении работ казахстанских педагогов по нравственному воспитанию, национальным ценностям, воспитанию ценных качеств у молодежи.

Ключевые слова: Учитель-ученый, ключ к человечеству, подросток, не воспитанный.

Annotation: This article deals with the importance of the work of Kazakh teachers on moral education, national values, education of valuable qualities among young people.

Key words: Teacher-scientist, the key to humanity, teenager, not brought up.

Адамгершілік қасиеттердің негізгі сипаттары адам бойында балалық кезеңде қалыптасады. Осыны ұстаз-ғалым ретінде терең түсінген халқымыздың ұлы

ағартушысы Ы.Алтынсарин өз еңбектерінде болашақ ұрпақты адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеуге қатты көңіл бөлген. Бар саналы ғұмырын оқу-ағарту саласына жұмсаған ол қазақ жастарын еңбек сүйгіш әділ, шыншыл, өнегелі, азамат болуға үндейді. Ағартушы «Бұл кім?», «Ананың сүюі» өлеңдерінде «Аурудан аяған күштірек», «Надандық», «Мейірімді бала» әңгімелерінде ата-ана мен баланың бір-біріне деген ыстық ықылас, мейірім махаббатын, сыйластық қарым-қатынасын көрсете білген. «Аурудан аяған күштірек» әңгімесіндегі анасын аяп, аяғы ауырса да айқайламаған Сейіттің, «Мейірімді баладағы» әкесі үшін кесуге өз қолын ұсынған кішкентай қыздың, өзге жұрттар қорқып, үркіп, анасының моласының жанына бармағанда анасының тірі екенін жүрегімен сезіп, шырылдаған жас баланың істері кез-келген адамды адамгершілікке баулыры сөзсіз. Сол сияқты, «Шеше мен балада» кемтарлықтан құс сатып күнін көрмекші болған баланың қолындағы құсын аяп, оны бар ақшасына сатып алып, ұшырып жіберген кішкене қыздың бейнесін жасау, «Полкан деген ит» әңгімесіндегі өзінен кішкентай күшікке күш көрсетпеген Полкан атты иттің мейірімділігін суреттеу арқылы қайырымдылықты, жылы жүректілікті сөз етеді. Жеткіншектерді «Асыл шөп» атты шағын әңгімесінде шыдамсыз Зылиха мен сабырлы Бәтима қыздың бейнелерін қарама-қарсы қоя отырып сабырлыққа, «Мұңсыз адамда» жарлының бейнесі арқылы қанағатшылдыққа, «Бір уыс мақта», «Сарандық пен жинақтылық» атты шығармаларында үнемшілдікке, «Бай баласы мен жарлы баласы», «Қыпшақ Сейітқұл», «Жомарт» әңгімелері арқылы еңбекқорлыққа, «Лұқпан әкім», «Үнді», «Данышпан қазы», «Дүниеде жамандық неден?» деген еңбектерімен данышпандық, білгірлік, ақылды парасаттылыққа шақырады. «Мұсылманшылық тұтқасында» дін арқылы имандылыққа уағыздаса, «Жаман жолдаста» шынайы достықты суреттейді [1], [2].

Халқының мол қазынасынан сусындап өскен, кемеңгер Абай да бұл мәселеге жете көңіл бөліп, адам танымы, адам тәрбиесі туралы өзінің құнды пікірлерін қалдырды. «Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өсіп», «Мыңмен жалғыз алысқан» саналы ғұмырында нағыз адам тәрбиелеудің кілтін іздеген ол қазақтың әрбір баласын толық адам болуға шақырады. Ақын:

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек, -

деп кісіліктің, толық адамдықтың кілтіндей адам өміріне керекті үш асылды анықтап берді [3].

Адам баласының бойындағы әділеттілік, мейірімділік, рақымдылық, адалдық, жомарттық, қонақжайлылық, бауырмалдық, арлылық, намысқойлық тәрізді ізгі қасиеттерді жүрек ісі деп түйген Абай жүректі негізгі орынға қою арқылы жүректен шыққан осындай адамгершілік қасиеттерді басты орынға қоя біледі. «Толық адам» тәрбиелеуде дана Абай жастарды оқу-білімге шақыра отырып, білімді де жан-жақты, саналы, ақылды, парасатты кеудесінде жастық қуаты тасып тұрған қайратты жастың жүрегі ізгі қасиеттерге толы болсын дейді. Абай білімді, ақылды, қайратты жастың жүрегінде ізгі қасиеттер тапшы болып жатса, ол өзінің қайраты мен білімі арқылы қоғамға қауіп төндіретіндігін жақсы ұғады. «Адам тәрбиесі туралы осынау ойлар желісі сонау Тоныкөк пен Күлтегін жазбаларынан бастап, Әл-Фараби, Ғаббас Жауһари еңбектеріндегі ой жүйелерімен өрби келіп, Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» еңбектерінде терендей түссе, Абай осы ғұламалардың педагогикалық ойларын барынша айқындап, мәнін аша түскен» [4].

Яғни, ұлылықтың биік деңгейіне көтерілген Абай өзіне дейінгі ғұламалардың еңбектерімен жақсы таныс болып, ұлттық тәрбиенің қайнар бұлағынан сусындап өсе келе, «толық адамды» сомдаған.

Олай болса, Абайдың тәлімдік ой-пікірлерін сөз еткенде оны этнопедагогикадан бөліп қарауға болмайды.

Абай сомдаған «толық адам» немесе жүрек тәрбиесі туралы ой желісі - өз халқының ертеден келе жатқан ұлттық тәрбие ойларынан, халық даналығынан бастау алған.

«Абайдың тәлім-тәрбиесі өзі өмір сүрген ортасымен етене байланысты. Оның бойындағы барлық асыл қасиеттер – даналық, данышпандық сол ұлтынан берілген, сол ұлтынан сіңген қасиет» [4].

Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаевтардай ұлдарын биік даналық деңгейіне көтеріп, олардың адамгершілік, этикалық талғамын қалыптастыруда жетекші роль атқарған, қай халықтың да тәрбие дәстүрінен кем түспейтін қазақ этнопедагогикасының құндылығында шек жоқ.

Атаң қазақ болған соң

Жеті атаңды білген жөн

Жеті атасын білмеген

Жетесіз ұлға күлген жөн, -

деп ой түйген халқымыз балаға шыққан тегі, руы туралы ұғындырып, жеті атасын жаттатқызып, олардың жақсылық істері мен ерекшеліктерін білгізіп отырған. Соның қорытындысы ретінде кез-келген қазақ баласы ата-баба тарихынан хабардар болып, олардың жақсылықтарын мақтанышпен сөз еткен, әруақтарын құрметтеген. «Үлкенге – құрмет, кішіге - ізет» көрсету халқымыздың қанына сіңген ерекше қасиеті болған. Бұл халқымыздың атадан балаға өлмес мұра болып келе жатқан ауыз әдебиет үлгілерінде де жақсы көрініс тапқан.

Академик-жазушы М.Әуезов бұл жайында: «Біз ауыз әдебиетін зерттей отырып, халық санасындағы отаншылдық сезімді, халық ұғымындағы адамгершілік гуманизмді, халықтың қанатты үміті – оптимизмді ... сол халықтың өткендегі өмірін, аңсау-арманын, әдет-ғұрпын, халықтың коллективтік тәрбиесінің жемісін көреміз», - деп жазды [5].

Яғни, атамыз қазақ адамгершілік мәселесін ауызекі шығармаларының кез-келгеніне арқау еткен.

Жас нәрестенің дүниеге келуіне байланысты айтылар шілдеhana өлеңдерінде жиылған көпшілік жас нәрестені денсаулығының зор, ер жетіп, елге керекті, жылағанды жұбатар, қиналғанға қол ұшын берер «сегіз қырлы бір сырлы» азамат болуына тілек білдірсе, «Бесік жырында» ананың балаға деген аналық махаббаты, аналық ақ тілеуі көрініс табады. Сондай-ақ той бастар, сыңсу, жұбату, беташар, қоштасу, жоқтау, т.б. әдет-ғұрыпқа байланысты туылған өлең-жырларда да бұл мәселе жақсы қамтылған.

Бір ғана беташар жырын алайық. Мұнда халқымыздың жас келінді тек ауыл-аймақ, туған-туыстарымен таныстыру мақсаты ғана көзделмейді, сонымен қатар бөтен босағаны аттап, жаңа өмірге аяқ басқан жас келіншекке тәлім-тәрбие беру тілегі де көрініс табады.

Қаптың аузы бос тұр деп,

Құрт ұрлама келіншек.

Өзің жатып, еріңе

Тұр-тұрлама, келіншек.

Аузы-басың сүйреңдеп
 Өсек айтпа, келіншек, -немесе
 Өзіңнен үлкен адамның
 Бетіне тіке қарама!
 Қол қусырып сәлем бер.
 Жастары үлкен кәріге.
 Шамаң келсе ізет қыл.
 Үлкендердің бәріне! –

деп жас келінді инабаттылыққа, ибалыққа, әдептілікке, өсек-өтіріктен аулақ болуға үндейді.

Ата-ананы, үлкенді сыйлау, кішіпейілділік, қайырымдылық, мейірімділік, адалдық, қонажайлылық сияқты адами ізгі қасиеттер халықтық тәрбиенің өзегі саналған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Алтынсарин Ы. Мұсылманшылықтың тұтқасы. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 80 б.
2. Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. – Алматы: Жазушы, - 1988. – 318 б.
3. Құнанбаев А. Өлеңдері. – Алматы: Жазушы, 1976. – 240 б.
4. Сағындықова Е. Абайдың ұлттық тәрбие негіздері // Ақиқат. – Алматы, 1994. - №1. – Б. 75-77.
5. Қалиев С. Халық педагогикасының ауыз әдебиетіндегі көрінісі. – Алматы: Мектеп, 1987. – 80 б.



ӘОЖ 351.7

СӨЙЛЕУ ДАМУЫНДА АУЫТҚУЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ БАЙЛАНЫСТЫРЫП СӨЙЛЕУІН ДАМУЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Байменова А.О.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, 2 курс магистранты

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., доцент Масалиева Ж.А.

Аңдатпа.

Мақалада сөйлеу тілінің ауытқуы бар балалардың байланыстырып сөйлеуін дамыту жұмыстары қарастырылған. Сөйлеу ауытқуының ішінде жалпы сөйлеу тілі дамымауы қарастырылған. Жалпы сөйлеу тілінің дамымауы бар балалардың байланыстырып сөйлеуінің қалыптаспауы барлық сөйлеу-ойлау белсенділігінің дамуына теріс әсер етеді. Жалпы олардың байланыстырып сөйлеу тілін дамыту үшін түсінік айту, әңгімелеу қолданылады. Сондықтан байланыстырып сөйлеуді қалыптастырудың әдістемелік жолдары мен құралдарын арнайы іздеу бүкіл оқу және тәрбие процесі үшін өте маңызды.

Кілттік сөздер: сөйлеу дамуының ауытқуы, байланыстырып сөйлеу, әңгімелеу, сипаттау, түсінік айту.

Аннотация.

В статье рассматривается работа по развитию связной речи детей с нарушениями речи. Среди речевых отклонений рассматривается общее речевое недоразвитие. Несформированность связной речи у детей с общим недоразвитием речи отрицательно сказывается на развитии всей речево-мыслительной деятельности. В целом, для развития связной речи используется комментирование, рассказывание историй. Поэтому особый поиск методических путей и средств формирования связной речи имеет первостепенное значение для всего учебно-воспитательного процесса.

Ключевые слова: отклонение речевого развития, связная речь, рассказывание, описание, комментирование.

Сөйлеу тілінің дамуы мен оның ауытқуларын түзету мен сақтандыру, логопедиялық ықпал жасау логопедияның негізгі бағыты болып есептеледі. Логопедияның маңызы тілдің әлеуметтік маңызымен тығыз байланысты.

Үшін әр жауынгер сәтті қимылдап, ұрыс алаңында ғана емес, мүлтіксіз меңгеруі қару, бірақ жақсы бағдарлануға жерде. "Бағдарлау" сөзі латынның *oriens* сөзінен шыққан, "Шығыс" дегенді білдіреді. Бұл кездейсоқ емес, өйткені Шығыс ежелгі уақыт заманынан бері маңызды түс болып саналды: күн шигыстан шығады. Күн-Жер бетіндегі жылу мен жарық көзі.

Әскери топография-арнайы әскери тәртіп. Ол рельефті зерттеу тәсілдерін, оған бағдарлауды және ұрыс мүдделері үшін рельефті бағалауға байланысты басқа мәселелерді қарастырады. Сондай-ақ әр түрлі жауынгерлік тапсырмаларды орындау кезінде топографиялық карталар мен аэросуреттерді пайдалану дағдылары.

Әскери топографияны зерттеу жауынгерлерді нақты ұрыс қимылдарына дайындауда үлкен маңызға ие. Сонымен қатар, ол байқау, дәлдік, бақылау нәтижесін талдай білу сияқты маңызды қасиеттерді дамытуға мүмкіндік береді және жауынгерлік тапсырманы орындау кезінде оның рельефке әсері туралы қорытынды жасайды.

Әскери топография рельефті зерттеу әдістерін, оған бағдарлауды және армияның әскери іс-қимылдарының мүдделері үшін рельефті бағалауға байланысты басқа мәселелерді қарастырады.

Әскери топографиямен зерделенетін мәселелер жауынгерлік міндетті орындау кезінде жеке құрамның практикалық қызметіне тікелей байланысты. Әскери топографиядан алынған білім мен дағдылар жағдайды жақсырақ бағалауға, ұтымды шешімдер қабылдауға, бөлімшелерді басқаруды, бақылау және ату жүйесін жақсы ұйымдастыруға, ұрыс сәтті өту үшін аймақтың тактикалық және қорғаныс қасиеттерін толық пайдалануға мүмкіндік береді.

Әскери топографияны зерделеу жеке құрамның байқағыштық, ұқыптылық, байқау нәтижелерін талдай білу және жергілікті жердің жауынгерлік міндетті орындауға әсері туралы қорытынды жасай білу сияқты маңызды қасиеттерін дамытады

"Әскери топография" пәні көкжиекке, жергілікті пәндерге қатысты өз орнын анықтау ережелеріне, студенттердің бейтаныс жерде бағдарлау дағдыларын игеруіне, азимут бойынша қозғалыс бағытын тандай білуге бағытталған.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Говорухин А.М. справочник по военной топографии. М.Воениздат, 1980г.
2. Куприн А.М. Методика топографической подготовки. М.Воениздат, 1965г.
3. Лахин А.Ф. Военная топография. Учебник для учебных подразделений. М.Воениздат, 1980г.
4. «Қазақстан республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы». Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 қаңтардағы № 29 Заңы Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж, N 1-2, 1-құжат;
5. «Егемен Қазақстан» 2005 жылғы 12 қаңтар N 6
6. Әлімбаев Б. Мектеп оқушыларының әрқайсысының отан қорғауға дайындық сапасын қалыптастыру. Әдістемелік журнал: «Алғашқы әскери дайындық». №6, Алматы. 2003-34-36 б.



ӘОЖ 378.147

ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ НЕГІЗДЕРІН ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ ӘДІСТЕМЕСІ

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Үсен Б.М.

Орынханова Л.Д., БӘД-19-1

Халықаралық Тараз инновациялық институты, Тараз қ.

Андатпа: Тәрбиенің маңызды саласын жүзеге асыруда «Бастапқы әскери дайындық» пәнінің мүмкіндігі мол. Мектеп оқушыларына отансүйгіштік тәрбие беруде басшылыққа алынуы тиіс принциптер бастапқы әскери дайындық пәнін оқытудың дидактикалық қағидаларына қайшы келмей, керісінше, өзара байланыстылығы мен бірін-бірі толықтырып отыруымен сипатталады.

Аннотация: Предмет «Начальная военная подготовка» имеет большой потенциал для реализации важной области воспитания. Принципы, которыми следует руководствоваться при патриотическом воспитании школьников, характеризуются взаимосвязанностью и взаимодополняемостью, а не противоречат дидактическим принципам преподавания предмета начальной военной подготовки.

Abstract: The subject "Initial military training" has great potential for the implementation of an important area of education. The principles that should guide the patriotic education of schoolchildren are characterized by interconnectedness and complementarity, and do not contradict the didactic principles of teaching the subject of initial military training.

Тәуелсіздіктің арқасында елімізде болып жатқан түбегейлі өзгерістер адамның тұлғалық сапаларына жаңа талаптар қойып педагогикалық іс-әрекетке ұстаздардың кәсіби даярлығына қойылатын талаптардың артуына негіз болуда. Осы жоғары талаптар бастапқы әскери дайындық пәні мұғалімінің кәсіби даярлығының маңызды компоненттерінің бірі болып табылатын – пән бойынша, сабақтан және мектептен тыс жұмыстарда отансүйгіштік тәрбие беру ісін ұйымдастыра білу деңгейін жетілдіру өзекті мәселе болып отыр.

Тәрбиенің осы маңызды саласын жүзеге асыруда «Бастапқы әскери дайындық» пәнінің мүмкіндігі мол. Мектеп оқушыларына отансүйгіштік тәрбие беруде басшылыққа алынуы тиіс принциптер бастапқы әскери дайындық пәнін оқытудың дидактикалық қағидаларына қайшы келмей, керісінше, өзара байланыстылығы мен бірін-бірі толықтырып отыруымен сипатталады. Сонымен қатар, мектеп оқушыларына «Бастапқы әскери дайындық» пәнін оқыту арқылы осы пәннің зор потенциалын пайдалана отырып, отансүйгіштік тәрбие беру мәселелері әлі күнге дейін арнайы зерттелмеген және «Бастапқы әскери дайындық» оқулықтарының мазмұны мен оқу бағдарламаларында бұл мәселе өз шешімін түбегейлі таппаған [1].

Жаңа әлемдегі Қазақстанның болашағы, беріктігі оны мекендейтін ұлттар мен ұлыстардың арасындағы өзара түсіністікке, достыққа, сенімділікке байланысты екені белгілі.

Отансүйгіштік сана-сезімді тәрбиелеу білім берудің мектепке дейінгі жүйесінен жоғары оқу орындарына дейінгі аралықтарда барлық ұйымдарда көкейкесті болып табылады. Мемлекеттік маңызы бар осындай міндетті жүзеге асыруда мектеп мұғалімдеріне үлкен жауапкершілік жүктеледі. Мектеп оқушыларын Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүйуге тәрбиелеу—мұғалімнің аса маңызды, аса жауапты да қадірменді парызы болып табылады.

Мектеп оқушыларын отансүйгіштікке тәрбиелеудің теориялық және әдістемелік аспектілері, мақсат-міндеттері, мазмұны Ю. К. Бабанский, Н. И. Болдырев, А. С. Макаренко және т.б. белгілі педагог ғалымдардың зерттеулерінде дәлелденген [2].

Қазақстанда білім мен тәрбие ісінің даму мәселелері, отансүйгіштік тәрбиенің тарихи-педагогикалық қырлары С. Қалиев, Г. Меңлібекова т.б. еңбектерінде баяндалған.

Сонымен бірге, қазіргі Қазақстанда жаңа демократиялық құрылым жағдайында оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеуде аса маңызды қазақ халқының ұлттық ерекшеліктері және Отанымыздағы ұлт саясатына қатысты келелі ой-пікірлер, осыған орай қоғамның әлеуметтік-экономикалық, саяси дамуынан туындап отырған «ұлттық отансүйгіштік», «қазақстандық отансүйгіштік», «отансүйгіштік» сияқты ұғымдардың педагогикалық мәндері әлі де толық ашылып нақтыланбаған.

Зерттеудің мақсаты: Бастапқы әскери дайындық пәні мұғалімдерінің оқушыларға Бастапқы әскери дайындық сабағы арқылы жан-жақты тәрбие беру бағытындағы білімін жетілдірудің теориялық негіздері мен оларды оқу-тәрбие үрдісінде жүзеге асырудың жолдарын ұсыну.

мектепте оқушыларға тәрбие беру және мұғалімдердің білімін жетілдіру үрдісі.

- «Бастапқы әскери дайындық» пәнінің мектеп оқушыларына жан-жақты тәрбие беру мүмкіндіктерін анықтау;

- «Бастапқы әскери дайындық» пәнін оқыту барысында оқушыларға тәрбие берудің педагогикалық негіздерін анықтау;

- Мұғалімдерге «Бастапқы әскери дайындық» пәнін оқыту үрдісінде, оқудан және мектептен тыс жұмыстарда оқушыларға тәрбие берудің мазмұнын, формалары мен әдістерін ұсыну [3].

Зерттеу мәселесіне қатысты қазақстандық философтардың, саясаттанушылардың, тарихшылардың, педагог және психолог ғалымдардың еңбектері.

Философиялық, тарихи, саяси, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге ғылыми талдау жасау, мектептерде бастапқы әскери дайындық пәнінен ұйымдастырылатын оқу-тәрбие үрдісінде отансүйгіштік тәрбие беруді бақылау, осы орайдағы, біліктерін анықтау мақсатымен оқушылармен әңгімелесу, олардың іс-қағаздарымен танысу.

1. Бастапқы әскери дайындық пәні мұғалімі үшін «Бастапқы әскери дайындық» пәнін оқыту және оқудан тыс жұмыстарда оқушыларға тәрбие беруді жетілдірудің жолдары теориялық тұрғыдан нақтыланды.

2. Мектепте оқушыларға отансүйгіштік тәрбие беру жұмыстарын ұйымдастыруда «Бастапқы әскери дайындық» пәнінің мазмұндық мүмкіндіктері, орны мен ерекшеліктері айқындалды.

3. Бастапқы әскери дайындық пәні мұғалімі үшін «Бастапқы әскери дайындық» пәнін оқытуда, сабақтан және мектептен тыс жұмыстарда оқушылардың адамгершілігін, ақыл-ойын, еңбекке қатынасын, отансүйгіштік сана-сезімін көтеретін ғылыми негізделген әдістемелік жолдары ұсынылды [4].

Тәрбие сөзі араб тіліндегі халаха түбірінен шығады. Мағынасы: мінез, табиғат, жаратылыс, сипат деген мағыналарға келеді. Терминдік мағынасына сай, адамның жақсы мен жаманды ажыратуына себеп болған рухани таңдауларды, мінездер мен қатынастардың жиынтығын тәрбие деп атаймыз.

Әлемдегі дамыған елдер қатарына теңесу тікелей өз отанын сүйетін, отаншыл ұрпақ тәрбиесіне тікелей байланысты болатынын ескерсек, өскелең ұрпақты тек рухани-мәдени таным арқылы, тарихи сана негізінде, патриоттық сезімде, отаншылдық рухында тәрбиелеу бүгінгі мемлекетіміздің басты ұстанымы болып

отыр. Сондықтан, біз басқа өркениетке ұмтылған елдер секілді өскелең ұрпақты қазақстандық патриоттықты дамытуға, өз отанымызды сүюді үйретуге талпынуымыз қажет екенін ескерсек, барлық оқу орындарында бұл мәселелерде ғылыми педагогикалық тұрғыда арнайы зерттеудің қажет екендігі анықталды [5].

Зерттеу барысында ғылыми-теориялық қағидалар мен жұмыс барысында қол жеткен нәтижелер мынадай қорытындылар жасауға мүмкіндік береді:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің республика азаматтарын патриотизмге тәрбиелеу туралы Жарлығы мен еңбектеріне және отандық ғалымдардың еңбектеріне сүйене келе «Бастапқы әскери дайындық» пәні бойынша оқушыларды тек отансүйгіштікке тәрбиелеу бағытында ғана емес, сонымен қатар жан-жақты дамыған тұлға ретінде қалыптасуына бастапқы әскери дайындық жетекшінің білімдерін жетілдіру заман талабынан туындаған қажеттілік екені анықталды.

2. Мектептің оқу-тәрбие үрдісінде отансүйгіштік сананы оқушылар бойында қалыптастыруда «Бастапқы әскери дайындық» пәні мен мұғалімінің рөлі ерекше болатыны дәлелденді.

4. Отансүйгіштік сана-сезімді мектептегі «Бастапқы әскери дайындық» курсына Қазақстанның сыртқы саясатын және Отан қорғау шайқастарын оқытуда, ел тарихындағы тарихи тұлғалар мен мәдениет, өнер, спорт қайраткерлері мен саңлақтарының өмірі мен тарихи еңбектерімен таныстырғанда ерекше көңіл бөлудің қажеттігі дәлелденді.

5. Бастапқы әскери дайындық пәні мұғалімдері үшін оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеуде Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаевтың қоғамдық-саяси қызметі өнегесінде тәрбиелеу, Елбасының еңбектерін оқытып-үйретудің үлкен тәрбиелік мәні болатыны айқындалды.

6. Отансүйгіштікті тәрбиелеуде «Соғыс және еңбек данқы» мұражайын құрудың, оқушыларды ізденіс жұмыстарға қатыстыру арқылы туған өлке тарихын, аталарының соғыста жасаған ерліктерін білуге, сол арқылы туған жеріне деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыруға болатыны дәлелденді [6,7].

Оқушының патриоттық іс-әрекетке дайын болуы, оның өзін-өзі тәрбиелеу, өзіндік таныту шегіне көтерілуімен анықталады. Тәрбие қағидаларынан шыға отырып, болашақта жоғары адамгершілікті және азаматтылықты саналы өмірден өз орнын таба алатын, өз ата-бабаларының батырлық істерін жалғастыра алатын адам тәрбиелеу өзекті мақсаттардың біріне айналды.

Сонымен біздің пікіріміз бойынша оқушы жастарды отаншылшылдыққа тәрбиелеу басты мақсат болса, отаншылдық сана, отаншылдық сезім, отаншылдық іс-әрекет, отаншылдыққа өзін-өзі тәрбиелеу оның басты бағыттарын құрайды. Ал оның міндеттері өсіп келе жатқан жасбуындардың ар, ұждан, намыс, құрмет, сүйіспеншілік сана-сезімін ояту, орнықтыру әрекеттерімен анықталуға тиіс. Осылардың барлығы жинақталып тұлғаны ерлік, батырлық, қайырымдылық, мейірімділік секілді ізгі істерден көрініс бермек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н. Қазақстан -2030: Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. –Алматы: Білім,1997-176 б.

2. Аристотель философиясы. 3 т. /«Әлемдік философиялық мұра» сериясы. 2 томдық/ .- Алматы: Жазушы, 2005.- 564 б.

3.Қалиұлы С., Қазақ энциклопедиясының теориялық негіздері мен тарихы (Оқу құралы). –Алматы: Білім, 2003-280 б.

4.Қазақстан Республикасындағы білім беру мекемелерінің 2006- 2011 жылдарға арналған тәрбие жұмысының кешенді бағдарламасы. Астана, 2006.

5.«Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Егемен Қазақстан. 12.2012.

6.Білім беру ұйымдарында салтанатты іс- шаралар өткізу кезінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандарын қолдану рәсімі туралы Ереже.

7.Н.Ә. Назарбаев. «Қазақстан- 2030». Алматы. «Білім», 1997, 176- бет.



ӘОЖ 378.147

ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ӘСКЕРИ – ТАКТИКАЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ САБАҒЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Турсинбаев М.М.

Сабуров И.А., БӘД -21-1

Халықаралық Тараз инновациялық институты, Тараз қ.

Андатпа: Болашақ әскери қызметкерді отбасында және жалпы білім беретін мектеп мекемелерінде тәрбиелеу және оқыту жалпы мақсаттар міндеттерге негізделеді . Оған олардың ақыл - ойындамыту , адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу, көркемдік талғамын қалыптастыру, сондай – ақ денсаулықтарын нығайту, ең негізгісі болашақ әскери қызметке педагогикалық – психологиялық тұрғыдан дайын болуын қамтамасыз ету мәселелерін жатқызуға болады.

Аннотация: Воспитание и обучение будущего военнослужащего в семье и в общеобразовательных школьных учреждениях общие цели и задачи . К ним можно отнести вопросы их умственной отсталости , воспитания нравственных качеств, формирования художественного вкуса, а также укрепления здоровья, главным из которых является обеспечение педагогически - психологической готовности к будущей воинской службе.

Abstract: Education and training of a future serviceman in the family and in general education schools have common goals and objectives. These include issues of their mental retardation, education of moral qualities, the formation of artistic taste, as well as health promotion, the main of which is to ensure pedagogical and psychological readiness for future military service.

1. Оқыту процесінде болашақ жауынгерлерді тәрбиелеудегі мұғалім мен отбасының атқаратын рөлі.

Алғашқы әскери даярлық процесінде жас жеткіншектерді оқыту мен тәрбиелеуді одан әрі жетілдіру отбасы мен мектептің бірлескен жұмысын дамыту және нығайту жолы мен жүзеге асырылады .

Болашақ әскери қызметкерді отбасында және жалпы білім беретін мектеп мекемелерінде тәрбиелеу және оқыту жалпы мақсаттар міндеттерге негізделеді . Оған олардың ақыл - ойындамыту , адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу, көркемдік талғамын қалыптастыру, сондай – ақ денсаулықтарын нығайту, ең негізгісі болашақ әскери қызметке педагогикалық – психологиялық тұрғыдан дайын болуын

камтамасыз ету мәселелерін жатқызуға болады. Демек, білім алдын - ала жасалған арнайы жоспарға сәйкес мақсатты және ұйымдастырылған түрде жүзеге асырылуы тиіс. Сондықтан білім мен орта арасындағы айырмашылық осындай заңдарға байланысты болуы шартты [1].

Педагогика тарихында тәрбиенің рөлі жоғары екені анық. Яғни, оқушының көз қарасы мен адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудағы тәрбиенің шешуші рөлін мойындай отырып, адам тәрбие арқылы жетілдіріледі деген қорытындыға келеміз. Зерттеушілердің айтуы бойынша, баланың жаны ақ тақтай сияқты таза, сондықтан мұғалім осы таза ақ тақтаға өзіне қажет нәрсені жазуы керек.

«Алғашқы әскери дайындық» пәні мұғалімі жеткіншектерді тәрбиелеу және оқыту мақсатында отбасымен тығыз байланыста болған кезде ата-аналардың қандай сұрақтар қоятынын, олар не туралы кеңес беретінін, не ұсынатындығын білуі қажет. Сонымен қатар, ата - аналар кеңесін құру өскелең ұрпақты патриоттық тәрбиелеу ісінде ата - аналар қоғамдастығының қызметін дамытуға ықпал ететін болады [2].

Мысалы: Ұлттық мектептерде алғашқы әскери дайындық пәнін оқыту мен тәрбиелеу процесінде болашақ жеткіншектердің мәдени мінез - құлық дағдылары мен әдеттеріне тәрбиелеу, «Елжандылыққа», «Отансүйгіштік», «Ұлтжандылық» ұғымдарын кеңейту, «Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі», «Мектеп пен отбасы тәрбиесі міндеттері мен мақсаттары - біртұтас», «Ата аналар комитетімен бірлескен жұмыс», «Алғашқы әскери дайындық» пәнін оқыту тәрбиелеу процесіндегі жұмыстың мазмұны», «Пән мұғалімінің есебі» т.б. және ата - аналар бірлескен кеңесте ұйымдастыру ісін талқылаумен қатар, күн тәртібіндегі басты орын болашақ жауынгерлерді оқыту мен тәрбие берудің барлық жақтары қамтылуы қажет [3].

2. Бастауыш әскери дайындық процесінде жеткіншектердің дамуындағы тәрбие мен тәрбие берудің әдіс-тәсілдерін пайдалану

Бастауыш әскери дайындық процесінде жауынгерлік - ерлік тәрбиесі мазмұнын жүзеге асыруда қазақ халқы бірқатар принциптерді (табиғилық, халықтық, бірізділік, жүйелілік, пысықтау, сенімділік, түсініктілік, айқындылық, жас және дара ерекшелігін ескеру, саналылық, бақылау және қолдау, еңбек арқылы тәрбиелеу, тұлғаны ұжым арқылы тәрбиелеу, тұлғаның өзіндік көзқарасын қолдау, адамның бойындағы жағымды қасиеттерді тірек ете білу, тәрбие ықпалының сабақтастығы, талаптардың бірлігі және іс-әрекетті бағдарлау, іскерлік және т.б. принциптер) негізге алған және мынадай құралдарды пайдаланған:

а) халықтың ауызекі шығамашылығы (мақал-мәтелдер, аңыз-әңгімелер, эпостық жырлар, жұмбақтар, жаңылтпаштар, әндер, күйлер, термелер және т.б.);

ә) салт - дәстүрлер (бала тәрбиесіне байланысты салт - дәстүрлер, тұрмыстық салт - дәстүрлер, әлеуметтік - мәдени салт - дәстүрлер, жауынгерлік дәстүрлер және т.б.);

б) ұлттық ойындар (халықтық ойындар, ұлттық, спорттық ойындар, интеллектуалдық ойындар және т.б.)

в) қолданбалы қолөнері (ұсталық, зергерлік, ағаш өңдеу, тері илеу т.б.). Қазақ халқының ауызекі шығармашылығын гуманизм мектебі десе болады. Өйткені ондағы кішіпейілділік, мейірімділік, қонақжайлылық, обал сауап, борыш пен парыз, имандылық, ар - намыс сияқты гуманистік түсініктер болашақ жауынгерлердің күнделікті тыныс - тіршілігінде моральдық норма ретінде шешуші қызмет атқару дәрежесіне көтерілді. Олар жауынгерлерді оқыту мен тәрбиелеуде рухани дүниесін реттейтін гуманистік күштерге, қағидаларға айналды [4].

Оқу процесінде жауынгерлік және батырлық тәрбиені жүзеге асыру кезінде келесі әдістер-тәсілдерді қолдануға болады: оқыту , демонстрация, мейірімді, мұқият қарау , адамгершілік сезімдерін тәрбиелеу , кеңес беру , моральдық көтермелеу, еліктеу , сенім , қорлау , наразылық , айыптау , еркелету , жалған немқұрайлылық , қолдау, ескерту , сұрау , сендіру , талап ету , мақтау, тапсырма , қайрау , алғыс айту , хат , бәсекелестік , жаза , жанама әсер ету , қызықты және жауапты әрекетке қатысу , тапсырыс беру , шақыру және т . б .

Әдістердің ішінде оқу процесінде сендіру , еліктеу әдістеріне ерекше назар аудару керек екенін атап жөн . Осы әдістердің көмегімен болашақ жауынгерде патриотизм , батылдық, моральдық принциптер мен моральдық - этикалық көзқарастар туралы түсінік қалыптастыруға болады . Адамгершілік , патриоттық, мінез - құлық үшін қажетті дағдыларды жетілдіру үшін әртүрлі жаттығуларды қолдануға болады . Адамгершілік , патриоттық батырлық тәрбиені жүзеге асыру кезінде жауынгердің өз бетінше білім алуына , олардың өз бетінше білім алуын қолдауға және олардың тіршілік әрекеті үшін қажетті идеяларын іске асыруға ерекше көңіл бөлінеді . Өзін - өзі тәрбиелеуде еңбек қызметіне үлкен мән берілуі мүмкін және ол жас кезеңдеріне қарай біртіндеп күрделене түсетіні анық .

Осының бәрін ескере отырып , зерттеу барысында біз алғашқы әскери дайындық процесінде жауынгерлерді оқыту және тәрбиелеу әдістерін қолданудың ғылыми - әдістемелік тұжырымдамасына назар аудардық . Тұжырымдамада қазіргі заманғы патриоттық тәрбиеде болашақ жауынгерлердің ерлік дәстүрлерін қолдану мақсаты анықталады , белгілі бір міндеттерді шешу арқылы жүзеге асырылатын мақсат анықталады , негізгі қағидаттар сараланған түрде белгіленеді , патриоттық тәрбие мазмұнындағы батырлық дәстүрлердің көрінісі , оларды жүзеге асырудың формалары мен әдістері қарастырылады . Тұжырымдаманы іске асыру шарттары айқындалады . Тұжырымдама болашақ жауынгерлерді патриоттық батырлық тәрбиелеу дәстүрлерін дәйекті іске асыруды , оқу - тәрбие процесінде пайдалануға бақдарлауды болжайды , бүгінгі күннің талаптарын ескере отырып , сирек назар аударатын дәстүрлерді жандандыруға ықпал етеді. Озық дәстүрлерді жүйелейді және қалыптастырады , оларды пайдалану тәсілдерін көрсетеді [5,6].

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін біз бастапқы әскери даярлық процесінде жауынгерлерді оқыту мен тәрбиелеу әдістерін пайдалануда мынадай міндеттердің шешімін іздеу қажеттілігін қарастырдық:

- болашақ жауынгерлердің ұлттық философиялық және дүниетанымдық дүниетанымын бекіту;

- жастарға өмірдің мәнін анықтауға көмек көрсету ;

- оқушылардың ұлттық сана - сезімін қалыптастыру ;

- заңды , ұжымдық өмір нормаларын құрметтеуге тәрбиелеу .

- әлеуметтік және азаматтық жауапкершілікті дамыту [7].

Адамдағы мұндай қасиеттер өз Отанының әл - ауқатына қамқорлық жасауда және оның негізін нығайтуда , қорғаны қабілетін арттыруда көрінеді . Патриоттық тәрбиенің бүгінгі міндеті , әсіресе жастарды жоғары азаматтық және әлеуметтік белсенділік рухында тәрбиелеуді мақсатты жолға қою арқылы оның тиімділігін арттыру болып табылады .

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назарбаев Н.Ә. « Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан » . ҚР Президенті Қазақстан халқына жолдауы . 28 ақпан . Астана , 2007 .

2. Джанабаева Р.А. Қазақ педагогикасындағы патриоттық - ерлік тәрбиесінің ғылыми негіздері .Алматы 2006. - 42 б .

3. Бекбосынов А.Қ. Жауынгерлік дәстүрлі негізінде болашақ әскери дайындық мұғалімдерінің Елжандылық қасиеттерін қалыптастыру. М. Әуезов атындағы ОҚМУ еңбектер жинағы. 2007 ж.

4.«Алғашқы әскери дайындық » журналы. 2006 ж.

5. Дүйсенбаев А.К. Ұлттық білім беру жүйесіндегі патриоттық тәрбие мәселесію Білім №4. 2006ж.

6. Назарбаев Н.Ә. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның Білім және ғылым қызметкерлерінің II-съезі. Егемен Қазақстан (қыркүйек), 2007.

7. Аманжолова А.А.«Алғашқы әскери дайындық» 2006.



ӘОЖ 372.53

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУ

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы С.Б. Шокалакова.

Елеубай А. КЕС-19-1 .

Халықаралық Тараз инновациялық институты, Тараз қ.

Аңдатпа: Мақалада білім беру жүйесін дамытудың басты міндеттерінің бірі білім мазмұнын жаңарту, пәндерді оқыту әдістерін жетілдіру, пәндер бойынша білікті кадрларды даярлау, білім алушылардың білімін объективті бағалауда критериалды бағалау технологиясын оқу үрдісіне ендіру жолдары қарастырылады.

Кілтті сөздер: жаңартылған білім беру, критериалды бағалау, білім беру, оқу жетістіктері, бағалау жүйесі, оқу, оқыту іс-әрекеті.

Аннотация: В статье одной из главных задач развития системы образования является обновление содержания образования, совершенствование методов преподавания дисциплин, подготовка квалифицированных кадров по дисциплинам, внедрение в учебный процесс технологии критериального оценивания в объективной оценке знаний обучающихся.

Ключевые слова: обновленное образование, критериальное оценивание, образование, учебные достижения, система оценивания, обучение, учебная деятельность.

Abstract: In the article, one of the main tasks of the development of the education system is to update the content of education, improve the methods of teaching disciplines, train qualified personnel in disciplines, introduce the technology of criterion assessment in the objective assessment of students' knowledge into the educational process.

Keywords: updated education, criterion assessment, education, educational achievements, assessment system, training, educational activity

Қазақстандық білім беру жүйесін дамытудың басты міндеттерінің бірі білім мазмұнын жаңарту болып табылады. Білім беру мазмұны оқушыларға тек белгілі бір білім, іскерлік, дағдылар жиынтығын меңгертіп қана қоймай, оқушы тұлғасын дамытуға, өмірлік проблемаларды өз бетімен және тиімді шешуге, тұлғаның өзін-өзі

анықтауына, әлеуметтенуіне және өзін-өзі жүзеге асыруына мүмкіндік беретін әмбебап білім, тәжірибе және қабілеттердің жиынтығын меңгертуге бағытталған. Білімге бағытталған оқытудан құзыретті тұлғаға бағдарлы білім беруге көшу, білім беру мазмұнында әлеуметтік, экономикалық, құқықтық, коммуникативтік мәдениет компоненттерінің, сонымен бірге, еңбек, жанұялық қарым-қатынастар, салауатты өмір салтын ұстану, өмір қауіпсіздігін сақтау мәдениетінің көрініс табуын көздейді [1].

«XXI ғасырда алдыңғы саптағы елдер қатарына өз жастарының интеллектуалды және рухани әлеуетін барынша дамыта алатын оқу орындарының ең тиімді жүйесін жасаған ел ғана көтере алады», – деп Елбасы Н.Ә. Назарбаев айтқандай, әлемде қоғамдық қарым-қатынастардың үдемелі өзгеріп жаңа келбет алу бет бұрыстары әлеуметтік-экономикалық инфрақұрылымның модернизациялануымен шектелмей, дүниежүзілік білім беру кеңістігінде де біршама динамикалық түрлендірулер жүрде. Осыған сәйкес, отандық және шетел мемлекеттерінде жастарға білім беру мен оларды тәрбиелеу педагогтың үстемдік тұрғыда оқытудан, тұлғалық бағдарлы оқытуға көшудің жаңа парадигмалары (үлгісі) қалыптасуда [2].

Бүгінгі білім беру жүйесінің ерекшелігі-білім алушының қандай да бір іс-әрекетке құзіреттілігін дамыту болып табылады. Ұлы педагог Ы.Алтынсарин «Оқытушы бағалағанда олардың іске қатысы жоқ сөздеріне қарап емес, олардың егістерінің бетіне шыққан жемістеріне, яғни оқушыларына қарай бағалау керек» деп, айтқандай, оқушы жетістігін нақты бағалау мәселесі-білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі. Оқушылардың білім нәтижелерін бағалау оқыту үдерісінің маңызды бөлігі болып табылады, оқыту үдерісін басқарудың түйінді кілті бағалауда деп те айтуға болады. Көптеген жылдар бойы оқушы жетістігі басқа оқушымен салыстырмалы түрде бағаланып келді. «Бағалау» термині латын тіліндегі мағынада «жақын отыру» -бағалаудың негізгі сипаты бір адам басқа адамның не айтып, не істегенін немесе өзін-өзі бақылау жағдайында өзінің дербес ойлауын, түсінігін немесе тәртібін мұқият бақылауы болып табылады[3].

Жаңартылған білім беру кеңістігінде қоғамға қажеттік, ұтқырлық, өзара сенім білдірудің ең басты шарты ретінде білім беру сапасы алынып, сапа көрсеткіштері ретінде құзыреттіліктер қарастыруда. Білім берудің құзыреттілік тұрғыға негізделген жаңа нәтижелеріне қол жеткізу білім беру жүйесінің барлық деңгейлерін өзара сабақтастықпен жаңғыртуға, білім беру мазмұны мен білім беру үрдісін ұйымдастыруды жетілдіруге тікелей байланысты. Білімді бағалау жүйесі оқу әдістемесінің қай түрі тиімді меңгерілгенін, қай практикалық дағды қалыптастырғанын, басқаша айтқанда, нақты талаптар минимумымен оқушының жеткен жетістігін салыстыруға мүмкіндік туғызып, әр оқушының жалпы дайындық деңгейінің өзгеруін, танымдық қызметтің әр саласында оның жеткен жетістіктерін тіркеп отыруы қажет (ақпаратты меңгеруі, ақпаратты өңдеу, өз ойы мен ойындағы образдарды шығармашылықпен көрсету және т.б.). Бұл білім алу жолындағы жетістіктер мен сәтсіздіктердің нақты бейнесін алуға мүмкіндік тудырады. Оқушылардың оқу жетістіктерін әділ және шынайы бағалау жүйесі, білім беру мазмұнының ажырамас бөлігі болып саналады. Осы уақытқа дейін білім мен білікті тексерудің түрлі әдістері қолданылып келді. Алайда тарихи даму процесінде бағалаудың түрлері мен тәсілдері, бақылау-өлшем іс-шаралары, оның мазмұны, оқушыларға әсері, ынталандыру элементтері және басқа факторлар өзгеріп отырады.

Қазіргі уақытта білім беру процесінің жүйелі болуы керек екеніне ешкім күмән келтірмейді, олай болмаған жағдайда оның нәтижелігі төмендейді. Оқыту-тәрбиелеу жұмыстарын дұрыс бағыттай отырып қана оқушылардың бірін-бірі толықтырып отыратын қайшылықсыз педагогикалық әсерге қол жеткізуге болады. Онымен қоса, осы іс-әрекет аясындағы әрбір мақсат бағытталған, яғни белгілі бір мақсатқа қол жеткізуге бағытталғаны және соған жетуге жетелейтін болуы керек. Білім беруге қойылған талаптардың қарапайымдылығына қарамастан, оларды толықтай жүзеге асыру қиындығы жоғары объективті және субъективті себептерге келіп тіреледі. Сол арада, бірыңғай оқыту-тәрбиелеу кеңістігіндегі нақты оқу орнының аясында, білім алушы тұлға нысанда болған жағдайда қалыптастыру міндеті өте өзекті болып табылады. Өкінішке орай, оларды шешудің отандық педагогикадағы дәстүрлі жолдары әрдайым жүзеге аса бермейді. Себебі ол қазақстандық тарихи процестерден бастау алатын жаһандық сипаттағы (ақпараттық өркениетке ауысу баспалдағы), жеке көзқарастағы маңызды өзгерістерге байланысты. Аталған мәселені шешудің екі жолы бар:

-біріншіден, оқытуіс-әрекетінің түпкі мақсаты мен одан шығатын міндеттерді, оны кезеңмен жүзеге асырудың стратегиясын, оның аясындағы оқушылармен арақатынастың принциптерін анықтау қажет. Бұл жергілікті билік өкілдері деңгейінде мемлекет арқылы жүзеге асырылады. Бұл іс-әрекет қоғамның сұранысына берілген жауабы, сондықтан жалпықоғамдық сипатқа ие емес. Басқа сөзбен айтқанда, мектеп бітірген адам географиялық және әлеуметтік-стратегиялық көзқарастан нақты әлемде тұруы, ал бұл әлемдер бір-бірінен ерекшеленетіндіктен, оған көз жұмып қарау өскелең ұрпақ пен оның ата-анасының алдында мектептің абыройына нұсқан келтіру дегенді білдіреді. Алайда, көрсетілген мақсаттар мен міндеттердің арасындағы айырмашылық ұлттық білім кеңістігінің бірлестігін бұзбас үшін қағидаттық сипатта болмауы қажет.

-екіншіден, бір пән аясында, сондай-ақ білім беру мекемесінің аясында түрлі элементтер мен сабақ беру әдістерінің арасында өзара байланыс орнауы; белгілі бір мақсаттарға жету және нақты білім міндеттерін шешу негізінде бір-бірімен байланысуы; оқу процесі мекемесінің аясында әр әдістемелік құраманың орнын мақсатты анықтау. Бұл жерде жаңа әдістемелік элементтер әзірлеу туралы емес, білім технологиясының айтылған мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін қолданыстағы әдістемелерді мақсатты жинақтау болып табылады. Көп жылдар бойы білімді бағалау оқушының жетістіктерін басқа оқушының нәтижесімен салыстыру арқылы жүзеге асырылып отырды, ал бұл бағалаудың бірқатар кемшіліктері бар:

-педагогтерге, ата-аналарға және оқушыларға түсінікті болатын білім беру жетістіктерін бағалайтын нақты өлшеулердің жоқтығы;

-педагог әр оқушының жетістігін алдын-ала айқындалған өлшеулер негізінде емес, жалпы сыныптың орташа білім деңгейіне қарап бағалайды;

-оқушыларға қойылған баға оқу бағдарламасының жекелеген бөлімдері бойынша алынатын нақты білімді, білікті, дағдыны көрсете алмағандықтан, әр оқушының жеке білім алу траекториясын анықтауға мүмкіндіктің болмауы;

-қорытынды баға қоюда ағымдағы бағалар есепке алынады, бірақ ол оқытудың қорытынды нәтижесін әділ бағалау болып табылмайды;

-оқыту іс-әрекетте мұғалім мен оқушы арасында тығыз байланыс болмағандықтан, оқушының білім алуға деген белсенділігі төмендейді.

Критериалды бағалаудың мұғалімдерге беретін мүмкіндіктері:

-сапалы нәтиже алуға бағытталған критерийлер әзірлеу;

- өзінің іс-әрекетін жоспарлауға және талдауға жедел түрде ақпарат алу;
- білім беру сапасын арттыру;
- оқытудың сапасын жақсарту;
- әр оқушының жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып, жеке оқыту траекториясын құру;
- бағалаудың түрлі тәсілдері мен құралдарын қолдану;
- оқу бағдарламасын жетілдіруге ұсыныстар енгізу.

Критериалды бағалаудың оқушыларға беретін мүмкіндіктері:

- өзінің түсінігі мен қабілетін көрсету үшін оқытудың түрлі стильдерін және ойлау әректінің типтерін қолдану;
- өз нәтижелерін болжау арқылы табысқа жету үшін бағалау критерийлерін білу және түсіну;
- өзінің және өз құрдастарының жетістіктерін бағалап, рефлексияға қатысу;
- шынайы міндеттерді шешу үшін өз білімдерін қолдану, түрлі көзқарастарды білдіру, сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту.

Критериалдыбағалаудыңата-аналарғаберетінмүмкіндіктері:

- өзбаласыныңоқытылудеңгейітуралыобъективтідәлелдералу;
- баланыоқудағыіс-әрекетінқадағалау;
- оқуүрдісіндеоқушығақолдауқорсету;
- мектепәкімшілігімен, мұғалімдерменкерібайланысорнату;
- баласыныңмектептежәнесыныптажайлыөсінуінесенімді болу [4].

Қазіргі

кезде

қазақстандықжалпыбілімберетінмектептерүшінжаңакритериалдыбағалаужүйесібілім алушыныдамыту, оныңоқуғақызығушылығы мен мотивациясынаарттыруғабағытталыпотыр. Әрбіроқушы мен оныңата-анасынабағалаудыңтүсінікті, айқынжәнеөлшемдікритерийлерінорнатқанжағдайдаоғанқолжеткізугемүмкіндікбереді. Критериалдыбағалау – оқушылардың білім жетістіктерін ұжыммен келісілген, оқу үрдісіне қатысушыларға алдын-ала белгілі, оқушылардың негізгіқұзыреттіліктерінің қалыптасуына жағдай жасайтын, білім берудің мақсаты менмазмұнына сәйкес нақты анықталған критерийлер бойынша салыстыруға негізделген үдеріс.

Қорытынды лайкеле, жаңартылған білім берудің бағалау жүйесінде ең маңызды нәрсе – оқу процесінің өзі, сол арқылы оқушы өзін-өзі бағалауды үйреніп, өз білімінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көріп, әріқарай қалай даму керектігін түсінеді, яғни бұл жүйеде оқушының қалай жұмыс жасағаны, қалай ойланғаны бағаланады ал, мектеп мұғалімдерін жаңашылдыққа бағыттаудың алдыңғы қатарында мектеп басшылары, олардың көшбасшылыққа білеттері маңыздыр өл атқарады. Сондықтан Қазақстандағы әр облыс орталық тарында ашылған Педагогикалық шеберлік орталықтар ашылып, мұғалімдердің біліктіліктерін жетілдіру мен қатар мектеп басшыларының да көшбасшылыққа білеттерін, менеджмент құндылықтарын қалыптастыру курстары қарқынды жүргізілуде [5, 291 б.] Осы курстар негізінде білім алушылар критериалды бағалаудың мәні мен маңызын ұғынып, оқу үрдісіне пайдаланып оқушыларға қажеттігін мойындауда. Білімді бағалауды өткізу үшін, оқушылардың нені білетіндігін және не істей алатындығы анықталады. Критерий құру арқылы бағалауда тек қана оқушы бағаланады, орындалған жұмыстары алдыңғы берілген үлгімен салыстырылады. Оқушы өзінің жұмысын бағалауға мүмкіндік алады және

ата-анасына ақпарат бере алады. Өзін және өзгелерді бағалау арқылы кері байланысқа түседі. Олар өз білімінің деңгейін саралап, алға ұмтылады, жақсы жетістікке жетуге тырысады.

Әдебиеттер тізімі:

1 Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», 17.01.2014 ж.

2 Оқытудың нәтижелерін бағалаудың әдістемесі Әдістемелік құрал, Орал қаласы 2013ж

3 Технология критериального оценивания, методика ее применения в учебном процессе. Научный журнал (Международный журнал экспериментального образования) <https://www.expeducation.ru/> (дата обращения: 28.11.2017).

4 Берикханова А.Е. Қазақстандағы орта білім беру мектептерін формативті бағалау әдістерін пайдаланудың тиімділігі. Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Педагогика ғылымдары» сериясы, №4(52), 2016 ж. – Б.287-291. А.О. Есмырзаева 1 Филиал АО «НЦПК «Өрлеу» Институт повышения квалификации педагогических работников.



ӘОЖ- 7 (574) (09)

ХАЛЫҚТЫҚ ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР АРҚЫЛЫ ЖАСТАРДЫҢ РУХАНИ ТАНЫМДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Шокалакова С.Б.

Әбумансұр Т. КЕС-20-1

Халықаралық Тараз инновациялық институты, Тараз қ.

Андатпа: Бұл мақалада қазақ қолданбалы өнерін пайдалана отырып, адамға тән рухани құндылықтарды қалыптастыру және жастардың санасы мен ой-өрісінің жоғары адамгершілік қасиеті қарастырылады.

Кілт сөздер: қолданбалы, дүниетаным, өнер, ұлттық, халықтық, қалыптастыру.

Аннотация: В этой статье рассматривается формирование духовных ценностей присущие высшие человеческие достоинство в сознание и кругозоре молодежи, используя казахское прикладное искусство.

Ключевые слова: прикладное, мировоззрение, искусство, национальный, народный, формирование.

Abstract: In this article are considered structure of cultural wealth with inherent humanity and the highest human dignity in perception and mental outlook of a student by using Kazakh's applied art.

Keywords: applied, worldview, art, national, folk, formation.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев. Кеңістік – барлық нәрсенің, ал уақыт – бүкіл оқиғаның өлшемі. Уақыт пен кеңістіктің көкжиегі тоғысқан кезде ұлт тарихы басталады. Бұл – тарихқа деген дұрыс ұстаным. Сол арқылы түп-тамырымызды білуге, ұлттық тарихымызға терең үңіліп, оның күрмеулі түйінін шешуге мүмкіндік

туады. Қазақстан тарихы да жеке журналдарымен емес, тұтастай қалпында қазіргі заманауи ғылым тұрғысынан қарағанда түсінікті болуға тиіс. Оған қажетті дәйектеріміз де жеткілікті. Біздің бабаларымыз әлі күнге дейін өзінің асқан көркемдігімен тамсандыратын аса жоғары деңгейдегі көркем дүниелер жасаған. Жауынгердің алтынмен апталған киімдері ежелгі шеберлердің алтын өңдеу техникасын жақсы меңгергенін аңғартады. Сонымен бірге, бұл жаңалық Дала өркениетінің зор қуаты мен эстетикасын әйгілейтін бай мифологияны паш етті. Дала халқы өз көсемдерін осылайша ұлықтап, оның мәртебесін күн секілді құдірет деңгейіне көтеріп асқақтатқан деп атап айтты [1]. Осығанорай Қазақстан халқына «...жаңа жағдайларға сай біздің бәрімізді алаңдататын мәселе – білімді, кәсіби даярлығы бар адам тәрбиелеу ғана емес, қоғамдық өмірдің барлық саласында ұлттық және дүниежүзілік құндылықтарды қабылдауға қабілетті, рухани және әлеуметтік - адамгершілік мүмкіндігі мол тұлғаны қалыптастыру болып табылады».

Қазіргі кезде көп ұлтты Қазақстан мемлекеті алдында, біріншіден, біртұтас білім кеңістігін қалыптастыру міндеті тұрса, екіншіден, ұлттың этнопедагогика мен этнопсихологиялық озық дәстүрлеріне сүйене отырып, жеткіншектер санасына туған халқының дүниетанымын, сондай-ақ ұлттық салт-дәстүрімізді, тіліміз бен әдебиетімізді, тарихымыз бен өнерімізді қастерлеу рухани қажеттілік болып отыр. Сондай қажеттіліктің бірі - халықтың қолөнері, оның ішінде киіз, ою-өрнек өнерінің тәлім-тәрбиелік мүмкіндіктерін қазіргі ұрпақ тәрбиесінде тиімді пайдалана білу болып табылады.

Ұлттық мәдениетімізді ұлықтап, бар жоғымызды түгендеп, жүйелеп келер ұрпаққа аманаттау «Мәдени мұра» бағдарламасының басты мақсаты деп елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев өзінің ұлттық мәдениетімізді дамыту жолындағы үндеуінде көрсеткен. Ата-бабаларымыздың өмірі көшпелі болғанмен, рухани болмысы көшпелі болған емес. Бабаларымыздың ұрпаққа деген өсиет үлгісі өнер арқылы жеткен. Атадан баласына, анасынан қызына мирас болып келе жатқан қолданбалы - сәндік өнерінің өзі ұлттық мәдениетіміздің дамуына ықпалын тигізеді. «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар: адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек» - дейді Ш.Құдайбердиев. Ендеше осы рухани-адамгершілік құндылықтарды бойына сіңірген адам қандай да келеңсіз іс-әрекеттерден аулақ жүреді. Көшпелі халық тұрмысында мал шаруашылығы өнімдерін өңдеу - тері илеу, киіз басу, сүйек-мүйіздерден асқан шеберлікпен бұйымдар жасау ерекше қолөнерін қажет етсе, оларды пайдаланып қажетіне асыруға тапқырлық керек болады. Бұның айқын көрінісі киіз үй жасаулары мен жиһаздары болып табылады. Өзінің көшпенді халықтардың өмірін зерттеген еңбегінде ғалым Л.Н.Гумилев киіз үй жайында «табиғатпен тамырлас көшпенділердің мұндай киіз үйлерде тұруы астамшылық емес, қажеттілік болған» [2].

Қазіргі таңда ұлттық ерекшеліктермен жасалған бұйымдарға сұраныстың артуы жастарға қазақ халқының кәсіптік қолөнер бұйымдарын дайындай білу іскерлігіне баулу қажеттігін тудырады. Бұл мәселені шешудегі негізгі себеп: жастарды жаңа экономикалық жағдайда еңбек етуге, өз бағыт-бағдарын анықтауға, мүмкіндіктерін іске асыруға даярлайды. қолданбалы-сәндік өнерге үйрету үшін киізбен, қағазбен, матамен, жіппен, бисермен, былғарымен, ағашпен жұмыстар ұйымдастырылып, оқу процесінде жасалған жұмыстары шығармашылық көрмелерге қойылып тұруы қажет [3].

Бүгінгі таңда жоғары оқу орындарында жастардың рухани мәдениетін дамытуда және көркемдік тәрбиенің ұтымдылығын арттыруда, қазақ қолөнер

шығармашылығын жинақтап зерттеудің, оның айналасындағы тәлім-тәрбиесі, мол тәжірибесі негізінде жасөспірімдерді тәрбиелеуге, халықтық педагогиканы қолданудың теориялық-практикалық негіздерін зерттеудің қажеттілігі туып отыр. Соның ішінде мәселелердің бірі қазақ қолөнер шығармашылығының тәрбиелік мүмкіндіктерін қазіргі ұрпақ тәрбиесінде тиімді пайдалану болып табылады. Қолөнер мәселесі жалпы білім беретін орта мектепте көркемдік білім беру мен эстетикалық тәрбие беру мақсатындағы зерттеу еңбектерінде көрініс тапқан (Қ.Әмірғазин, Б.Әлмұқанбетов, Ә. Балкенов, С.Қамақов, О.Сатқанов, С.Жолдасбекова т.б) болашақ мұғалімдер даярлауға ғылыми еңбектер мен оқулықтар жазған С.И. Архангельский, В.А.Сластенин, Н.В. Кузьмина, М.А. Құдайқұлов, А.Көбесов, Қ.Қ. Құнантаева, Қ.Б. Бержанов психологтар Л.С. Выгодский, Е.И. Игнатъев, Қ.Б. Жарықбаев және т.б. ғалымдарды ерекше атауға болады [4].

Қазақ киіз басу өнері арқылы берілетін тәрбиенің нәтижелі болуы болашақ өнер маманының рухани таным қасиеттері мен оны оқушылар тәрбиесінде пайдаланаалу іскерлігі мен дағдысынан көрінеді. Атап айтқанда, әсемдік тәлім-тәрбие беруде шәкірттердің білімі мен біліктілігінің дәрежесі қандай болатынын мұғалімнің қызметі айқындайды. Сондықтан, мамандар халықтың ғасырлар бойы жинақталған қазақ қолөнер шеберлерінің мұрасын пайдаланудың білімдік – тәрбиелік тәжірибесін тиімді қолдану үдерісі еліміздің «Ұлттық мұра» бағдарламасы аясында назарға алынуы керек. Рухани-адамгершілік құндылықтарға елімізде бірнеше ғалымдар өз зерттеулерін бағыттады: тұлғаны тазалық, ұқыптылық, салауаттылық негізінде ізгілікке тәрбиелеу (Х.Досмұхамедов), қазақтың ұлттық тәлім-тәрбиесінің негізінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеу (К.Қожахметова, С.Қалиев, Қ.Жарықбаев) қоғам дамуының жаңа кезеңінде ұлттық тәрбие негізінде адамгершілікке тәрбиелеу (Р.К.Төлеубаева) рухани – адамгершілік ізгілік негіздерін талдау (А.Тұрсынов, С.Нұрмұратов, С.Тілеуова), жеке тұлғаның рухани – адамгершілігін дамыту (Б.Игенбаева), рухани-өнегелі тұлғалық бағдарлы ізгілікке тәрбиелеу (Ш.Майғаранова), халық педагогикасы негізінде рухани-адамгершілік тәрбие беру (А.Қисымова, Ж.Сәдірмекова, Ш.И.Джанзакова), студенттердің рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру (Г.А. Ерғалиева) және т.б. Ал, Б.Г. Ананьевтің пікірінше: «Рухани даму дегеніміз - өзінің өмірдегі орнын, атқаратын міндетін, қазіргі және болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігін, дүниенің күрделі құрылымын түсіну және өзін өзі үздіксіз, бірқалыпты жетілдіру» - дейді [5].

С.Тәжімұратовтың еңбектерінде халықтық қолданбалы өнеріміздегі киіз басу, киіз үй оның жасау жиназдары туралы жазылған еңбектерге шолу жасалып, ою-өрнектің халықтық қолданбалы өнерде, тұрмыста алатын орны жөніндегі пікірлері қазақ халқының әдет-ғұрыптарымен байланыстырыла әңгімеленіп, оны бүгінгі таңда қолдану жағдайы сөз етіледі. Халқымыз дәстүрлі қолданбалы өнер арқылы жастарды отаншыл рухта тәрбиелеп, ерліктің, еңбекқорлықтың, қайырымдылықтың, ізгіліктің, ұлттық тәрбиенің тамаша дәстүрлерін қалыптастырған. Ұлттық мәдениеттің негізі-халықтың қолданбалы өнері. Өткен дәуірлерде халқымыздың негізгі кәсібі мал шаруашылығы болғанын, ішіп жем, киім-кешек, киіз үй жабдықтары т.б тұрмысқа қажетті заттарын төрт түлік мал өтейтінін, осыған орай қазақтың ұлттық қолданбалы өнері ең алдымен осы мал шаруашылығынан алынатын шикізат қорын ұқсатып, тұтынуға байланысты өркендегені тарихи-этнографиялық еңбектерден белгілі, әсіресе төрт түлік малдың жүні қазақ халқының өмір тіршілігінде зор рөл атқарған. Киіз үйге қажетті жабу, арқан, жіп, басқұр-баулар, төсеніш, текемет, сырмақ,

тұрмыста қолданылатын аяқ қап, кесе қап, сандық қап сияқты бұйымдарды жасау барысында жүнді өңдеп, одан киіз басу өнерінің өзіндік технологиясы дүниеге келді, әрі ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, бүгінгі күнге дейін сол дәстүрлер ел арасында кеңінен пайдалануда. Қазақ халқының қолданбалы өнерінің түрлері мен оны жасайтын шикізат көздерін өңдеу жолдары саналуан. Өткен дәуірлерден қазақ халқының мал жүнінен киіз басып, текемет, сырмақ жасау өнері Қазақстан аумағының бар аймақтарында бірдей кең тараған. Махмұт Қашқаридың (XI) «Диуани лұғат ат-түрік» жинағында «сірі» сөзі кездеседі, ол «мықтап тігу, сыру» мағынасын береді екен, осыдан заттық атау «сырмақ» шыққаны даусыз. Қазіргі кезде киіз жасау технологиясында С.Бөлтірікова, М.Қалқабаев, сияқты өнер шеберлері өз үлестерін қосып келеді. Халықтық қолданбалы өнеріміздің асылын ұрпақ жадында табиғи, ұлттық сипатында сіңірмей, болашақ ұрпаққа берер тәрбие еш уақытта баянды болмайды. Жастардың ұлттық тәрбиесінде ізгілік қасиеттерді халықтық дәстүрлі қолөнер арқылы сіңіру олардың жеке тұлғасын дамытып, қалыптастыруға көмектеседі, әемдікке құштарлықтары көркем құнды заттарды жасайтын еңбек үстінде дамиды [6].

Халықтық қолданбалы өнері шындық болмыстың құбылыстарын жаңа сатыда жаңғырта көрсетудегі ұлттық қолданбалы өнер шеберінің ақыл-ойы, қиялы мен сезімі, эмоциялық әсерлі көңіл-күйі және көркемдік бұйым жасаудағы шығармашылық іс-әрекеттері арасындағы күрделі қатынастардың нәтижесі. Олай болса, халықтық қолданбалы өнердегі шығармашылық іс-әрекет (әсерленушілік-эстетикалық-сезімталдық-көркемдік талғам) қабілетінің қалыптасуына, оның сапалы дамуына ықпал жасайтын психологиялық құбылыс. Халықтық қолданбалы өнердегі көркем өнер-ой мен сезім бірлігі арқылы әлемнің тұтастай көрінісін жасайтын адам әрекетінің бір түрі. Көркем өнер адамның рухани өміріне тұтастай әсер етеді және шығармашылық әлеуетінің дамуына ықпал етеді. Халықтық қолданбалы өнер арқылы оқушылардың ұлттық дүниетанымын қалыптастыру тек көркемдік құндылықты тануда ғана емес, сонымен қатар олардың қоршаған орта, табиғат, кеңістік, әлем туралы білімін кеңейтеді. Өнер құралдары арқылы жеке тұлғаның рухани әлеміне мақсатты түрде әсер ету үшін, алдымен жастардың қолданбалы өнер туындыларына деген қызығушылығын оятып, оны көре білуге, әдемілікті сезіне білуге баулу қажет. Сонда ғана олар көркем өнердегі қайталанбас әсемдікті жете түсініп қабылдауға, терең талдай білуге, өнердегі сұлулықты көре білуге үйренеді, талғамы мен белсенділігі артады. Таным-дүниенің адам миында айнаға түскендей бейнеленуінің жай ғана сәулеленуі емес, ол білмеуден білуге қарай, шала білуден толық білуге қарай ұмтылатын ой қозғалысының күрделі үрдісі танып, білу арқылы баланың ойлауы дамиды. Қорытындылай келе қолөнер – ежелден келе жатқан ата кәсіп. Ол халқымыздың өмірімен тұрмысымен бірге дамып ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырған. Қолөнер шеберлері табиғаттың әсем көріністерін қолөнер бұйымдарында жиі қолданып әр алуан бұйымдар жасаған, әр елдің тарихи дамуы мен тұрмысы тарихи ерекшелігіне және эстетикалық талғамы өзіндік өшпес із қалдырып келеді.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Н.Ә. Назарбаев. Ұлы даланың жеті қыры. 21.11.2018ж <https://aikyn.kz/2018/11/21/73794.html>
2. Әмірғазин Қ. Қазақ қолөнері. – Алматы, 2004. – 47-49 б.
3. Касиманов С. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы, 1995. – 4 б.

4. Айджанова З. Ж. Бастауыш мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру. пед.ғыл. канд., дисс... – Ақтау, 2009. – 51б.

5. Жиентаева Б. Ж. Оқушыларға технология сабағында халықтық қолданбалы өнер арқылы ұлттық тәрбие беру (5-7 сынып). пед.ғыл. канд., дисс... – Қарағанды, 2004.

6. Тәжімұратов С. «Шебердің қолы ортақ». – Алматы, 1997. 53-56 бб.



ӘОЖ 331.361.2

СПЕЦИАЛЬНОСТЬ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ ОБУЧЕНИЕ/ SPECIALTY PROFESSIONAL TRAINING

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Купелдеева Анель Аскарловна
Тастанбек Сандұғаш Мәлікқызы
Халықаралық Тараз инновациялық институты, Тараз қ.

Андатпа: Бұл мақалада Жоғары оқу орындарындағы, шығармашылық мамандықтар факультетінің кәсіптік оқыту мамандығы жайлы, оның мақсаты мен міндеттері, негізгі оқытылатын сабақтары және осы мамандық жайлы кеңінен ашып, қарастырамыз.

Кілт сөздер: Кәсіптік оқыту, маман, педагог, мектеп, қол өнер, еңбек, дизайн, тоқыма, кесте, салт-дәстүр жаңғырту.

Аннотация: В статье рассматривается специальность «Профессиональное обучение» факультета творческих специальностей, его цели и задачи, основные занятия изучаемые по данной специальности, также широко рассмотрена специальность.

Ключевые слова: Профессиональное обучение, специалист, педагог, школа, рукоделие, труд, дизайн, текстиль, вышивка, модернизация традиций.

Annotation: The article deals with the specialty "Vocational training" of the Faculty of creative Specialties, its goals and objectives, the main classes studied in this specialty, the specialty is also widely considered.

Keywords: Vocational training, specialist, teacher, school, needlework, work, design, textiles, embroidery, modernization of traditions.

Психологияда субъекттің заттық және әлеуметтік әлеммен – өзін-өзі ұстауда, әрекетте, қарым-қатынаста белсенді өзара қарым-қатынас жасау үдерісінде тәжірибе, білім, дағды, біліктілікті жинаумен байланысты кең құбылыстарды суреттейтін «үйрету», «оқыту», «оқу» ұғымдары қабылданған. Әңгіме кәсіби әрекет туралы бола кетсе, онда әдетте «меңгеру», «игеру», «жүзеге асыру» ұғымдары қолданады [5].

«Меңгеру» – бірнәрсені меңгеру беріктігі, мамандықты оқып, игеру, білім алу.

«Игеру» – бірнәрсені толығымен меңгеру, онымен қолдануды, пайдалануды, өңдеуді және т.б. үйрену.

«Жүзеге асыру» – шындыққа айналуы, орындалуы.

Бұдан басқа, Е.А. Климовтың пікірі бойынша, шебер маманның күш салу аясы оның жеке дайындығының ерекшелігімен де, яғни ол шын жасай білетіндігімен және ол саналы түрде неге кірісе алатынымен анықталады [4].

Егер өз ішінде түрлі мамандық өкілдерімен орындалатын әрекеттерді салыстыратын болсақ, онда оларда ортақ нәрсе – олардың әрқайсысында әрекет субъектісі ретінде адам көрініс табады, яғни әрқашан белгілі бір әрекеттің заты бар: яғни әрекетті жүзеге асыра отырып, ол қандай да бір белгілі нәтиже алу керек, сол үшін де ол сондай белгілі бір «технологияны» әрекетке қосу керек, ал ол үшін адамның белгілі бір білімі, біліктілігі, дағдысы болу керек, оларды қолданудың жетістігі онымен қандай жалпы және арнайы қабілеттер пайда табылды және оның әрекетін қандай уәждеме (өмір жағдайлары, қажеттілік, қызығушылық) ынталандырады дегенге байланысты болады. Сонымен қатар әрекет болуы үшін оның сипатына сәйкес материалды ресурстары болу керек екені де түсінікті [20].

Сонымен, ресейлік психологтардың көптеген жұмыстары кәсіби әрекеттің қалыптасу үдерісі айтарлықтай дәрежеде адамның психологиялық әрекетінің жүйелік ұйымдастыру ерекшелігімен келісілетіндігі туралы мәлімдейді. Субъект әрекетінің психологиялық қасиеттерінің, сапаларының жиынтығы нақты бір әрекеттің қызметін орындау үшін ұйымдасқан өзінің біртұтастығында, бірлігінде болып табылады.

Кәсіби әрекетті психология саласында зерттеу әдістемелік және теориялық сұрақтарды шешуге, әрекетті реттеудің психологиялық механизмдерін зерттеуге, кәсіби жарамдылықты қалыптастыру қағидаттары мен әдістерін негіздеуге, адамның жұмысқа қабілеттілігінің психологиялық қамтамасыз ету тәсілдерін табуға, кәсіби әрекетті инженерлі-психологиялық жетілдірумен байланысты теориялық зерттеу мен практикалық шешуге бағытталды.

Адамның кәсіби әрекеті адамдардың қоғамдық-тарихи тәжірибесінің негізгі формалары болып табылады. Бұл әрекетте түрлі қоғамдық қатынастар жинақталады. Кәсіби әрекет еңбек пен әскери істің тарихымен, олардың жеке мамандықтарға бөлінуімен және бұл мамандықтардың кейінгі қайта бірігуімен тығыз байланысты өзінің ұзақ дамуын бастан кешірді. Спорт кәсіби тәжірибенің әмбебаптануының іс майданы, оның тар кәсіби шектеулерін жеңу құралы болып келе жатыр. Егер спорт кәсіби тәжірибені әмбебаптау құралы болса, онда оның бұл ерекше мәселені шешу үшін өзінің ерекше ұйымы бар болуы табиғи жағдай. Спорт та шекті жүктемемен жарыстар қажет. Олар таза кәсіби-спорттық қасиеттер мен адамның мүмкіндіктерін қалыптастырады.

Спорттық әрекет. Спорттық психология – спорттық әрекет жағдайында адамның психикасының көрінуі мен дамуының заңдылықтарын зерттейтін психологиялық ғылымның саласы.

Ресейлік спорттық психологияның арнайы білім саласы ретінде қалыптасуының алғышарттары ХХ ғ. басында П.Ф. Лесгафттың дене тәрбиесі жайлы оқып білу негіздері ретінде адами тұлғаның тұтастығы, қозғалыстың интегративті қызметі, дамудың үйлесімділігі, қимылдың саналы меңгеруін атаған еңбектерімен іргесі қаланды [3].

Спорт психологиясы саласында атақты мамандар болып И.П. Волков, Б.А. Вяткин, А.Д. Ганюшкин, Г.Д. Горбунов, Ю.Л. Киселев, А.И. Пуни, П.А. Рудик, Ю.Л. Ханин есептелді.

Спорттық психологияның қалыптасуына негіз болып қаланған бірінші еңбектерде [22, 41, 45] спорттық әрекеттің ерекшеліктерін жалпы психологияның жетістігі тұрғысынан суреттеу анық бақыланады. Мұндайда негізгі назар спорттық әрекеттің эмоционалды, еркін және танымдық жоспарда қиындығын суреттеуге аударылды. Сәл кейінірек спорттық әрекеттің психологиялық құбылыстарын, яғни жарыс басталғанға дейінгі және басталған уақыттағы психологиялық жағдайлар, психотренинг, сенсомоторлы әсер етудің ерекшелігін, қозғалыс дағдыларының автоматтануын зерттеу басталды.

Спорттық әрекет – спортшының қолының, ақылының және сезімінің әрбір өнімі оған қажетті спорттық жетістіктің психикалық бейнесін ғана іске асырып қоймайды, сондай-ақ спорт аясына тән ерекше қатынастарды да жзеге асырады. Соның нәтижесінде спортшының өзі бұл қатынастардың жолын қуушы, жақтасы (немесе қарсыласы) болып қалыптасады, олардың дамуына ықпал етеді [5].

Қатаң спорттық бәсекелестікті тудыратын спорттық әрекеттің практикасы дәстүрлі психологияда **спорттық әрекеттің ерекшелігімен** келісілген көптеген сұрақтарға жауап таба алмады. Спорттық әрекет адам әрекетінің көптеген басқа түрлерінің несімен ерекшеленеді?

1. Жарыстарда жеңіске жету мақсатымен өзін көпжылдық күнделікті физикалық және психологиялық жүктемеге түсіруге мүмкіндік беретін жоғары уәждемемен ерекшеленеді. Осы уәждеменің арқасында спорт адамның мүмкіндіктерінің тамаша табиғи лабораториясы болды. Бұл уәждеменің пайда болуының негізінде өз нәтижелерін басқа спортшылардың жетістігімен қатар қойып салыстыру, спортшы мен команданың дене тәрбиесінің сан ғасырлық жетістігіне қосылуы, адам ағзасының, табиғат пен техниканың құпия-сырларына күнделікті бойлап ену, өз мүмкіндіктері мен жүзеге асыру мүмкіндігі және өзінше тұжырымдау. Сонымен қатар әлемді тану, әрі қарай өмір болашағын: тұлғалық, материалдық және білім алуды қамтамасыз ету [5].

2. Жетілген, күрделі және әлдеқайда нақты қимылдың координациясында, қозғалыс актілерінің өте жылдамдығында. Қимылдың мұндай керемет қасиеттері сенсомоторды дамыту арқасында, оқыту әдісін жетілдіру, ең қиын күрделі жағдайларда оларды мың мәрте жасау, сондай-ақ оқытудың, сақтанудың техникалық құралдарын жетілдіру арқасында жетіледі.

3. Спортшылардың ерік қасиеттеріне жоғары талап қоюмен, объективті және субъективті сипаттағы қиындықтарды үнемі жеңумен, күйзеліс жағдайлардың көп және жарыстағы орындауларға жауапкершіліктің жоғары болуымен ерекшеленеді.

4. Спортшылар мен командаларға өз ұнатуын немесе жақтырмау сезімдерін белсенді түрде көрсететін спорттық жекпе-жектерге алаңдап, стадиондарға және

басқа спорттық құрылыстарға, телеэкрандарға, кинозалдарға көптеген адамдарды тартатын керемет көріністігінде мұндай көріністерде жанкүйерлердің эмоционалды өміріне әсер ететін үлкен эмоционалды қуат болады. спорттық әрекетте психикалық көріністің әлеуметтік ерекшелігін зерттейтін спорттық психологияның саласы – **әлеуметтік спорттық психология** пайда болды және рәсімделді.

5. Адам әрекетінің көптеген басқа әрекеттерінің аясында (әскери, әртістік, жүргізушілік, құқық қорғаушылық, төтенше жағдайлардағы әрекеттер) физикалық және психологиялық дамудың шегіне жеткен деңгейін жүзеге асыру мүмкіндігінде, қолданбалылықта. Спорттық жетістіктер, ереже бойынша, қосымша кепілдеме ретінде қызмет етеді, ал кейде жұмысқа қабылдану үшін міндетті шарттар болып табылады. Бұл, әсіресе, өмірінің ең керемет кездерін жылдарын спорттық орындауларға толығымен арнайтын спортшылар үшін өте маңызды қажетті фактор болып табылады.

6. дамып келе жатқан жылдарда жыл өткен сайын оның бизнеспен бірігуімен ерекшеленеді: спортқа арналған барлық затты өндіретін кең өндіріс аясын құру, спонсорлық және жарнамалық қатынастарды дамытумен, аяқ киім, киім стилінің бағыты, спорттық үлгідегі іс шараны, демалысты өткізу. Осымен байланысты ерекше орынды ұйымға да, спортшыларға да аз қаржы әкелмейтін кәсіби спорт алады.

Сонымен, **спорттық әрекет** – спорттың бір немесе бірнеше түрінде спортшының үнемі өзін-өзі жетілдіруімен байланысты жоғары жетістіктерге мақсат етілген көпжылдық әрекет.

Спорттық әрекет адамның мақсатқа бағытталған әрекеттерінің басқа салаларына қарағанда кезеңдер қатарының болуымен, бірақ спортшы әрекетінің нәтижелілігі тек жарыстың қысқа уақытында бағалануымен сипатталады. Барлық басқа уақыттарда спортшы үшін маңызы өте зор нәтижеге жету үшін қарқынды дайындықпен бос болмайды [6].

Спорттық әрекеттің үдерісіне жаттықтыру және жарыс жағдайында өз эмоционалды күйін басқара алу, сондай-ақ бұл біліктіліктерді өмірдің басқа жағдайларында өз бетінше жүзеге асыруды қолдану қабілеті жетілдіріледі.

Әдебиеттер

1. Мазур А.Г. Борьба вчера и сегодня. – М.: Физкультура и спорт, 1981, – 240 с. – С. 103.
2. Марищук В.Л., Блудов Ю.М., Серова Л.К. методики психодиагностики в спорте: Учебное пособие для студентов пед. институт., 2-е изд. М.: Просвещение, 1990. – С. 18 – 20.
3. Никифоров Г.Ф. Надежность профессиональной деятельности. СПб.: Изд-во СПбУ, 1996. – С. 103 – 109.
4. Попов А.Л. Спортивная психология: Учебные пособия при спортивных вузах, 2-е изд. – М.: Московский психолого-социальный институт: флинта, 1999. – 152 с.
5. Практические знания по психологии: Пособие для ин-тов физ. культ. / Под ред. Д.Я. Богдановой. – М.: ФиС., 1989. – 160С.
6. Преображенский С.А. Борьба – занятие мужское. – Изд. 2-е, перераб, доп. – М.: Физкультура и спорт, 2003. – 280 с. С. 5 – 15.



ӘОЖ 37.037.2

КҮРЕСКЕРЛЕРДІҢ СПОРТТЫҚ ӘРЕКЕТІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Джекенов П.С.

Әкимбек Б.Т., Әлімбаева З.Б. ДШ-18-1

Халықаралық Тараз инновациялық институты, Тараз қ

Андатпа: Қазіргі спорт психологиясының рәсімінен басқа спорттық әрекеттің психофизикалық және психикалық критерийлеріне негізделген спорт түрлерінің түрлі психологиялық классификациялары бар. Американдық психологияда белгісіздік критерийі бойынша – әрекеттің бақылануы, жарақаттың қаупі, контактілік-параллельділік – классификация қабылданған.

Аннотация: Помимо процедуры современной спортивной психологии существуют различные психологические классификации видов спорта, основанные на психофизических и психических критериях спортивной деятельности. В американской психологии принята классификация по критерию неопределенности – прослеживаемость деятельности, риск травмы, контактно-параллельность.

Abstract: In addition to the procedure of modern sports psychology, there are various psychological classifications of sports based on psychophysical and mental criteria of sports activity. American psychology has adopted a classification based on the criterion of uncertainty – traceability of activity, risk of injury, contact-parallelism.

Физикалық жетілдіруге ұмтылу және жарыстың атмосферасы күрескерден физикалық күштің қатты күш жұмсауын, рухани және психологиялық мобилизацияның жоғары дәрежесін талап етеді. Сондықтан да спортшының жеке-психологиялық ерекшеліктері, оның психикалық жағдайы, танымдық және интеллектуалды қабілеттері ерекше мәнге ие.

Күрес спорттық жекпе-жектердің бір түрі болып табылады. Ол спортшының жағдайына әлеуметтік қолдаудың белгілерінің үлкен диапазонымен (жағымдыдан бірден жауласуға дейінгі) көрермендердің жоғары дәрежесінің әсер етуімен, физикалық күштердің концентрациясы мен психикалық күш түсірулердің қарқындылығымен сипатталады [1]. Жеке тұлғаның қасиеттерін, агрессиялылықты, уәждемені, әсер ету және мобилизация деңгейін зерттеу спортшы әрекетінің психологиялық реттелу ерекшеліктері туралы түсінік береді. Спортшының тек индивидуалды ерекшеліктерін зерттеу ғана емес, сонымен бірге топ ішіндегі және топтар арасындағы өзара әрекеттің (спортшы-спортшы, спортшы-жаттықтырушы, жаттықтырушы-жаттықтырушы және с.с.) әлеуметтік-психологиялық заңдылықтарын да зерттеу күрескерлердің психикасының тұрақтылық жағдайын және стрессогенді факторларды анықтауға мүмкіндік береді [2].

Күрескерлердің жекпе-жегі – бұл тек қана екі индивидтің ғана емес, екі мектептің де, екі ұлттық дәстүрдің де жекпе-жегі. Ерте заманнан бері күресті оның рухын, оның өнегелі болмысын анықтайтын түрлі ережелердің, заңдардың, қағидаттардың сәуле жиегі қоршап тұрды. Заман өте келе оған екі күрескердің жекпе-жегінің мазмұнына әсер ететін саяси және экономикалық өзара әрекеттің реңктері қосылды. мұның барлығы спорттық күрестің техника-тактикалық сипаттамаларымен бірге «дәстүр» деп атайтын белгілі бір мәдени қабатты түзеді [3].

Қазіргі спорт психологиясының рәсімінен басқа спорттық әрекеттің психофизикалық және психикалық критерийлеріне негізделген спорт түрлерінің түрлі психологиялық классификациялары бар. Американдық психологияда белгісіздік критерийі бойынша – әрекеттің бақылануы, жарақаттың қаупі, контактілік-параллельділік – классификация қабылданған. Бұл критерийлер спортшының жеке тұлғасына белгілі бір талаптармен спорт түрлерінің топтарын анықтауға мүмкіндік береді. Мұндай классификацияға сәйкес күресті әрбір сәтте мүмкін әрекеттердің үлкен дәрежедегі белгісіздігімен және айтарлықтай қауіппен сипатталатын спорттың контактілік түрлерінің тобына жатқызуға болады. Дж.Б. Креттидің классификациясы бойынша күрес тікелей қолдау көрсетілетін агрессиялық ойындарға жатады. Мұнда сайыстан бөлек басқа да жекпе-жектер жатады.

Классификацияда күрестің аталған түрінің рәсімі, әлеуметтік қолдаудың шарттары немесе көрермендердің бір-біріне қарсылас болуы және эмоциясы, физикалық күштемелердің қарқындылық дәрежесі және шыдамдылыққа талаптар сияқты критерийлерді жатқызуға болады.

Спорттың әрбір түрі жеке тұлғалық қасиеттердің қарым-қатынасында спорт әрекетінің саналы интеллектуалды регуляциясында ерекше болады.

Күрескердің әрекетінің психологиялық факторларының негізінде мәскеулік спорт психологиясында дамытылатын пәндік әрекеттің концепциясы жатыр (П.А. Рудин, А.Ц. Пуни). Бұл концепцияға сәйкес әрекет түрін анықтауда ең бастысы оның пәні (материалды немесе идеалды нысан) – яғни неге бағытталған, оны не қоздырады, сол болып табылады. Әрекет пәнінің ояту күші уәжділік дәрежесінде, бұл пәнді меңгеруді қалау күшінде көрінеді [4].

Спорттық әрекет сипаты және өту жағдайлары бойынша айырмашылықтары болуы мүмкін, бірақ ол үнемі бір затқа бағытталады. Егер пәнге екі әрекет бағытталса, онда ол жекпе-жек пәні болады. спорттық қарама-қайшы күресудің психологиялық феноменнің пайда болуы үшін қарсыластардың шамамен тең квалификациясы қажет. Басқаша жағдайда күрес бір әрекеттің басқа әрекетке қосылуымен ауыстырылады және басқаруға, қолдануға, басуға және т.б. айналады.

Күрескердің спорттық әрекеті үш құраушы: жаттықтыру, жаттықтырудан тыс және жарыс бөлімдерінен тұрады.

Жаттықтыру әрекеті спорттық дайындықты ұйымдастырудың мақсатында, міндеттерінде, қағидаттарында, әдістері мен түрлерінде ашылады. Егер мақсат жаттықтырушының және оның тәрбиеленушілерінің жалпы талпынысын анықтаса, міндеттер әлдеқайда қажетті бөліктерін: тәрбиелік, білімділік және сауықтыру міндеттерін анықтап, оны нақтылайды. Дайындықтың сауықтыру бағытындағы қағидаттарды орындау, ең алдымен, денсаулыққа кері әсерін тигізіп, жоғары жетістіктерге ұмтылмас бұрын жаттығушының денсаулығын нығайту керек дегенді білдіреді. Дайындықтың басты құралдары болып физикалық жаттығулар жатады, олар жалпы дайындық, арнайы-дайындық және жарысқа арналған жаттығулар болып бөлінеді. Соңғы жаттығу түрі барлық техниканы және сәл спорттық күрес тактикасын қосады. Күрескерлерді дайындау кезінде қолданылатын жаттықтыру әдістерінің жүйесі – жаттықтыру әрекеттерінің компоненттері. Жаттықтыру әрекетінің ұйымдастыру формасы ұйымдастыру типі (сабақтағы, сабақтан тыс) бойынша, бағытталуы бойынша (жалпы дайындық, жиынтық, әлеуметтік-дайындық), оқу материалының мазмұны бойынша (теориялық, практикалық) ажыратылады.

Жаттығу ішіндегі әрекет, жаттығу әрекетімен бірге жүзеге асырылады. ол көптеген медико-биологиялық мәселелермен байланысты, яғни күн тәртібін сақтау, тамақтанудың қалыптылығы және рационы, гигиеналық талаптарды сақтау, жұмысқа қабілеттілікті қалпына келтіруді арттыру үшін табиғаттың табиғи факторлары мен процедураларын қолдану. Шын мәнісінде осының барлығы адамның салауатты өмір сүруінің кепілі ретінде сипатталады. Жаттығу ішіндегі әрекеттің салауаты өмір салтын ұстанудан бір айырмашылығы, ол – спорттық шеберлікті жүйелі түрде арттыруға талпыну болса керек. дәл осы белгі жаттығу ішіндегі әрекетті спорттық әрекеттің бөлігі ретінде санауға мүмкіндік береді. Жұмысқа қабілеттілікті тез қайта қалпына келтіру біліктілігі үшін жаттығуға да, сондайақ үлкен жаттығу және жарыс күштемелеріне шыдай алу қабілетін де айтуға болады. иұнда бастысы –ағзаның жалпы реактивтілігін арттыратын, термореттеуішті, иммунитетті және басқа да биологиялық үдерістерді реттейтін түрлі қайта қалпына келтіру құралдарын дұрыс қолдану. Қайта қалпына келтірудің және жұмысқа қабілеттілікті арттырудың әлдеқайда белгілі құралдарының ішінде психологиялық реттелетін, механикалық, температуралық, электрлік, медикаментозды ем-шараларды, сондай-ақ химикалық ванна мен оқытудың әсерін ерекшелеп айтуға болады.

Жарыстық әрекет, спорттық әрекеттің бөлігі ретінде формальды логиканың көзқарасы бойынша жаттықтыру және жаттықтыру ішіндегі әрекеттердің нәтижесі көрсететін қорытынды нәтижелер болып табылады. Ал мәні бойынша жарыстық әрекет біріншілік және алда болатын жаттықтыру және жаттықтыру ішіндегі әрекеттердің бағытын анықтай отырып, спортшыларға нақты талаптар қояды. Сыртқы белгілері бойынша жарыс пен жаттықтыру бір-бірінен ерекшеленеді, мысалы, спорттық шеберлік сияқты, жаттықтыру шеберлікті дифференциалды да, тұтастай да құрып, жетілдіруге мүмкіндік береді. Спортшының жарыстық әрекеті адамның мақсатқа бағытталған түрлі әрекеті сияқты, алдын ала үйренудің негізінде ғана мүмкін. Жарыстарда спортшы жаттықтыру үдерісінде алынған және бекітілген білімдерді, ептілік пен дағдыларды ғана қолданып әрекет етеді. Білімдерді, ептілік пен дағдыларды жинақтау, олардың көлемі мен сапалы өзгешелігі спортшының дайындығы жүретін жағдайлармен негізделген. Бұл шарттар біртіндеп үйреншікті болады және спортшы оларда рациональды және қуатты әрекет етіп үйренеді. Алайда, спорттың кез келген түрінде жарыс өтетін жағдайлар міндетті түрде жаттықтыру жағдайынан өзгешеленеді. Сонымен қатар спорттық жарыстың ерекше ерік факторын атап өтуге де болады. Жеңіске деген пайда болған, қажетті нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік беретін (белгілі бір қарсыласты жеңу, чемпион титулын алу, жеке жетістікті арттыру) ерік спортшының бағасына және өзіндік бағалауына әсер ететін басты қорытынды ретінде қызмет етеді.

Әдебиеттер:

- 1.Мазур А.Г. Борьба вчера и сегодня. – М.: Физкультура и спорт, 1981, – 240 с. – С. 103.
- 2.Марищук В.Л., Блудов Ю.М., Серова Л.К. методики психодиагностики в спорте: Учебное пособие для студентов пед. институт., 2-е изд. М.: Просвещение, 1990. – С. 18 – 20.
- 3.Никифоров Г.Ф. Надежность профессиональной деятельности. СПб.: Изд-во СПбУ, 1996. – С. 103 – 109.

4. Попов А.Л. Спортивная психология: Учебные пособия при спортивных вузах, 2-е изд. – М.: Московский психолого-социальный институт: флинта, 1999. – 152 с.

5. Практические знания по психологии: Пособие для ин-тов физ. культ. / Под ред. Д.Я. Богдановой. – М.: ФиС., 1989. – 160С.



ӘОЖ 796.051.2

ЕРКІН КҮРЕСТІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Джекенов П.С.

Базарбай Б.Ж., Болат Н.Н. ДШ-18-1

Халықаралық Тараз инновациялық институты, Тараз қ

Андатпа: Күреспен айналысу жастарда қажетті өмірлік ұстанымдарды қалыптастыруға ықпал ете отырып, интеллектуалды, этикалық, еріктік тәрбиелеуде, физикалық қасиеттердің үйлесімді дамуына бірлесе әсер етіп, денсаулықты нығайтады, арнайы білімдер мен техника-тактикалық әрекеттердің үлкен көлемімен қаруландырады. Мұның барлығы еңбекқабілеттілігінің айтарлықтай артуына ықпал етеді

Аннотация: Занятия борьбой способствуют формированию у молодежи необходимых жизненных позиций, способствуют интеллектуальному, этическому, волевому воспитанию, совместному развитию физических качеств, укрепляют здоровье, вооружают большим объемом специальных знаний и технико-тактических действий. Все это способствует значительному повышению трудоспособности.

Abstract: Wrestling classes contribute to the formation of necessary life positions among young people, promote intellectual, ethical, strong-willed education, joint development of physical qualities, strengthen health, equip with a large amount of special knowledge and technical and tactical actions. All this contributes to a significant increase in working capacity.

Спорттық күрес жеңіске жету мақсатымен ережелермен регламенттелген екі қарсыластың жекпе-жек жарысы. Спорттың бұл өте көне және кең таралған түрі тек қана демократиялық, ағартушылық бағытқа ғана емес, жоғары әскери-қолданбалы мағынаға да ие.

А.Ф. Лесгафт (1837–1909) – орыс педагогі, анатом және дәрігер, дене тәрбиесі мен дене тәрбиесінде дәрігерлік-педагогтік бақылаудың негізін салушы: күрес – бұл қарсы жақтың да, өзінің де күш көрсетуінен тұратын, өз денесін белгілі бір қорғанда қатты тіреп, қарсыластың әрекетін бақылау, мүмкін болған сәтте оған ескерту жасай білу ептілігінде үдемелі күштемемен жаттығу [1]. Дәл осы анықтаманың астарында күрестің сан ғасырлық тарихы, оның өміршеңдігі жатқан жоқ па? Бұл жерден байқағанымыздай, жекпе-жектің мағыналық негізі физикалық күшті дөрекі пайдалану емес, өз денесін басқару өнері, жағдайға байланысты күшті қолдану және оны қажет орынға бағыттау. Мұндай өнер тек қана спорттық әрекетте ғана емес, еңбек әрекетінде де өте қажет: ол интеллекттің дамуына және адамның физикалық мүмкіндігіне үйлесімді әсер етеді. Дәл осы, сондай-ақ бұрынғы заманның ең озық дәстүрлерін қазіргі жастардың физикалық жетілдіру идеалдарымен,

тұтынушыларымен байланыстыру мүмкіндігі күресті әлемдегі ең таралған спорт түрлерінің біріне айналдырды. Мұның барлығы түрлі замандағы атақты адамдардың (Платон, Аристотель, Рабле, Гегель, П.Ф. Лесгафт, А.Н. Добролюбов және т.б.) күресті спорт түрі ретінде жоғары бағалауының негізінде жатыр.

Күреспен айналысу жастарда қажетті өмірлік ұстанымдарды қалыптастыруға ықпал ете отырып, интеллектуалды, этикалық, еріктік тәрбиелеуде, физикалық қасиеттердің үйлесімді дамуына бірлесе әсер етіп, денсаулықты нығайтады, арнайы білімдер мен техника-тактикалық әрекеттердің үлкен көлемімен қаруландырады. Мұның барлығы еңбекқабілеттілігінің айтарлықтай артуына ықпал етеді [1].

Ағзаға жан-жақты әсер етудің арқасында күреспен айналысу дене мүсініне, омыртқаның дұрыс, тік үйлесімді дамуына мүмкіндік туғызады.

Адамның рухани дүниесі де байиды, өзіндік әлемді тану бейнесі қалыптасады, өзін-өзі ұстау тәртібі де реттеледі. Осылайша спорттық күресті физикалық және рухани үйлесімділіктің қалыптасу және адамзаттың жоғары талаптарының қанағаттану құралы ретінде қарауға болады.

Еркін күрес спорттық күрестің халықаралық түрі болып табылады. Диаметрі 9 м болатын дөңгелек кілемде тік тұру қалпымен және қарсыласпен күрескерлердің жекпе-жегі. Таза жеңіс мынадай жағдайларда беріледі: қарсыластың арқасын кілемде белгілеуде, қарсыластың дисквалификациясы жағдайында және тәсілдерді, контртәсілдерді, жиынтықтарды және қорғану амалдарын орындауда әділ-қазылар бағалаған 12 не одан да жоғары балдан артық болғанда беріледі. Егер жекпе-жек 12 балдан төмен айырмашылықпен аяқталса, онда жеңіс балл бойынша беріледі [2].

Күрескерлердің киімі трикодан, іш киімнен, шұлықтан, күрес бәтеңкесінен және бет орамалдан тұрады. Жекпе-жектің ұзақтығы спортшылардың жасына байланысты болады және 3-5 минутқа дейін түрленеді. Салмақ категориясы ересектерде – 10, ал жасөспірім мен жастарда – 16-ға дейін.

Техникалық элементтерге күрескерлердің тігінен және жұппен негізгі қалыптары, қарсыластар арасындағы қашықтықтар, ауысулардың амалдары мен бағыттары, ұстап алулар, тіректер және одан босаулар жатады. Негізгі қалыпты, қажетті арақашықтықты сақтау, еркін алдау, ұстап алуларды, тіреулерді жүзеге асыру және олардан құтылу біліктілігі күрестің техникасы мен тактикасының әлдеқайда күрделі жиынтығын қолдануға және тез және нақты үйренуге мүмкіндік береді. Жекпе-жек екі негізгі қалыпта – тұрып және жұппен өткізіледі. Тік тұру қалпында күрескер кілемді тек табанмен ғана тиеді (бір немесе екі). Жұппен қалыпта – тіземен және бір-екі саусақпен тиеді [4].

Спорттық күрес техникасының астарында тар мағынасында спортшыға жеңіс әкелетін техникалық әрекеттерді орындаудың әлдеқайда рационалды тәсілдері түсініледі. Мұндайда техниканың негізінде биомеханикалық және физиологиялық заңдылықтарға тірелетін жаттығулар ғана түсініледі. Спорттағы тәжірибе – жоғары спорттық нәтижеге жетуде тәсілдер мен түрлердің жиынтығы. Күрестегі мұндай әрекеттер – бұл өзінің физикалық және техникалық ерекшеліктерін және қарсыластың кемшіліктерін қолдану, қарсыласты жаңылдыру үшін алдау қимылдарын қолдану, тиімді технологиялық әрекеттерде жекпе-жектің қолайлы сәттерінде пайдалану, күшті үнемдеп қолдана білу ептілігі, ережемен анықталатын мүмкіндіктерді дұрыс қолдану, кілемнің ауданын қолдану және т.б. .

Күрескерлердің жұдырықтасуы – мақсатпен, уақытпен және белгілі бір шартпен регламенттелген қарсыласпен бірге жекпе-жектегі жұптық жаттығулар. Жекпе-жектер оқу, жаттықтыру, бақылау және жарыс жаттығулары болып бөлінеді.

Ерекше қызығушылық түрлі салмақтағы, дене ұзындығындағы, физикалық қасиеттердің даму деңгейіндегі, техника-тактикалық шеберлігінің ерекшеліктері бар спарринг-жұптарды іріктеу сұрағы болып табылады.

Спорттың әрбір түрі үшін өз жас ерекшеліктері және көпжылдық дайындықтың кезеңдері мен циклдары тән.

Күрескерлердің көпжылдық дайындығының келесі құрылымын ұсынуға болады. төрт цикл көрсетіледі (бастапқы, рекорд алдындағы, рекордты және қорытындылайтын), олар өзіне алты кезеңді енгізеді: базалық, арнайы дайындық, тереңдетілген арнайы дайындық, өте жоғары жетістіктерді көрсету, спорттық жетістіктердің тұрақтануы және жетістіктер деңгейінің жоспарланған төмендеуі. Көпжылдық спорттық әрекетті циклдер мен кезеңдерге бөлудің мұндай түрі мынандай жаттықтыру топтарын ерекшелеуге мүмкіндік береді (күрескерлердің жасына және спорттық квалификациясына байланысты):

- 1.Базалық дайындықтағы балалар тобы (9 – 11 жас)
- 2.Арнайы дайындықтағы жасөспірімдер тобы (12 – 15 жас).
- 3.Тереңдетілген арнайы дайындықтағы бозбалалық топтар (16 – 17 жас).
- 4.Тереңдетілген арнайы топтағы юниорлық топтар (18 – 20 жас).
- 5.Демонстрациялардың ер адамнан құралған топтары.

Күрес бойынша спорт шебері болып 18-19 жастағы адамдар алып жатады және күрес секцияларында арнайыландырылған сабақтарды 12 жастан ерте бастамау керек.

Спорттағы әрекеттің жетістігі

Спорттағы әрекеттің жетістігі өзара байланысты факторлардың кешеніне, яғни жеке тұлғаның индивидуалды ерекшеліктеріне, физикалық дамудың деңгейіне, психоэмоционалды жағдайға, әрекет стиліне, еріктілікке және жарысқа психологиялық дайындығына байланысты болады. адамдарда дамыған қабілеттердің қамтамсыз етуінде біршама рөл атқаратын әрекеттегі жетістіктер оның өзіне тартуын қанағаттандыруына, оның өзіндік тұжырымына әсер ете отырып, оның «Менінің» қалыптасуына әкеледі. Дәл солай белгілі бір жағдайда адамның физикалық даму факторы оған белсенді әрекетінің және жеке жетістігінің жалпы ықпалы болуы мүмкін

Спорттағы әрекеттің жетістігіне темпераменттің әсері.

К. Юнг жасаған типологияның көмегімен темперамент эмоционалды тұрақтылық және невротизмнің, экстраверсия мен интроверсия дәрежесі бойынша әлдеқайда нақты анықталуы мүмкін. Экстраверсия мен интроверсия бір психикалық құбылыстың екі полюсін құрайды.

Экстраверсия – индивидтің реакциясы мен тәртібінің сыртқы жағдайларға бағыныштылығы және оларға бағытталуы, ол қарым-қатынастың жеңілдігінде, байланысты орнатуда, бейтаныс жағдайда орындаулардың сенімділігінде, жағдайды ауыстыруға талпыныстарда, жаңа жағдайларға жеңіл бейімдеулерде көрінеді.

Интроверсия – индивидтің реакциялары мен өзін ұстау тәртібінің өзінің ішкі жағдайына бағытталуы; ол тұйықтықта, уайым шегудің ішкі әлеміне назар аударуда, оңашалануға ұмтылуда, байланыс орнатудағы қиындықтарда және жаңа жағдайларға бейімделуде көрінеді.

Әдебиеттер:

1.Туманян Г.С. Спортивная борьба: теория, методика, организация тренировки. Учеб.пособие. – В 4-х кн. Кн. I. Пропедевтика. М.: Совет.спорт, 1997. – 288 с. – С. 38–49.

2.Туманян Г.С. Спортивная борьба: теория, методика, организация тренировок. Учеб.пособие. – В 4-х кн. Кн. II Кинезиология и психология. – М.: совет.спорт, 1998. – 280 с.

3.Туманян Г.С. Спортивная борьба: теория, организация тренировок, методика. Учеб.пособие. – В 4-х кн. Кн. III. Методика подготовки. – М.: Совет.спорт, 1998. – 400 с. – С. 213–220.

4.Туманян Г.С. Спортивная борьба: теория, методика, организация. Учеб.пособие. – В 4-х кн. Кн.4. Контроль и организационная подготовка. – М.: Совет.спорт, 2000 – 384 с. – С. 125–126.

5.Фукин А.И., Фукина Л.И. Диагностика психического и физического развития юных спортсменов. – Набережные Челны: Кам ПИ, 200. – 144 с. – С. 72–77.



ӘОЖ 796.015.844.2

КҮРЕСШІЛЕР ӘРЕКЕТІНДЕ МАҚСАТҚА СӘТТІ ЖЕТУІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН ИНДИВИДУАЛЬДЫ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Джекенов П.С.

Даярбек Ж., Даулетбаев Б.Ж.Дш-18-1

Халықаралық Тараз инновациялық институты, . Тараз қ

Андатпа: Қызу жүйедегі күрескерлердің әрекетін ұйымдастыруда (эмоциональды тұрақсыз) негізгі назар жаттықтыруға саналы, жауапты, жоғары жағымды қарым-қатынасты тәрбилеуге аударған дұрыс, яғни техника мен тактиканы меңгеруге белсенді ұмтылу; жоғары тәртіптік дағдыларды қалыптастыру, талдай жасай білу дағдысы, сыни тұрғыда ойлау; толғақ алдында эмоциональды толқу деңгейін түсіру.

Аннотация: При организации деятельности борцов с напряженной системой (эмоционально неустойчивой) основное внимание следует уделять воспитанию осознанного, ответственного, высоко положительного отношения к тренировкам, т. е. активного стремления к овладению техникой и тактикой; формированию высоких дисциплинарных навыков, умению анализировать, критически мыслить; снижению уровня эмоционального возбуждения перед схваткой.

Abstract: When organizing the activities of wrestlers with a tense system (emotionally unstable), the main attention should be paid to the education of a conscious, responsible, highly positive attitude to training, i.e. an active desire to master techniques and tactics; the formation of high disciplinary skills, the ability to analyze, think critically; reducing the level of emotional excitement before the fight.

«Спортшылардың кәсіби әрекетіндегі жетістіктің психологиялық ерекшеліктері» зерттеуінде еркін күрестегі 30 адам – спортшы-күресшілер қатысты, соның ішінде: I жасөспірім бөлімдегі күрескерлер – 11 адам, 12–16 жас, I ересек бөлімдегі спортшылар – 7 адам, 15–18 жас, спорт шеберіне үміткерлер – 9 адам, 17–20 жас, спорт шебері – 3 адам, 20–25 жас. Зерттеу жаттықтыру үдерісінде де

(кешкі мезгіл), арнайыланған спорт мектептеріндегі жарыстарда да (демалыс күндері) жүргізілді.

Бұл жұмыста тесттер әрбір спортшымен жеке жүргізілді. Экстраверсии – интроверсии мен эмоциональды тұрақтылықты (невротизмді) анықтау үшін Г. Айзенктің тесті қолданылды, жеке тұлғалық және ситуативті мазасыздануды бағалау үшін Спилбергер-Ханиннің шкаласы пайдаланылды, психоэмоционалды күйді өлшеу үшін психология кафедрасында спорт әрекетінде алғаш рет пайдаланылған «Активациометр АЦ-6» құралы қолданылды, сондай-ақ спортшы әрекеттерінің нәтижелері талданды (жарыстардың хаттамасы, спортшылардың шеберлік дәрежесі, күнделіктер және т.б.) [1].

Күресшілердің жарыстық әрекетінің жетістігіне әсер ететін экстраверсия мен интроверсияның айтарлықтай тенденциясына көз жеткізбес бұрын алдымен жеке материалдан мысал келтірейік.

Біз күрескерлердің кәсіби әрекетінің жетістігін қарастырып отырғандықтан спортшылар топтардың классификациясына байланысты 3 топқа бөлінді.

1-топ: I жасөспірімдер тобы – 11 адам, 12–16 жас; 2-топ: I ересектер тобы – 7 адам, 16–18 жас; 3-топ: спорт шеберіне үміткерлер және спорт шеберлері – 12 адам, 18–25 жас. Темперамент қасиеттерінің көрсеткіштерін зерттеу Г. Айзенктің тесті бойынша жүргізілді. Жалпы айтқанда, топ бойынша күрескерлердің 90%-ы экстраверттер, ал интраверттер 10%-ды құрады.

Спортшылар-күрескерлердің топтарының классификациясына байланысты экстраверсия-интроверсияның өзгерісінің статистикалық мәнін бағалау үшін Манна-Уитнидің U-критерийін есептеу қолданылды [2].

Салыстыру үшін I жасөспірімдер тобы мен (ең төменгі дәреже) және спорт шеберіне үміткерлер мен спорт шеберлері тобы (ең жоғары дәреже) алынды. Негізгі мақсаты спорттық шеберлік артқан сайын экстраверсия тенденциясы өзгереді ме, осыны анықтау көзделді [2].

Бұл мәліметтер айырмашылықтардың жеткіліксіздігіне куәлік бола алады, демек, тиімді экстраверттілік күрестегі спорттық жетістіктердің оң факторы болып табылады.

Темпераменттің келесі қасиеттері: Эмоциональды тұрақтылық-тұрақсыздық Г. Айзенктің тесті бойынша анықталады. Спортшылар спортшы емес адамдармен салыстырғанда әлдеқайда жмоционалды тұрақты болып келеді. Алайда эмоциональды тұрақтылық пен спорт жетістігі арасындағы байланыс өте күрделі. Эмоциональды тұрақтылық деген сөздің астарында мақсатты түрде тұтас әрекетте көрінетін жеке тұлғаның қасиеттерін түсіну керек, олардың жеке механизмдері өзара үйлесімді әрекет ете отырып потенциалды эмоциональды жағдайларда жүзеге асатын сәтті жетістіктерге ықпал етеді. Толығырақ спортшылардың темпераменті мен жетістігі берілген: Эмоциональды тұрақтылық – невротиизм.

Үздіксіз физикалық байланысы бар спорт түрлерінде (біздің жағдайымыздағы) спортшыларда невротиизмнің жоғарғы деңгейі анықталуы мүмкін. күрескерлер өзінің эмоциональды күйін жақсы меңгере алады. Сонымен бірге жекпе-жектерді сәтті жүргізу үшін оларға спортпен айналыспайтын адамдарға қарағанда невротиизм деңгейін арттыру керек. осы зерттеу жұмысында эмоциональды тұрақтылық-невротиизмнің мынадай қатынасы жасалды: эмоциональды тұрақтылар 63,4%-ды, ал эмоциональды-тұрақсыздар 36,6%-ды құрады.

Эмоциональды тұрақтылықтың көрсеткіштері Г. Айзенктің тестінің көмегімен меңгерілді, Спилбергер-Ханин тесті бойынша оқылатын мазасыздық деңгейімен

корреляцияланады. Жоғары жетістік білім мен жоғары дәрежеге ие болу мақсатына қызмет етпейді, керісінше ол мазасыздық сезінбеу, ең болмағанда таныс жағдайларда (жарыс жағдайында) өзін жайлы сезінуге арналады.

Қызу жүйедегі күрескерлердің әрекетін ұйымдастыруда (эмоциональды тұрақсыз) негізгі назар жаттықтыруға саналы, жауапты, жоғары жағымды қарым-қатынасты тәрбилеуге аударған дұрыс, яғни техника мен тактиканы меңгеруге белсенді ұмтылу; жоғары тәртіптік дағдыларды қалыптастыру, талдай жасай білу дағдысы, сыни тұрғыда ойлау; толғақ алдында эмоциональды толқу деңгейін түсіру. Жүйке жүйесі әлсіз күрескерлердің әрекетін ұйымдастыруда басқа нәрсеге аса көңіл аудару керек; өз күшіне сенімділікті қалыптастыру, топтағы әлеуметтік статусының артуына, мобильдеу тәсілдерін қалыптастыру, эмоциоальды күйдің өзіндік реттелуі, бөгеуіл, тосқауыл тұрақтылығын, жұмысқа қабілеттілікті, адекватты жауапкершілікті арттыру.

Темпераменттің зерттелген қасиеттері бойынша оның 4 типі анықталды: сангвиник, холерик, меланхолик және флегматик.

Зерттеулер көрсеткендей, жүйке жүйесі әлсіз типті адам (меланхолик) қорқыныш реакциясына ерекше бейім, қатты реакциялы (холерик) – ашу мен ызаға; сангвиник оң, жағымды эмоцияларға, ал флегматик қарқынды эмоционалды әсер етулерге мүлдем бейім емес, дегенмен потенциалды ол сангвиник сияқты жағымды эмоцияларға қарай тартып тұрады.

Сангвиниктер мен холериктер спорттық әрекеттің шарты мен тәсілдері қатаң регламенттелген және жеке тәсілдердің қосылуына жол бермейтін жағдайда аз қарсылық көрсетеді және соңғы өнімділікті шығарады. Жаттықтырудың тәртіп белгілеуі (регламентациясы) оларды жылдам шаршап қалуға әкеледі және сондықтан олар өзбетімен үзуге болатын жаттығуларды орындағанды қалайды, сондай-ақ жаттықтыру үдерісі кезінде біртекті емес жаттығуларды алмастыруға ұмтылады. Жаттықтырушының жұмысының тәсілдері немесе типтерін өзгертуолардың жүйке жүйесін функциялау үшін тиімді жағдайлар құра отырып, оларды артық күш жұмсаудан қорғай отырып, бұл спортшыларға ұзақ уақыт үзіліссіз және жіберілетін қателердің аз санымен жаттығуға мүмкіндік береді. Флегматиктер мен меланхоликтер, керісінше, спорттық әрекеттің қатаң регламентациясы жағдайында холерик пен сангвиниктермен салыстырғанда үлкен қарсылық пен өнімділікті табады. Темпераменті әр түрлі типтегі спортшылар үшін жаттықтыру және жарыс әрекеттерін түрліше жасаған дұрыс. Біреулер үшін үнемі бөлшекті нұсқаулықтар мен жаттығулар жақын болса, біреулер үшін – спорттық әрекетте әлдеқайда жоғары жетістікке жету үшін жалпыланған және қосымша нұсқауларының әр түрлі санынан тұратын жаттығулар жақын болып келеді. Біздің жағдайымызда сангвиниктер – 60%, холериктер – 30%, меланхоликтер – 7%, флегматиктер – 3%. [4].

Сангвиник және холерик типті темпераменттің үлкен пайызы сангвиниктер мен холериктер өзінің кәсіби әрекетінде жетістіктерге сәтті жететіндігі туралы хабар береді, себебі еркін күрес – спорттың контактілі түрі (әрдайым субъектінің субъектпен өзара әрекеттесуі) және олардың жеке тұлғасының туа бітті қасиеттері, мінездері кәсіби-спорттық әрекеттің күрделі жағдайларында қиындықты еңіп шығуға көмектеседі.

Жаттықтырушыны мұқият бақылағаннан кейін және Г.Айзенктің тестінен соң оның да темперамент тесті бойынша сангвиник екені анықталды, және жаттықтырушыларды толықтай зерттегеннен кейін спорт клубындағы

жаттықтырушылар жүз пайыздық қатынаста сангвиниктер мен холериктер болып табылатыны анықталды.

Спорттық күрес – бұл көрсетілген бәсекелестік, ынтымақтастық, бірлесіп істеу (жұбының мінез-құлқын түсіну біліктілігі, оның тактикалық ойын ажырата біліп, оларды бұзу, өз тактикасын қолдандыру немесе оның тактикасымен жүрген сияқты болып, алдап ойнау). Бәсекелестік пен ынтымақтастық спортшылардың шеберлігінің өсуімен күшейеді және өз әрекетінің индивидуальды стилімен жаттықтырушы әрі қарай әрекеттің дәл сондай стилі қалыптасуы үшін өз тәрбиеленушісін дәл сондай психологиялық ерекшеліктермен тәрбиелегені дұрыс, тиімді болады, жаттықтырушының әрекеттің белгілі бір стиліне бейімділігі тәрбиеленушілердің бағытталған іріктеуіне әкеледі.

Күрескерлердің спорттық жетістіктерінің есепке алынған белгілерінің, стилінің және деңгейінің саны мен ерекшелігі арасында тұрақты байланыс белгіленген. Стыльдер қарсыластың бір белгілеріне «жанып тұратын» сияқты және қатынас бойынша басқаларына «өшірілген» сияқты. Күрескерлердің кәсібилігінің өсуімен жоғарыда аталған ерекшеліктер күшейе түседі.

Егер күрескерлердің спорттық шеберлігі баспалдақтап қалыптасса, онда олардың әрекеттер шартының (күрестің, арақашықтықтың қарқыны, жекпе-жектегі белсенділіктің сипаты, қолайлы бәсекелестік және т.б.) субъективті жоғары бағалауы әрекетті меңгергеннің ең бастапқысында-ақ өзі туралы хабар береді [5].

Жалпы алғанда спортшылардың жетістігі (тиімділігі, нәтижелілігі, психологиялық сәйкестілік, қанағаттанушылық) олардың индивидуальды ерекшеліктерімен және жаттықтырушы әрекетінің стилінің құрылымдық-функциональдық ұйымдастыруымен негізделген.

Әдебиеттер:

- 1.Смирнов А.Г. Практикум по общей психологии: Учебное пособие./ Мар. гос. ун-т – Йошкар-Ола. – 1998 – С. 134–136.
- 2.Современная психология. – Справочное руководство под ред. В.Н. Дружинина. – М.: ИНФРА-М, 1999, С. 631 – 636.
- 3.Спортивная борьба: учебное пособие для техн. и институтов физ культ. (пед фак); Под ред. Г.С. Туманяна. – М.: физкультура и спорт, 1985, – 144 с., С. 17.
- 4.Стамбулова Н.Б. Психология спортивной карьеры: Учебное пособие. СПб.: Изд-во «Центр Карьеры», 1999 – 368 С.
- 5.Страхов В.И., Миленин А.В. Спорт. Темпоральность. Внимание. – Саратов: Изд-во Саратовского пед. института, 1996 – 160 с., С. 90 – 105.
- 6.Страхов В.И., Якушева Т.Г., Горская И.В. Типология: Темперамент. Внимание. – Саратов: Изд-во Саратовского пед. института, 1996 – 150 с., – С. 96.
- 7.Страхов В.И., Прохоров А.О. Психология внимания. Психологические состояния. – Саратов: Изд-во Саратовского пед. института, 1997, – С.



ӘОЖ 612.821

ТҰЛҒАЛЫҚ МАЗАСЫЗДЫҚ ПЕН СИТУАТИВТІ МАЗАСЫЗДЫҚТЫҢ АРА ҚАТЫСЫ

**Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Джекенов П.С.
Джуманиязов А.П. Жабыкбай А.М. ДШ-18-1
Халықаралық Тараз инновациялық институты, . Тараз қ.**

Андатпа: Мазасыздық белгі ретінде немесе тұлғалық мазасыздық мінез-құлықта бірден көрінбейді. Бірақ индивидте мазасыздық жағдайы қаншалықты жиі және қаншалықты қарқынды көрінетініне байланысты оның деңгейін анықтауға болады. Мазасыздық деңгейі төмен адамдармен салыстырғанда қатты көрінген мазасыздық, мысалы, невротикалық тұлға айнала қоршаған әлемді өзіне төндіретін қауіп пен үлкен дәрежедегі қатер ретінде қабылдауы мүмкін.

Аннотация: Тревога как знак или личностная тревога не сразу проявляется в поведении. Но в зависимости от того, как часто и насколько интенсивно проявляется тревожное состояние у индивида, можно определить его уровень. Тревога, которая выражена сильнее, чем у людей с низким уровнем тревожности, например, невротическая личность может воспринимать окружающий мир как угрозу и угрозу большей степени, которые она представляет для себя.

Abstract: Anxiety as a sign or personal anxiety does not immediately manifest itself in behavior. But depending on how often and how intensely an individual's anxiety state manifests itself, its level can be determined. Anxiety, which is more pronounced than in people with a low level of anxiety, for example, a neurotic person may perceive the world around him as a threat and a threat to a greater degree that he poses to himself.

Жүргізілген зерттеу мазасыздықтың екі негізгі категориясының барын растады:

- 1) ашық – саналы уайымдалатын және мазасыздық күйі түрінде мінез-құлық пен әрекетте көрінетін категория;
- 2) жабық – түрлі дәрежеде ұғынылмайтын, реальды жайсыздықты сезінбеушілікпен, не тым тыныштықпен көрінетін, не тәртіптің ерекше тәсілдері арқылы жанама жолмен көрінетін категория.

Мазасыздық белгі ретінде немесе тұлғалық мазасыздық мінез-құлықта бірден көрінбейді. Бірақ индивидте мазасыздық жағдайы қаншалықты жиі және қаншалықты қарқынды көрінетініне байланысты оның деңгейін анықтауға болады. Мазасыздық деңгейі төмен адамдармен салыстырғанда қатты көрінген мазасыздық, мысалы, невротикалық тұлға айнала қоршаған әлемді өзіне төндіретін қауіп пен үлкен дәрежедегі қатер ретінде қабылдауы мүмкін [1].

Сәйкесінше, жоғары дәрежедегі спортшылар мазасыздықтың төмендеуімен сипатталатын спортшыларға қарағанда стресс әсеріне әлдеқайда көп шалдыққыш, үлкен қарқындылықтағы мазасыздық жағдайына алаңдауға бейім.

Бұл үшін спортшылардың тобында зерттеушілер жарыс басталардың алдында (стресс жағдайы) және қалыпты күндері жаттықтыру басталардың алдында (тыныштық жағдайы) ситуативті және тұлғалық мазасыздануды мысал ретінде көрсетіп отырды.

Зерттеуге 30 адам қатысты (11 – I жасөспірімдер тобы; 7 – I ересектер тобы; 12 – спорт шеберіне үміткерлер мен спорт шеберлері). Мазасыздық психодиагностикасы Спилбергер-Ханиннің тесті бойынша жүргізілді. Мазасыздықтың стрестік және фондық көрсеткіштерін анықтады [2].

Мазасыздық деген ұғымның астарында уайымдау, мінез-құлықтағы, қарым-қатынас пен әрекеттегі вербальды және вербальды емес белгілердің сезінуінің ерекше бірігуін түсінеміз.

Тұлғалық мазасыздану спорттық шеберлік өскен сайын өзгермейді және орташа деңгей шамасында ұстап тұрады. Бір жағынан, ол жүйкелік уайымдауларға бейімділікті, стрестік жағдайларды көтеруге қабілетсіздікті сипаттайды; екінші жағынан, оның кейбір деңгейі (әрбір спортшы-күресші үшін тиімді) жарыстарда сәтті шығу үшін қажет болып табылады.

Тұлғалық мазасыздық аталған жағдайда объективті қауіп-қатердің бар-жоғына қарамастан жағдайды жеке тұлғаға қауіп-қатер туғызатын, қатерлі деп қабылдайтын спортшыда пайда болатын эмоциональды күйді немесе реакциялардың белгілі жиынтығын көрсету үшін қолданылуы керек. Гере спортшы жағдайды қатерлі деп бағаласа, мүмкін ол мазасыздық жағдайының қарқындылығының өсуін уайымдай бастайды (ситуативті мазасыздықты).

Ситуативті мазасыздық спорттық шеберлік өскен сайын сәтті кәсіби-спорттық әрекет үшін тиімді деңгейге дейін төмендейді. Мұндай ситуативті мазасыздық сәттілігі төмен спортшылардан эмоциональды уайымдауларды саналы түрде бақылау мен эмоциональды күйлерді реттеуді жасауды қажет етеді.

Мазасыздықтың жоғары көрсеткішімен сипатталатын спортшылар жарыс жағдайларында үрей, қорқыныш жағдайының артуын сезінуге әлдеқайда бейімделген, ал бұл тек қана өзін бағалауға ғана емес, сонымен қатар әрекеттегі жоғары нәтижелерге де қауіп тудырады. Жеңіл мазасыздық, керісінше, қосымша қызығушылық тудыруы мүмкін.

Манна-Уитнидің U айырмашылықтар критерийі бойынша спортшылардың тұлғалық және ситуативтік мазасыздығын салыстырудың математикалық-саналық талдауы жүргізілді.

Орыс психологиясында мазасыздық екі негізгі түрге бөлінеді: жеке және жағдайлық [3].

Жеке мазасыздық – бұл адамның субъективті маңызды құбылыстардың кең ауқымы туралы қорқыныш пен толқуды сезінуге дайындығы (көзқарасы). Жеке мазасыздық – бұл ерте балалық шақта қалыптасатын және қалыптасатын негізгі жеке қасиет.

Ол адамның әдеттегі, ситуациялық тұрақты (яғни, нақты әлеуметтік жағдайға қарамастан пайда болатын) реакциясында – алаңдаушылық жағдайының жоғарылауы – оның жеке басына қауіп төндіретін жағдайға немесе осындай болып көрінуіне көрінеді. Жеке мазасыздық, әдетте, жеке қасиет ретінде болмайды, ол адамның басқа қасиеттері мен сипаттамаларын қалыптастыруға және дамытуға теріс әсер етеді, мысалы, сәтсіздікке жол бермеу ниеті, жауапкершіліктен қашу ниеті, басқа адамдармен бәсекелестікке түсуден қорқу.

Сәтсіздіктен аулақ болудың себебі – адамның қандай да бір мәселеде айтарлықтай жетістікке жету үшін емес, оны басқалардың көпшілігіне қарағанда нашар орындау үшін қолынан келгеннің бәрін жасауға деген тұрақты үрдісі. Мұндай мотиві бар адам іс-әрекетте барынша күш жұмсамайды, бірақ, әдетте, көп нәрсеге қабілетті болса да, жазаланбауы үшін жеткілікті минимумға қанағаттанады. Демек,

басқа да жағымсыз қасиеттердің тұтас кешені, әдетте, адамның жеке мазасыздығымен байланысты, ал адамның мазасыздығын тудыратын шағын топ осы тұлғаның дамуына кедергі ретінде қарастырылуы керек.

Ситуациялық мазасыздық-бұл әдеттегі оқиғаларға қатысты туындайтын тәжірибенің қарқындылығының көрсеткіші. Ол әртүрлі адамдарда әртүрлі жағдайларда көрінуі мүмкін, ал кейбіреулерінде ол айқын көрінеді, ал басқаларында ол мүлдем көрінбейді. Мысалы, белгілі бір мазасыздықты, емтихандарда мазасыздықтың жоғарылауын анықтайтын адамдар бар, өмірдің басқа жағдайларында олар өздерін сенімді және батыл ұстайды. Қарама-қарсы жыныстағы адамдармен қарым-қатынас жағдайы ерекше алаңдаушылық тудыратын кейбір жастар бар. Телефонмен сөйлесу қиын адамдар бар [3].

Бастапқыда адам тек ситуациялық алаңдаушылыққа ие, содан кейін қолайсыз жағдайларда жеке адамға айналуы мүмкін.

Жеке және ситуациялық алаңдаушылықтан басқа, оның сорттарын сипаттау қажет:

а) кез-келген саладағы тұрақты алаңдаушылық-тест, тұлғааралық, экологиялық және т. б. ол әдетте нақты, жеке, ішінара деп белгіленеді;

б) адамдар үшін маңыздылығының өзгеруіне байланысты объектілерді еркін өзгертетін жалпы, жалпыланған алаңдаушылық;

в) мазасыздықтың жеке түрлері – мектеп; әлеуметтік қарым-қатынастағы күту мазасыздығы; "компьютерлік" мазасыздық.

Қорқыныш пен мазасыздықтың арақатынасы

Зерттеушілердің айырмашылықтары бар сұрақтардың ішінде мазасыздық пен қорқыныштың арақатынасы туралы мәселе ерекше орын алады.

Қорқыныш адамның биологиялық немесе әлеуметтік өміріне қауіп төнген жағдайда пайда болатын және нақты немесе елестетілген қауіптің қайнар көзіне бағытталған эмоция ретінде анықталады. Қорқыныш реңктердің кең ауқымында өзгереді: қорқыныш, қорқыныш, қорқыныш, қорқыныш. Егер қауіптің көзі анықталмаса немесе түсінілмесе, онда пайда болған жағдай мазасыздық деп аталады. Функционалды түрде қорқыныш алдағы қауіп туралы ескерту ретінде қызмет етеді, оның көзіне назар аударуға мүмкіндік береді, оны болдырмау жолдарын іздеуге итермелейді. Егер ол әсер ету күшіне жетсе (дүрбелең қорқынышы, қорқыныш), ол мінез-құлық стереотиптерін қолдана алады: ұшу, ұйқышылдық, қорғаныс агрессиясы.

Қорқыныш пен мазасыздықтың айырмашылығына қатысты қорқынышты белгілі бір, нақты, нақты қауіпке реакция ретінде қарастыратын көзқарас кең таралған, ал мазасыздық – көбінесе қиялдағы сипаттағы белгісіз, бұлыңғыр, объектісіз қауіптің тәжірибесі ретінде. Басқа ұстанымға сәйкес, қорқыныш өмірлік қауіп-қатерде, адамның тұтастығына немесе тірі жан ретінде өмір сүруіне, адам ағзасына және әлеуметтік, жеке қауіп – қатерге байланысты алаңдаушылыққа қауіп төнген кезде сезіледі. Бұл жағдайда қауіп адамның құндылықтарына, "мен" қажеттіліктеріне, оның өзі туралы идеясына, басқа адамдармен қарым-қатынасына, қоғамдағы жағдайына қауіп төндіреді.

Сонымен, қорқыныш та, мазасыздық та қауіпке барабар реакциялар болып табылады, бірақ қорқыныш жағдайында қауіп айқын, объективті, ал мазасыздық жағдайында ол жасырын және субъективті болады. Басқаша айтқанда, мазасыздықтың қарқындылығы белгілі бір адам үшін осы жағдайдың мағынасына пропорционалды. Оның алаңдаушылығының себептері, шын мәнінде, оған белгісіз,

сондықтан эмоция ретінде қорқыныш салыстырмалы түрде қысқа мерзімділікпен сипатталады, ал мазасыздық ұзақ уақытқа созылады, кейбір жағдайларда өмір бойы сақталады.

Әдебиеттер:

- 1.Смирнов А.Г. Практикум по общей психологии: Учебное пособие./ Мар. гос. ун-т – Йошкар-Ола. – 1998 – С. 134–136.
- 2.Современная психология. – Справочное руководство под ред. В.Н. Дружинина. – М.: ИНФРА-М, 1999, С. 631 – 636.
- 3.Спортивная борьба: учебное пособие для техн. и институтов физ культ. (пед фак); Под ред. Г.С. Туманяна. – М.: физкультура и спорт, 1985, – 144 с., С. 17.
- 4.Стамбулова Н.Б. Психология спортивной карьеры: Учебное пособие. СПб.: Изд-во «Центр Карьеры», 1999 – 368 С.
- 5.Страхов В.И., Миленин А.В. Спорт. Темпоральность. Внимание. – Саратов: Изд-во Саратовского пед. института, 1996 – 160 с., С. 90 – 105.
- 6.Страхов В.И., Якушева Т.Г., Горская И.В. Типология: Темперамент. Внимание. – Саратов: Изд-во Саратовского пед. института, 1996 – 150 с., – С. 96.
- 7.Страхов В.И., Прохоров А.О. Психология внимания. Психологические состояния. – Саратов: Изд-во Саратовского пед. института, 1997, – С.120



ӘОЖ 796.072.2

ЖАРЫС ЖӘНЕ ЖАТТЫҚТЫРУ ӘРЕКЕТТЕРІНДЕ ПСИХОЭМОЦИОНАЛЬДЫ КҮЙЛЕРДІ САЛЫСТЫРУ

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Джекенов П.С.

Абдуали Н. Б., Әбляшим Н.Е. Дш-18-3

Халықаралық Тараз инновациялық институты, . Тараз қ

Андатпа: Спорттағы әрекеттің жетістігіне тұлғаның индивидуальды ерекшелігімен байланысты табу үшін жарыста ие болған орын алынған (спортшының нәтижесі). Спортшының жетістігі мен жарыстағы нәтижелер және олардың психологиялық ерекшеліктері мен қасиеттері арасындағы корреляциялық қатынастар белгіленген.

Аннотация: Для того, чтобы найти связь с достижением деятельности в спорте с индивидуальными особенностями личности, занято место, занимаемое в соревновании (результат спортсмена). Установлены корреляционные отношения между достижением спортсмена и результатами в соревнованиях и их психологическими особенностями и свойствами.

Abstract: In order to find a connection with the achievement of activity in sports with individual personality characteristics, the place occupied in the competition (the result of the athlete) is taken. Correlations between an athlete's achievement and results in competitions and their psychological characteristics and properties have been established.

Үнемі жарыстарға қатысатын спортшылардың күйлерін зерттеу оның сәтті кәсіби-спорттық әрекеті үшін маңызды міндет болып табылады.

Спортшылардың әрекетінің нәтижесі туралы оның жарыстарға қатысу қорытындысы бойынша бағалауы; жарысқа күні бұрын күту мен белгісіздік тән болады; жарыстарға қатысу тек қана жеке мәнімен ғана емес, сондай-ақ қоғамдық жауапкершілікпен де келісілген; жарыс үдерісі қатысушылардың те бәсекелестігімен сипатталады – мұның бәрі спортшының жарысқа қарым-қатынасына байланысты стрестік жағдайлар құра отырып жағдаяттың шиеленісуін жоғарылатады. Осылайша, жарыстың бірінші дәрежелі рөлін, жарыстың біршама рөлін, біршама құндылығын спортшы-күресшілердің жарыстық психоэмоциональдық жағдайларын зерттеу атқарады [1].

Ю.А. Цагарелли жасаған «Активациометр АЦ-6» құралында психоэмоциональдық күйлерді диагностикалау жаттықтыру уақытында және жарыс өту барысында спортшының жағдайын тез және тиімді өлшеуге мүмкіндік береді. Спортшылардан тек екі қолдың алақанын пластикалық электроводтың оң және сол жұптарына қою ғана талап етілді және екі индикатордың тілінің ауытқуы дәл қазіргі уақыттағы психоэмоциональды күйдің көрсеткішін көрсетті.

Психоэмоциональды күйдің диагностикалық шкаласы бойынша 40-тан 75-ке дейінгі көрсеткіштер қалыпты күй ретінде, өзіне деген сенімділік – төмендетілген психикалық белсенділіктің деңгейі ретінде түсіндіріледі; 75-тен 90-ға дейінгі көрсеткіштер орташа (тиімді) психикалық белсенділіктің көрсеткіші ретінде; 90 және одан жоғары көрсеткіштер эмоциональдық қозуды анықтайды, ол жарыс алдында старт алдындағы безгекке ұласатын, яғни жоғары психикалық белсенділік күйіне өсуі мүмкін [2].

Жарыста өлшенген психоэмоциональды күйдің көрсеткіштерін фондық көрсеткіштермен салыстыру үшін кестеде көрсетілген үш жаттықтырудың орташа мәні есептелді. Осы мәліметтер бойынша эмоциональды қозу, зорлану, толқу жарыс алдында 43,4%-ға өсетіні анықталды (ал жаттықтыру үдерісінде 33,4%-ды құраған болатын). Қалыпты жағдай, өзіне деген сенімділік, жарыста эмоциональды қозудың толқуы 54,4%-дан төмен болды, бұл күй жаттықтыру барысында 60%-ды құраған еді, ал жүйкелік және эмоциональдық қозудың тиімді дәрежесімен сипатталатын «ұрысқа дайын болу» күйі 3,3%-ды құрады.

Спортшының тәжірибесі де старт алдындағы ерекшеліктерді байланыстырады, яғни старт алдындағы қозу мен уайым да спорттық мансап барысында азаяды және тұлғаның индивидуальды ерекшеліктерімен байланысты бөлігі ғана азғана мөлшерде артады. С.А. Бакулиннің мәліметі бойынша жас спортшыларда (14 – 18 жас) пульстің старт алдындағы жоғарылауы, артериальды қысым және бұлшық ет күші ересектерге қарағанда үлкенірек.

Жеңімпаздарда біздің зерттеуімізде старт алдындағы қозу өз уақытында дамиды (негізінен, жекпе-жек алдында). Әрине, старт алдындағы қозу, зорланудың ерте көрінісі спортшылар нашар жаттыққан жағдайда және өзін сенімсіз сезінген пайда болуы мүмкін. сенімсіздік ерте зорлануға, ал ерте зорлану жеңіліске соқтырады.

Спорттық шеберлік өскен сайын күрескерлер өзінің психоэмоциональдық күйін реттей алады. Психикалық өз бетінше реттеу жүйесі спортшының кәсіби әрекетіне «қоса өрілген» сияқты, оған оның активациялық компоненттері арқылы жүйе асты сияқты қосылған. Күйдегі өзгерістер автоматты түрде жасалады, жете түсінілмеген, еріксіз деңгейде субъектпен реттеледі. Әрекеттің талаптарына белсенділіктің мұндай ағымдық «салынуының» мысалына бағыт жасау реакциясы, қырағылыққа, операциялық зорлануға дайын болу жағдайы жатады.

Еркін күресте дайын болу жағдайының ең жетекші белгісі болып спортшының өз күшіне нақты сенімділігі болып табылады.

Сенімділік эмоциональды қозудың деңгейіне, ұмтылуға және жеңіс үшін соңына дейін күресу, ақауға төтеп беруге әсер ететін фактор болып табылады [4].

Сенімділік жарыстың белгілі бір уақытында, көбінесе, еркін күресте спортшының белсенділігін анықтайды. Күрескердің жарысқа сенімділігі онымен жекпе-жекте жүргізудің белсенділігін көрсетеді және оның нәтижесіне оң әсер етеді.

Жетістік, сәттілік ұғымына келетін болсақ, спортшының сәтті әрекеті деп оның жүлделі орындарға ие болуын айтуға болады, яғни берілген мақсатқа жетуі. Егер спортшы мақсатына жетсе, яғни жүлделі орын алса, демек, ол сенімді.

Біздің гипотезамызға оралайық: психологиялық ерекшеліктер (темперамент қасиеттері, психоэмоциональды күйлер, ситуативті және тұлғалық мазасыздану) спортшының кәсіби әрекетінің жетістігіне әсер етеді.

Спорттағы әрекеттің жетістігіне тұлғаның индивидуальды ерекшелігімен байланысты табу үшін жарыста ие болған орын алынған (спортшының нәтижесі). Спортшының жетістігі мен жарыстағы нәтижелер және олардың психологиялық ерекшеліктері мен қасиеттері арасындағы корреляциялық қатынастар белгіленген.

Күрескерлердің жетістігі ситуативтік мазасыздықпен оң корреляцияланады ($r = 0,457$; $p < 0,01$), яғни ситуативті көрсеткіш аз болған сайын спортшы соғұрлым жарыстарда сәтті болады; жарыстағы психоэмоциональды күйлермен ($r = 0,421$, $p < 0,01$), яғни жарыстағы психоэмоциональды жағдай аз болған сайын (сабырлық, өзіне сенімділік) спортшының нәтижесі де жақсы; сондай-ақ жаттықтырудағы орташа психоэмоциональды жағдаймен ($r = 0,390$, $p < 0,05$). Эмоциональды тұрақтылықпен теріс әсер етеді, яғни эмоциональды тұрақсыз спортшылар аталған жарыста бірінші орын иеленді.

Аталған байланыстардың үлкен көлемі және жоғары статистикалық мәні спортшының кәсіби әрекетінің жетістігі тұлғаның психологиялық ерекшеліктеріне байланысты болатынын көрсетті.

Көптеген көрнекті жеңістер немесе сенсациялық жеңілістер көбінесе спортшының немесе жалпы команданың психологиялық дайындығына байланысты. Біз балуандардың психологиялық дайындық тәжірибесін оқу-жаттығу жиындарында және жарыс барысында жинақтап, жүйелеуге тырыстық.

Біздің ойымызша, мұндай дайындықтың негізгі мақсаттары:

-белгілі бір спорттық іс-әрекет жағдайында психикалық тұрақтылықты арттыру;

-балуандардың күрес жекпе-жегінің негізгі әрекеттері мен операцияларын орындауын қамтамасыз ететін ақыл-ой функциялары мен жеке қасиеттерін жетілдіру;

-жекпе-жектің жеке стилін қалыптастыру, жетілдіру және түзету [5].

Әрине, бұл мақсаттарды сыртқы және ішкі жағдайларға байланысты әркім өз жолымен жүзеге асырады. Сыртқы жағдайлар турнирлердің жағдайын, негізгі қарсыластардың ерекшеліктері мен шеберлік деңгейін, жарыстың ережелері мен бағдарламасын, жеребе тастау нәтижелерін және т. б. қарастырады. Балуандардың іс-әрекетінің ең маңызды ішкі жағдайларына спорттық шеберлік (техникалық, тактикалық, физикалық және психологиялық дайындық және теориялық білім), психикалық функциялар мен қасиеттер деңгейі, спорттық іс-әрекеттің әртүрлі жағдайындағы психологиялық-физиологиялық жағдайлардың ерекшеліктері, жүйке жүйесінің негізгі қасиеттері жатады. Жүйке жүйесінің негізгі қасиеттері туралы

ақпарат әсіресе маңызды, өйткені олардың рөлі төтенше жағдайларда, яғни турнирлердегі жағдайға тән шиеленіс пен жауапкершіліктің жоғарылауы жағдайында айтарлықтай артады. Сонымен, талқыланатын шарттардың негізгілерін атайық. Балуандардың психикалық тұрақтылығын арттыру үшін келесі әрекеттер мен операциялар қолданылады:

-балуандардың ірі турнирлердің жағдайларына бейімделуін тездету үшін оқу-жаттығу процесінің эмотиогенділігін (эмоционалды шиеленісті) арттыру, бұл үшін келесі құралдар қолданылады, бақылау кездесулеріндегі турнирді модельдеу, "жауапты тұлғалардың" қатысуы, киноға түсіру және Телерепортажға еліктеу, төрешілердің бағалары мен оқу қызметінің сапасын жасанды түрде төмендету;

-алдағы турнирдің шарттары мен негізгі қарсыластар туралы ақпараттың жетіспеушілігін азайту: бейнелер мен кино материалдарын қарау, негізгі қарсыластардың шеберлігі мен жеке ерекшеліктерін егжей-тегжейлі талдау және олармен тиімді күресу бағдарламаларын әзірлеу, қарсыластарды модельдеу және оқу-жаттығу сабақтарындағы әртүрлі іс-қимыл нұсқаларын сынап көру, белгілі бір күрескер үшін психологиялық тұрғыдан қиын сюжеттік жағдайларды ойнау (ойлау) ;

-белгілі бір уақыт кезеңіндегі мотивация, күрескердің талаптары мен оның мүмкіндіктері арасындағы қатынасты өзгерту арқылы психикалық шиеленісті реттеу. Бұл алдағы турнирдегі міндеттердің күрделілік деңгейін және балуанның өнер көрсету нәтижесі үшін жауапкершілігін реттеу арқылы жасалады[6,7].

Қорытындылай келе, балуандардың психологиялық дайындығының бір ерекшелігін атап өткен жөн. Жаттығудың тәуелсіз компоненті сияқты мұндай дайындық жоқ сияқты, өйткені психологиялық дайындық бойынша арнайы сабақтар жоқ. Сонымен қатар, балуан жаттығуларының барлық басқа бөлімдері психологиялық мазмұнға толы. Жоғарыда аталған барлық психологиялық әсерлерді жоғары білікті спортшыларды тәрбиелеуге бағытталған бірыңғай жүйеге келтіру көбінесе жаттықтырушының тәжірибесіне, оның түйсігі мен психологиялық біліміне байланысты.

Осылайша, психологиялық дайындық мәселелерін шешу жалпы балуандардың спорттық шеберлігін жетілдіруге бағытталған және оны жүзеге асыру балуандарды жарыстарға дайындау процесінде органикалық түрде тоқылған.

Әдебиеттер:

- 1.Смирнов А.Г. Практикум по общей психологии: Учебное пособие./ Мар. гос. ун-т – Йошкар-Ола. – 1998 – С. 134–136.
- 2.Современная психология. – Справочное руководство под ред. В.Н. Дружинина. – М.: ИНФРА-М, 1999, С. 631 – 636.
- 3.Спортивная борьба: учебное пособие для техн. и институтов физ культ. (пед фак); Под ред. Г.С. Туманяна. – М.: физкультура и спорт, 1985, – 144 с., С. 17.
- 4.Стамбулова Н.Б. Психология спортивной карьеры: Учебное пособие. СПб.: Изд-во «Центр Карьеры», 1999 – 368 С.
- 5.Страхов В.И., Миленин А.В. Спорт. Темпоральность. Внимание. – Саратов: Изд-во Саратовского пед. института, 1996 – 160 с., С. 90 – 105.
- 6.Страхов В.И., Якушева Т.Г., Горская И.В. Типология: Темперамент. Внимание. – Саратов: Изд-во Саратовского пед. института, 1996 – 150 с., – С. 96.
- 7.Страхов В.И., Прохоров А.О. Психология внимания. Психологические состояния. – Саратов: Изд-во Саратовского пед. института, 1997, – С.120



ӘОЖ 796.012.212

ЖАСӨСПІРІМ ФУТБОЛШЫЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ОЙЛАУЫН ДАМУЫҢ МӘСЕЛЕСІ

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Джекенев П.С.

Жүніс Б. Н., Кенес С.Б. Дш-18-3

Халықаралық Тараз инновациялық институты, . Тараз қ.

Андатпа: Қарым-қатынастағы психологиялық ерекшеліктеріне, өмір сүру, тіршілік ету адамдардың бір-бірімен араласуын қажет етеді. Адамдардың қарым-қатынас жасайтын және бір-бірімен түсінісетін негізгі құралы тіл болып табылады. Дұрыс қарым-қатынас үшін әр адамның сөйлесе білуі қажет. Сөз сөйлеу мәдениетін меңгеріп, оны өз бойында қалыптастыруы тиіс.

Аннотация: К психологическим особенностям общения, к выживанию, к выживанию, необходимо, чтобы люди общались друг с другом. Основным инструментом, с которым люди общаются и понимают друг друга, является язык. Для правильного общения каждый человек должен уметь общаться. Владеть культурой речи и формировать ее у себя.

Abstract: To the psychological features of communication, to survival, to survival, it is necessary that people communicate with each other. The main tool with which people communicate and understand each other is language. For proper communication, everyone should be able to communicate. Own the culture of speech and form it at home.

Топ және ұжым мүшелерінің көпшілігі бір-бірімен өзара жарасымды қарым-қатынаста дегеніміз – психологиядағы бірлескен қызметтегі қажеттіліктер тудырған адамдар арасындағы байланысты қалыптастыру және дамытудың күрделі процесі және олардың арасында танымдық (когнитивті) және эмоцияналды-бағалау тиімділігі сипатындағы ақпараттармен алмасу процесі. Қарым-қатынас барысында ақпарат алмасумен қатар, басқа адамды түсіну, қабылдау және өзара іс-әрекетінің біртұтас стратегиясын құру жүзеге асады. Қарым-қатынас адамзат тұрмысының негізгі формасы болып табылады. Қарым-қатынастың болмауы немесе жеткіліксіздігі тұлғаның психикасындағы ақаудың себебі болуы мүмкін. Қарым-қатынастың мүлдем болмауы депрессияға әкеп соғады, қарапайым тұрмыстық мәдениет дағдыларын жоғалтуына әкеледі. Қарым-қатынастың әлеуметтік мәні оның қоғамдық тәжірибемен мәдениет формаларын беру құралы болып табылады. Қарым-қатынастың психологиялық мәні осы процесте бір адамның субъективті әлемі басқа адам үшін ашылып, ой, іс-әрекеттеушілердің мінез-құлқының өзгеруімен анықталады. Қарым-қатынаста бірнеше аспектілерді атап өтуге болады: мазмұны, мақсаты, құралдар. Қарым-қатынастың мазмұны деп бір адамнан екінші адамға берілетін ақпарат түсіндіріледі. Қарым-қатынас құралдары деп қарым-қатынас процесінде ақпарат алмасу әдістері түсіндіріледі [1].

Қарым-қатынастың бірнеше функциялары бар:

1. Креативті немесе шығармашылық;
2. Коммуникативті;
3. Тұлғалық-қалыптастырушы;
4. Психотерапевтік.

Қарым-қатынастағы психологиялық ерекшеліктеріне, өмір сүру, тіршілік ету адамдардың бір-бірімен араласуын қажет етеді. Адамдардың қарым-қатынас жасайтын және бір-бірімен түсінісетін негізгі құралы тіл болып табылады. Дұрыс қарым-қатынас үшін әр адамның сөйлесе білуі қажет. Сөз сөйлеу мәдениетін меңгеріп, оны өз бойында қалыптастыруы тиіс. Қарым-қатынастың психологиялық ерекшеліктері – адамның отбасымен, өскен ортасымен, елімен, жерімен, дәстүрлерімен және мәдениет қазынасымен етене әрі жанды байланысы болып саналады. Қарым-қатынас адамдардың әдептілік нормалары тұрғысынан бір-бірімен өзара араласулары мен байланыстарын білдіреді. Қарым-қатынас адамдардың ішкі жан дүниесінің сыртқы көрінісі, оның күнделікті өмір тіршілігіндегі бейнесін жасаудағы іс-әрекеті. Жақсы қарым-қатынас жасай білу және солай әрекет ету әрбір адамның міндеті болып табылады. Жақсы қарым-қатынас дегеніміз адамның бойындағы ең әдемі қасиеттердің өмірдегі көрінісі. Ол адамның бойында қалыптасып, бірге жасайды. Ол үшін адамның алдымен әдептілік негіздерін бойына сіңіру шарт, өйткені әдеп болмай, жақсы қарым-қатынас жасау мүмкін емес [2].

Қарым-қатынастың психологиялық ерекшелігі жақсы қарым-қатынас жасауда әдептілік, мәдениеттілікті, сөйлеу мәдениетін сақтау болып табылады. Л.С.Выготский «қарым-қатынас белгілі жолдар жүйесін қажет ететін, түсінік пен ой және сезімдерін түйсігіне жеткізуден тұратын процесс» деп қарастырады. Қарым-қатынастың мағынасы және оны түсіндірудің әрекет етудің қажеттілігінің нәтижесінде пайда болатын, субъектілердің өзара ықпалы мен әрекеттестігінің ерекше түрі. Қарым-қатынас нәтижесінде өзара ақпарат алмасу жүреді.

Жағдайға байланысты келесі көзқарастарды ерекше атап өтуге болады. Мысалы: Б.Д. Ломов қарым-қатынасты қарекеттестікпен келіспейтін адамның күнделікті өмірінің дербес бір бөлігі деп атайды. А.А.Леонтьев қарым-қатынасты қарекеттестіктің бір түрі деп есептейді. С.А.Рубинштейн қарым-қатынас ықпал етуші құрал ретінде қолданылған жағдайда ғана қарекеттестік болады деп саналған мұндай жағдайда мысал ретінде лектордың немесе педагогтың қарекетшілдігін алуға болады. Ал, басқа зерттеушілер коммуникативті процесте қарекетшілдік те, қарым-қатынас та, таным да берілген дегенді дәлелдеген болатын, субъектісі басқа адам болып табылатын субъектілер қарекетшілдігі туралы, қарым-қатынас деген көзқарас кең ауқымда таралған. Бұл жағдайда қарым-қатынас субъектісі екінші индивид үшін объекті болып табылады және керісінше қарым-қатынас процесінде бір адамның белсенділігімен екінші адамның белсенділігі беттеседі, ал көп жағдайда бірнеше адамдардың, әуелі көптеген тұлғалардың қарым-қатынаста іскерлік және жеке қатынастар тұрақтандырылады [3].

Сәтті араласу үшін тек қана өзінді ғана емес басқаларды да түсіне білу қажет және басқалар сені қалай түсіне білеті, байқауға әрекет ету қажет. Сонымен қатар, футбол командасындағы ойыншыларды алатын болсақ, субъектілер арасындағы ерекше топты қамтимыз, онда бірлестік немесе қарама-қайшылық келісім немесе келіспеушілік, жанашырлық немесе пақсыздық анықталады. Командадағы ойыншылар арасында қатынас неше түрде, функциялық, нысанды, нысанды емес. Сонымен қарым-қатынас қарекетшілдік келуі мүмкін, ал қарекетшілдік қарым-қатынас бөлігі ретінде қарастырылады. Барлық жағдайларда олар қатар кездеседі.

Қарым-қатынас қарекетшілдіктің қажетті және айрықша маңызды әлеуметтік-психологиялық аспектісі болып табылады және келесі функцияларда көрінеді. Өз кезінде Л.Фейрбах айтып кеткендей, жеке адамның тұлғасының оның жекешілгін де, ойлау қабілетінде де емес. Ол оның қарым-қатынасында, «мен» және «сен»

ұғымдарының айырмашылығына тіреліп тұрған адамдардың бірлестігінде. Адамның қалыптасуының факторында қарым-қатынас адамның ерекше психологиялық қарекетшілдіктерінің пайда болуына және дамуына ерекше роль атқарады [4].

Адам өмір сүру шартының және ерте байқалатын ерекше қажеттіліктерінің бірі қарым-қатынасқа деген органикалық қажеттілік болып табылады. Осы тұжырымдамаларға байланысты зерттеу жұмыстарымызда спортшылар командасының ойыншылар қарым-қатынасының психологиялық ерекшеліктерін қарастырдық.

«Адам өміріндегі ең тамаша нәрсе оның басқа адамдармен қарым-қатынасы» деп А.Линкольн өз еңбегінде атап көрсеткен болатын. Адам жалғыз жүріп, көздеген мақсат-мұратына жете алмайды, сондықтан ол басқалармен бірлесіп тіршілік етуі тиіс. Яғни мұндай адам қарым-қатынаста өзін жақсы ұстайды. Әр топта өзін жақсы ұстай алатын адам, жақсы тіл табыса алатын, топты алып жүре алатын бір жетекші бола алады. Сол сияқты команданы алып жүре алатын жетекшісі болады, ол жаттықтырушы болып табылады. Егер жаттықтырушы мен ойыншының арасында қарым-қатынас нашар болса, онда белгілі бір дәрежеге жетуі мүмкін емес. Ең басты нәрсе жаттықтырушыға байланысты және тәуелді болады [5].

Зерттеушілер адамның сөйлеу кезіндегі көзқарасының бағытына қарап, бала негізінен қалай қалыптасса, өмір бойы солай өтетіні анықталды. Адам басқа ұлт өкілдерінің арасына түскен жағдайын да, көзқарасы өзгермейтін болғандықтан, адам өте ыңғайсыз жағдайларға тап болуы мүмкін, яғни адам тіл табыса және сөйлесе білуі керек, сонда ғана жақсы қарым-қатынас жүзеге асады.

Ішкі ортадан толық үзілу – бұл естен адасудың бастамасы болып табылады, қарым-қатынас, ақпарат алмасу, адамға тамақтану, жылу сияқты қажет. Қауымдастық тіршілігінің факторына көптеген бөліктер мен бөлшектердің қауымдастығының нақты белгісіне жедел ақпаратты жеткізу жылдамдығы жатпайды. Сонымен қатар, қандайда бір әлеуметтік қауымдастықтың беріктігінің жоғарғы белгісі – оның мүшелерінің өзара коммуникабельдігі, яғни қарым-қатынасқа тез түсу қабілеті болып табылады.

Сөйлеу арқылы қандай да бір ақпаратты беру жүзеге асады. Бұл процесті жүзеге асыру өмір бойы жинаған тәжірибені өзгеріске ұшырату болып табылады. Жаттықтырушы оқушылардың алдында ақпарат көзі ретінде саналады. Сондықтан, ол ойыншының көзқарасын өзгеріске ұшыратып алуы әбден мүмкін. Ықыласты қарым-қатынас болу үшін, ең алдымен өзгелердің көзқарасын сыйлай білу керек.

Кейбір адам өз ойын көзқарасын басқа адамға тануға тырысады. Бұл мәдениеттіліктің төмен дәрежесін көрсетеді. Бірақ көзқарастарда өмірмен бірге өзгеріп отырады. Мұндай жағдайда көбінесе ойыншының біреуі басқа командаға ауысады немесе бірін-бірі түсінуге тырысады, ал оған көп уақыт кетеді. Осындай жағдайда міндетті түрде жаттықтырушының көмегі қажет. Осы жағдайда қарым-қатынастық жұмыс стилі бірінші орында тұрады.

Жұмыс стилі – ұйымдастырушының қолтаңбасы болып саналады. Психологияда басшылар мен ойыншылардың әрбір түрінің әлеуметтік психологиялық портреттерінің айқын кескіндері жасалған.

Авторитарлық стиль – назарды өзіне аударушы стиль болып табылады. Ол топтың әрқайсысының қарекетшілдігінің бағытын анықтайды, кіммен жұмыс істеу керектігін көрсетіп береді. Ол кез-келген өзіндік бастаманы еркіндік деп есептеп, оны жойып отырады. Ол ақпаратты өзінде ұстайды. Командадағы ойыншылар болжамдар мен сыбыстар желісінде өмір сүреді. Бұйрықтарды кезең-кезеңімен

береді, бірақ оның маңызы мен мені және алдыңғы тапсырмамен байланысын түсіндірмейді.

Топ мүшелерімен қатынастың негізгі формалары – бұйрық, нұсқау, сөгіс, алғыс және тағы басқалары. Қателік тапса, қалай түзеу керектігін айтып түсіндірмейді. Ойын шарасындағы қарым-қатынастардың бұзылуы дыбысшыға да байланысты. Төмендегідей қылықтарды да көрсету әбден мүмкін, қол астындағылармен сөйлескенде нақтылық, басшылық үкіммен сөйлесу, өзіне қарсы айтқанды көтере алмау: оның сирек күлуі, қабағын үнемі түйіп жүруі топтағы қарым-қатынасты суытып жіберуі мүмкін және көп жағдай да басшыға байланысты.

Демократиялық стиль бойынша топтың пікірімен жеке адам санасады. Басшы топқа қарекеттерін мақсатын түсіндіруге тырысады, олармен жұмыс барысын белсенді талқылайды. Басшы өзінің мақсатын қадағалап қана қоймайды. Сондай-ақ қол астындағыларды тәрбиелеуге де ұмтылыс жасайды. Нәтижесінде топ мүшелерінің өзіне деген сенімділігін, өзін-өзі басқара алуы қабілеттілігі пайда болады. Демократ-басшы қиындықтарды мөлшермен бөлуге тырысады, әр адамның табиғатына, талабына көңіл бөледі. Белсенділікті мадақтайды, басқалардың көшбасшылығын ынталандырады.

«Қайта оралатын бумеранг» деп осындай басшыларды айтады. Ұйымдастырушы маңызды шешім қабылдамас бұрын, өз тұжырымын көмекшілеріне айтып, ұйымдастырылып отырған жұмысқа қатысушылармен ақылдасады. Сонымен қатар, спорт командасында әр спортшының психикасы әртүрлі болады және жарыс кезінде топ арасында психологиялық климаты өзгеріп отырады.

Әдебиеттер

1. Гальперин, А.М. Обучение юных футболистов тактике: В помощь преподавателям и тренерам. - М.: Физкультура и спорт, 1998. - 118 с.
2. Гальперин, П.Л. Введение в психологию / П.Я. Гальперин. - М: Кн. дом «Ун-т»; Ростов Н/Д: Феникс, 1999. - 330 с.
3. Гегель, Г.В.Ф, Сочинения: пер. с англ. / Г.В.Ф. Гегель, - Л.; Наука, 1998, — 452 с.
4. Гогун, Е.Н. Психология физического воспитания и спорта / Е.Н, Гогун, Б.И. Мартянов, - М.: Академия, 2000. - 288с.
5. Гагаева, Г.М. Психология футбола /Г.М. Гагаева. - М.: Физкультура и спорт, 2009.-215 с,
6. Годик, М.А. Систематизации специализированных упражнений футболистов: метод.разраб. для студентов спорт. фак., слушателей Высш. шк. тренеров и фак.



ӘОЖ 796.012.49

ЖАСӨСПІМ ФУТБОЛШЫЛАРДЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ТАКТИКАЛЫҚ ДАЯРЛАУ

Ғылыми жетекшісі:аға оқытушы Джекенов П.С.

Қайрат К.Н., Құрманбек Н.Н Дш-18-3

Халықаралық Тараз инновациялық институты, . Тараз қ

Андатпа: Футбол техникасы мақсатқа қол жеткізу үшін ойында алуан түрлі үйлесімде қолданылатын арнайы тәсіл, амалдардың жиынтығы болып табылады. Жаттықтыру процесінің тиімділігін арттыру үшін және шеберлікті үздіксіз, үнемі арттыру мақсатында футболшылардың техникалық даярлығының және дене қасиеттерінің даярлығының өзара байланыстылығын ескерген өте маңызды.

Аннотация: Техника футбола-это особый подход, совокупность приемов, используемых в игре в различных сочетаниях для достижения цели. Для повышения эффективности тренировочного процесса и с целью непрерывного, постоянного повышения мастерства очень важно учитывать взаимосвязь технической подготовки и физической подготовленности футболистов.

Abstract: The technique of football is a special approach, a set of techniques used in the game in various combinations to achieve the goal. In order to increase the effectiveness of the training process and for the purpose of continuous, continuous improvement of skills, it is very important to take into account the relationship between technical training and physical fitness of football players.

Техника мен тактика, футбол ойнау осылардан құралатын құрамдас элементтер болып табылады. Техниканы футболдың «қолөнерлік», ал тактиканы «рухани» қыры деп атауымызға да болады. Жоғары техникалық даярлығының арқасында команда ойын барысында допты көбірек иемденетін болады, демек, қақпаға доп соғу үшін көбірек мүмкіндікке ие болады [1].

Техникалық шеберлікті қалыптастыру – футболшыларды жан-жақты даярлау міндеттерінің бірі. Көпжылдық жаттығудың барлық кезеңдерінде футбол техникасына үйретудің және оны жетілдірудің үздіксіз процесі өрбіп отырады.

Футбол техникасы мақсатқа қол жеткізу үшін ойында алуан түрлі үйлесімде қолданылатын арнайы тәсіл, амалдардың жиынтығы болып табылады. Жаттықтыру процесінің тиімділігін арттыру үшін және шеберлікті үздіксіз, үнемі арттыру мақсатында футболшылардың техникалық даярлығының және дене қасиеттерінің даярлығының өзара байланыстылығын ескерген өте маңызды. Жаттығу процесінің дұрыс ұйымдастырылуы жаттығу және жарысу жағдайларында техникалық тәсілдерді көп мәрте орындаған кезде негізгі күш түсетін организмнің функциялық жүйелерінің жоғары даму деңгейіне және сенімділігіне ықпал етуге тиіс [2]

Сонымен қатар көптеген авторлар [1,2] техникалық және тактикалық даярлықтың өзара байланысы туралы айтады. Команданың тактикалық міндеттері ойыншылар қажетті техникалық тәсілдердің арсеналын меңгерген кезде ғана табысты шешілуі мүмкін. Допты сенімді түрде меңгерген ойыншы ұжымдық ойынның тактикалық талаптарына толық көлемде сәйкес келе алады, өйткені оны ешқандай да техникалық қиындықтар шектемейді. Балғын футболшыларды даярлау барысында ерекше орын тактикалық білімділікке тәрбиелеуге де бөлінуі керек.

Футболдың тактикасы – бұл қарсыласпен күрестің әдістерінің жиынтығы және қарсыласты жеңуге бағытталған дербес және ұжымдық іс-әрекеттерді, яғни футболшылардың өзара әрекеттесуін ұйымдастыру.

Тактикадағы ең бастысы – мақсатқа қол жеткізілуін қамтамасыз ете алатын, шабуылдаушы және қорғанушы іс-әрекеттердің оптималды амалдарын, тәсілдерін анықтау. Футбол мұндағы табысты ойыншылардың үлкен тобының келісілген іс-әрекеттерімен қамтамасыз етілетін спорттық ойындарға жатады. Осыған байланысты

футболдың қазіргі теориясында командалық, топтық және дербес техникалық-тактикалық іс-әрекеттерді бөліп көрсетеді.

Тактикалық ойлау – бұл спорттық қызмет , іс-әрекет барысында, уақыт тапшылығы және психикалық күш түсу жағдайларында жасалатын, тікелей нақтылы міндеттерді шешуге бағытталған спортшының ойлауы.

Ойындағы іс-әрекетте жүзеге асырылатын техникалық ойлаудың өз ерекшеліктері бар.

1.Ойлаудың көрнекі-бейнелік сипаты. Спортшының тактикалық міндеттерді шешу кезіндегі спорттық іс-әрекеттегі ойлауы көрнекі-сезімдік бейнелер мен құбылыстар негізінде жүзеге асырылады, ол нақтылы сипатқа ие және қарсыластар мен серіктерінің іс-әрекеттерін және жалпы алғанда спорттық тартыстың бүкіл жағдайын қабылдаумен тікелей байланысты.

2.Ойлаудың пәрменді сипаты. Спортшының ойлауы оның іс-әрекетіне енгізілген, ол оның моторлық іс-әрекеттерінен ажырамастай өрбиді.

3.Ойлаудың ситуативтік сипаты. Спортшының ойлауы жарыстағы талас-тартыстың аяғы жоқ өзгергіштігі аясында өрбиді және әрқашан да тек қана адекватты шешімдер қабылдауды талап етеді, өйткені қате қабылданған шешімді жағдайдың кері қайтпайтындығына және жылдам өтетіндігіне орай өзгерту мүмкін болмай қалады.

Футболшының ойындағы тактикалық іс-әрекеттерінің табыстылығын анықтайтын бірқатар факторларды бөліп көрсетуге болады, атап айтар болсақ:

-біріншіден, футболшылардың ойынның күрделі жағдайларындағы іс-әрекеттерін және аталған жағдайдағы шешімнің дұрыс таңдалуын қамтамасыз ететін арнайы қасиеттердің (зейіннің көлемі және ауыстырылуы, көзбен көру алаңының көлемі, күрделі реакциялар мен жауап әрекеттердің жылдамдығы, бағдар алу, шешім қабылдаудың жылдамдығы, тактикалық ойлаудың, орын ауыстырудың жылдамдығы және т.с.);

-екіншіден, ойынның күрделі жағдайларындағы техникалық тәсілдер сенімділігінің жоғары дәрежесі, техниканың негізгі тәсілдерін жетік меңгеру;

-үшіншіден, шабуылдағы және қораныстағы дербес техникалық әрекеттердің дағдыларын меңгерудің жоғары деңгейінен көрініс табатын, алдыңғы екі фактордың бірлігі [3].

Футболшының ойындағы табысты әрекеттерінің негізін арнайы қасиеттер мен қабілеттер (бақылағыштық, реакция жылдамдығы, ойлау және т.б.), сонымен қатар техникалық тәсілдерді икемділікпен пайдалана білу құрайды.

Біз техникалық-тактикалық даярлықтың көрсетілген тәсілдері футболшының ойлауының дамуына әсерін тигізбейді деп отырған жоқпыз – макеттегі сабақтар, футбол матчтарын бейнетаспадан көру, топтық жаттығулар, квадраттардың әр алуан түрлері, екі жақты ойындар мен т.б., осылардың бәрі, сөз жоқ, өз үлесін қосады, бірақ осы бір барлық жаттығулар мен сабақтарда ойын жағдайларын талдауға деген мақсатты бағытталған әсер ету жоқ. Футбол спорттың оқиғалық, жағдайлық түрі болып, бүкіл ойын әр түрлі ойын жағдайларының дәйекті түрде кезектесуінен тұратындықтан, техникалық-тактикалық даярлық барысында әр түрлі ойын эпизодтарында әрекет жасай білуді қалыптастыруға басты назар аудару қажет.

Біздің пікірімізше, дәстүрлі түрде ойын жағдайын оған ішінен емес, үстіден қарап, оны мұқият талдауға және жігін айыруға ұшыратпай, ойлау механизмін жұмысқа қоспай көз алдымызға елестетеміз, шұғылданушыларға өз бетінше жұмыс істеу және дұрыс шешімді өз бетінше іздестіру үшін жағдай жасалмайды. Кез келген

ойын жағдайы өзіне оптималды шешім қабылдау проблемасын қосады. Біздің пікірімізше, дәл осы ойын шешімін қабылдауға техникалық-тактикалық іс-әрекеттың арнайы білімдерінің, ептіліктері мен дағдыларының барлық көлемі шоғырланған. Демек, осы білімдердің жетіспеушілігі ойын эпизодының дұрыс жалғастырылуын шұғыл іздестіруді қиындата түседі, осыдан барып аталмыш білімдерді қалыптастыруға бағытталған педагогикалық процесс қажет, яғни спорт резервін даярлау барысында ойындағы шешімді қабылдауға үйретуген жіті көңіл бөліп отыру қажет [4].

Ойлау және шешім қабылдау процесі. Қазіргі уақытта психологияда ойлаудың бірнеше анықтамасы белгілі болып отыр. Бұл білімдерді мақсатты бағыттап пайдалану, дамыту және өсіру де, болмысты көрсетудің психологиялық процесі де, индивидтің танымдық іс-әрекетінің процесі де, объективті болмысты көрсетудің жоғарғы формасы да. Спорттық әрекет тұрғысынан алғанымызда, ойлауды танылып отырған феномендер арасындағы байланыстар мен қатынастардың карама-қайшылығын шешуге бағытталған, объективтік болмысты көрсетудің психикалық процесі ретінде қарастырған жөн, яғни бұл процесс қандай да болмасын міндетті шешудің ең оптималды жолын таңдап алу арқылы жүзеге.

Сонымен қатар ойлаудың келесідей белгілері бөліп көрсетіледі:

1. Адамның ойлауы тілдік түрде өрбиді;
2. Абстрактылы тілдік ойлау көрнекі бейнелерге қаныққан;
3. Ойлау практикалық іс-әрекетпен тығыз байланысқан.

Ойлау практикалық іс-әрекетке енгізіліп, онымен ажырамастай байланыста жүзеге асырылады. Ол әрекетті жоспарлау үшін де, оны орындау үшін де қажет.

Ойлаудан тыс практикалық әрекет мүмкін болмайды, осыдан барып ойын барысында спортшы, шешімдердің бірнеше варианттарының ішінен ең мақсатқа лайықтысын таңдай отырып, уақыттың көпшілік бөлігінде осы психикалық процестің шеңберінде жүреді деген келіп шығады. Және де ойыншының біліктілігі неғұрлым жоғары болса, осы процесс соғұрлым қарқындырақ және шұғылырақ өрбиді.

Кез келген іс-әрекеттің алдында өзіне шешім қабылдауды қосатын ойлау процесі жүреді. Шешім қабылдау – бұл құрамына субъекттің қандай да болсын теориялық және практикалық міндеттерді шешу бойынша белгісіздік және ақпараттың тапшылығы жағдайларында мақсатқа қол жеткізуге алып баратын психомоторлық (немесе ойлау) іс-әрекетін жүзеге асыру жөніндегі өзін өзі бақылауын қосатын саналы, ерікті акт. Шешім қабылдау акті әрқашан да әлде субъектке белгілі ақпаратқа негізделген таңдау принципі бойынша жүзеге асырылатын, әлде ақпарат тапшылығы жағдайында субъектті эвристикаларды, яғни «инсайт» (нұрлану) тапқырлығы механизмдеріне негізделген ережелерді және кәсіптік тәжірибесін пайдалануға итермелейтін, шешімдер таңдау және даярлау акті болып келеді. Шешім қабылдау – бір сәттік акт емес және кезеңдік сипатқа ие [5].

Психология бойынша ғылыми-әдістемелік әдебиетте шешім қабылдау кезеңдерін әр түрлі көрсету кездеседі. Мысалы, Ю.Н.Кулюткин өзінің зерттеулерінде шешімнің келесідей кезеңдерін анықтайды. Оның пікірінше, бірінші кезеңде шешімнің жалпы гипотезасы (бастапқы идея) қалыптасады, екінші кезеңде бастапқы идея шешімнің нақтылы тәсілі туралы спецификацияланған гипотеза, болжамға түрленеді де, үшінші кезеңде шешімнің ақырғы нәтижесі анықталып, ол қорытындысында міндеттің бастапқы талаптарымен салыстырылады.

Л.Пойа келесі кезеңдерді бөліп көрсетеді: 1) проблеманы (ненің берілгенін және нені іздеп отырғанымызды) түсіну; 2) аталған жағдайларды басшылыққа ала отырып, белгісізді іздеу жоспарын құру; 3) жоспарды жүзеге асыру; 4) белгіленген шешімді тексеру.

Біздің пікірімізше, шешімнің кезеңдерінің егжей-тегжейлі анықтамасын С.В.Малиновский беріп отыр:

1.Осының ішінде шешім іздестірілетін «диапазонды» таңдап алу; бұл диапазон дұрыс шешімнің кейбір ортақ қасиетімен сипатталуы немесе осының көмегімен шешімге келуге болатын жалпы әдісті құрамына енгізе алуы мүмкін.

2.Таңдап алынған диапазонның ішінде іздестіріліп отырғанның функциялық қасиеттері нақтылана түсетін «функционалды» шешімді құру.

3.Функционалды шешімді тиісті мәліметтерге қосудың нәтижесінде ақырғы шешімді құру.

Жоғарыда баяндалғанның барлығынан шешім қабылдау процесі өзінің мәнісі бойынша айтарлықтай күрделі және таңдау жасамастан бұрын бір емес, бірнеше ойлау операцияларын жасау қажет деген қорытынды жасауымызға болады.

Әдебиеттер

1.Апухтин, Б.Т. Тактическая подготовка футболистов / Б.Т. Апухтин. - М.: Физкультура и спорт, 2001-88 с.

2.Апухтин, Б.Т. Техника футбола / Е.Т, Апухтин. - 2-е изд, испр. и доп. - М.; Физкультура и спорт, 1999. - 157 с.

3.Аркадьев, Б.А. Тактика футбольной игры / Б.А. Аркадьев. - 3-е изд., перераб. и доп. - М.: Физкультура и спорт, 1998. - 167 с.

4.Гагаева, Г.М. Психология футбола / Г.М. Гагаева. - М.: Физкультура и спорт, 2009.-215 с,

5. Гальперин, А.М. Обучение юных футболистов тактике: В помощь преподавателям и тренерам. - М.: Физкультура и спорт, 1998. - 118 с.



ӘОЖ 796.332.063

ЖАСӨСПІМ ФУТБОЛШЫЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ОЙЛАУҒА ОҚЫТУ, ҮЙРЕТУ ПРОЦЕСІНІҢ МАЗМҰНЫ

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Джекенов П.С.

Маден Ж.А., Мамажан Н.Б. Дш-18-3

Халықаралық Тараз инновациялық институты, . Тараз қ

Андатпа: Қазіргі футбол жарыстары жағдайларында күрделі спорттық іс-әрекетке денеге және психикаға үлкен күш түсулер тән. Сондықтан шиеленісті өткен ойындарды талдаудың туындаған жағдайды дұрыс әрі жылдам бағалаумен, оптималды шешімдерді дер кезінде қабылдаумен және өрбіп отырған оқиғаларды көре білумен, жасалып отырған іс-әрекеттерді бақылаумен анықталатын психологиялық фактордың арта түскен ролін көрсетіп отырғандығы таң қалдырмаса керек.

Аннотация: В условиях современных футбольных соревнований для сложной спортивной деятельности характерны большие нагрузки на тело и

психику. Поэтому неудивительно, что анализ напряженных прошлых игр показывает возрастающую роль психологического фактора, определяемого правильной и быстрой оценкой возникшей ситуации, своевременным принятием оптимальных решений и умением видеть происходящие события, наблюдением за совершаемыми действиями.

Abstract: In the conditions of modern football competitions, complex sports activities are characterized by heavy loads on the body and psyche. Therefore, it is not surprising that the analysis of intense past games shows the increasing role of the psychological factor, determined by the correct and rapid assessment of the situation, timely adoption of optimal decisions and the ability to see the events taking place, observing the actions performed.

А.М.Гальпериннің өзі, үйрету және жаттықтыру барысында ойынды ойлауды қалыптастыру туралы айта отырып, тактикалық даярлыққа жалпы алғанда жеткілікті назар аударылмайтындығын атап көрсетеді. Балалар спорт мектептерінің оқу жоспарының теориялық циклында тактикалық сабақтардың үлесі аз болып отыр.

Бүгінгі таңда аталған көрініс көбіне көп өзгере қоймағандығы туралы айтуымызға болады. Қазіргі футбол спорт мектептерінің қолданылып жүрген бадарламаларында теориялық циклға сағаттардың жалпы санынан бар болғаны 4-5% бөлінеді [1].

А.К.Исаев жасөспірім футболшыларды тактикаға үйрету негізінен алғанда екіжақты ойындар барысында жүретінін айтады.

Дәл сол кезде А.Вайтерс, егер оны жаттықтыру тәсілдерінің бірі ретінде практикада қолдансақ, 11 адамға 11 адам ойнау жаттықтырушыға әр спортшыға қажетті көңіл бөлуге мүмкіндік бермейтіндігі туралы айтады. Мұндай жағдайларда ойыншы бүкіл жаттығу кезінде допқа 5-10 рет иелік етуі мүмкін, бұл болса қажетті интеллектуалдық қасиеттерді мақсатты бағыттап қалыптастыру үшін жеткіліксіз.

Сондықтан балғын спортшыларды даярлауға арнайы теориялық және практикалық жаттығуларды енгізу қажеттігі айдан анық факт болып табылады.

Біздің ойымызша, ойында ойлаудың құрылымы адамның жалпы ойлау құрылымымен көбіне көп ұқсас келеді. Бұл да қандай да бір міндетті шешудің оптималды жолын таңдап алу арқылы танылатын феномендер арасындағы қарама-қайшылықты шешетін психикалық процесс. Танылатын феномендер ретінде ойында ойлаудың құрылымында бір біріне қарама-қайшы келетін нақтылы ойын жағдайындағы шешімнің алуан түрлі варианттары көрсетіледі. Осылайша, ойындағы ойлау – ойындық, яғни ситуациялық спорт түрлерінің ерекшелігін айғақтайтын, жоғарыда атап кетілген психикалық процесс.

Уақыттың үнемі тапшы болуына орай, ойын іс-әрекетіндегі ойлау процесі жылдам, шұғыл өрбиді. Көптеген психологиялық зерттеулерде уақыт тапшылығы, жылдам және үнемі өзгеріп отыратын жағдайлар және олардың белгісіздігі, кикілжінді факторлардың болуы және жасалып отырған іс-әрекет үшін жоғары жауапкершілікті түсіну жағдайларында іс-әрекеттердің жаңа схемаларын (бағдарламаларын) құрудың спецификалық процесі ретінде оперативті ойлаудың ойыншының іс-әрекетінің аса маңызды құрамдас бөлігі болып табылатындығы көрсетілген [2].

Ойындағы ойлау мәселелерімен айналысатын авторлар ойындағы ойлаудың келесідей тән қырларын бөліп көрсетеді:

- 1) Көрнекі және бейнелі сипаты, яғни интеллектуалдық операциялардың қабылдау мен елестетудің құрамында және негізінде қызмет атқаруы;
- 2) Практикалық іс-әрекетке, яғни сыртқы ортаны түрлендіру жөніндегі міндеттерді шешу процесіне енгізілгендік;
- 3) Ситуативтілік, яғни объективті тәуелділіктердің тікелей нақты аталған жағдайға байланыстылығы;
- 4) Ойындағы іс-әрекетті орындауға уақыттың шектеулі болуы себепші болатын, интеллектуалдық операциялардың өтуінің жылдамдығы мен қарқындылығы;
- 5) Интеллектуалдық операциялар мен эмоциялық-ерік саласының тығыз өзара байланысы.

Ойындағы ойлау дәл осы алуан түрлі, тұрақты өзгеріп отыратын ойын жағдайларында көрініс табады және техникалық-тактикалық іс-әрекетке келіп қосылады. Осыдан барып, біздің пікірімізше, ойындағы ойлаудың құрылымы В.Г.Бауэр ұсынған, визуалды бақылау үшін алты фазаның (жағдайды талдаудың, антиципацияның, жоспарлаудың, шешім қабылдаудың, әрекет жасаудың, бақылаудың) біреуі ғана – іс-әрекет фазасы ғана қол жетерлік болатын, осылайша бұл жағдай ойындағы ойлауды қалыптастыру да, оны бақылау да процесін қиындататын техникалық-тактикалық іс-әрекет құрылымымен үндес келеді.

Футбол ойнау стратегиясы мен тактикасының алдыңғы қатарына бұлшық ет күш-жігері (жылдамдық қасиеттері, дене қасиеттерінің төзімділігі және т.б.), сонымен қатар спортшының жарыстарға даярлығының психологиялық негізін анықтайтын, психикалық процестер мен күйлерді басқару алға жылжып келе жатқандығы айдан анық. Бірақ та ойындағы ойлауды зерттеуге және тиісінше қалыптастыруға да одан кем емес көңіл бөлуіміз керек.

Өзінің «Футбол ойынының тактикасы» атты жұмысында Б.А.Аркадьев, ойыншы алуан түрлі көптеген тактикалық жүрістер мен комбинацияларды білуге тиіс болса да, тактикалық жаттығу – бұл тактикалық комбинацияларды жаттап, үйрену ғана емес деген пікірін білдіреді. Ол бұларды алаңда көп рет жасап, макетте ойлап табуға тиіс. Бірақ та ойынды үйреншікті және қарсыласқа қатысты емес ұзын тактикалық комбинацияларға құру күрес өнері ретіндегі тактиканың мәнісінің өзіне қарама-қайшы келеді. Сонымен қатар автор футболшыларды комбинацияларды қайталай білуге емес, комбинация жасау өнеріне үйрету керек, ойыншыларда өнертапқыштық пен қиялды тәрбиелеу керек дейді. Бұл ретте автор егер әрбір ойын қалпында футболшы мүмкін болатындарының ішінен ойынның ең қатерлі жалғасын табатын болса, онда мұндай «шешімдердің» дәйекті қатары ойыншылардың алаңдағы ұжымдық творчествосының өнімі ретінде жақсы комбинацияны да жасап шығарады деген қорытындыға келеді [3].

Осы көзқарасына толығымен қосылады және оны спортшыларды тактикалық даярлаудың теориясы мен әдістемесін одан әрі дамыту үшін жемісті деп есептейді.

И.Н.Преображенский спорттың бірқатар ойын түрлерінің (футбол, баскетбол) практикасындағы тактикалық даярлықтың мазмұнына қатысты 2 қарама-қайшы көзқарастардың бар екендігін көрсетеді.

Бірінші көзқарас үйренген комбинациялардың шешуші ролін тануға келіп саяды, екіншісі ойыншыларда ойында бастамашылдықпен іс-әрекет жасау, ең мақсатқа лайықты және тиімді тактикалық іс-әрекеттерді өз бетінше табу қабілетін дамытуға ұмтылудан көрініс табады. Практика көрсетіп отырғанындай, тактикалық

даярлықтың тиімділігіне екі бағыттың да ең жақсы жақтарының органикалық синтезімен қол жеткізуге болады.

Алайда шын мәнінде «комбинациялық» көзқарастың күрт басым болуы орын алады. Қажетті ептіліктерді, білімдер мен дағдыларды қалыптастырудың ерекшелігі тактикаға үйретудің көбіне көп, жағдайға қарай іс-әрекеттерді реттеп отыру проблемасын екінші қатарға қалдыра отырып, іс-әрекет жасаудың мүмкін болатын тәсілдері ретінде комбинациялардан бастау алатындығынан тұрады. Дербес тактикалық категория ретінде ойын жағдайы қарастырылмайды. комбинацияларға үйретуді негіз ретінде қабылдай отырып, жалпы қалай іс-әрекет жасауға болатынын үйретіп, нақтылы ойын жағдайына байланысты қалай іс-әрекет жасау керектігіне (ойынды «өзіне» алу немесе допты серігіне беру және ақырғысы болса, кімге және т.с.) үйретпейді. Осылайша, шын мәнісіне келсек, белгіленген, яғни іс жүзінде шешіліп қойған міндетте техникалық тәсілдерді таңдай білуге ғана үйретеді [5].

Мұндай тәсіл комбинация мен жағдайдағы ойынның бірлігін ажыратып, өзінің бірдақтылығына орай жеткіліксіз болып табылады.

Тактика жөніндегі бірқатар жұмыстарда ойын жағдайларын бағалау қажеттігі туралы мәселе орағытылып өтіледі, екіншілерінде осы мәселе сөз етіледі, бірақ қандай да бір шешімін таппайды. Мысалы, өзінің оқу-жаттықтыру топтарында (оқудың 1-3 жылдары) балғын футболшыларда тактикалық ойлауд дамыту туралы өзінің зерттеуінде стандартты және ситуациялық жаттығулар көлемінің оптималды ара қатынасының қажеттігі туралы айтып, пайыздық қатынасты тиісінше 24,7% бен 75,3% ретінде келтіреді. Өзге бір жағдайда авторлар, спортшыларда өзгеріп отырған жағдайды бағалай білу, онда бағдар алып, кез келген техникалық тәсілді немесе ойын іс-әрекетін жылдам қолдану қабілетін қалыптастыру қажеттігін мойындайды және осы қабілетті дамытуды тактикалық даярлықтың аса маңызды бөліктерінің бірі ретінде қарастырады. Алайда, тактикалық даярлық бойынша материалды нақтылы баяндаған кезде олар, толығымен «комбинациялық» амал позицияларында қалуына байланысты, жағдайды бағалау жөнінде ұсыныстар бермейді. Сондықтан жағдайды бағалаудың кейбір ережелерін тұжырымдауға деген жекелеген әрекеттер тиімсіз болып шыққан [6].

Комбинациялардағы іс-әрекеттердің логикалық құрамын қарастыра отырып, олардың көбіне көп біржақты сипатта екендігіне, яғни оларда таңдау операциясының жоқ екендігіне көз жеткізуге болады.

Комбинациялар – әр ойыншыда осылардан біртұтас «ғимаратты» тұрғызу жоспары, яғни қазіргі жағдайды түрлендіру жөніндегі мақсатты бағытталған іс-әрекеттер жүйесі болған жағдайда ғана маңызға ие бола алатын тактикалық «кірпіштер» ғана. Сан көптеген таңдау бар кезде іс-әрекеттер жоспарын жасап шығу және шешім қабылдау – өзінің шешімін табуы үшін тактикалық ойлау процестерінің қатысуын талап ететін сол бір күрделі ойын міндеті.

Осылайша, тактикалық даярлық тәсілдерінің бір тобы нақтылы ойын жағдайларын ішінара (квадратта ойнау және т.с.) немесе толығымен (екіжақты ойындар) жасайтын алуан түрлі ойын жаттығуларының кешенімен көрсетілген. Олардың күмән тудырмас артықшылығы осында. Алайда сонымен бірге ойын әдісінің айтарлықтай кемшілігі де бар – ойыншының жағдайды бағалау және шешім қабылдау процесі стихиялы түрде өрбиді және басқарылатын игеру нысаны ретінде көріне алмайды.

Тактикалық даярлық тәсілдерінің екінші бір тобы – макетте жаттығу (ойынға нұсқау беру мен ойынды талдауды қоса отырып) – құрамында ойын жағдайларын

үлгілеу идеясы болғандықтан, бізге болашағы бар болып көрінеді. Алайда макетте жасалатын жаттығулардың тиімділігі және жалпы алғанда тактикалық даярлықтың теориялық циклінің мазмұны жағдайды үлгілеу олардың классификациялануына тірек артатын жағдайларда ғана жеткілікті болуы мүмкін.

Әдебиеттер

1. Гальперин, А.М. Обучение юных футболистов тактике: В помощь преподавателям и тренерам. - М.: Физкультура и спорт, 1998. - 118 с.
2. Гальперин, П.Л. Введение в психологию / П.Я. Гальперин. - М: Кн. дом «Ун-т»; Ростов Н/Д: Феникс, 1999. - 330 с.
3. Гагаева, Г.М. Психологическая характеристика футбола / Г.М. Гагаева // Психология спорта. - М.: 1990. - С. 112 – 121.
4. Гогонов, Е.Н. Психология физического воспитания и спорта / Е.Н. Гогонов, Б.И. Мартынов, - М.: Академия, 2000. - 288с.
5. Гагаева, Г.М. Психология футбола /Г.М. Гагаева. - М,: Физкультура и спорт, 2009.-215 с,
6. Годик, М.А. Систематизации специализированных упражнений футболистов: метод.разраб. для студентов спорт. фак., слушателей Высш. шк. тренеров и фак.



ӘОЖ 796.332.063

ФУТБОЛ ОЙЫНЫҢ ЖАҒДАЙЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ КЛАССИФИКАЦИЯСЫ

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Джекенов П.С.

Нурмашов Б. Т., Сатымқұлов Р.А. Дш-18-3

Халықаралық Тараз инновациялық институты, . Тараз қ

Андатпа: Футбол секілді спорттық ойындарда стандартты жағдайларға қарағанда, ойын сәттері анағұрлым көп болады, осыдан барып спорттың ситуациялық түрлері деген атауы шыққан.

Аннотация: В таких спортивных играх, как Футбол, гораздо больше игровых моментов, чем в стандартных ситуациях, отсюда и пошло название ситуационных видов спорта.

Abstract: In sports games such as football, there are more game moments than in standard situations, hence the name situational sports.

«Ойын жағдайы» түсінігі әдістемелік әдебиетте дербес мағынаға және тактикалық категория ретінде белгілі бір мазмұнға ие болған жоқ. Бұл түсінік басты тактикалық терминдер («тактика», «ойынды жүргізу тәсілдері», «комбинация» және т.б.) ішінде жоқ. «Ойын жағдайы» термині комбинациялар мен іс-әрекеттер ережелерін қарастырған кезде тек кейде ғана қолданылады [1].

Ю.А.Калининскийдің жұмысында футболшының ойындағы ойлауын қарастыруға кейбір ғылыми-әдістемелік тәсілдер көрсетілген, алайда ойындағы ойлауды қалыптастыру жөніндегі материалдарды баяндау мақсат етіп қойылмаған.

Автор тактикалық даярлықтағы балғын футболшыларда олардың классификациясының негізінде ойын жағдайларын дұрыс бағалай білуді қалыптастырудың айтарлықтай ролін көрсетеді [2].

Ойын жағдайларын суреттеген кезде автор ең алдымен гол соғатын және голға апармайтын жағдайларды бөліп көрсетіп, голға апаратын жағдайлардың белгілерін бөліп көрсетеді:

- 1) Команда допқа иелік етуде;
- 2) Нәтижелі соққы жасайтын аймақта өз командасының тым болмаса бір ойыншысы (шартты түрде №1) тұр;
- 3) №1 допқа иелік етуде (шартты түрде №2);
- 4) №2 ашық;
- 5) Соққы жасау аймағы ашық (бос).

Осы белгілердің барлығы қарама-қарсы мәнді де (яғни «минус» белгісін) қабылдай алады.

Осы белгілердің негізінде Ю.А.Калининский эксперименттік жолмен алуан түрлі ойын жағдайларының ең тиімді жалғасын анықтайды, яғни автор ұсынылып отырған классификацияны нақтылы мақсаттар үшін пайдаланады.

Өзіміздің жұмысымызда біз Ю.А.Калининскийдің классификациясын назарға аламыз, бірақ футбол ойыны спецификасының негізінде әдістемені жасап шығару және ойындағы ойлауды қалыптастыру үшін ойын жағдайының біршама өзге белгілерін бөліп көрсетеміз [3].

Ойын жағдайы – ойын барысында белгілі бір уақытта және алаңның белгілі бір аймағында туындаған нақтылы ойын сәті.

Осылайша, біздің пікірімізше, ойын жағдайлары олардың алаңның қандай аймақтарында туындағанына байланысты өзгеріп отырады. Осыған сәйкес нақтылы ойын жағдайларындағы ойыншылардың іс-әрекет жасау және өзара әрекеттесу принциптері де әр түрлі болады.

1. Шешім варианттарының саны – бұл қалыптасқан ойын жағдайының мүмкін болатын жалғасының саны. Әрбір ойын жағдайының өз жалғасын табуының бірнеше варианты бар. Спортта, әдетте, одан кейін болатын негізгі жүрістердің саны үш-бестен аспайды. Бірақ шешімнің осы варианттары, айтарлықтай ұзақ уақыт қайталана отырып, бірінен кейін бірі іркес-тіркес тоқтаусыз, немесе тоқтаусыз дерлік жүріп отырады. Жағдайда белсенді түрде араласып отырған ойыншылар санына байланысты варианттардың саны өзгеріп отырады. Қатысып отырған ойыншылар, тиісінше одан әрі жалғасын табу варианттары неғұрлым көбірек болған сайын, жалпы алғанда ойын жағдайы соғұрлым күрделірек болады. Яғни ойын жағдайын шешім варианттарының санына байланысты күрделілік дәрежесі бойынша бөлуге болады: 2-ге дейін, 2-ден 4-ке дейін, 5-тен бастап одан да көп.

Өзімізге белгілі, ойын сәттері ситуациялық және стандартты жағдайлар болып бөлінеді.

2. Стандартты жағдайлар – бұл допты оның статикалық қалпынан немесе аутқа кеткеннен кейін енгізу.

Стандарттық жағдайларға мыналар жатады:

- алаңның ортасынан бастау;
- қақпадан еркін соққы;
- айып соққысы;
- еркін соққы;

- бұрыштама соққы;
- допты бүйір сызықтан лақтыру;
- 11 метрлік айып соққысы.

Стандартты жағдайлар бөтен қақпаны шабуылдағанда да, өз қақпанды қорғағанда да туындайды. Мұнда да ойыншылардың іс-әрекеттері мен өзара әрекеттесуі белгілі бір жағдайда стандартты жағдайдан доп соғу жүріп жатқан алаң аймағына байланысты болып келеді [4].

Қорғаныстағы стандартты жағдайлар кезінде негізгі міндет болып допты алып қою немесе өз қақпаға соққы жасауға мүмкіндік бермеу болып табылады. Барлық іс-әрекеттер допсыз жүзеге асырылады.

Шабуылдағы стандартты жағдайлар кезінде басты міндет допты сақтап қалу, қақпаға соққы жасау немесе өзінің серігінді соққы жасайтын позицияға шығару болып табылады. Іс-әрекеттер доппен де, допсыз да жүзеге асырылады. Допсыз іс-әрекеттерді жүзеге асырған кезде ойыншылар стандартты жағдайлардан доп енгізуді ең тиімді жалғастыру немесе аяқтау үшін тиімді орын алуға тырысып бағады. Стандартты жағдайлар кезіндегі доппен жасалатын іс-әрекеттер – бұл доптың статикалық қалпынан техникалық-тактикалық іс-әрекетті тікелей орындау, мұнда мыналарды бөледі: допты бақылаудың басталуы (ойын ортадан басталады, допты бүйір сызықтан лақтыру, айып соққы, еркін соққы, бұрыштама соққы, қақпадан жасалған соққы) және командалық техникалық-тактикалық іс-әрекеттерді аяқтау (11 метрлік белгіден соққы жасау, айып салынған жерден қақпаға соққы жасау).

Футбол секілді спорттық ойындарда стандартты жағдайларға қарағанда, ойын сәттері анағұрлым көп болады, осыдан барып спорттың ситуациялық түрлері деген атауы шыққан.

4. Ситуациялық – бұл спорттық тартыс кезінде төреші ойынды тоқтатқанға дейін, доп аутқа кеткенге дейін немесе стандартты жағдайларды орындағаннан кейін үнемі туындап тұратын ойын сәттері.

Ойынның барысында футболшылардың шамамен алғанда 60 минут «таза» уақыт (45 минуттан 2 тайм деп есептегенде) ойнайтындығын атап кетуіміз керек, қалған уақытты төрешінің ойынды тоқтатуы, доптың аутқа кетуі, стандартты жағдайларды орындауға даярлық, алмастырулар жүргізу және т.с. алып жатады.

Ситуациялық сәттер сондай-ақ шабуылда және қорғаныста ойнауға бөлінеді. Қазіргі футболда қорғаушыларға тек бұзатын стильде ғана емес, жасампаздық стильде де іс-әрекет жасауға, дәл солай шабуылшыларға – шабуыл жүрмей қалғаннан кейін допты тартып алуға кірісуге, яғни қорғаныс міндеттерін орындауға талаптар қойылатынын атай кету керек. Серіктері допқа иелік еткеннен кейін бүкіл команда шабуылға көшеді, ал доп жоғалқатқаннан кейін барлық ойыншылар қорғанысқа кетеді [5].

Өзіміз айтып өткеніміздей, қорғаныстың басты мақсаты допты тартып алу, өз қақпасын соққылардан және оның маңында гол соғылатын сәттердің туындауынан қауіпсіздендіру болып табылады. Осыдан барып, барлық ойын іс-әрекеттері допсыз орындалады, яғни бұл дербес, топтық және командалық техникалық-тактикалық іс-әрекеттерге қарсы әрекет ету.

Жоғарыда сонымен қатар шабуылдың негізгі мақсаты допты сақтап қалу, соққы жасайтын орынға шығу және бұл ретте гол соғып, қақпаға соққы жасау болып табылатындығы айтылған болатын. Барлық шабуылдаушы іс-әрекеттер доппен және допсыз іс-әрекеттерге бөлінеді. Допсыз іс-әрекеттер – бұл «ашылу», қарсыластың көңілін «басқаға бұру», шабуылды жалғастыру үшін ең тиімді орынды таңдау.

Доппен болатын шабуылдаушы іс-әрекеттерге ойыншы ойын барысында орындайтын барлық техникалық-тактикалық іс-әрекеттер (доп беру, допты алып жүру, алдап өту, допты қаттылап беру, соққылар) жатады.

Шабуылдаушы іс-әрекеттерде сонымен қатар допты бақылаудың басталуын бөліп көрсетеді:

- допты қақпашы ойынға қосады;
- жекпе-жекте жеңгеннен кейін доп тартып алынды;
- қарсыластың пасы ұстап алынды.

Және командалық техникалық-тактикалық іс-әрекеттің аяқталуы:

- қарсыластың қақпасына соғылған гол;
- доп қақпа жақтауына тиді, бірақ оны қақпашы ұстап алды немесе қағып жіберді (дәл соққы);
- доп соққаннан кейін қақпадан қиыс кетті (дәл емес соққы);
- доп соққаннан кейін бұрыштамаға кетті;
- доп аутқа кетті;
- айып соққысы белгіленді;
- өз ойыншысына жіберілген допты қарсыласы қағып алды;
- қарсыласпен тартыста доп жоғалтып алынды.

Осылайша, ойын барысындағы футболшының барлық іс-әрекеті бізге футбол алаңының әр түрлі аймақтарында, күрделілік дәрежесі (шешімдердің мүмкін болатын варианттар саны) әр түрлі стандарттық және ойын жағдайларының үнемі пайда болуы және кезектесуі болып көрінеді. Және де спортшы осы жағдайлар түріндегі келіп түсетін ақпаратты қаншалықты толық және кең қабылдайтын болса, оның іс-әрекеттері де соншалықты тиімді болады. Кез – келген іс-әрекет – осылардың ақырғы нәтижесі шешім қабылдау болып табылатын ойлау операцияларының жемісі, яғни қабылданған шешім іс-әрекетке берілген белгі болып табылады. Бұл спортшы ойлау процесінің белсенді өтуі тұрғысынан алғанда үнемі психологиялық шабуылға ұшырайтындығын білдіреді.

Әдебиеттер

1. Гальперин, А.М. Обучение юных футболистов тактике: В помощь преподавателям и тренерам. - М.: Физкультура и спорт, 1998. - 118 с.
2. Гальперин, П.Л. Введение в психологию / П.Я. Гальперин. - М: Кн. дом «Ун-т»; Ростов Н/Д: Феникс, 1999. - 330 с.
3. Гегель, Г.В.Ф, Сочинения: пер. с англ. / Г.В.Ф. Гегель, - Л.; Наука, 1998, — 452 с.
4. Гогун, Е.Н. Психология физического воспитания и спорта / Е.Н, Гогун, Б.И. Мартянов, - М.: Академия, 2000. - 288с.
5. Гагаева, Г.М. Психология футбола /Г.М. Гагаева. - М.; Физкультура и спорт, 2009.-215 с,
6. Годик, М.А. Систематизации специализированных упражнений футболистов: метод.разраб. для студентов спорт. фак., слушателей Высш. шк. тренеров и фак.



ӘОЖ 796.332.063

ЖАСӨСПІРІМ ФУТБОЛШЫЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ОЙЛАУЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Бекбергенова М.
Аманкелді А.Ж., Баймаханбет Е.Б. Дш-18-5
Халықаралық Тараз инновациялық институты, . Тараз қ.

Антдатпа: Психологияда қалай және қандай ойлауға үйрету керектігі мәселелеріне айтарлықтай жеткілікті көңіл бөлінген, біздің пікірімізше, ойлаудың дамуы мен қалыптасу процестері туралы ең дәл, дұрыс түсініктер болып кейініректе дамытушы оқыту теориясының негізіне салған концепциялары табылады.

Аннотация: В психологии достаточно большое внимание уделено вопросам того, как и чему следует учить мыслить, наиболее точными, на наш взгляд, понятиями о процессах развития и становления мышления являются те концепции, которые впоследствии положили в основу теории развивающего обучения.

Abstract: In psychology, quite a lot of attention is paid to the questions of how and what should be taught to think, the most accurate, in our opinion, concepts about the processes of development and formation of thinking are those concepts that subsequently formed the basis of the theory of developmental learning.

Батыс психологиясында адамның психологиялық дамуының бірнеше теориясы бар. Бұларда психикалық даму өзінің ішкі заңдылықтары бар әбден дербес процесс ретінде қарастырылады; бұл процесс балаларды оқытуға және тәрбиелеуге байланысты емес (дәлірек айтар болсақ, олар психологиялық дамуды жылдамдата немесе тіптен тежей отырып, психологиялық дамуға тек біршама ғана әсер етеді)[1].

Ж.Пиаженің теориясында тәрбиелеу мен оқыту, үйрету педагогикалық процестің баланың психикалық дамуына бейімделу шарттары ретінде қарастырылады. Педагогикалық процесс дамудың артында келе жатқандай болады. Л.С.Выготскийдің кекесінмен ескертуі бойынша, тәрбиелеу мен оқытудың мұндай жүйесі, оның ертеңгі күніне емес, кешегі күніне бағыт-бағдар ала отырып, бала дамуының күйрығында «салпандап келеді».

Ж.Пиаже даму мен үйрету, оқытуға бір біріне тәуелсіз процестер ретінде қарады. Л.С.Выготский осыған орай мұнда «баланың дамуы табиғат заңдарына бағынышты және жетіп пісілу түрінде өрбитін процесс ретінде көрінеді, ал үйрету, оқыту даму барысында туындайтын мүмкіндіктерді таза сыртқы пайдалану ретінде түсініледі» деп жазды [2].

Гегельдің өзі-ақ оларды өзі ақыл мен парасат деп атаған, ойлаудың екі түрін бөліп көрсеткен болатын. В.В.Давыдов «ақыл-естілік» ерекше сәт ретінде ойлаудың көбірек дамыған түрлеріне кіріп, оның түсініктеріне қатаңдық пен анықтық беретіндіктен, оны оқыту, үйрету және тәрбиелеу барысында адамда ақыл-эмпирикалық (көрнекі бейнелерге тірек артатын) ойлаудың қалыптасуы өте маңызды міндет екендігін айтады. Бірақ мәселе осылар кезінде ақыл-естілік басты және дербес роль алмай, саналы-теориялық (өзінің негізінің табиғатын – түсініктерді зерттеумен байланысты келетін) ойлаудың сәті бола бастайтындай, үйрету мен тәрбиелеудің жолдарын табудан тұрады.

В.С.Библер енді көріністермен емес, түсініктердің өзімен операция жасайтын теориялық ойлаудың базасын құратын, ойлау экспериментінің негізгі ерекшеліктерін бөліп көрсетті. Түсінік бұл жерде осы арқылы идеалданған зат пен өздерінің бірлігінде материалды нысанның жалпыға бірдейлігін, қимыл-қозғалысының мәнін көрсететін оның байланыстарының жүйесі жаңғыратын, ойлау қызметінің түрі ретінде көрініс табады. Түсінік бір мезгілде материалдық нысанды көрсету түрі ретінде де, оның ойлауын жаңғырту құралы, яғни ерекше ойлау әрекеті ретінде де көрініс табады [3].

Және де сонымен бірге аталған нысан туралы түсінік болу – бұл оны ойша жаңғырту, құру дегенді білдіреді. Ойлау затын құру және түрлендіру жөніндегі іс-әрекеттер оны түсіну мен түсіндіру, оның мәнісін ашу актісі болып табылады.

Түсінік – бұл қандай да бір затты тұтас жүйе ретінде оймен жаңғырту құралы. Осындай зат туралы түсінік болу – бұл осы затты оймен құрастырудың жалпы тәсілін меңгеру деген сөз. Құбылысты түсіну – оның пайда болу тәсілін, осы пайда болу шарттардың, жағдайлардың нақтылы жиынтығында салынған қажеттілікпен жасалатын «ережені» анықтау дегеніміз. Әрбір түсініктің артында осыны анықтаусыз аталған түсініктің пайда болу және қызмет ету механизмін ашуға болмайтын ерекше іс-әрекет (немесе осындай іс-әрекеттердің жүйесі) жасырынып жатыр.

Оқу іс-әрекетінің, қызметінің ерекшелігі мектеп оқушыларының теориялық-түсініктік білімдерді және олармен байланысты келетін, практикалық міндеттердің белгілі бір класын шешетін іс-әрекеттердің жалпы тәсілдерін меңгеруден, түсінуден тұрады. Осы тәсілдерді меңгеру практикалық міндеттерді шешудің алдында жүреді. Мектеп оқушыларының алдына іс-әрекеттің жалпы тәсілін меңгеру жөніндегі міндетті қою – бұл оқу міндетін (материалдың нақтылы түріне тәуелсіз) қоюдың нақ өзі. Осындай тәсілді меңгеріп шығу осының негізінде кейін практикалық міндеттерге көшу жүзеге асырылатын оны шешу процесін құрайды.

В.В.Рубцовтың эксперименттік зерттеуі толыққанды бірлескен оқу іс-әрекеттерін ұйымдастыру үшін оқу жұмысының тапсырмаларды өзара тексеру, топтардың өзара тапсырмалары, оқу кикілжіңі, сонымен қатар қатысушылардың өз іс-әрекеттерінің тәсілдерін талқылауы секілді түрлерінің өте маңызды екенін растап берді. Мәселен, өзара тексеру барысында топтар бұрынырақта мұғалім орындаған бақылау түрлерін жүзеге асырды [4].

Мектеп оқушыларының оқу міндеттерін ұжыммен шешуге бағытталған бірлескен іс-әрекеттерін ұйымдастыру келесі көрсеткіштерге ие:

- 1) меңгеріліп отырған материалдың елеулі қасиеттеріне бағыт алу;
- 2) дербес операциялармен алмасу;
- 3) іс-әрекеттердің тақырыптық және белгі-символдық тәсілдері арасындағы байланысты бөліп көрсету;
- 4) балалардың өзара және ересектермен әңгіме-дүкен құруы.

Шағын топтардағы (2-8 адам) балалардың жұмысын позициялық ұйымдастыру оқу пікірталастарының «инкубаторы» бола бастады. Оқу іс-әрекеттері өрбитін сабақтарда пікірталас екі түрде болады. Біріншісі – бұларға ортақ міндетті шешу үшін іс-әрекеттің ортақ тәсілі туралы келісу, өздерінің көзқарастарын келісу және осылайша оларды алғаш рет табу қажет болатын, бірлесе жұмыс істейтін балалар топтарындағы шағын пікірталастар. Екінші түрі – жалпы сыныптық пікірталас. Оны сыныпқа шарттары балаларда бар іс-әрекет тәсілдеріне қарама-қайшы келетін және жаңа тәсілдерді іздестіруді талап ететін оқу тапсырмасын ұсына

отырып, мұғалім құрады. Балалардың жаңа жағдайларда іс-әрекеттің қандай да бір тәсілін қолдануға деген әрекеттерін бекіте отырып және оңсыздықтардың себептерін талдай отырып, мұғалім олардың білімі мен білместігі арасындағы айырмашылықты тауып, балаларды өздерінің білместігін ашуға үйретеді. Тікелей іс-әрекет жасаудың мүмкін еместігін осылайша рефлексті бекіту іс жүзінде оқи білудің, өз білімінің шекараларын таба және оларды жеңе білудің қалыптасуының басталуы [5].

Осылайша, ойлауды қалыптастыру спецификасының негізіне шұғылданушылардың теориялық-түсінік білімдерін және олармен байланысты келетін практикалық міндеттердің, тапсырмалардың белгілі бір сыныбын шешетін іс-әрекеттердің жалпы тәсілдерін меңгеруі жатады. Осы тәсілдерді меңгеру практикалық міндеттерді шешудің алдында жүреді.

Көптеген авторлар ойындағы ойлаудың дамуына әсер ететін факторларды әр қилы түсінеді. М.С.Бриль (1980) өзінің спорт ойындарындағы іріктеу жөніндегі еңбегінде ойындағы ойлауға: ақпаратты қабылдау жылдамдығы, қимыл-қозғалыс реакциясының жылдамдығы, зейіннің тұрақтылығы мен бөлінуі, бұлшық ет қозуын дифференциациялау, қарапайым реакция көрсету, РДО дәлдігі, зейіннің қарқындылығы, зейіннің ауысуы, кинетикалық қабылдаулардың дәлдігі әсер ететіндігін атап көрсетеді.

Ойлаудың әр түрлі көрсеткіштерінің жарыс іс-әрекеттерімен байланысын зерттеген А.Я.Долгов жарыстағы жаттығулардың нәтижесіне ең көп әсер ететін: уақыт сезімі, тактикалық міндеттерді шешу жылдамдығы және алға ұмтылыс деңгейі болып табылатындығын анықтады. Сондықтан да, оқу-жаттығу топтарында балғын футболшылардағы тактикалық ойлаудың деңгейіне бақылау жасай отырып, ең алдымен осы көрсеткіштерді ескеру қажет.

Ойындағы ойлаудың қалыптасуына әсер ететін факторлар шеңбері айтарлықтай кең және авторлардың әрқайсысы бір жағынан өзгелерімен ұқсас, екінші жағынан ұқсас келмейтін өздерінің тұжырымдамаларын ұсынады. Осыдан барып ойындағы ойлауды қалыптастыру проблемасы келіп шығады. Нені басты етіп қою керек? Бірінші кезекте неге көңіл бөлу керек? Және де ең бастысы, қандай тәсілдер мен әдістерді қолдану керек?

Істің мәнісі бұларда жүрістің нақтылығы екі әр түрлі қисынға бағынатын, ойын жағдайларының екі түрі бар екендігінде, атап айтар болсақ: 1) ұтыстың (жеңілістің) болмай қоймайтындығы айдан анық жағдайлар – ашық ойнау; 2) жағдайлар тең салмақты, мұнда ақырында не болатындығы анық емес.

Жағдайлардың екінші түрі рефлекстік жүріс-тұрыс деп аталатын логиканың, қарсыластың ойларын имитациялаудың психикалық процестеріне негізделген, қарсыласты алдау тактикаларының көмегімен шешіледі. Осы нүктеден біз балғын футболшылардың әрбір нақтылы жағдайда қарсыластарының іс-әрекеттерін түсінуін көреміз.

Түйіндеме

Спорт резервін даярлаудың мазмұнында футболшының психологиялық ойлауы секілді маңызы аз емес нысан бөліп көрсетілмейді. Ғылыми-әдістемелік әдебиетте негізінен алғанда ойын жағдайындағы іс-әрекеттердің мүмкін болатын тәсілдерінің әр түрлі комбинацияларын үйренумен сипатталатын, тактикалық даярлау тәсілдері мен әдістері көрсетілген. Яғни, шұғылданушыларға тактикалық, психологиялық даярлық шеңберінде іс жүзінде дайын тұрған шешімдер алгоритмін үйрену, оқу ұсынылады, оларға бұларды есте сақтап, ойын барысында осындай жағдайды танып білу және комбинацияны жаңғырту ғана қалады.

Осылайша, мұндай жұмыста психологиялық ойлау процесі мейлінше аз көрсетілген және, сірә осыдан болар, ойындағы ойлаудың дамуы қажетті дәрежеде жүрмейді.

Бақылаушыға, жаттықтырушыға ойлау операцияларының бір ғана ақырғы өнімі (іс-әрекет) және тек бір ғана шешім (бәлкім дұрыс, бәлкім қате) көрінетіндіктен, практикалық жаттығуларда ойлау қызметінің барлық диапазонын қадағалап отыру да мүмкін болып көрінбейді.

Ойлау процесі талдау, жалпыландыру, салыстыру, шешім қабылдау секілді ойлау операцияларының болуын талап етеді. Сірә, ойындағы психологиялық ойлауды қалыптастырған кезде ең алдымен аталған операцияларды орындау ептіліктерін есте ұстаған жөн болар.

Әдебиеттер

1. Бабушкин, Г.Д. Психология — спорту: науч. - попул. изд. для учащихся спортив. пед. кл. и студентов физкультурных.учеб. заведений / Г.Д.Бабушкин, В.Н. Смоленцева; СибГАФК, САФКО. -Омск: [б. и.], 1998. - 83с.

2. Гальперин, П.Л. Введение в психологию / П.Я. Гальперин. - М: Кн. дом «Ун-т»; Ростов Н/Д: Феникс, 1999. - 330 с.

3. Гагаева, Г.М. Психологическая характеристика футбола / Г.М. Гагаева // Психология спорта. - М.: 1990. - С. 112 – 121.

4. Гогонов, Е.Н. Психология физического воспитания и спорта / Е.Н. Гогонов, Б.И. Мартянов, - М.: Академия, 2000. - 288с.

5. Гагаева, Г.М. Психология футбола /Г.М. Гагаева. - М,: Физкультура и спорт, 2009.-215 с,

6. Годик, М.А. Систематизации специализированных упражнений футболистов: метод.разраб. для студентов спорт. фак., слушателей Высш. шк. тренеров и фак.



ӘОЖ 796.011.3

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ЖАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ДЕНЕ ДАМУЫ МЕН ДЕНЕ ДАЙЫНДЫҒЫ.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Бекбергенова М.

Камал А.Ғ., Қдырбаев Е.С. Дш-18-5

Халықаралық Тараз инновациялық институты, Тараз қ

Андатпа: Баланың өсуі мен дамуының сыртқы белгісіне оның дене пропорциясының өзгеруі жатады. Дене пропорциясы деп адамның басының, тұла бойы мен аяқтарының ұзындығының, көлемінің бір-біріне арақатынасын айтады. Ересек адаммен салыстырғанда жаңа туған сәбидің аяқтары қысқа, тұла бойы мен бастары үлкен болады.

Аннотация: К внешним признакам роста и развития ребенка относится изменение пропорций его тела. Пропорциями тела называют соотношение длины,

объема головы, силуэта и ног человека друг к другу. По сравнению со взрослым новорожденный малыш имеет короткие ноги, большой рост и голову.

Abstract: The external signs of a child's growth and development include a change in the proportions of his body. The proportions of the body are the ratio of the length, volume of the head, silhouette and legs of a person to each other. Compared to an adult, a newborn baby has short legs, a large height and a head.

Биологиялық белгілеріне байланысты мектепке дейінгі балалардың жастары мынандай кезеңдерге бөлінеді:

1. Жаңа туған сәби – алғашқы 1 айға дейінгі уақыты.
2. Емшектегі сәби – 1 айдан 1 жасқа дейінгі уақыт.
3. Балбөбек немесе ясли жасы кезеңі – 1 жастан 4 жасқа дейінгі уақыт.
4. Мектепке дейінгі кезең – 4 жастан 7 жасқа дейінгі уақыт.

Балалардың ағзасы осы сәби және мектепке дейінгі кезеңде үнемі өсіп, дамуда болады. Ағзадағы клеткалардың саны мен салмағының ұлғаюына байланысты дене көрсеткіштерінің артуын өсу деп атайды. Өсумен қатар ағзадағы даму үрдісі жүріп жатады. Даму – сапалық көрсеткіш. Ағзаның дамуы деп сан көрсеткіштерінің сапалық көрсеткіштерге айналып, ұлпалардың жекешеленіп белгілі бір қызмет атқаруға бейімделуін, ағза мен оның жеке мүшелерінің қызметінің артуын, баланың ақыл-ой өрістерінің молаюын айтады. Ағзаның дамуы екі түрлі болады: дене дамуы және функциялық даму [1].

Дене дамуының көрсеткіштері: адамның бойы, салмағы, кеуде клеткасының көлемі, дене мүшелерінің ұзындығы т.с.с.

Функциялық дамудың көрсеткіштері дене мүшелерінің атқаратын қызметтеріне байланысты әр түрлі болады. Мысалы, жүректің жұмыс жасауы дамуын анықтау үшін қан қысымын, жүрек соғу жиілігін, жүктеме бергеннен кейінгі қалпына келу уақытын өлшейді.

Өсу мен даму адам өмірінде бірде жылдамдап, бірде баяулайды. Тіпті бір жылдың ішіндегі бойдың өсуі бірдей емес: баланың бойы қыста нашар, жазда тез, күндіз аз, түнде көбірек өседі. Мұны өсу мен дамудың гетерохондылығы дейді (гетерос - әр түрлі, хронос – уақыт).

Сәби және мектепке дейінгі жас кезеңінде бала ағзасы тез өседі, дамиды. Оның бойы, салмағы өте тез қарқында өсіп дами бастайды [2].

Баланың өсуі мен дамуының сыртқы белгісіне оның дене пропорциясының өзгеруі жатады. Дене пропорциясы деп адамның басының, тұла бойы мен аяқтарының ұзындығының, көлемінің бір-біріне арақатынасын айтады. Ересек адаммен салыстырғанда жаңа туған сәбидің аяқтары қысқа, тұла бойы мен бастары үлкен болады. Мұндай пропорция 1 жасқа дейін сақталады. 1 жастан кейін омыртқа сүйектерінің өсу қарқыны жіліктердің өсу қарқынынан жылдамырақ болып, дене пропорциясы өзгере бастайды. 2 жастан әрі қарай жілік сүйектері жылдамырақ өседі де, 6 жаста дене пропорциясы өзгеріп, баланың аяқтарының ұзындығы кеудесінен артық бола бастайды. 5-6 жастағы баланың қол-аяқтары ұзарып, жалпы ұсқыны өзгереді. 6 жастан әрі қарай тағы да омыртқа сүйектерінің өсу қарқыны күшейеді, сондықтан 7 жастағы баланың аяқтары мен тұла бойының ұзындығының арақатынасы теңеседі.

3-6 жас аралығында баланың бойы тез, біркелкі өседі. Жылына бойы 5-6 см, салмағы 2 кг өседі. 7 жастан бастап балалардың бойлары жылдам өсіп, бір жылда 8-

10 см көбейеді. Осы жылдам өсу ағзадағы эндориндік қозғалыстарға байланысты. Екінші жылдам өсу, 13-14 жастағы, жыныстық жетілу кезеңіне сай келеді [3].

Баланың қозғалыс-тірек жүйесі. Кеңістікте қимылдап жүру, денені тік калыпта ұстау, теңдікті сақтау қабілеттері адамның сүйек-ет жүйесінің қасиеттері мен қызметіне байланысты. Сүйек-ет жүйесіне, яғни қозғалыс-тірек аппаратына адамның қаңқасы мен бұлшық еттері жатады.

Қаңқа (скелет) – екі жүзден астам сүйектерден тұратын адамның негізгі қатты тұлғасы. Олардың көбі бір-бірімен буын арқылы жалғасып, қозғаламалы келеді. Қаңқаға бұлшық еттер бекітілген. Ет пен сүйек адамның негізгі тірегі және оның қозғалуы, еңбек етуі осы сүйек-ет жүйесінің қызметіне байланысты. Ол жұлынның, мидың және көптеген ішкі мүшелердің сауыты болғандықтан, қорғану қызметін де атқарады, яғни жұмсақ мүшелерді (жүрек, бауыр, өкпе, ішек-қарын, бүйрек т.б.) соққыдан және басқа да түрлі жағымсыз әсерлерден қорғайды [4].

Бұлшық еттердің ұштары сүйекке бекітілген, олардың көбі екі сүйекке бекігендіктен, олардың қозғалысын іске асырады. Әрбір сүйекке екі, тіпті одан да көп еттердің ұштасуы мүмкін. Бұлшық еттердің негізгі қызметі – сүйектерді қозғау, адамның еңбек етуін, күрделі жұмыстарды орындауын қамтамасыз ету.

Адамның қимыл-қозғалысына ет пен сүйектен басқа қозғалыс-тірек жүйесіне кіретін буындар, сіңірлер, тарамыстар қатысады. Омыртқа жотасының өсуі баланың алғашқы жасында жедел жүреді. Жаңа туған нәрестелердің омыртқаларында алты сүйектену нүктелерін көруге болады. Олар бір жасқа таман біріге бастайды. Омыртқа аралығында буындардың шеміршектері қалың және серпінді келеді. Сондықтан олардың омыртқа жотасы ересектермен салыстырғанда жеңіл қимылдайды. Дегенмен бір жастағы баланың омыртқа жотасының иілуі нашар әрі тұрақсыздау болады. 2-3 жаста омыртқа одан әрі қарай сүйектене береді. Омыртқааралық буын шеміршектері әлі де болса қалыңдау болып, омыртқа жотасы жақсы қимылдайды. Бұл кезде сегізкөздік, құймышақ омыртқалары біріге бастағанымен аралары толық бітпейді. Баланың бойы таңертең өлшегенде 5-6 см ұзын (ересек адамда 2-3 см ғана), кешке өлшегенде соншалықты аласа болып тұрады. 4-5 жасқа дейін омыртқалар тез өсіп, иілістері толық қалыптасады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың омыртқалары ұзарып, жуандайды. 5-6 жастағы балалардың омыртқа жотасы тез қисаяды. Омыртқааралық шеміршектердегі заттың алмасуы өте күшті болады. Сондықтан түрлі жағдайлардың әсерінен омыртқаның өсуі тез бұзылып, омыртқа жотасының патологиялық сколиозы (бір жақ бүйіріне қарай қисаю), лордоз, кифоз т.б. өзгерістері пайда болады. Лордоз (лат. Лордоз – алға қисаю, иілу), кифоз (лат. Кифоз – артқа қарай иілу, қисаю). Мысалы, өте жылдам 8-12 м /сек жылдамдықпен қозғалғанда мойын және көкірек омыртқалары зақымданады. Бала өте аз қозғалғанда да ұсақ зақымдар пайда болып, олардың негізінде кейіннен омыртқа кемшіліктері дамиды. Табан сүйектері бір-бірімен буын арқылы күмбезденіп қосылған. Табан күмбезі баланың аяғын басу барысында толық қалыптасады. Табан күмбезі сүйектерді мықтап бекітіп тұратын тарамыстардың даму барысында пайда болып, табанға күш түскенде оның күмбезі төмендейді. Табан күмбезінің дұрыс қалыптасуына тар аяқ киім, ауыр жүк тасу, ұзақ уақыт табанға күш түсіру, кішкентай баланың түрегеліп тұруы, мешел ауруы кері әсер етеді. Мұндайда жалпақ табан пайда болады. Жалпақ табан жағдайында баланың сымбаты бұзылады, қан айналысы нашарлап, аяқ тез шаршайды. Жалаңаяқ жүру, бұлшық еттерді күшейтетін түрлі жаттығулар, спорт ойындары, дене жаттығулары жалпақ табандылықтың алдын алады, яғни оны

болдырмайды, табан күмбезін дұрыс қалыптастырады. Табан күмбезі 13-17 жасқа дейін қалыптасады. Сондықтан бойжеткендерге 17-18 жасқа дейін биік өкшелі аяқ киімді киюге болмайды. Себебі ондай аяқ киімдер табан күмбезінің дұрыс қалыптасуына байланысты аяқты тез шаршатады. Балалар мен жастардың аяқ киімдерінің өкшесі 1,5-2 см болғанда табан күмбезі жақсы болып, табан еттері мен сіңірлері жақсы дамиды. Бала туғаннан үш жасқа дейінгі жас кезінде баланың жүйке-бұлшық ет аппаратының аздап қозуы мен лабильділігі байқалады, бұлшық еттері әлі әлсіз болады. Бұлшық еттердің қызметі, негізгі қасиеті – жиырылуға байланысты орындалады. Жиырылу арқылы бұлшық ет қысқарып, оның жиырылу қабілетін көрсетеді. Бұлшық еттердің өсіп, жетілуі әр түрлі. Алғашқы жылы ең алдымен құрсақ етері дамып, кейіннен шайнау еттері жетіледі. Еңбектену мен жүруге байланысты жыл аяғында аяқ-қол және арқа еттері өсіп дамиды [5].

Баланың қимыл, қозғалысы. Жаңа туған нәресте денесінің аяқ-қолдарының қимылдары өте көп, бірақ ол дұрыс үйлеспеген еріксіз шым-шытырық қимылдар түрінде орындалады. Алғашқы дұрыс бағытталған қимылдар баланың 2-3 айлығында көріне бастайды: ең алдымен жарық көзіне немесе дыбыс шыққан жаққа басын бұрады. 3 айда шалқасынан жатқан бала аунап түсе алады, 7 айда отырады. Кейіннен заттарды ұстап үйренуге және еңбектеуге байланысты қолдарының ерікті қимылдары пайда болады. Бұл қимылдар көру арқылы кеңістіктен баланың алған мәліметтеріне байланысты туындайды. Баланың көру және қозғалыс жүйелері жеке-жеке қызмет атқарса, 3-6 айда бір-бірімен үйлесімді көру-қозғалыс жүйесіне айналады. Алғаш кезде көру арқылы тек қана сыртқы орта туралы мәліметтер жиналады. Кейіннен қозғалыстары көру жүйесінің бақылауында болып, біртіндеп, орындалатын күрделі қимылдарға айналады. Екінші белгі жүйесінің дамуы қозғалысты реттейтін жүйенің пайда болып, дамуына ықпалын тигізеді. Нәрестеде үлкендердің айтуы бойынша орындалатын қимылдар қалыптасады, ал соның негізінде саналы қозғалыс қимылдары жетіледі. Қозғалыстың дамуы қозғалыс-тірек жүйесі мен жүйке жүйесінің дамып жетілуіне байланысты. Жүру, жүгіру, секіру, шапқылау т.б. күрделі қимылдар және оларды дұрыс бағыттау қабілеті 3-5 жаста жетіледі. Дегенмен мектепке дейінгі жастағы және 1-2 сынып оқушыларының қозғалысын дұрыс үйлестіру тетіктері еркін жетіле қоймайды. Бірақ олар күнделікті тіршілікке қажетті қимылдарды, жазу, сызу, сурет салу т.б. қозғалыс әрекеттерін игеріп үлгереді. Тұрақты жаттығу арқылы балаларда үйлесімді қозғалыс дамиды. Қозғалудың ең күшті дамуы 3-6 жаста байқалады.

Әдебиеттер:

1. Дене тәрбиесі іліміне кіріспе дене тәрбиесі институттарына арналған оқу құралы. Матвеев А. Т. редакциясы М. ФИС. 1993.
2. Дене тәрбиесі және спорт арқылы Қазақстан Республикасының халқын сауықтыру бағдарламасы. Алматы 1999.
3. Дене тәрбиесі мұғалімдеріне арналған кітап. Каюрова С. редакциясы бойынша. -М., ФиС, 1993 Н. Дене тәрбиесінің ілімі мен әдістемесі.
4. Дене тәрбиесі институттарына арналған оқу құралы. Матвеев М., Говиков А.Д. басқаруымен. 2-ші басылым. —М.:ФиС, 1996. Т.1, 2-тарау.
5. Ұ.Б. Мұхамеджанова «Дене тәрбиесі пәнінің әдістемесі» Астана 2004ж



ӘОЖ 796.011.3

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ЖАҒДАЙЛАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Бекбергенова М.
Құлтас А.С., Оразбаев А.Е Дш-18-5
Халықаралық Тараз инновациялық институты, Тараз қ

Андатпа: Сауықтыру міндеттерінің ішінде балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, жан-жақты физикалық даму, дене функцияларын жетілдіру, белсенділік пен жалпы өнімділікті арттыру ерекше орын алады.

Аннотация: Среди оздоровительных задач особое место занимает охрана жизни и укрепление здоровья детей, всестороннее физическое развитие, совершенствование функций организма, повышение активности и общей работоспособности.

Abstract: Among the health-improving tasks, a special place is occupied by protecting the life and health of children, comprehensive physical development, improving body functions, increasing activity and overall performance.

Мектепке дейінгі мекемелердегі дене тәрбиесі – бұл балалардың денсаулығын нығайтуға және жан-жақты физикалық дамуына бағытталған мақсаттың, міндеттердің, құралдардың, жұмыс нысандары мен әдістерінің бірлігі. Бұл сонымен бірге ішкі жүйе, дене тәрбиесінің ұлттық жүйесінің бөлігі болып табылады, оған осы компоненттерден басқа дене тәрбиесін жүзеге асыратын және бақылайтын мекемелер мен ұйымдар кіреді. Әрбір мекеме, оның ерекшелігіне байланысты, жалпы мемлекеттік және ұлттық мүдделерге жауап беретін өз жұмысында нақты бағыттарға ие [1].

Дене тәрбиесінің мақсаты-балаларда салауатты өмір салтының негіздерін қалыптастыру.

Дене тәрбиесі процесінде сауықтыру, білім беру және тәрбие міндеттері жүзеге асырылады.

Сауықтыру міндеттерінің ішінде балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, жан-жақты физикалық даму, дене функцияларын жетілдіру, белсенділік пен жалпы өнімділікті арттыру ерекше орын алады.

Жас ерекшелігін ескере отырып, сауықтыру міндеттері неғұрлым нақты түрде анықталады: омыртқаның бүгілуін қалыптастыруға, аяқтың доғаларын дамытуға, байламды-артикулярлық аппаратты нығайтуға көмектесу; барлық бұлшықет топтарының, әсіресе экстензорлы бұлшықеттердің дамуына ықпал ету; дене бөліктерінің дұрыс қатынасы; жүрек-тамыр және тыныс алу жүйесінің қызметін жақсарту [2].

Білім беру міндеттері балаларда қозғалыс дағдылары мен дағдыларын қалыптастыруды, физикалық қасиеттерді дамытуды; дене жаттығуларының оның өміріндегі рөлін, өз денсаулығын нығайту тәсілдерін қамтиды. Балалардағы жүйке жүйесінің икемділігіне байланысты моториканың дағдылары салыстырмалы түрде оңай қалыптасады. Олардың көпшілігін (жүгіру, жүгіру, серуендеу, шаңғымен сырғанау, велосипедпен жүру және т.б.) балалар күнделікті өмірде көлік құралы ретінде пайдаланады. Мектеп жасына дейінгі балаларда қалыптасқан қозғалыс

дағдылары оларды мектепте одан әрі жетілдірудің негізін құрайды және болашақта спортта жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Моториканы қалыптастыру процесінде балалар күрделі қозғалыстар мен әртүрлі әрекеттерді, соның ішінде осы қозғалыстарды (еңбек операцияларын) оңай игеру қабілетін дамытады.

Мектеп жасына дейінгі балаларда саптық, жалпы дамыту жаттығуларын, негізгі қимылдарды, спорттық жаттығуларды орындау дағдыларын қалыптастыру қажет. Сонымен қатар, балаларды спорт ойындарын (қалашықтар, үстел теннисі) ойнауға және спорт ойындарының элементтерін (баскетбол, хоккей, футбол және т.б.) орындауға үйрету керек. Бұл жаста жеке және қоғамдық гигиенаның бастапқы дағдыларын қалыптастыру маңызды (қолды жуу, костюм, аяқ киім және т.б.) [3].

Алынған білім балаларға физикалық жаттығуларды саналы және толыққанды орындауға, балабақшада және отбасында дене шынықтыру құралдарын өз бетінше қолдануға мүмкіндік береді.

Тәрбиелік міндеттер балалардың жан-жақты дамуына (ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық, еңбек), олардың дене шынықтырумен жүйелі айналысуға деген қызығушылығы мен қажеттілігін қалыптастыруға бағытталған. Мектепке дейінгі мекемелердегі дене тәрбиесі жүйесі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып құрылады.

Бала өмірінің алғашқы жеті жылы барлық органдар мен жүйелердің қарқынды дамуымен сипатталады. Бала белгілі бір мұрагерлік биологиялық қасиеттерімен, оның ішінде негізгі жүйке процестерінің типологиялық ерекшеліктерімен (күш, тепе-теңдік және ұтқырлық) туылады. Бірақ бұл ерекшеліктер одан әрі физикалық және психикалық дамудың негізін құрайды және өмірдің алғашқы айларынан бастап анықтайтын фактор-қоршаған орта және бала тәрбиесі. Сондықтан баланың көңілді, жағымды эмоционалды жағдайын, толық физикалық және психикалық дамуын қамтамасыз ету үшін осындай жағдай жасау және тәрбиені ұйымдастыру өте маңызды.

Дене тәрбиесі эстетикалық тәрбиені жүзеге асыруға ықпал етеді. Дене жаттығуларын орындау барысында эстетикалық ләззат алу, сезіну, сұлулықты, әсемдікті, қимылдардың экспрессивтілігін түсіну және дұрыс бағалау қабілетін дамыту керек. Балалар сонымен қатар бөлменің жабдықтарымен байланысты Еңбек дағдыларын игереді (ұзындыққа секіруге арналған құммен шұңқыр салу, мұз айдынын құю және т.б.).

Дене тәрбиесінің мақсаты балаларда салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру болғандықтан, мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі мәселелерін шешу үшін қолданылады: гигиеналық факторлар, табиғи күштер, физикалық жаттығулар және т.б. толық дене тәрбиесіне барлық құралдарды кешенді қолдану арқылы қол жеткізіледі, өйткені олардың әрқайсысы адам ағзасына әр түрлі әсер етеді. Гигиеналық факторлар (жұмыс режимі, демалыс, тамақтану, ұйқы және т.б.) дене тәрбиесі мәселелерін шешудің міндетті шарты болып табылады [5].

Дене жаттығулары-адамға жан-жақты әсер ететін дене тәрбиесінің негізгі нақты құралы. Олар дене тәрбиесі мәселелерін шешу үшін қолданылады: олар ақыл-ой, еңбек, сонымен қатар көптеген ауруларды емдеу құралы болып табылады.

Қозғалыс, жаттығу дене тәрбиесінің нақты құралы болып саналады. Қозғалыс белсенділігі-ағзаның биологиялық қажеттілігі, оның қанағаттану дәрежесіне Балалардың денсаулығы, олардың физикалық және жалпы дамуы байланысты.

Балалардың дұрыс дене тәрбиесі-мектепке дейінгі мекемелердің басты міндеттерінің бірі. Мектепке дейінгі жастағы жақсы денсаулық адамның жалпы дамуының негізі болып табылады.

Өмірдің кез-келген кезеңінде дене тәрбиесі алғашқы алты жылдағыдай жалпы тәрбиемен тығыз байланысты емес. Мектепке дейінгі балалық шақта бала денсаулықтың негізін, жан-жақты қозғалыс дайындығы мен үйлесімді физикалық дамудың ұзақ өмір сүруін қалайды. Ауырсынулы, отстающий физикалық дамуы баланың тезірек утомляется, оған тұрақсыз көңіл, жад. Бұл жалпы әлсіздік туғызады және әр түрлі бұзылулар және ағзаның қызметін ғана емес, әкеледі төмендету қабілеті, бірақ және расшатывает еркін бала.

Қазіргі уақытта бірқатар балалар мекемелерінде дене шынықтыруды ұйымдастырушылар дене тәрбиесі бойынша жұмыс жүргізуде.

Балалардың дене тәрбиесін ұйымдастырудың барлық формаларында (сабақтар, ашық ойындар, тәуелсіз қозғалыс белсенділігі және т.б.) тәрбиешінің назары ойлау қабілетіне, жас ерекшеліктеріне қарай саналы түрде әрекет ететін, моториканы сәтті меңгерген, қоршаған ортаны шарлай алатын, қиындықтарды белсенді жеңе алатын, шығармашылық ізденістерге деген ұмтылысты көрсететін баланы тәрбиелеуге бағытталған.

Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі теориясы үнемі дамып келеді және бала тәрбиесінің әртүрлі аспектілерін қамтитын зерттеулер нәтижесінде алынған жаңа біліммен байытылады. Балалардың дене тәрбиесін сәтті ұйымдастырудың келесі шарттары мен факторларын ажыратуға болады:

1. Балалардың дене денсаулығы мен қимыл-қозғалыс даму дәрежесін талдай және бағалай білу.

2. Белгілі бір кезеңге (мысалы, оқу жылына) дене тәрбиесінің міндеттерін тұжырымдау және балалардың әрқайсысының ерекшеліктерін ескере отырып, олардың ең маңыздыларын анықтау.

3. Белгілі бір жағдайда жұмыс істеудің ең қолайлы құралдарын, формалары мен әдістерін таңдап, белгілі бір жүйеде білім беру процесін ұйымдастырыңыз.

4. Мақсатқа жету жолындағы қиындықтарды болжай отырып, түпкілікті нәтиженің қажетті деңгейін жобалау.

5. Қол жеткізілген нәтижелерді бастапқы деректермен және қойылған міндеттермен салыстырыңыз.

6. Кәсіби шеберліктің өзін-өзі бағалауын меңгеру, оны үнемі жетілдіріп отыру.

Балалардың қозғалыс белсенділігі деңгейі мен олардың сөздік қоры, сөйлеудің дамуы, ойлау арасында тікелей байланыс орнатылды. Дене жаттығуларының әсерінен ағзадағы қозғалыс белсенділігі ұйқыны жақсартатын, балалардың көңіл-күйіне жағымды әсер ететін, олардың ақыл-ой және физикалық қабілеттерін арттыратын биологиялық белсенді қосылыстардың синтезі артады.

Әдебиеттер:

1. Ұ.Б. Мұхамеджанова «Дене тәрбиесі пәнінің әдістемесі» Астана 2004ж
2. С. Тайжанов «Дене тәрбиесі» 5-6 сынып. Алматы 2001ж
3. Б. Төтенев «Қазақ спорт ойындары» Алматы 1990ж.
4. Ж. Қабланов «Спорт теминдерінің сөздігі мен тарихы» Алматы 2002ж
5. Сағындықов Е. «Қазақтың ұлттық ойындары» Алматы Рауан 1991ж

6. Ұ. Ж. Мұхаммеджанова «Дене шынықтыру пәнін оқыту әдістемесінің методиксын пайдалану жолдары» Астана 2007.



ӘОЖ 796.011.3

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАР ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ АМАЛДАРЫ МЕН ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҚТАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Бекбергенова М.
Самсабаев Ә.Б., Самсабай Р.Ж. Дш-18-5
Халықаралық Тараз инновациялық институты, Тараз қ

Андатпа: Барлық амалдардың ішінде негізгі орынды қозғалмалы ойындар алады. Ойындар кезінде дене қасиеттерін кешенді дамыту жағына көп көңіл аударған дұрыс болады. Бала ағзасының барлық жүйесінің қызметтік мүмкіншілігін дамытуға да көп көңіл бөлу қажет.

Аннотация: Среди всех приемов основное место занимают подвижные игры. Во время игр будет лучше уделять больше внимания в сторону комплексного развития физических качеств. Большое внимание необходимо уделить развитию функциональных возможностей всей системы организма ребенка

Abstract: Among all the techniques, outdoor games occupy the main place. During the games it will be better to pay more attention towards the comprehensive development of physical qualities. Much attention should be paid to the development of the functionality of the entire system of the child's body.

Мектеп жасына дейінгі балалар дене тәрбиесінің негізгі амалдары – дене тәрбиесі жаттығулары. Дене жаттығулары қозғалыс шеберлігі мен дағдысын қалыптастырады, дене қасиеттерінің дамуына әсер етеді. Балалардың ағзасына дене жаттығуларының тиімді, жақсы әсер етуі үшін дене тәрбиесінің қосымша амалдары табиғаттың сауықтыру күштері мен гигиеналық факторлар қолданылады [1].

Дене тәрбиесі жаттығулары. Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесінің міндеттерін дұрыс орындау үшін үш топқа дене тәрбиесі жаттығулары қолданылады:

- 1) негізгі гимнастика;
- 2) қозғалмалы ойындар;
- 3) түрлі спорттық жаттығулардың қарапайым түрлері; [2]

Негізгі гимнастика жаттығуларына жататындар: 1) балалардың әр мүшелеріне арналған жалпы дамыту жаттығулары, бұл жаттығулар спорт құралдарымен (доптар, кубиктер, жалаушалар, гимнастикалық таяқтар, булавалар т.с.с.) және құралдарсыз орындалады; 2) әр түрлі жүру, жүгіру, секіру, лақтыру, өрмелеу, еңбектеу, тепе-теңдік сақтау, асылу түрлері; 3) саптық жаттығулар (сапқа тұру және қайта тұрулар, бұрылулар, жинақталу және созылулар); 4) би жаттығулары. Би жаттығуларының сипаты жаттығуды жүргізушінің тандауына байланысты, оларды мүсін, сымбат түзулігіне, дене қуаты қасиеттеріне, әр түрлі бұлшық ет топтарына арнауларына болады. Негізгі гимнастиканың жаттығулары әр түрлі күрделі қозғалыстарды үйрету үшін, баланың кеңістікте өзінің денесін басқара білуін қалыптастыру үшін қажет [3].

Барлық амалдардың ішінде негізгі орынды қозғалмалы ойындар алады. Ойындар кезінде дене қасиеттерін кешенді дамыту жағына көп көңіл аударған дұрыс болады. Бала ағзасының барлық жүйесінің қызметтік мүмкіншілігін дамытуға да көп көңіл бөлу қажет.

Бес жасқа толған балалардың дене тәрбиесіне спорт түрі жаттығуларының қарапайым түрлерін кіргізуге болады. Ол түрлер: шаңғы мен жүгірудің қарапайым тәсілдері, суда жүзу, доппен ойналатын ойын түрлерінің қарапайым тәсілдері т.с.с. Спорт түрлерінің жаттығуларын орындау білім беру және денсаулықты нығайту міндеттерін орындаумен қатар, спорт түрлеріне деген қызығушылықтарын қалыптастыра бастайды.

Табиғаттың сауықтыру күштері. Бала ағзасы мүмкіншілігінше тұрақты, жүйелі күн қызуын, ауа температурасын, су процедураларын пайдалануға байланысты ағзадағы дене қызуын реттеу механизмдеріне, психикалық үрдістерін қалыптастыруға, денелерін шынықтыруға көмектеседі. Баланың денсаулығын нығайтады, ағзаның жұмыс қабілеттілігін арттырады. Табиғаттың сауықтыру күштерімен дене тәрбиесі жаттығуларымен қатар, ұштастыра қолдану баланың дене дайындығы деңгейін көтеруге, денсаулық күйін арттыруға көмектеседі.

Гигиеналық факторлар. Бұл себептерге жататындар: ұйықтау және тамақтану, қозғалыс белсенділігі мен тынығу, дене гигиенасы, массаж т.с.с. Гигиеналық факторлар дене тәрбиесі жаттығуларының бала ағзасына тиімді әсерлерін толықтырады. Дене мүмкіншіліктерін арттыруға жағдай жасайды. Мысалы, дұрыс тамақтану мен ұйқы толық болған кезде ғана дене тәрбиесі жаттығулары ағзаға тиімді әсер береді. Жаттығатын жердің, әр түрлі спорттық жабдықтардың тазалығы әр түрлі микробтар, ағзаға жат жұқпалы таяқшалардың болуына кедергі жасайды, бала ағзасын кездейсоқ аурулардан қорғайды. Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі міндеттерін дұрыс орындау үшін дене тәрбиесі амалдары дене жаттығуларын, табиғаттың сауықтыру күшін және гигиеналық факторларды кешенді бір-бірлеріне ұштастыра, байланыстыра қолдану қажет [4].

Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесін дұрыс бағытта қолдану, оның міндеттерін тиімді түрде орындау үшін әр түрлі қозғалыс әрекет түрлерін мақсатты ретте ұйымдастыра білу қажет. Қозғалыс-әрекет түрлерінің негізгілері – мектепке дейінгі мекемелердегі тәрбиешінің, үйдегі ата-аналардың басшылығымен орындалатын күнделікті дене тәрбиесі жаттығулары сабақтары, әр түрлі ойындар және өз бетімен орындалатын балалардың қозғалыс әрекеттері. Дене тәрбиесі сабақтарының, жаттығуларының негізгі түрлері: таңертеңгілік гимнастика, дене тәрбиесі сабақтары, қозғалмалы ойындар, сергектік сәттері, дене тәрбиесі мерекелері, өз бетімен дене жаттығуларын орындау.

Таңертеңгілік гимнастика. Таңертеңгілік гимнастика бала ағзасын белсенді етуге, жұмыс қабілеттілігін жоғарылатуға, тұлғаның дұрыс түзулігін қалыптастыруға бағытталады. Оның амалдары: қарапайым түрдегі жаттығулар, су процедурасы, шынығу, массаж. Таңертеңгілік гимнастиканың ұзақтығы 2-ден 4 жасқа дейінгі балаларға 5 минут, 4-тен 5 жасқа дейінгі балаларға 6-8 минут, 6 жастағы балаларға 8-10 минутқа созылады. Таңертеңгілік гимнастиканың құрылымы мынандай болуы мүмкін: жүру, жүгіру жаттығулары – қол және иық жаттығулары, кеуде, арқа, іш еттеріне арналған жаттығулар, қысқа жүгіру және ағзаны қалпына келтіретін жүру жаттығулары. Таңертеңгілік гимнастика жаттығулары балаларды жалықтырып

жібермеуі үшін 7-10 күнде жаттығулар кешеніне 2-3 жаңа жаттығулар кіргізіп отырған дұрыс болады.

Дене тәрбиесі сабақтары. Дене тәрбиесі сабақтары бала бақшадағы 3-6 жастағы балалармен дене тәрбиесі жұмыстарын жүргізудің негізгі түріне жатады. Сабақтың мақсаттары – жаңа қозғалыстарға үйрету, алдыңғы сабақтарда меңгерген әрекеттерді жетілдіру, дене қасиеттерін тәрбиелеу. Дене тәрбиесі сабағы тәрбиешінің басшылығымен жетісіне 2-3 рет жүргізіледі. Сабақтың ұзақтығы 3-4 жастағы балаларға 15-20 мин, 4-5 жасқа дейінгі балаларға 20-25 мин, 5-6 жастағы балаларға 25-30 мин созылады. Сабақ үш бөлімге бөлінеді: кіріспе, негізгі, қорытынды. Кіріспе бөлімінің міндеттері - балаларды ұйымдастыру, олардың зейіндерін орындалатын жаттығуларға шоғырландыру, бала ағзасын негізгі бөлімде орындайтын жаттығуларға дайындау, денелерін қыздыру. Кіріспе бөлімде негізінен қозғалыс түріндегі жаттығулар орындалады. Олар: жүру, аяқтың ұшымен, өкшемен жүру, жүгіру, бағытын өзгертіп жүру, жүгіру, ирелеңдеп жүру, заттардың арасымен жүру және т.б.[4].

Тіпті уақытша болатын статистикалық жүктеме де микроциркуляция мен геподинамиканы әлсіретеді және осы арқылы жүйке процестері мен вегетативті қызметтің реттелуін нашарлатады. Қазіргі уақытта көптеген мәліметтер бойынша мектеп жасындағы балалардың 70 %-ы гиподинамиядан зардап шегеді, оның салдары организмнің жұмыс қабілетін төмендетіп, шұғыл сырқаттардың өсуіне әсеретеді.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдау көрсеткеніндей, өскелең ұрпақтың денсаулығын сақтау мен нығайту проблемасы педагогикада жаңалық емес. Дені сау жастарды тәрбиелеу мәселелері барлық уақытта педагогтардың назарындағы нысан болды, мұның айғағы – берілген проблеманы әртүрлі аспектідегі зерттеулер.

Денсаулықты сақтау мен нығайту бұрыннан дене тәрбиесімен және спортпен қаншалықты байланыстырылса, әдебиеттерге жасалған шолу, берілген мәселені шешуде көптеген жұмыстар оқушыларды дене тәрбиесі аспектісінде, оны дене тәрбиелік-спорттық қызметке қоса отырып шешуге арналған.

Біздің көзқарасымыз бойынша, психологиялық-педагогикалық тұрғыда оқушылардың дене-тәрбиесімен, спортпен шұғылдануларын, олардың осы қызмет түрлеріне тұрақты қызығушылығын, күнделікті ертеңгілік жаттығудан бастап, тұрақты дене тәрбиесі жаттығуларымен шұғылдануын қарастыратын еңбектер ерекше назар аударарлық.

Көптеген зерттеушілерді оқушылардың дене тәрбиесі мен өмір салтының медициналық –биологиялық аспектілері: оқушылардың физикалық дайындығын арттырудың физиологиялық негіздері, қимыл –қозғалысы мен функционалдық дамуы (В.К.Большевич, В.А. Понамарчук, О.А. Аяшев ж/е т.б.), бала организмін шынықтыру мен науқастануын азайту, дене тәрбиесі мен спорт әсерінен болатын олардың денсаулығындағы өзгерістерді медициналық бақылау (А.Г. Сухарев, И.П. Брызгунов Н.Б. Коростелев т.б.) зерттеушілерді қызықтырады.

Берілген проблемаға жасалатын медициналық –биологиялық келістердің аясында мектеп гигиенасының мәселелері (Е.И. Кальченко, Д.В. Колесов, А.Д. Хрипкова, Д.Д. Шарипова т.б.), дене тәрбиесі мен жаттығулар процесінде

оқушылармен жүргізілетін емдеу-сауықтыру жұмыстарының мәселелері қарастырылады.

90-шы жылдары еліміздің генофонды - балалар денсаулығына қатер төніп тұрғанын түсіне бастады. Салауатты өмір салты туралы көзқарастарды қалыптастырудың қажетті аспектілері ретінде ішімдікке, есірткіге қарсы және жыныстық тәрбие мен жыныстың психикалық гигиенасына байланысты тәжірибелік нұсқаулардың саны көптеп пайда болды. Ғалымдар балалардың психикалық денсаулығын сақтаудың жолдарын, психофизикалық ауытқулардың коррекциясының әдістерін, психикасы мен жүйке жүйесінің тұрақты болу жолдарын іздестіруде.

Сондықтан зерттеушілердің пікірінше, қозғалыс белсенділігін мөлшерлеудің негізгі критерийлеріне денсаулық жағдайының өзгеру динамикасы балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік және кәсіби қабілетсіздігінің көрсеткіштері жатады.

Жеткіншектік жастағы оқушылар арасында темекі, ішімдік, есірткі заттарын тұтынудың таралуы олардың валеологиялық білімдерінің деңгейі төмен екендігін, сондай-ақ, өскелең ұрпақты валеологиялық тәрбиелеудің қолбағы бар формалары мен әдістерінің нәтижесіздігін көрсетеді. Қазақстан Республикасының статистика жөніндегі агенттігінің мәліметтері бойынша, бес жыл ішінде жасөспірімдер арасында қан аздық 2,3 есе өсіп, ересектер арасындағы көрсеткіштен 2 есе басым түсіп отыр. Психикалық бұзылыстар мен іс - әрекет бұзылыстарының жиілеуімен қоса несеп – жыныс жүйесінің, тыныс ағзаларының, эндокриндік жүйе ауруларының саны өсіп кеткен.

2004 жылда жасөспірімдер арасындағы психикалық бұзылыстар 15 пайызға өскен. Балалардағы мұндай сырқаттардан 1,5 есе, ересектердегілерден 2,5 есе асып түсіп, бұл көрсеткіш басқа жас топтарындағы адамдармен салыстырғанда ең жоғарғы көрсеткіш болып отыр.

Валеология – жаңа, қарқынды дамып келе жатқан, адам ағзасын сауықтырумен айналысатын ғылымның саласы. Валеология – халықтың денсаулығы жайындағы, адам организмін биологиялық, әлеуметтік және рухани бірліктегі мәселелерді кешенді шешуге бағытталған ғылым. Ғылым ретінде – ол салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша ғылыми – негізделген ұсыныстарды әзірлейді. Валеологияның объектісі адам баласының денсаулық диапазонындағы бүтін адам тұлғасы. Валеологияның зерттеп зерделеу заты – дербес денсаулық . Бүтін адам тұлғасы – иерархиялық ұйымдастырушылық принципті ашық үшбірлік жүйе («төменгі, жоғарғысымен басқарылады»), сана, психика және солардың жоғарғы аспекталары (жоғарғы сезім, рухани аспекті). Сонымен, адам өмірінің мақсаты өмір сүру және репродукция, өзін тұлға, шығармашылықты жеке адам ретінде таныта білу. Осындай мақсаттарға жету барлық үш деңгейде қалыптасатын денсаулықпен қамтамасыз етіледі.

Әдебиеттер:

1. Адамбеков Е.К., Абилдабеков С.А. Дене тәрбиесі және спорттың теоретикалық негіздері. – Алматы, «Полиграфия Сервис К», 2010.
2. Аманбаев Р.Р. Спорт теориясы мен әдістемесінің жалпы негіздері (Оқу құралы). Алматы. ҚСЖТ академиясы. 2006ж.
3. Апанасенко Г.Л. Медицинская валеология. М., 2000.
4. Әлімжанова Г. Салауатты өмір салтын ұстау. //Бастауыш мектеп, №2-2004.

5.Ә.К.Әбділлаев, Ж.К.Оңалбек. Дене мәдениетінің ілімі және әдістемесі. (Лекциялық жинақ). Түркістан, Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ. Тұран баспаханасы. 2004ж.

6. Баранов, В. М. В мире оздоровительной физкультуры / В. М. Баранов. - Киев : Здоров'я, 2007. - 133 с.



ӘОЖ 37.025.2

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ САУЛЫҚ ПЕН ТӘН САУЛЫҒЫ ТУРАЛЫ КЕЙБІР МӘЛІМЕТТЕР

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Шилибаев Б.А.
Баймуратов Д.А., Қуатбаев Ж.Ж Дш-19-1 окб кб
Халықаралық Тараз инновациялық институты, . Тараз қ

Андатпа: Оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастырудағы жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі. Қазіргі кезде білім беру мекемелерінің алдында тұрған міндеттердің бірі – жас ұрпақтың салауатты өмір сүруге көзқарасын қалыптастыру, олардың денсаулығын сақтауға, қоршаған ортасын таза ұстауға және жоғары, сапалы білім алып, сол білімді келешектегі өмірінде пайдалана білуге тәрбиелеу.

Аннотация: Эффективность новых инновационных технологий в формировании здорового образа жизни учащихся. В настоящее время одной из задач, стоящих перед образовательными учреждениями, является формирование у молодого поколения отношения к здоровому образу жизни, воспитание у них способности сохранять здоровье, поддерживать чистоту окружающей среды и получать высокое, качественное образование и использовать эти знания в дальнейшей жизни.

Abstract: The effectiveness of new innovative technologies in the formation of a healthy lifestyle of students. Currently, one of the tasks facing educational institutions is to form the attitude of the younger generation to a healthy lifestyle, to educate them in the ability to maintain health, maintain the cleanliness of the environment and receive high-quality education and use this knowledge in later life.

Салауатты өмір салтын насихаттауда, салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру мәселелерін жетілдіретін, осы саладағы басымдылықтарды анықтайтын ғылым да, өскелең ұрпақты оқыту, тәрбиелеу формалары мен жаңа әдістерді ұстанатын білім де қажет. Мектеп оқушыларының салауатты өмір салтын қалыптастыру туралы алған білімдері болашақ азаматтардың денсаулығын сақтап қалуға берік тірек болады. Біріншіден, жеке тұлғаның өзін қоршаған жансыз және жанды табиғи ортамен жан – жақты үйлесім тауып, өз ғұмырын Отаны, елі, отбасы және өзі үшін барынша пайдалы өткізу дағдысын қалыптастыру; - Екіншіден, салауатты өмір салты – ол денсаулықтың үйлесімді дамып, сақталуы мен орнығуын қамтамасыз ету мақсатында денсаулықты нығайтуға бағытталған іс – шараларды жүргізу [1].

Мектептегі оқушы денсаулығын сақтау мен қалыптастырудың басты мақсаты: тұлғаның психологиялық, дене – қимыл әрекеттерінің мүмкіндіктері мен жас ерекшеліктерін ескеріп, гигиеналық ұғымдарды, салауатты өмір салтының уәждамаларын, жеке бас тазалығын жете түсіндіру; Олардың мінез – құлқында белгілі гигиеналық тұрақтылықты қалыптастыру, өзіне - өзі қызмет ету, денсаулығын сақтау, нығайту, мәдени – гигиеналық мінез – құлық дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін қандай жағдайларға назар аудару керек?

Бұл жеке адамның тіршілік етуге бағытталған мүмкіндіктерін қалыптастыру. біздіңше, адамның әлеуметтік – психологиялық және биологиялық жақтан салауатты өмір салтын қалыптастыруға мына жағдайлар негіз бола алады: - белсенді қозғалыс нәтижесінде организмді шынықтыру дене тәрбиесі немесе спортпен шұғылдану; физикалық еңбектің гигиеналық талаптарын жүзеге асыру; - жеке және әлеуметтік гигиеналық талаптарын жүзеге асыру; - қарым – қатынас және экологиялық мәдениетке жету; - дұрыс жыныстық тәрбие алу; - зиянды әдеттерден аулақ болу [2].

Салауатты өмір салтының бүгінгі маңызды мәселелерінің бірі – жасөспірімдер арасындағы ішімдікке салыну десек, қазіргі зерттеулерге қарағанда, оған салынудың әлеуметтік – патологиялық дамуы мына себептерге байланысты екені белгілі болып отыр: әлеуметтік – экономикалық жағдай; отбасындағы психологиялық орта; жұмыссыздық, мақсатсыздық немесе шектен тыс бос уақыт, т.б.

Сондықтан балаларды жасынан, зиянды әдеттерден сақтандыру салауатты өмір салтына қалыптастыруға күш салуымыз керек.

Денсаулық тәрбиесі – ортақ мәселе. Халық санының өсуі, оның сапасы, деннің саулығы мемлекет әл – ауқатының дамуына мұрындық болады. Сондықтан да Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің еңбегінде «жер үстіндегі байлық деп отырғанымыз – адам, оның білімі мен іскерлігі, таланты мен мәдениеті, денсаулығы деген еді».

Қолда бар мүмкіндікті пайдаланып оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін тиімді қолдану, жаңа технологияны әркімнің өз сабағында пайдалану арқылы оқушы жастарды халықтың дәстүр үрдісінде адамгершілікке, салауатты өмір сүруге баулу дені сау ұрпақ тәрбиелеу дене тәрбиесі пәні мұғалімдерінің басты міндеті. Олай болса, оқыту мен тәрбиелеудің ой елегінен өтетін әдіс-тәсілдерін, жаңашыл педагогтардың тапқан әдістемелерін біліп қана қою жеткіліксіз, оны әркім өз мүмкіндігінше күнделікті сабақта пайдалану қажет.

Өзімнің 9-сыныптарға өткізген «Гимнастика тепе – теңдікті сақтау» атты сабағымда алдымен оқушыларға өткен тақырыптарға байланысты сұрақтар бере отырып, бүгінгі жаңа сабақтың қандай тақырыпта өткелі тұрғанын ашып алдым.

Сабақ барысында оқушыларға логикалық сұрақтар беріп, кейін күрделі сұрақтарды тапсырма ретінде бердім. Сұрақтарға байланысты жауабын тапқан оқушы, сол жерде практикалық түрде орындап көрсетеді. Сабақ кезінде оқушының ішкі позициялық көз қарасы мен бағыты айқын көрініс бере алады. Сонда ғана сабақ нәтижелі болып, білім сапасы артады. Әр оқушының білім деңгейін, қабілетін, мүмкіншілігін түсіну, оқушыларға қиындықтарды жеңуге, кемшіліктерден арылуға көмектесу.

Дене шынықтыру пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген ерекшеліктері бар. Мұнда негізінен оқушының қабілеті, бейімділігі баса назарда болуы керек. Дегенмен де оқушыларды бейімдеу, қабілетін дамыту, спортқа деген қызығушылығын арттыру жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты.

Сондықтан оқушылардың пәнге қызығушылықтарын арттыру мақсатында мұғалім сабақты тартымды етіп теория мен практиканы ұштастыруында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі баса назарда ұстап тақырыпқа байланысты спорт түрлерінің шығу тарихын, спорт түрлері дамыған елдерді спорттың әр саласындағы белгілі спортшылар өмірі туралы айтса оқушылар арасындағы бәсекелестікті және әр оқушының өз қабілетіне, қызметіне сәйкес жоғары деңгейге көтерілуіне септігін тигізеді.

Осылай ойын элементтерін, әдістерін деңгейлеп орындату арқылы оқушылардың тапсырмаларды орындауда жинаған ұпайларын «даму мониторингі» кестесіне белгілей отырып, оқушы біліміне талдау жасап отыру қажет. Өтілетін тақырыптарға байланысты қызықты сергіту ойындарын ойнатудың да сабақ барысының сапасын арттыруға ықпалы көп. Атап айтсам: «Кім шапшаң?», «Көңілді эстафета!», және ұлттық ойындарды сабақта түрлендіріп өткізуге машықтандыру.

Осы бағыттарда сын тұрғысынан ойлау және деңгейлеп оқыту технологияларының тиімді әдістерін дене шынықтыру пәнінде қолдануды ұсынамын. Алдымен «Дене шынықтыру пәні не береді?» – деген сұраққа:». Қимыл қозғалысты береді. Дене мәдениетін қалыптастыру. Денені шынықтыру, тәрбиелеу. Жалпы дамыту жаттығуларын меңгертеді. Мемлекеттік стандарттық бағдарламаны жоспарлай білуді, нормативтік тест жаттығуларды игертуді береді [3].

Дене тәрбиесі сабағында сын тұрғысынан ойлау технологиясын тиімді пайдалану. Күтілетін нәтиже - дене тәрбиесі пәніне деген қызығушылықтары артады. Оқушы шығармашылығы, өзін-өзі басқаруы, құрметі, эстетикалық талғамы артады. Дене шынықтыру сабағында 5-6 сыныптарға сергіту сәтін алуға болады. Өз тәжірибемде 5-сыныптарға өткізген «Эстафеталық жарыстар» атты сабағымда, алдымен оқушыларға ой толғау жасау мақсатында қазақтың ұлттық ойын түрлеріне тоқталуды, ұлттық ойындар туралы өз түсініктерін сұрай отырып, сабақ барысы кезінде орындатуды жоспарладым. Міне, осы арқылы оқушылар сабақтың жарыс түрінде топтық ойын әдісінде болатына көз жеткізеді [3].

Сабақты қызықты өткізу үшін қазақтың ұлттық ойындарының тарихын таныстырып өтіп, жасырылған сұрақтарды табуға машықтандыру, әр топқа белгіленген ұпай сандарына қарай бағалап отырдым. Кейін сабақ барысын: «Кім шапшаң?» бөлімі деп алып, бұл бөлімінде оқушылар белгіленген жерге дейін эстафеталық таяқшамен жүгіріп барып, белгілі жеріне жеткен кезде, тақтаға жазылып берілген есептерді шапшаң орындап шығып кейін қайтып келулері керек.

Оқушылардың бұл бөлімде сабаққа деген қызығушылығының артуымен бірге, машықтанады, логикалық ойлау қабілеттері артады, қимыл-қозғалыс әрекеті дамиды.

Қазіргі кездегі әлеуметтік-экономикалық жағдай, тіршілік деңгейінің құлдырауы және экологиялық қолайсыздық Қазақстан Республикасының бүкіл халқының, әсіресе, өскелең ұрпақтың денсаулығына кері әсерін тигізуде. Осы ретте, елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» бағдарламасындағы ұзақ мерзімді басымдықтың бірі – «Мемлекетіміздегі азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл ауқаты тармағында» және кезекті Жолдауында денешынықтыру мен спортты дамытуға айрықша көңіл бөлу қажеттілігі көрсетілген. Бүгінгі таңда өз тәуелсіздігін

алған егеменді еліміз осы бағытта жалпы білім беретін орта мектепте жан-жақты, дамыған, денсаулығы мықты, салауатты өмір салтын мұрат тұтқан жеке тұлғаларды тәрбиелеу басты талап етіп қойылған [4,5].

Барша азаматтардың денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтына бағытталған елбасының жолдауын – егемендіктің кілтін ұстар жастардың болашағына апаратын алтын сұрлеу десе болады. Бүгінде білім беру мекемелерінің алдында тұрған міндеттердің бірі – жас ұрпақтың салауатты өмір сүруге көзқарасын қалыптастыру, олардың денсаулығын сақтауға, қоршаған ортаны таза ұстауға және жоғары, сапалы білім алып, сол білімді келешектегі өмірінде пайдалана білуге тәрбиелеу.

Адамның ақыл-ой интелектісін оның білімділік деңгейінен байқауға болады. Білім – ақыл-ойдың бастапқы түрткісі және негізгі құралы, әрі көрсеткіші болғандықтан, әрбір адам салауатты өмір сүру үшін біріншіден ақыл-ойын жетілдіру керек; екіншіден материалдық жағдайын түзеуі тиіс, ол үшін адал еңбек етуі қажет.

Егемен елдің ертеңі – бүгінгі жас ұрпақ десек, олардың білімді де білікті, жоғары мәдениетті, парасат-пайымы мол, сапалы азамат болып жетілуі тәлім-тәрбие беретін ұстазға, ата-анаға, өскен ортасына байланысты. Сондықтан да білім саласын қазіргі заманның ұрпағын тәрбиелеуші орта ретінде оқушылардың бойына арнайы адамгершілік және мәдениеттілік құзіреттіліктерін қалыптастыру мен жандандыру күн тәртібіндегі басты мәселе.[6]

Азаматтың дені сау болуы салауатты өмір сүруді қалыптастырумен тікелей байланысты, яғни салауатты өмір салтын қалыптастыру – денсаулық кепілі. Осы ретте, салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін қандай жағдайларға назар аудару керек дегенге келсем. Сонымен салауатты өмір салты деген не? Бұл жеке адамның тіршілік етуге бағытталған мүмкіндіктерін қалыптастыру.

Ұлт тағдыры – ұрпақ қолында екенін жақсы түсінген ата-бабамыз жас жеткіншектерді еңбекке баули отырып, рухани-адамгершілік ізгі қасиеттерге тәрбиелеу мәселесін алғашқы орынға қойған. Сондықтан, біз болашақ педагогтар өз кезегімде алдымызға келген әрбір оқушының денінің сау болуы үшін осы бағытта да тәрбие бере білуге тиіспіз. Білім алушыны сауықтыруда дене шынықтыру пәні жетекші орынға ие болатын болса, басқа пәндердің өз үлесі болуы керек екені сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Дьяконов, И.Ф. Основы здорового образа жизни для всех / И.Ф. Дьяконов. - СПб.: Спецлит, 2018. - 126 с.
2. Кобяков, Ю.П. Физическая культура. Основы здорового образа жизни: Учебное пособие / Ю.П. Кобяков. - Рн/Д: Феникс, 2014. - 352 с.
3. Кобяков, Ю.П. Физическая культура. Основы здорового образа жизни: Учебное пособие / Ю.П. Кобяков. - Рн/Д: Феникс, 2012. - 252 с.
4. Мисюк, М.Н. Основы медицинских знаний и здорового образа жизни: Учебное пособие для бакалавров / М.Н. Мисюк. - М.: Юрайт, 2013. - 431 с.
5. Мисюк, М.Н. Основы медицинских знаний и здорового образа жизни: Учебное пособие для бакалавров / М.Н. Мисюк. - М.: Юрайт, 2012. - 431 с.
6. Мисюк, М.Н. Основы медицинских знаний и здорового образа жизни: Учебник для прикладного бакалавриата / М.Н. Мисюк. - Люберцы: Юрайт, 2016. - 431 с.



ӘОЖ 796.011.3

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ЫНТАЛАНДЫРУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

**Шилибаев Б.А., Толепов И.С., Топар Н.Ж. Дш-19-1 окб кб
Халықаралық Тараз инновациялық институты, . Тараз к**

Андатпа: Оқушылар дене-бітімінің дұрыс дамуы, денсаулығының нығаюы, жұмыс қабілетінің артуы сыртқы ортаның қолайсыз жағдайларына қарсы тұруға ықпал етеді. Жақсы денсаулық - адамның еңбек және қоғамның іс-әрекетке жемісті қатысуының маңызды кепілі. Оқушылардың денсаулығына қамқорлық жасауға біздің қоғамымыз мейлінше мүдделі.

Аннотация: Правильное физическое развитие учащихся, укрепление здоровья, повышение работоспособности способствуют сопротивлению неблагоприятным условиям внешней среды. Хорошее здоровье-важная гарантия плодотворного участия человека в труде и деятельности общества. Наше общество наиболее заинтересовано в заботе о здоровье учащихся.

Abstract: Proper physical development of students, health promotion, improvement of working capacity contribute to resistance to adverse environmental conditions. Good health is an important guarantee of a person's fruitful participation in the work and activities of society. Our society is most interested in taking care of the health of students.

Спорттың адам өмірінде алатын орны зор екендігін бәріміз білеміз. Спортпен айналысқан адамның денсаулығы мықты, өзі шыдамды болады. Біздің ата - бабаларымыз “тәні саудың – жаны сау” - деп бекер айтпаған. Спорттың қай түрімен айналысу адамның қабілетіне байланысты болады. Бұл туралы ұлы ойшыл Ибн Сина да өз шығармаларында айтқан. Ол сондай - ақ спортты мағынасына қарай жеңіл, ауыр, ұзын, қысқа сияқты бірнеше түрге бөлген. Денсаулық пен өмірді дамыту үшін кем дегенде спорттың 33 түрінен жаттығу жасау керектігін айтқан.

Елбасы Н. Ә. Назарбаев өзінің “Қазақстан - 2030” стратегиялық бағдарламасында халықты салауатты өмір салтына ынталандыруды басым бағыттың бірі ретінде атап көрсетті. Сондай - ақ Президентіміздің қолдауымен 2003 жыл – денсаулық жылы болып жарияланған. Расында да, бүгінгі таңда еліміздің ақсақалдарынан кішкентай баласына дейін дене тәрбиесіне ерекше мән беруде. Жастар арасында салауатты өмір салтын дене тәрбиесінің тәсілдері арқылы қалыптастыру.

Ел басшысы Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан 2050» стратегиялық даму бағдарламасында «Салауатты өмір салтын ынталандыру әрқайсымыздың дене тәрбиесімен айналысуымызға, дұрыс тамақтануымызға, есірткілерді, темекі мен алкогольді тұтынуды қойып, тазалық пен санитария шараларын сақтауымызға және Т. С. С. бағытталған» делінген . «Денсаулық – зор байлық, адам бақытының бастауы» - дейді халқымыз [1].

Ата бабаларымыздың бұл дана ой – пікірі талай ғасырлар белесінен өтіп бізге жетіп отырған шындық. Ұлттың денсаулығы ұлан асыр байлық екені рас, тек оған ие болу үшін көп күштер жұмсауымыз қажет. Денсаулық адамға бірақ рет берілетін табиғат тартуы. Ол тұрақты, мәңгілікке берілмейді, үзбей өзгерісте болады. Оны

сақтау үшін еңбек сіңіру, ауырмай тұрып іс - әрекет жасау керек. Оған нақты білім, ынта - ықылас, ерік – жігер қажет, онсыз баянды, әрі ұзақ денсаулықты сақтау қиын.

Қазақстан халқының, оның ішінде жастардың денсаулығы төмен деңгейде. Тек, бір көрсеткіш - әскер қатарына шақырылған жастардың 50 % дене дайындықтарының нашар дамуына және денсаулықтарына байланысты қорғаныс күштерінің қатарында қызмет атқаруға жарамсыз. Бұл қауыпты жағдай Қазақстан үкіметін, әскери ұжымдарды, педагогтарды, дәрігерлерді, ғылымдарды шындап толғандыруда.

Қазіргі кезде бұл проблеманы шешудің негізгі жолы салауатты өмір салтын қалыптастыру, кеңінен насихаттау болып отыр. Бұл тұрғыда елбасы « Қазақстан - 2030» стратегиялық бағдарламасында «Жеткілікті құралдар болмай тұрған жағдайда, ауруларға қарсы күрес, денсаулықты нығайту жөніндегі біздің стратегиямыз – азаматтарымызды салауатты өмір салтын әзірлеуден басталады» - деп атап көрсетті.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұжымының деректері бойынша, денсаулыққа әсер ететін факторлардың 50 - 60 % өмір тіршілігіне, 20 % - тұқым қуалаушылыққа, 20 % - сыртқы ортаның жағдайына, 8 - 10 % - дәрігерлік көмектің деңгейіне байланысты. Бұл деректер денсаулық үшін күрестің негізгі бағыты – салауатты өмір салтын қалыптастыруға, оны насихаттауға бағытталған шаралар екенін дәлелдейді. Салауатты өмір салтының жастар арасында қалыптасуының маңызы өте зор [2].

Бұл бағытта жүргізілетін жұмыстар: ауру шақыратын факторлардың әсерін төмендетуге, ішімдіктің, темекінің, есірткінің зияндығына, қимыл - қозғалыстың аздығына, құнарлы тамақтанбауға қарсы жүргізілетін үгіт - насихат жұмыстарына негіз салды. Салауатты өмір тіршілігі – денсаулықты сақтаудың және нығайтудың негізгі, ол жан - жақты дамыған азаматтың қалыптасуына, оның рухани, дене дамуына әсер етеді.

Денсаулыққа кері, жағдайсыз әсер ететін көптеген факторлар бар: аурып жазылу; никотин мен алкогольге құмарлық; еңбектің, тұрмыстың жайсыз жағдайларының созылмалы әсері; дұрыс тамақтанбау (оның жеткіліксіздігі және шамадан тыс көптігі); көңіл күйдің жылдам ауытқуы, еңбек пен ретсіз демалыстың бұзылуы, ауаның, судың бұзылуы; дәрі - дәрмекті және тұрмыс химиялық заттарын орынсыз пайдалану.

Осы факторлардың ішінде бірінші қатарда қимыл - қозғалыстың аздығы. Дене тәрбиесі Жоспары: 1. Дене тәрбиесінің маңызы мен міндеттері. 2. Дене тәрбиесі, мазмұны, бағдарламасы. 3. Бастауыш сыныптағы дене шынықтыру сабақтары. 4. Сыныптан тыс жұмыстар. 5. Тәртіп. 6. Салауатты өмір салты. (П.Иванов жүйесі).

Оқушылар дене-бітімінің дұрыс дамуы, денсаулығының нығаюы, жұмыс қабілетінің артуы сыртқы ортаның қолайсыз жағдайларына қарсы тұруға ықпал етеді. Жақсы денсаулық - адамның еңбек және қоғамның іс-әрекетке жемісті қатысуының маңызды кепілі. Оқушылардың денсаулығына қамқорлық жасауға біздің қоғамымыз мейлінше мүдделі. Сабақтарда, сабақтан тыс уақытта, спорт секцияларында дене тәрбиесін күн сайын ұйымдастырып, қолайлы жағдайлар жасау қажет.

Табиғи қозғалыстың түрлері жүгіру, қарғу, жүзу, лақтыру, шаңғы, коньки, велосипед тебу, акробатика өмірге қажетті дағды және іскерліктерді қалыптастырады. Жас адамдардық денесі түрлі жаттығулар көмегімен ширап, дамиды. Сондықтан күш, жылдамдық, төзімділік, икемділік сияқты адам қабілетін дамыту оқушылардың қозғалтқыш тәжірибесін байытады, дене қозғалысын үйлестіреді.

Дене тәрбиесі саласында ырғақ, жеке гигиена, дене шынықтыру мәдениеті, туризм, спорт ерекше орын алады. Дене тәрбиесі ең басты күн тәртібін, яғни, еңбек, демалыс, тамақтану, ұйқы, бос уақыт ырғақтарын дұрыс ұйымдастыруда талап етеді. Күн тәртібін тиімді пайдалану балалардың ақыл-ойы мен дене құрылысының дұрыс дамуына, денсаулығын сақтауға көмектеседі.

Күн тәртібін бұзбау міндет. Тәртіп дегеніміз - демалыс, тамақтану, жеке гигиена және күн мен түннің пайдалы сәттерін маңызды, мазмұнды қолдану. Мектепте дене тәрбиесін мұғалім, сынып жетекшісі, тәрбиеші басқарады. Олардың жұмысының мазмұны: шәкірттерге оқу, еңбек және демалыс ырғағын ұтымды пайдалануды үйрету, оқушылардың денсаулығын үнемі бақылау, жұмыс қабілетін жаңсарту, оларға жағдай туғызып, қамқорлық жасау. оқу күні және оқу жылы бойында қозғалыс жасау, қозғалтқыш әрекетке үйрету және қозғалтқыш сапаларын дамыту, дене шынықтыру және сауықтыру жұмысын тиімді өткізу. Дене тәрбиесін мектепте және мектептен тыс оқу орындарында спорттық базаларда іске асыру үшін төмендегі талаптарды еске алған жөн: оқушылардың бойында жоғары адамгершілік сапаларын тәрбиелеу. шәкірттің денсаулығын нығайту, жұмыс қабілетін көтеру. спортпен шұғылдануға оқушылардың тұрақты қызығуын және қабілетін дамыту. негізгі қозғалтқыш сапаларын дамыту.

Дене тәрбиесінің мазмұны, міндеттері және формалары әрбір мектептердің жағдайларына байланысты дене шынықтыру және сауықтыру жұмысының жүйесін жасауды қажет етеді. Дене тәрбиесінің негізгі құралдарына дене жаттығулары, гимнастика, ойын, туризм, спорт, табиғи факторлар жатады. Дене жаттығулары - бұл саналы түрде орындалған қимылдар және қозғалтқыш әрекеттер. Дене жаттығулары бұлшық ет жүйесін, қан айналымын және тыныс алу мүшелерін дамытады. Гимнастика. Түрлері: негізгі және гигиеналық гимнастика, спорттың гимнастика, акробатика, көркемдік гимнастика, өндірістік гимнастика және емдік гимнастика. Ойын оқушыларды жылдамдыққа, төзімділікке тәрбиелейді [3].

Туризм - оқушыларды төзімділікке, ұжымдыққа, еңбек сүйгіштікке және қолайсыз сыртқы жағдайларда кездесетін қиындықтарды жеңуге тәрбиелейді. Спорт - оқушылардың денсаулығын нығайтатын, дене күшін, қозғалыс дағдыларын және моральдық-еріктік қасиеттерін дамытатын дене тәрбиесінің құралы. Дене тәрбиесіндегі маңызды құралдарының бірі - табиғи факторлар: күн көзі, ауа, суға шомылу, душ қабылдау. Табиғат факторларын балалардың денесін сауықтыру жұмысы кезінде пайдалану өте тиімді. Дене тәрбиесінің маңызды мақсаттарының бірі - балалар мен ересек адамдарды дене шынықтыру ісіне жұмылдыру.

Дене тәрбиесінің міндеттері: - денсаулықты нығайту және шынықтыру, дененің дұрыс өсіп-жетілуіне және ағзаның жұмыс қабілетін арттыруына әсер ету; - қимыл дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыру және жетілдіру; - қимылдың жаңа түрлеріне баулу және оны теориялық білімдерімен байланыстыру; - негізгі қимыл-қасиеттерін күшті, төзімділікті, шапшаңдықты және ептілікті дамыту; - еріктілікке, батылдыққа, табандылыққа, тәртіптілікке, ұйымшылдыққа, достық пен жолдастық сезімге, мәдениет мінез-құлық дағдысына еңбек пен қоғамдық меншікке саналы көзқарасын тәрбиелеу; - өдеттерді қалыптастыру және дене жаттығуларымен үнемі шұғылдануға ынтаны тәрбиелеу; - гигиеналық дағдыларды сіңіру, дене жаттығулары мен шынықтыру гигиенасы жөніндегі білімді хабарлау [3].

Дене шынықтыру сабағы әзірлік, негізгі, қорытынды бөлімдерінен тұрады. Әзірлік бөлімі оқушылардың сергек көңіл-күйін, дене шынықтырумен шұғылдану ынтасын арттыру және балаларды сабақтың негізгі бөлігінде күрделі дене

жаттығуларын орындау даярлығын жасау үшін пайдаланылады. Сабақтың негізгі бөлігіне оқу бағдарламасындағы дене жаттығуларының түрлері енгізіледі. Жаттығулар, әр қилы ойындар оқушылардың көтеріңкі көңіл-күйін туғызады.

Осы көтеріңкі ілікті басып, оқушыларды келесі сабақтарға даярлау сабақтың үшінші, қорытынды бөлігінің міндеті. Сабақ жалпы сап түзеумен, қорытынды жасаумен аяқталады. Дене шынықтыру сабақтары процесінде білім беру, тәрбиелеу, сауықтыру міндеттері шешіледі. Дене шынықтыру сабағының маңызды тәрбиелік міндеті оқушылардың дене шынықтырумен үнемі шұғылдануға ынта-ықыласын дарыту. Бастауыш сыныптағы дене шынықтыру сабақтары жаттығуларының және ойындарының сан алуандылығымен ерекшеленеді [4,5].

Дене тәрбиесі бойынша сыныптан тыс жұмыстардың міндеттері: баланың денсаулығын нығайтуға көмектесу; ағзаны шынықтыру, оқушылардың жан-жақты өсіп жетілуіне, дене шынықтырудық оқу бағдарламасын ойдағыдай меңгеруге көмектесу; балаларды дене шынықтыру және спортпен үнемі шұғылдануға әдеттендіру; қозғалыс дағдысын тәрбиелеу. Дене шынықтыру мен спорт жөніндегі сыныптан тыс жұмыстың негізгі формалары: секциялары мен үйірмелердегі сабақтар спорт жарыстары, серуендер, туристік жорықтар, дене шынықтыру және спорт мейрамдары. Серуендер мен жорықтарды балалардың табиғат туралы білімдерін толықтыра алатындай тамаша адамдардық әңгімелерін ести алатындай жерде белгіленген жөн.[6]

Әдебиеттер:

1. Дьяконов, И.Ф. Основы здорового образа жизни для всех / И.Ф. Дьяконов. - СПб.: Спецлит, 2018. - 126 с.
2. Кобяков, Ю.П. Физическая культура. Основы здорового образа жизни: Учебное пособие / Ю.П. Кобяков. - Рн/Д: Феникс, 2014. - 352 с.
3. Кобяков, Ю.П. Физическая культура. Основы здорового образа жизни: Учебное пособие / Ю.П. Кобяков. - Рн/Д: Феникс, 2012. - 252 с.
4. Мисюк, М.Н. Основы медицинских знаний и здорового образа жизни: Учебное пособие для бакалавров / М.Н. Мисюк. - М.: Юрайт, 2013. - 431 с.
5. Мисюк, М.Н. Основы медицинских знаний и здорового образа жизни: Учебное пособие для бакалавров / М.Н. Мисюк. - М.: Юрайт, 2012. - 431 с.
6. Мисюк, М.Н. Основы медицинских знаний и здорового образа жизни: Учебник для прикладного бакалавриата / М.Н. Мисюк. - Люберцы: Юрайт, 2016. - 431 с.



ӘОЖ 796.011.3

САЛАУАТТЫ ӨМІР СҮРУДІҢ МАҚСАТЫ МЕН НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Шилибаев Б.А.

Тұрсынбаев Ә.Д., Шакизада А.С. Дш-19-1 окб кб

Халықаралық Тараз инновациялық институты, . Тараз қ

Андатпа: Салауатты өмір салтының өзектілігі техногендік және экологиялық сипаттағы қауіптердің артуына және әлеуметтік құрылымның күрделенуіне байланысты адам ағзасына түсетін жүктемелер сипатының өсуіне және өзгеруіне байланысты.

Аннотация: Актуальность здорового образа жизни обусловлена ростом и изменением характера нагрузок на организм человека в связи с возрастанием рисков техногенного и экологического характера и усложнением социальной структуры.

Abstract: The relevance of a healthy lifestyle is due to the growth and change in the nature of the loads on the human body due to the increasing risks of man-made and environmental nature and the complexity of the social structure.

Салауатты өмір салты (СӨС)-бұл аурудың алдын алуға және денсаулықты нығайтуға бағытталған адамның өмір салты. Бұған адам өмірінің барлық салалары кіреді – тамақтан бастап эмоционалды көңіл-күйге дейін. Салауатты өмір салты-бұл тамақтану, физикалық белсенділік және демалу режиміне қатысты бұрынғы әдеттерді толығымен өзгертуге бағытталған өмір салты.

Қазіргі жағдайда адамның денсаулығы мен әл-ауқатына қамқорлық, адамның түр ретінде өмір сүруімен және сақталуымен байланысты.

Салауатты өмір сүрудің бірде-бір кестесі түн ортасынан кейін ұйқыға кетуді және демалыс күндері сағат 2-де оянуды қамтуы мүмкін емес. Егер сізге бір күн ішінде істерге уақыт жетпесе, сіз істер санын азайтуыңыз керек немесе оларды тезірек орындауыңыз керек. Ол үшін уақытты бөлуге жүйелі көзқарас қажет.

Еңбек пен демалудың ұтымды режимі физикалық және психикалық стресс кезеңдерінің толық релаксация кезеңдерімен ақылға қонымды ауысуын қамтиды. Басқаша айтқанда, ұйқы толық болуы керек (ересек адам үшін 7-8 сағат) және демалыс күндері бірдей демалу керек [1].

Қазіргі кезеңдегі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуында орын алып отырған қиындықтарға қарамастан, салауатты өмір сүрудің мемлекеттік жүйесі жалпыадамзаттық түпкілікті рухани байлықтарға негізделуі тиіс. Ол жеке бастың үйлесімді дамуына, денсаулықты нығайтуға, адамдардың тіршілік үшін белсенділігін арттыруға ықпал жасауды өзінің басты мақсаты етіп алу керек.

Қоғамның салауатты өмір сүруін өз деңгейіне жеткізу мақсатындағы белгілі шараларды іске асыру үшін адамның жеке басына мынадай міндеттер қойылады:

1. Ең әуелі, адам ағзасының дұрыс жұмыс істеуін білу мақсатында дене құрылысының биологиялық, физиологиялық анатомиялық құрылымымен таныс болу;

2. Ағзаның қай мүшесінде кемістік пайда болса, оны табиғи заттардың әсерімен калпына келтіру;

3. Адам ағзасының өз деңгейінде дұрыс жұмыс істеуі үшін (әрине, өмірдің әр кезеңінде) оған саналы түрде жағдай жасау;

4. Денсаулықты сақтаудың негізгі принципі — Аристотельдің "жаңды дене қозғалмаса, өледі" деген қағидасын басшылыққа алу;

5. Табиғатта жаңды да, жансыз да дененің өмір сүруінің негізгі көзі - ауа, күн, су құрылымы болғандықтан, денсаулықты сақтау үшін осы аталған табиғи құбылыстарын дұрыс пайдалана білу;

6. Жеке бастың тазалығы;

7. Дұрыс тамақтану жүйесі;

8. Экологияның бұзылуына байланысты күнделікті тршілікте сауықтыру жүйесін өз бетінше саналы түрде шығармашылық жүйемен үйлестіру;

9. Жас ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаның күш-қуатын пайдаланудың міндеттерін білу;

10. Дененің жан-жақты үйлесімді дамуы;

11. Денешынықтыру, сауықтыру ісін меңгеру процесінде жеке астың айқындалуы;

12. Серуендеу және саяхат жасау жүйесінен хабардар болу [2].

Салауатты өмір сүрудің негізгі принципі - еш ауруға шалдықпай, дертке жеткізбей-ақ; алдын-ала мол денсаулық көзін ашу. Баяғыда Лұқпан Хакімнен: "Өмірде байлық қымбат па, жоқ, даңқ қымбат па?" деп сұраған екен. Ол біраз ойланып тұрып, "байлық та, даңқ та адам баласын бақытты ете алмайды. Біле білсеңдер, ауру ханнан дені сау қайыршы бақытты. Ал, бақыт дегеніміз не? Әрбір адам өзінің күш-жігерін халқына, өз еліне, ұрпақ тәрбиесіне жұмсап, ақылды, парасатты және денсаулығы зор болса ғана бақытты" деген екен.

Бақытты адам өзінің жұмысқа деген ынтасын, санасын, рухани байлығын өмір бойы дамытып, еңбекке араласады. Тек қана дені сау адам өзінің үнемі ой-өрісін кеңейтіп, өмірдегі мақсатына жетеді. Сондықтан, әрбір адамның денсаулығының мықты болуы да өз қолында. Міне, денсаулықтың принципі де осында. Ешкімнің денсаулығына ешкім көмектеспейді және бәрін сатып аламын деген капиталистік принцип құр ұрандау болып табылады [3].

Салауатты өмір сүру үшін тіршіліктің күрес тек қана ағзаның биологиялық өзгерістері ғана емес сонымен қоса әлеуметтік маңызы зор құбылыс. Бұл күрес адам баласына туған күнінен бастап, өмір бойы тоқтамай, оның тіршілік қабілетін жоғалтпай, жасының ерекшелігіне қарай қызмет етеді. Бұл құбылыстың барлығын ағзаның орталық жүйке жүйесінің ең негізгі реттеуіш бөлігі - мидың адам өмірінде атқаратын қызметі - тіршіліктің негізгі көзі.

Ми — жүйке жүйесіндегі ең негізгі орталық. Ми ағзаның барлық жүйке талшықтарымен екіжақты байланыста болатындығын әрқайсысымыз жақсы білеміз. Демек, бірінші, байланыс ағзаның ішкі құрылысында не болып жатқанын хабарласа, екінші байланыс сыртқы құбылыстың ағзаға тигізіп жатқан әсерін хабарлайды. Осы процесс арқылы ағзаның дұрыс та бірқалыпты сау болуын әркім бақылап отырады. Демек, ағзаның іштегі, болмаса, сырттағы бір мүшесі зақымдалса, осы байланыстың арқасында ғана ауру я сау екенін біліп отырады.

Мидың екінші бір негізгі міндеті — ағзаның жұмыс жүйесін, демалысын реттеп отыруы. Міне, салауатты өмір сүрудің негізгі бір принципі - осы екі жүйе дұрыс қалыптасып, тепе-теңдікте болған жағдайда ғана адамның өмірі ұзаққа созылады. Ал, бұл жүйе бұзылған жағдайда, орталық жүйке жүйесінің жұмыс қабілеті төмендейді. Бұны адамның алғашқы ауруға шалдыққаны деп білуіміз керек. Жүйкенің тоза бастаған адамның ұйқысы бұзылады (бұл негізгі тепе-теңдіктің бұзылуы), артық сөз айтып қызбалыққа ұрынады. Осыдан барып, адам азып-жүдеп, әртүрлі ауруларға шалдығады. Бұл жағдай ең алдымен жүректің, қан қысымының өзгеруіне әкеліп соқтырады.

Міне, адам баласының қандай да бір ауруға шалдығуының себебі, алдымен жүйке жүйесінің бұзылуына байланысты деп тұжырымдаған жөн. Сондықтан, баланы жастан дегендей, жас ұрпақты тәрбиелегенде жүйкесін тоздырмауды әрбір ата-ананың білуі міндетті.

XVIII ғасырдың оқымыстысы, испандық дәрісгер Христофор Гуфеленд бала туғаннан кейінгі алғашқы жылдан бастап, сыртқы құбылыстарға бейімделіп, әсеріне реакция беретіндей дәрежеге жеткен кезден бастап-ақ жүйке талшықтары тоза бастайды деп ескертеді. Тәжірибелі дәрісгер айтқандай, ата-ана жөнсіз еркелетіп, тіршіліктің қиыншылығына бейімдемей, еңбекке араластырмай, дұрыс тәрбие бермесе, ондай баланың денсаулығы дұрыс қалыптаспайды [4,5].

Орталық жүйке жүйелерінің ауруға шалдығуының негізгі бір себебі - қоршаған ортаның аса зиянды әрекеті. Бұл тіпті өмірдің қысқаруына әкеліп соқтырады. Қазақстан аумағындағы бүгінгі экологиялық жағдай әр адамның қаншалықты салауатты өмір сүремін дегенімен, оған мүмкіншілік бермейді. Жүйке тамырларының ауруға шалдығу себептері ағзаның дұрыс дем алмауы, яғни, тепе-теңдік жүйесі бұзылуынан, сөйтіп оның салдарынан жүрек, қан айналысының қызметінің бұзылуы байқалады.

Орыс ғалымы И.П.Павлов айтқандай, ұйқы тек ми қабыршақтарының жұмысын ғана тежеп қоймай, оның ішкі құрылыстарын да осы жүйеге жетелейді. Бұл жүйе, яғни, ми құрылысы, тек ұйқы қанып, дұрыс дем алғанда ғана адам денесі сергіп, ертеңгі тіршілікке деген қабілеті арта түседі. Бұл жайында немістің атақты философы Бэкон "әрбір ұйқысыз түн - соншалықты күнге өміріңді қысқартады" деген еді. Бұл қағиданы әр адам өз өмірінің қағидасы деп білсе, кім болмасын, онда салауатты өмір сүрудің негізгі принциптерінің бірі болар еді.

Сонымен, келесі қорытынды жасауға болады:

- Денсаулық-адамның толық физикалық, психикалық және әлеуметтік әлауқатын көрсететін және еңбек, әлеуметтік және биологиялық функциялардың толық орындалуын қамтамасыз ететін қалыпты психосоматикалық жағдайы.

- Денсаулық көбінесе өмір салтына байланысты, алайда салауатты өмір салты туралы айтқанда, олар ең алдымен жаман әдеттердің болмауын білдіреді. Бұл, әрине, қажетті, бірақ жеткіліксіз шарт. Салауатты өмір салтындағы ең бастысы-оның барлық компоненттерін қоса алғанда, денсаулықты белсенді құру.

Осылайша, салауатты өмір салты ұғымы жаман әдеттердің болмауынан, еңбек пен тынығу режимінен, тамақтану жүйесінен, әртүрлі қатайту және дамыту жаттығуларынан гөрі кеңірек; ол сонымен қатар өзіне, басқа адамға, жалпы өмірге деген қарым-қатынас жүйесін, сонымен қатар болмыстың мағыналығын, өмірлік мақсаттары мен құндылықтарын қамтиды[6]

Әдебиеттер:

1. Дьяконов, И.Ф. Основы здорового образа жизни для всех / И.Ф. Дьяконов. - СПб.: Спецлит, 2018. - 126 с.
2. Кобяков, Ю.П. Физическая культура. Основы здорового образа жизни: Учебное пособие / Ю.П. Кобяков. - Рн/Д: Феникс, 2014. - 352 с.
3. Кобяков, Ю.П. Физическая культура. Основы здорового образа жизни: Учебное пособие / Ю.П. Кобяков. - Рн/Д: Феникс, 2012. - 252 с.
4. Мисюк, М.Н. Основы медицинских знаний и здорового образа жизни: Учебное пособие для бакалавров / М.Н. Мисюк. - М.: Юрайт, 2013. - 431 с.
5. Мисюк, М.Н. Основы медицинских знаний и здорового образа жизни: Учебное пособие для бакалавров / М.Н. Мисюк. - М.: Юрайт, 2012. - 431 с.
6. Мисюк, М.Н. Основы медицинских знаний и здорового образа жизни: Учебник для прикладного бакалавриата / М.Н. Мисюк. - Люберцы: Юрайт, 2016. - 431 с.



ӘОЖ 796.31/32

ҚОЛ ДОБЫ ОЙЫНЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ**Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Абдыхайранов А.У.****Асан Дархан Дш-20-1****Халықаралық Тараз инновациялық институты, . Тараз қ**

Андатпа: Алғашқы қол добының техникалық-тактикалық ережесі өте қарапайым ережеге негізделді. Ойын тек басында қыздар үшін құрылғандықтан көп жағдайда жеңіл қол техникасына ғана мән берілді. Уақыт өте келе ойын күрделене түсіп, техникалық-тактикалық ереже де соған сай дами түсті.

Аннотация: Техничко-тактическое правило первого ручного мяча основывалось на очень простом правиле. Поскольку игра создавалась только для девочек в начале, то в большинстве случаев внимание уделялось только технике легкой руки. Со временем игра усложнялась, и технико-тактические правила развивались соответственно.

Abstract: The technical and tactical rule of the first hand ball was based on a very simple rule. Since the game was created only for girls at the beginning, in most cases attention was paid only to the technique of a light hand. Over time, the game became more complicated, and the technical and tactical rules developed accordingly.

Допты қолмен ойнайтын ойын туралы Гомердің «Одиссей» поэмасында да айтылады. Сондай-ақ орта ғасырдағы басқа да ақындардың туындыларында атап өтілген. Десек те, қазіргі гандбол ойынын ХІХ-ХХ ғасырлар тоғысында дат футболшылары ойлап тапқан. Дания футболшылары гандболды қыс мезгілдерінде ойнаған. Футболдан айырмашылығы: гандболды аяқпен емес, қолмен ойнайды және әрбір команданың сапында алты ойыншы, бір қақпашы болады. Халықаралық гандбол федерациясының бекітуінше, гандболдың нақты шыққан уақыты 1898 жыл. Себебі дәл осы жылы Данияның Ордруп қаласында қыздар гимназиясының оқытушысы Хольгер Нильсон өзінің сабақтарында гандбол атты ойынды енгізді. Кіші алаңда 7 адамнан командалар бір-біріне допты беріп және оны қақпаға салу арқылы жарысты. 1892ж. Чехославакияда гимнастика оқытушысы Вацлаф Карас «хазена» деген ойынды ойлап тапты. 1917 – 1919ж. Команда құрамы 11 адамнан гандбол ойыны құрылды. Екі ойыннан – футболдан және баскетболдан әйелдерге арналған жаңа ойын құрылды, бұл ойын дүние жүзінде кеңінен тарайды деп ешкім ойлаған жоқ. Бастапқыда алаңның арнайы белгісі болған жоқ. Алаң теңдей 4 бөлімге бөлінеді. Сол жақ алаңның ойыншылары оң жақ алаңға өтуге болмайды. Допты ұрып алып жүруге болмайды. Гандбол ойыны спорт ойындарынан қозғалмалы ойындарға көбінесе ұқсас болды. 1907ж. Дене тәрбиесінің оқытушысы Антон Кристоф ойынның ережесін өзгертті. Алаңның әр зонасы 15 м. Үш зона – көк, ортаңғы, қызыл.

Қорғаныс алаңында, шабуыл алаңында тек 3 ойыншы ғана ойнай алады. Команданың құрамы 7 адам. Гандбол ойыны Ресейге 1909 жылы келді. Харьков қаласында «Сокол» гимнастикалық қоғамында гимнастиканың оқытушысы Е.Ф. Малый гандбол ойынын гимнастика сабағында қолданды. 1923ж. Жарысудың жаңа ережелерін енгізді, «үш қадам» және «үш секунд» сияқты ережелер ойынның ары қарай дамуына көп әсерін тигізді. Бірінші рет ойыншы секіргенде қақпашының алаңына кіре алатын болды. Допты лақтырудың техникасы өсе бастады. Лақтырудың

жаңа түрлері өсе бастады. Гандболда бірінші рет «қолды алға сілтеп» лақтыру тәсілі енгізіледі [1].

1925 – 1928ж. Л.П. Ордин және К.П. Тир техникаға, тактикаға және әдістемеге арналған нұсқау құрастырады. Бұл нұсқау 1925 – 1928ж. басылып шығарылды. 1926ж. Гаагада конгрессте арнайы комиссия құрылды, олардың міндеті ойынның дамуына көмек көрсету. Содан бері гандбол ойыны басқа спорт түрлерімен бірдей құқықта. 1928ж. Амстердамда халықаралық әуесқой Гандбол федерациясы құрылды. Бастапқыда оның құрамына 11 ел, екі жылдан кейін 20 ел кірді. 1936ж. Гандбол олимпиада спорт түрлерінің қатарына қосылды. 1938 ж. Германияда (әлем біріншілігі) 7x7 және 11x11 гандбол ойынының әйелдер және ерлер командасы арасында әлем біріншілігі болды. Екі чемпионатта да неміс командалары ұтты.

Соғыс ұзақ уақытқа әлем спортының дамуын тоқтатты. Гандбол ойыны да дамуын тоқтатты. Әуесқой федерациясы да өзінің жұмысын доғарды. Соғыстан кейін 1996ж. Жаңа халықаралық гандбол федерациясы құрылды. 1948ж. Францияда әлем біріншілігінде 11x11 гандболдан ерлер арасында 12 команда қатысты. Швеция командасы жеңіске жетті. 1949ж. Будапештте әлем біріншілігінде әйелдер арасында Венгрия командасы біріншілігін өткізу керек деп шешті. Барлығы 7 ерлер және 3 әйелдер әлем чемпионаты 11x11 гандбол түрінен болды. 7x7 гандбол үлкен гандболмен қатар дамып отырды. 1934ж. бірінші Халықаралық ережелер қабылданды. Кіші гандболды скандинавтық спортшылар ерекше ұнатты. 1936ж.

Дания командасы мен Швеция командасы кездесті. Дания командасы жеңді. 7x7 гандболынан әйелдер әлем біріншілігі 1957 ж. Югославияда ашық алаңда өтті. Чехословакия командасы жеңіске жетті. Бірінші КСРО чемпионаты 1956 ж, Вильнюсте болып өтті. 1958 ж. бастап КСРО халықаралық гандбол федерациясына мүше болды. Осы кезден бастап кеңестік гандболисттер барлық турнирлерде, әлем чемпионаттарына қатысты. 1936ж. Берлинде XI Олимпиада турнирінде 6 ерлер командасы жарысты. Кейінгі жылдарда гандболисттер олимпиадаға қатыса алған жоқ, гандбол ойыны олимпиада бағдарламасына қосылған жоқ. 1972ж. XX Олимпиада ойындарында Мюнхенде бағдарламаға ерлер командасы қосылды. 1976 ж. Монреалда ерлер және әйелдер командасы жарысты. XXI Олимпиадада КСРО әйелдер және ерлер құрама командалары олимпиада чемпиондары атағын алды. (1980ж.Москва) [2]

Қазақстанда қол добынан алғашқы жарыстар 1925 жылдан бастап өтіп келеді. Ал ресми жарыстар 1959 жылдан бастап өтуде. Қол добынан Қазақстан Республикасы әйелдер құрамасы 2002 жылы Азия чемпионы және 14 - Азия ойындарының күміс жүлдегері атанды. Қазақстанға гандбол 1959 ж. келді. 11x11 және 7x7 түрі келді. 11x11 гандбол түрі футбол алаңында және қақпасында ойнады. Қорғаушылар тек қорғаныста және жартылай қорғаныста ойнады. 7 метірдің орнына 11 метірлік айып добы болды. 1960 жылы гандболдың 7x7 түрінен Қазақстан біріншілігі болды. Қазақстандағы гандболдың әкесі деп Я.И. Василювті санауға болады. Бірінші әйелдер және ерлер командасы қазақ дене шынықтыру институтында құрылды. Қазақстанда гандбол ойыны дамыған негізгі қалалар Қарағанды, Шымкент, Алматы басқа қалаларда гандбол ұзақ уақыт дамыған жоқ. Бірінші ерлер командасының ойыншылары: Ю.Н. Косолапов – команда капитаны, В.И Батвинкин, Г. Чищев, Сематюк: барлығы СССР спорт шеберлері. Әйелдер командасы: С. Лесицкая, Высоцкая, В.И Понамарева, С.Г. Егорова, Д.А. Сулейменова: барлығы КСРО спорт шебері. 1965ж.әйелдер командасы КСРО спорт шеберлігін орындады. 1966ж. ерлер командасы КСРО спорт шеберлігін орындады.

1966ж. әйелдер командасы жоғарғы лигаға келді, үлкен жетістіктерге жетті. Жоғарғы лигада әйелдер командасы 3 жыл ойнады 1969 ж. дейін, осы жылы ойыншылар ауысты. 1975 ж бірінші рет 5 Спартакиадаға қатысты. Қол добынан Қазақстан Республикасы әйелдер құрамасы 2002 жылы Азия чемпионы және 14 - Азия ойындарының күміс жүлдегері атанды. Гандболдан әйелдер құрамасы отандық спорт тарихында тұңғыш рет жазғы олимпиада ойындарына 2008 жылы Бейжіңде қатысты. 12 команданың ішінен 10 орынды иеленді [3].

Алғашқы қол добының техникалық-тактикалық ережесі өте қарапайым ережеге негізделді. Ойын тек басында қыздар үшін құрылғандықтан көп жағдайда жеңіл қол техникасына ғана мән берілді. Уақыт өте келе ойын күрделене түсіп, техникалық-тактикалық ереже де соған сай дами түсті.

Қазіргі таңда қол добы атлетикалық ойын ретінде ерлер мен әйелдер арасында бірдей тең дәрежелі техникалық ережесімен нақтыланады. Қол добымен үздіксіз жүйелі түрде айналысатын гандболшы атлеттердің аяқ, қол бұлшық еттері пропорционалды түрде қатайып, ойыншының ойын сәтінде төзімді болумен бірге тез шешім қабылдай алу қабілетін жетілдіреді. Қол добы – ұжымдық ойын, сонымен бірге ойын сәтінде конфликтілік жағдай тудыратын спорттық жарыс [4].

Команда ойыншылары өз қарсыластарынан басымдылық танытып, ойын кезінде өз ойларын жасырын ұстап, сонымен қатар қарсыластың келесі мезгілдегі іс-әрекетін тез шешуге ұмтылады. Сондықтанда командалар арасындағы спорттық күрес бәсекелестігін қарсылас позициясынан алып қараған дұрыс. Қол добы ойыны үрдісі үш негізден: техника, тактика, стратегиядан тұрады.

Миф – адамзаттың рухани мәдениетінің ең көне формасы. Ерте дәуірде ол көпжақты қызмет атқарды. Ежелгі адамдар мифтік кейіпкерлерге табынды, оларды құдайға теңеді; табиғи құбылыстарды мифтік тұрғыдан түсіндірді; мифологиялық аңыз-әңгімелерді тудырып, таратып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, өз ру-тайпасының мәдениетін қалады. [1. 226]

Мифологияда сыртқы дүние мен адам, ой мен сезім, зат пен идея, объективтік және субъективтік дүниелер арасында айқын шекара болмады. Ол шекаралар кейіннен пайда болды. Мифологияда олардың барлығы тұтасып жатты. Ол дүние жайындағы біртұтас түсінік болып табылды.

Уақыт өте келе мифология әдебиеттің бір саласы ретінде ғана белгілі болды, ал оның діни, философиялық, жаратылыстық қызметі өз алдына бөлек сала ретінде өмір сүре бастады.

Мифология мен табиғат арасында тығыз байланыс бар. Ғылым, білім, техника дамымаған ерте заманда адамдар қоршаған ортада болып жатқан құбылыстарды миф арқылы түсіндірген болатын. Күн күркіреп, аспанда найзағай жарқылдағанда не найзағай жерге түскенде адамдар оны құдайдың қаһары деп түсінген. Құдайдың ашуына қалмас үшін құрбандық шала бастаған, түрлі рәсімдер ойлап тапқан.

Мысалы:

Қазақ (және түркітілдес халықтар) мифологиясындағы аспан құдайы - Тәңір (Көк Тәңір); Нәтижесінде найзағаймен байланысты құдай - Зевс (грек мифологиясының құдайы) қалыптасты;

Славян мифологиясында - Перун;

Ежелгі рим мифологиясында - Юпитер;

Үнді мифологиясында - Индра;

Қытай мифологиясында - Ли Тянван;

Араб мифологиясында - Хубал.

Мұның барлығы шын өмірден алынған дегенге сенетіндер де сенбейтіндер де баршылық. Мифология «даналықтың» бірінші кезені десекте болады, себебі мифологиялық көзқарас философияны, дінді, эстетиканы және ғылымды туындайды.

Яғни альтернативтік көзқарас ретінде мифология пайда болады, сол ілімді сынау нәтижесінде жоғарғы айтып кеткен рухани элементтер пайда болған.

Дегенмен де, ғылым-білім дамымаған кездері адамдар осындай қызық әрі күрделі әңгімелерді ойдан құрастырғаны таң қалдырарлық жайт. Бізге белгілі кез келген аңыз-әфсана адам ақылынан шыққан.

Аңыздарда объективтік реалдық шындыққа ой-қиалдан шыққан рационалистік тұрғыда пікірлер берілген.

Мифологияда келесі философиялық мәселелер қарастырылды:

- өмір, өлім;
- жақсылық, зұлымдық;
- дүние, адамзат;
- олардан арасындағы байланыс;
 - оқиғадағы стихиялық (күделікті немесе қарапайым) материалистік (дүниедегі заттар басқа заттар арқылы пайда болады);
 - стихиялық диалектикалық (қарама-қарсылықтардың күресінен қоғам мен табиғат әрқашан қозғалыста болады және өзгеріп отырады);
 - адамгершілік;
 - эстетикалық т.б. мәселелер қарастырылады

Қазақ мифологиясы – бүгінгі қазақ халқын жасауға қатысқан, ғасырлар бойы көшпелі ру-тайпалардың мәдениетінде қалыптасқан адам, дүние-ғалам, өмір туралы түсініктердің жүйесі.

Қазақтарда мифология бар, бірақ шашыраңқы түрде орналасқан. «Қазақ мифологиясында қандай кейіпкерлер бар?» деген сұраққа да жауап бар. Қазақ мифологиясында 40-тан астам кейіпкер бар. Олардың кейбірі қаскүнем болса, енді бірі – жағымды образдар. «Қазақтың мифтік кейіпкерлері» атты кітапта қазақ фольклорындағы мифтік кейіпкерлерді 6 түрге жіктеп көрсетілген:

1. Тотемдік кейіпкерлер: көк бөрі, көк өгіз;
2. Шамандық кейіпкерлер: самұрық, бәйтерек, бақсы;
3. Демонологиялық кейіпкерлер: албасты, жезтырнақ, жалмауыз, мыстан кемпір, пері, шайтан, жын, дию;
4. Хтоникалық кейіпкерлер: дәу (қара дәу, бір көзді дәу, Шойынқұлақ, Үш дәу, Аю дәу), алыптар (алаңғасар, арсалаң, Толағай, Ерсары, Ұлтанқұл), ергежейлі (жартықұлақ, бойы бір қарыс, сақалы қыры қарыс);
5. Ілкі қаһармандар: сиқырлы көмекшілер (таусоғар, көлтаусар, саққұлақ, желаяқ, епті), пірлер (Қамбар ата, Зеңгі баба, Ойсыл қара, Сексек ата, Шопан ата);
6. Трансформацияланған мифтік кейіпкерлер: Қаңбақ шал, Тазша бала.

Бұлардың арасында көк бөрі, көк өгіз, самұрық, бәйтерек сынды кейіпкерлер бейтарап, біршама жағымды образда болса, демонологиялық кейіпкерлердің барлығы, аты айтып тұрғандай, жағымсыз, қаскөй келеді. Ал дәулердің ішінде адам жейтін қара дәу мен жалғыз көзді дәу, аю дәу, асқан күштің иесі Шойынқұлақ жаман кейіпкер болса, үш дәу табиғатынан аңғал, алаңғасар келеді, ешкімге зияны жоқ.

Тәңір – ең жоғарғы құдай, барша әлемді жаратушы. Барлық құдайлар оның өміріне бағынуы керек. Бар жаратылыстың қамқоршысы, құдайлар мен адамдардың өмір сүруіне бөгет жасайтын жын-шайтандарды найзағаймен соғып жайратады (гректердің бас құдайы – Зевсті еске түсірейік).

Ұмай ана - ертедегі Ұлы Даланы мекендеген түркі тілдес халықтардың ұрпақ жалғастырушы, береке-молшылық тәңірісі. Ұмай анаға қазақтардан басқа хакастар, қырғыздар, алтайлықтар, тывалықтар, шорлар және түріктер табынған. Қазақ даласына ислам діні енген соң Көк тәңірімен қатар аталатын Ұмай ана есімі ендігі жерде өз мәнін солғындатып, бөбектер мен аналардың жебеуші піріне айналды. Ұмай ана тәрізді қасиетті бейнелер финн-угор халықтары фольклорында да бар. Ұмай ана біздің дәуірімізге дейінгі II ғасырда өмір сүрген, Арғын Аспар есімді кісінің қызы. Көне түркі мифологиясы бойынша, Ұмай ана – ұрпақ жалғастығын жебейтін періште. Ертеде қазақтар қыздарын ұзатқанда, неке қиғызу рәсмінде, сондай-ақ әйелдер босанғанда Ұмай анаға жалбарынып, одан медет тілегені мәлім.

«Ұмай» деген сөз ежелгі түркі тілінде «баланың ізі», «бала орны», «ана жатыры» деген мағынаны білдіреді. [2. 76]

Қазақтың тұрмыстық мифологиясындағы зиянкес – зұлым демонның образы, жын-пері. Кейде оған су тылсымына байланысты эзезіл пері деген де түсінік беріп жатады. Албастылар өзен-көлдердің маңайын мекен етіп, ақ шашы жалбыраған, емшегі арқасынан асып салбыраған ұсқынсыз әйел кейпінде көрінеді. Әдетте, ол жағалауда жайбарақат шашын тарап отырады. Албастылар жансыз заттар мен жануарлар кейпіне енеді деген нанымдар бар. Ең қаскүнем зиянкес албастылар қара, қалғандары сары болады. Олардың қолында әрқашан да сиқырлы кітап, тарак, күміс теңге жүреді. Албастының күйеуі – эзезіл Теміртөс сайтан. Ол – орманда мекендейтін пері. Албастылар адамның түсіне еніп, шошытып, ауруға шалдықтырады. Әсіресе, жас босанған әйелдер мен жаңа туған сәбилерге өш. Албасты – барлық түркі тілдес халықтардың мифтерінде кездесетін ұғым.

Далалы жерлердің өзендерінде, қамысты сай-салаларында, иірімді тұмаларда (кішірек бастау, бұлақ) сұлу арулар – су перілері өмір сүреді. Қазақтар оларды Күлдіргіш деп атайды. Күлдіргіштер су түбінде жасырынады. Сол себептен қамыс пен құрақ өскен жайылма айдын қауіпсіз, тыныш болып көрінеді. Ағаштардың жуан діндерін аймалаған су ақырын ағып жатады. Қайранды саланың мөлдір суында серке балықтардың шорши жүзгені жоғарыдан байқалып тұрады. Осындай аялы да саялы жерлерде қауіп бар деп ешкім ойламайды. Тұңғиықта, сарғыш қоңыр өзен балдырында Күлдіргіш жасырынатынын біле бермейді. Перілер жалаңаш келіп, шомылып жүрген жас жігіттерді қызықтырып, арбайды, еліктіріп, қастарына шақырады. Жігіт жақындай бергенде жармаса кетіп, ұзын қолдарымен мойындарынан орай қысып, өлгенше қытықтап, су түбіне, балдырлы түнекке тартып әкетеді.

Өзге мифологияда:

Самұрық - қазақ мифологиясындағы екі дүние арасындағы дәнекер болатын, қыран тәрізді алып құс. Самұрық құсы әлемдік ағаштың (Бәйтерек) шыңында тұрады. Аңыз бойынша Самұрық өлгенімен, қайта тіріле алады. Өлгенде де, тірілгенде де от болып жанады. Самұрық құсы адамша сөйлесіп, аңыздың негізгі кейіпкеріне өз рахметін айтады. Қазақ даласында 80 миллион жыл бұрын өмір сүрген Самұрық құстың қаңқасы табылды. Ғалымдар алыптығымен ерекшеленген құсқа «*Samrukia pessovi*» деген атау берді. [3. 196]

Енді ұлы дала төсінен табылған Самұрық құстың жұмбақтау қаңқасы ғылым үшін берер өзгеше жаңалығымен ерекшеленеді деген ойдамыз.

Симург - иран мифологиясындағы фантастикалық жаратылыс, барлық құстардың патшасы. Ол Орта Азия мен Еділ бойындағы түркі тілдес халықтардың мифологиясында да белгілі. Симург (фарси), иран мифологиясында пайғамбарлық құс. Атауы авесталық бүркіт тәрізді құстан - *mdrduo saeno* бастау алған. Кейбір мәліметтер бойынша, ол екі табиғатқа ие болды - жақсы және жаман. Симургтың қауырсынын көріпкелдік және сиқырлы әрекеттер үшін қолданған.

Әдебиет

1. Қондыбай С. Қазақ мифологиясына кіріспе. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – 376 бет.
2. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Үшінші кітап. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – 520 бет.

3. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Төртінші кітап. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – 536 бет.



УДК 81.072

ЦИФРОВОЕ ПОВЕСТВОВАНИЕ КАК ИННОВАЦИОННАЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ТЕХНОЛОГИЯ

Международный Таразский инновационный институт
Акканат Куралова студент группы ШТ-21-1

Akkahat_Kuralova@mail.ru

Научный руководитель: Стамкулова Баян Шаймерденовна старший
преподаватель кафедры «Казахский язык и литература»

b.shaimerdenovna@mail.ru

Аннотация: В статье рассматриваются вопросы, связанные с современными подходами Казахстанского образования, требования к переподготовке педагогов по новым подходам в обучении, особенности организации различных видов занятий в организациях на основе обновленных образовательных технологий, использование различных средств обучения.

Аннотация: Мақалада Қазақстандық білім берудің заманауи тәсілдеріне байланысты мәселелер, оқытудағы жаңа тәсілдер бойынша педагогтарды қайта даярлауға қойылатын талаптар, жанартылған білім беру технологиялары негізінде ұйымдарда әр түрлі сабақтарды ұйымдастыру ерекшеліктері, әр түрлі оқыту құралдарын пайдалану қарастырылады.

Annotation: The article discusses issues related to modern approaches of Kazakh education, the requirements for retraining teachers on new approaches to teaching, the specifics of organizing various types of classes in organizations based on updated educational technologies, the use of various learning tools.

Ключевые слова: Глобализация, модернизация, реформа, инновация, дистанционное обучение, унификация, цифровой Казахстан.

С наступлением эпохи глобализации системы образования большинства развитых стран мира находятся в состоянии непрерывной модернизации и реформирования. По темпу внедрения инноваций в области образования Казахстан находится в числе передовых. Этот процесс идет непрерывно и ускоряется с каждым годом-в стране поставлены амбициозные цели по улучшению качества образования.

Было признано, что важнейшим механизмом развития общества и государства в XXI веке является образование, о чем свидетельствует стремительное развитие реформ на рубеже веков, направленных на развитие образования на международном уровне, включая Болонский процесс. Системные изменения в системе образования Казахстана соответствуют инновационным инициативам мирового уровня.

Титул первого Президента Республики Казахстан в Послании «За конкурентоспособный Казахстан, за конкурентоспособный народ, за конкурентоспособную нацию» гласит, что «конкурентоспособность нации определяется на первом этапе уровнем образования».

Закон Республики Казахстан «Об образовании» гласит, что «целями системы образования являются создание необходимых условий для качественного образования, направленного на формирование, развитие и профессиональное развитие личности на основе национальных и общечеловеческих ценностей, наука и практика. Внедрение и эффективное использование кредитов, дистанционного обучения, информационных и коммуникационных технологий, которые способствуют быстрой адаптации программ к меняющимся потребностям общества и рынка труда.

Объективной необходимостью в условиях современного образования становится освоение учителем и применение им на своих инновационных технологий при обучении детей.

Разберемся, как применяются инновационные технологии на уроках русского языка и литературы и почему они делают занятия интереснее и продуктивнее. Инновационный урок-это не просто новый формат преподавания материала в рамках одного занятия. Инновационный урок требует комплексного подхода. Он начинается с подготовки материала и планирования занятия учителем, а заканчивается выполнением творческой домашней работы учеником. Сам урок-лишь связующая часть, позволяющая в наиболее эффективном формате передать знания по каналу «учитель-ученик». Эффективность здесь подразумевает передачу максимального количества полезной информации за единицу времени при минимальной потере (забывании) полученного на уроке материала. Возможные направления инновационных технологий на школьных уроках сполна реализуют эту задачу. И это не случайно. Новая организация общества, новое отношение к жизни предъявляют и новые требования к школе. Сегодня основная цель обучения-это не только накопление учеником определённой суммы знаний, умений, навыков, но и подготовка школьника как самостоятельного субъекта образовательной деятельности. В основе современного образования лежит активность ученика, направляемая учителем. Инновационное обучение (от англ. Innovation-нововведение)-новый подход к обучению, включающий в себя личностный подход, фундаментальность образования, творческое начало, профессионализм, использование новейших технологий.[1, 5 с.]

Модернизация Казахстанского образования в мире новейших технологий обусловлена уровнем выработанной готовности будущего учителя к регулярному и бесчисленному личностному стремлению к саморазвитию в процессе всей своей педагогической деятельности как реальный фактор успешности его творческой деятельности к подготовке современных интеллигентных, мобильных школьников будущих профессионалов. Для решения этого необходимо определиться с формированием личностных профессионально значимых качеств будущего учителя. Профессионально значимые качества учителя делятся на III группы: Первая-это знание предмета (практическое и теоретическое) когда речь идет об изучении иностранного языка важно знание культуры народа-носителя данного языка. Вторая правильное применение методики преподавания иностранного языка учителем. Третья-педагогические навыки.

В наш век глобализации ускорения темпов передачи информации всё более актуальным становится вопрос унификации международного общения. Какой же язык является ведущим языком коммуникации для мирового сообщества?

Для того чтобы дать четкое представление поставленному вопросу, хочется начать все же с общих критериев понятия о языке. По мнению ученых, язык-это

возникшая и систематически развивающаяся знаковая система, обладающая свойствами социальной предназначенности. Иностраный же язык выступает в качестве своеобразной альтернативы родному языку и усваивается человеком лучше внутри социального окружения, в котором этот язык является естественным средством общения.

В нашу эпоху глобальных мировых изменений, все большего внедрения инновационных систем в различные сферы и структуры деятельности, огромное значение играет распространение английского языка. Для многих из нас, он фактически стал вторым языком общения, ведь без него не обходится ни одна научная сфера, а также всемирная сеть интернета, через которую ведутся основные коммуникации.

Для учащихся старшей школы всегда остро стоит вопрос о выборе профессии и ВУЗа, в котором они бы хотели обучаться в последующем. Но далеко не все поступают в наши Республиканские учебные заведения, многие хотят получить образование за границей. И здесь вновь нас могут спасти цифровые технологии. Ведь не каждый может позволить себе отправиться за границу, получить место на проживание. В нашем современном мире инновационных технологий, образование может получить каждый из нас, обучаясь дистанционно онлайн. Учащиеся свободно могут прослушивать лекции, выполнять предложенные им задания, отправляя их по электронной почте своему преподавателю.[2, с.10]

В статье была дана характеристика в использованиях инновационных технологий в процессе обучения русского и английского языков в казахской аудитории. Проанализировав результаты использования инновационных технологий в процессе обучения русскому и иностранному языку, я пришла к выводу, что использование инновационных технологий:

- Повышает мотивацию к обучению, а, следовательно, и эффективность учебного процесса;
- Обеспечивает формирование иноязычной лингвистической и коммуникативной компетенции обучающихся;
- Помогает создавать атмосферу сотрудничества и коммуникации;
- Облегчает труд педагогов и обучение студентов;
- Создает условия для мгновенного контроля и фасилитивного мониторинга студентов;
- Создает условия для актуализации новых знаний, для формирования умений синтеза и анализа (анализируя конкретные ситуации с помощью ментальных карт / графических органайзеров) и др.

Однако, проведенное исследование не исчерпывает всего потенциала использования инновационных технологий в процессе обучения иностранному языку и доказывает, что есть необходимость изучения и использования зарубежного опыта формирования иноязычной компетенции обучающихся средствами электронных ресурсов и интерактивных технологий.

Список использованной литературы:

1. Материалы II Республиканской научно-практической конференции «Теория и практика преподавания русского языка и литературы в образовательных учреждениях Республики Казахстан на современном этапе» - Талдыкорган, ЖГУ им. И.Жансугурова, 2020. -456 с. ISBN 978-601-216-640-8

2.«Қазақстан мектептеріндегі шетел тілдері-Иностранные языки в школах Казахстана», Ғылыми-әдістемелік журнал, Научно-методический журнал. №4 (112) 2020

3.«Білім көкжиегі Горизонт образования» Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал, №7 (120) 2020 (шілде)

4.«Учебно-инновационные технологии» Республиканский научно-методический педагогический журнал, №5 (39) 2020



УДК 81.072

СТЕПЕНЬ ИССЛЕДОВАННОСТИ РАЗГОВОРНОЙ ЛЕКСИКИ В НАЧАЛЕ XXI ВЕКА

Международный Таразский инновационный институт

Кадирхан Жания студент группы ШТ-21-1

kadirhanzania@gmail.com

Научный руководитель: Стамкулова Баян Шаймерденова старший преподаватель кафедры «Казахский язык и литература»

b.shaimerdenovna@maik.ru

Аннотация. В этой статье раскрывается тема о том на сколько хорошо исследована разговорная лексика русского языка в начале XXI века, и его степень .

Аннотация. Бұл мақалада ХХІ ғасырдың басында орыс тілінің ауызекі лексикасының қаншалықты зерттеліп жатқаны, оның дәрежесі туралы қарастырылған.

Annotation. This article reveals the topic of how well the colloquial vocabulary of the Russian language was studied at the beginning of the XXI century , and its degree .

Ключевые слова: разговорная лексика, русский язык, слова, неофициально, использовать.

Лексика делится на три основные направления это: книжная лексика, нейтральная лексика, разговорная лексика. Рассмотрим подробнее разговорную лексику. Разговорная лексика - это слова, которые употребляются в неофициальном, непринужденном разговоре занимает одно из центральных мест в современном русском языке, так как выполняет одну из важнейших функций в языке - номинативную, то есть функцию общения, обмена информацией между людьми. Разговорная лексика существует преимущественно в устной форме, но также может быть представлена и в письменной форме. Сфера устного применения разговорной лексики - это телевидение, радио, выступления деятелей культуры, науки. Сфера письменного применения разговорной лексики - письма, записки, художественная литература. К разговорной лексике относятся слова, которые используются в процессе общения, а именно, это может быть дружеская беседа, семейная дискуссия, приятельский спор и другое .

Лексика русского языка подвижна, так как словарный состав языка постоянно либо пополняется новыми словами, либо устраняет старые слова из активного употребления. Возникновение новых слов обусловлено историческими процессами, происходящими в обществе. В настоящее время огромное беспокойство вызывает

состояние современного языка, снижение культуры речи граждан Казахстана, разных слоёв населения нашей страны. В первую очередь, это касается молодёжи, которая начинает воспринимать ненормативную лексику как должное. Всё реже в речах молодых людей звучат такие «волшебные» слова как «пожалуйста», «будьте добры», «простите» и т. д. Грамотность населения падает, и на смену ей приходит молодёжный сленг. Сленг - набор слов или новых значений существующих слов, употребляемых в различных группах. В связи с бурным ростом массовых коммуникаций в лексикон были добавлены тысячи новых слов, отразивших перемены, происходившие в обществе Казахстана за последние тридцать лет .

Например: Лапа-Рука , Харя-Лицо , Чумавой- очень интересный , Хай-Привет , шпана-ребята младших лет , спереть-украсть и.т.д.

Но ни смотря на все минусы и нюансы разговорная лексика очень уникальна , этот стиль содержит огромное количество фразеологизмов, которые создают яркую образность речи. Таким образом, разговорный стиль имеет ряд особенностей, которые отличают его от других стилей речи.

- Интонация
- Ударение
- Паузы
- Темп речи
- Эмоции
- Преобладают вопросительные, восклицательные и побудительные

предложений и.т.д.

Методы исследований в области лексикологии:

1) Метод компонентного анализа необходим для определения структуры лексического значения;

2) Метод дистрибутивного анализа используется для того, чтобы разграничивать многозначные слова;

3) Трансформационный метод применяется при определении семантической нагрузки слова в контексте путем свертывания или развертывания синтаксических структур;

4) Метод субституции используется при исследовании значений слова;

5) Количественно-статистический метод используется при выявлении частотности лексической единицы.

Разговорная речь представляет большой интерес для филологов и лингвистов.

Разговорная речь и разговорный стиль играют важную роль в нашей культуре. Каковы же могут быть цели этого изучения? Первое – что такое разговорная речь и чем она отличается от нормативной литературной речи? Второе – как используются ресурсы языка в данном виде речи? Как меняется текст, переходя из других стилей в этот?

В связи с этим лексика разговорной речи в целом может быть дифференцирована по степени литературности. И хотя о норме в разговорной речи говорить сложно, это нормативный аспект.

В результате изучения лексики разговорной речи исследователи выделили следующие разновидности:

1) лексика собственно разговорная, нередко с оттенком фамильярности;

2) лексика просторечная. Она стоит на грани литературного употребления и даже обычно выходит за пределы литературного языка.

Просторечные слова в свою очередь делят на грубые и негрубые. Грубо-просторечная лексика - это вульгаризмы, к которым относятся и бранные слова.

Я считаю, что разговорная лексика исследована в средней степени потому, что в современной науке остается недостаточно исследованным ряд проблем, касающихся изучения устной формы существования языка. Это связано с тем, что, во-первых, само явление, обозначаемое термином «устная речь», представляется очень сложным; во-вторых, исследование данного феномена должно осуществляться на пересечении таких наук, как лингвистика, лингвокультурология, психолингвистика и коммуникативистика; в-третьих, сложность объекта исследования требует использования особых методов анализа, точнее, их совокупности; в-четвёртых, устная речь является своеобразным индикатором экономических, политических и социальных изменений в обществе, которые обуславливают чрезвычайную подвижность корпуса языковых средств.

Список использованной литературы:

1. Валиев Л.Ф. Проблема разграничения разговорной и просторечной лексики в русском языке/Л. Ф. Валиев//Вестник Югорского гос. ун-та. - 2016. - №1. - С. 49-52.

2.3 емская Е.А. Русская разговорная речь: лингвистический анализ и проблемы обучения: учеб. пособие/Е.А. Земская. - 2 е. изд. - М.: Флинта: Наука, 2006.

3. Ширяев Е.Н. Что такое культура речи//Мы сохраним тебя, русская речь. М.: Наука, 1995.

4. Алефиренко Н.Ф. Лингвокультурология: ценностно-смысловое пространство языка: учебное пособие. - М.: Флинта, 2010.

5. Кравченко А.И. Социология. Учебное пособие для студентов высших учебных заведений. Екатеринбург, 2012.

6. Анна Сергеевна Зубкова, Анна Сергеевна Лукьянычева. Шпаргалка по русскому языку и культуре речи. 2010.



ӘОЖ 821.512.

БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ СЫР-СИПАТЫ

Бостан Наргиза

**Халықаралық Тараз инновациялық институтының 3 курс студенті,
Қазақстан, Тараз**

**Ғылыми жетекші: Сарсенбаева Майра Бекбосынқызы
Халықаралық Тараз инновациялық институты, Қазақстан, Тараз**

Андатпа: Бұл мақалада Бұқар жырау толғауларында өзі бастан кешіріп отырған алмағайып заманның келбеті бар болмысымен көрініп, өмір құбылысы мен дүние заңдылықтары, әлеуметтік жағдай мен адам тіршілігі кең тыныспен жырланағандығы қарастырылады.

Кілтті сөздер: жырау, сөз, ғылым, халық, адам, білім, әдебиет.

Аннотация. В данной статье речь идет о том, что в мыслях Бухар жырау он воспевал явления жизни и законы мира, общественного положения и жизни человека, которые находят свое отражение в природе современного мира.

Ключевые слова: жырау, слово, наука, человек, человек, образование, литература.

Annotation. This article is about the fact that in the thoughts of Bukhar Zhyrau he sang the phenomena of life and the laws of the world, social status and human life, which are reflected in the nature of the modern world.

Key words: zhyrau, word, science, man, man, education, literature.

Әдебиет тарихынан елеулі орын алып, артынан өшпес мұра қалдырған ХҮІІІ ғасыр әдебиетіндегі көрнекті жыраулардың бірі – Бұхар жырау Қалқаманұлы. Халық өмірінің алмағайып-аласапыран, тарихта қалу-қалмауы екіталай кезеңінде тұрмыс кешкен жырау өз толғауларында сол тұстағы көкейкесті, күрделі мәселелерге жауап іздеп, соның бірден-бір жоқшы-жыршысы бола білді.

Сөйлегенде үнемі қара сөзбен емес, көмекейі бүлкілдеп, түйдек-түйдек жырмен сөйлейтін болған. Бұқар жырау шығармаларының басты тақырыбы — халқына, Отанына деген ыстық махаббат. Жырау шығармасындағы баска бір маңызды тақырып адам табиғатының өзгеруі, дүниенің бір орнында тұрмайтындығы. Бұқар өмірді кезең-кезеңге бөліп, адамның жасы оның санасын, мінез-құлқын, көңіл күйін, күш-жігерін қалай өзгертетіндігін көрсетеді. Оның поэзиясының халық арасына кеңінен тарап, ғақлия, накыл, афоризмдерге айналуы, мақал-мәтел болып жетуі де көркемдеу тәсілінің кереметтігінде. Жыраудың бүкіл жыр-толғаулары афоризмдерден өрілген. Ақылгөй абыз дәулетке, баққа қызықпа, арынды ақсатпа, малға сатпа, ол мәңгілік нәрсе емес, «өзгереді, өзгергенді көз көреді»-дейді. Ол арамзалық алысқа шаппайды, «Арамзаның күйрығы бір-ақ тұтам» ұзаққа бара алмайсың, халықтың шындық атты қақапаны бар, адалдық атты тұзағы бар, соған түспей өтпейсің,- деп ескертеді. «Жаманмен жолдас болсаң, көрінгенге күлкі етер, жақсымен жолдас болсаң, айырылмасқа серт етер»- деп бірліктің басталатын қайнар көзін ашып береді. Жырау қарапайым сөздің сыры сезілмес, жымы білінбес шеберлікпен шендестіру арқылы ғаламат қуат күшін оятады. Жай ғана бір сөздің ұйқасы мен үйлесімінің арасына ол тіршіліктің қария даналығын орнықтырады.

Жырау сол азаттық жолында өлімге бас байлап, ерліктің небір ғажайып үлгілерін көрсеткен хан мен оның батырларын жырға қосып, олардың өшпес әдеби бейнелерін жасаған. Әсіресе, Абылай ханның көрегендігі мен даналығын, ауыр кезең, қиын сәттерде ел ұйытқысы бола білгенін асқақ жырлаған. Оның «Абылай ханның қасында», «Ал, тілімді алмасаң», «Ай, Абылай, Абылай», «Қазақтың ханы Абылай», «Ханға жауап айтпасам», «Басыңа біткен күніңіз», «Ай, Абылай, сен он бір жасыңда», «Ал, айтамын, айтамын» атты толғауларында ханның сол кездегі ұстанған саясаты мен көрегендігі, алғырлығы мен білгірлігі сипатталған. Ал «Садыр, қайда барасың?», «Бұқарекен біз келдік, Ақан, Төбет байларға» деген жырларында ол ел болашағы, татулық мәселелерін сөз еткен. «Он екі айда жаз келер», «Абылай ханның қасында», «Ханға жауап айтпасам» атты толғаулары халық болашағы мен бейбітшілікті сақтау, отарлауды көздеген елден жыраққа, Жиделі байсыңға көшу мәселесін қозғаған. Бұл жырлардың үгіт-насихаттық, дидактикалық сипаты басым.

Бұқар жыраудың толғаулары, шын мәнінде Абылай дәуірінің айнасы. Ұлтының тамаша рухани адамгершілік қасиеттерін бойына дарытқан көкірегі даңғыл, алмас тілді, дуалы ауыз кемеңгерді Абылай хан да қасынан бір елі

қалдырмаған. Ақыл-ойға кемел «Көмекей әулие» Абылай ханның дұрыс шешім, парасатты пайым қабылдауына, қос бүйірдегі Қытай мен Ресей аты қос алып мемлекеттің арасында оңтайлы саясат ұстауына, әскери дипломатиялық қарым-қатынастарды реттеуге барынша ықпал жасаған. Заман келбеті, Отан тағдыры, болмыс шындығы, ел тұтқасын ұстаған асқан қолбасшы, біртуар баһадүр, үздік мәмілегер, зерделі мемлекет басшысы Абылай ханның жортуыл-жорық күндеріндегі іс-қимылдары, ұлтының ұлы мұраттар жолындағы ізгі, жалынды күресі жырау мұраларында шынайы шыншылдықпен суреттелген. Әсіресе, оның толғауларында Ресей империясының отарлаушылық, басқыншылық саясаты, зұлымдық әрекеттері әшкереленген. Мысалы, «Қилы заман» толғауындағы мына бір жайлар «Күнбатыстан бір дұшпан, Ақырында шығар сол тұстан. Өзі сары, көзі көк, Діндарының аты боп Күншығысқа қарайды. Шашын алмай, тарайды, Құдайды білмес, діні жоқ, Жамандықта міні жоқ, Затсыз, тексіз бір кәпір, Аузы-басы жүн кәпір, Жемқорларға жем беріп, Азды көпке теңгеріп, Ел қамын айтқан жақсыны, Сөйлетпей ұрар ұртына. Бауыздамай ішер қаныңды, Өлтірмей алар жаныңды, Қағазға жазар малыңды. Есен алар пұлыңмен, Солдат алар ұлыңнан, Күндердің күні, Абылай, Жаяулап келер жұртыңа, Жағалы шекпен кигізіп, Балды май жағар мұртыңа, Есе тимес өзіңе, Есіктегі құлыңнан», табандап жылжып келе жатқан қайшылығы мол заманды елестетеді. Қазақ қоғамының сәнінен, мәнінен айрылатынын, дінінің, тілінің, жерінің тозатынын, қабілетсіздер сұңғылаларды илеп билейтінін, дәрменсіздік жалайтынын, марқасқалар төбесінде бұлт үйірілетінін баяндаған. Бұқар жырау поэзиясының негізгі ерекшеліктерін, ішкі ағыс-толқындарын, күйлі-қуатты толғамдарын білімпаздықпен саралаған М.Әуезов: «Жырау... заман сыншысы, сөйлесе шешілмеген жұмбақ, түйіні шатасқан сөздерді ғана сөйлейді. Өзі тұрған заманның белгілеріне қарап, келешек заман не айтатынын болжайды.

Сөзінің бәрі терең ой, терең мағынамен сөйлейді. Сыртқы түрі құбажондатқан толғау, салыстырған суреттермен ұқсатқан нобай, жағалатқан белгімен келеді... Не айтса да, көптің мұңы мен қамы, көптің жәйі туралы: не көпке арнаған ақыл, өсиет есебінде айтылады», - дейді. Жыраудың толғауларының сыртқы сымбаты мен ішкі қасиет-қуатында, көркем ойлау процесінде шиыршық атқан жалынды шешендіктің буы, асқақ қаһармандық рухтың лебі білінеді. Негізінде, толғаудың құрылысы күрделі ой ағымына, пікір еркіндігіне, ауызекі сөйлеу стиліне бағынады. Тармақтар 7-8 буынды, ұйқастары еркін. Тегінде, толғау музыкалық аспаптардың (қобыз яки домбыра) сүйемелдеуімен орандалады.

Толғауларының поэзиялық сәулеті, ерекше қасиеті және оның сөз қолдану ерекшелігі де өзгеше «Бұхарекең сөйлеген уақытында сөзі мұндай жүз есе, мың есе шығар. Бізге келіп жеткен тамыры ғана, бұл кісінің сөзін түгел жазамын деушіге Нұқтың өмірі, Айыптың сабыры, Аплатонның ақылы керек» - деп жазады жыраудың тұңғыш библиографы Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Жыраудың шығармаларының текстологиясы әлі күнге ретке келтірілмеген. Ең қажетті таңдамалы сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер іріктеліп, сұрыпталып алынбаған, дұрыс, түзу, мұқият салыстырулар жүргізілмеген. Бұл ? болашақтың ісі. Бұқар жырау мұрасын жинауда, жариялауда және зерттеуде Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Қ.Халид, Г.Потанин, Ш.Уәлиханов, М.Әуезов, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, М.Мағауин, Р.Сыздықова секілді ұлт зиялылары еңбек сіңірген.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. С. Мақыпұлы, Т. Сыдықов. Қазақ әдебиеті [Мәтін]. Б.1: Оқулық /- Астана: Фолиант, - 192б.2011ж..
2. Ахметбекова А. Қазақ әдебиетіндегі сопылық поэзия. -Алматы: Қазақ университеті, 2011ж.
3. Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті. Өңд., толықт. 2-бас.Полиграф 2019ж.
4. Тілепов Ж. XIV-XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті [Мәтін]: Оқулық / Ж. Тілепов.- Алматы: Дәуір, 2015.- 388 б.2016
5. Тілепов Ж. Қазақ халқының хандық хандық дәуір әдебиеті: оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, - 220 б.2013.
6. Ахметбекова А. Қазақ әдебиетіндегі сопылық поэзия. -Алматы: Қазақ университеті,2011



ӘОЖ 81.32.

СӨЗ ТАПТАРЫ

Оралбаева Айсұлу

Халықаралық Тараз инновациялық институтының 1курс студенті,Тараз, Қазақстан

Ғылыми жетекші: Сарсенбаева Майра Бекбосынқызы

Халықаралық Тараз инновациялық институты, Тараз, Қазақстан

Аңдатпа: Тіліміздегі сөздерді жеке сөз таптарына таптастыру тіл білімінде ертеден келе жатқан дәстүрге айналған, ғылыми негізі бар мәселе.

Кілтті сөздер: Тіл, сөз, ғылым, оқулық, тәжірибе, білім.

Аннотация. В этой статье рассматриваются вопросы, о том что классификация слов нашего языка на отдельные группы слов стала давней традицией в языкознании и имеет научную основу.

Ключевые слова: Язык, слово, наука, учебник, опыт, знания.

Annotation. This article discusses the issues that the classification of the words of our language into separate groups of words has become a long tradition in linguistics and has a scientific basis.

Key words: Language, word, science, textbook, experience, knowledge.

Сөздер алуан түрлі.Тіл білімінде сөздерді таптастыру белгілі ғылыми негізге сүйеніп, жүзеге асырылады. Тілдің байлығы мағынасы жағынан ғана емес, грамматикалық құрамы, атқаратын қызметі жағынан да сан түрлі. Тілдегі сөздердің осындай ерекшелігін ғалымдар ерте байқаған. Сонымен байланысты тілдегі сөздерді топтастыру мәселесі туындаған. Тілдегі сөздерді топтастыру мәселесі тіл білімі ғылымында алғашқы грамматикалардан басталған. Аристотельдің сөздерді есім және етістік деп бөлгені белгілі. Содан бері ғылым дамып, әр тілдің грамматикаларында сөздердің топтары нақтыланып, барған сайын анықталып келеді. Бір тілдің өзінде сөздер әр заманда түрліше таптастырылып отырғаны белгілі. Мәселен, 1914 жылы баспадан шыққан А. Байтұрсыновтың «Тіл құрал» атты

оқулығында сөздерді алдымен атауыш сөздер, шылау сөздер деп екі үлкен топқа бөлген. Атауыш сөздерге: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік деген бес сөз табын жатқызған. Ал, шылау сөздерге үстеу, демеу, жалғаулық, одағай сөздерді жатқызған. Бұл қазақ тілінде жазылған алғашқы оқулық екені белгілі. Ахмет Байтұрсынов «Тіл құралдың» 1915 жылғы басылымында сөз таптары туралы пікіріне біраз өзгерістер енгізген. Оқулықтың бұл басылымында ғалым сөздерді бұрынғы басылымдағыдай екі үлкен топқа бөлмеген. Сөздерді 9 топқа бөлген: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, демеу, жалғаулықтар, одағай.

Ғылымда сөздерді сөз таптарына таптастыруда тірек, негіз болатын үш ұстаным қалыптасқан, олар: 1) сөз табының ортақ семантикалық мағынасы; 2) сөздердің морфологиялық, грамматикалық белгілері; 3) сөздердің синтаксистік қызметі. 1. Сөздерді таптастыруда бір сөз табына кіретін сөздердің бәрінің ортақ мағынасы, ортақ семантикасы есепке алынады. Мәселен, зат есімге жататын сөздердің бәрі заттың атын, яғни, заттық ұғымды білдіреді. Мұндай мағынасы жоқ сөздер зат есім сөз табына жатпайды. Семантикалық ұстаным барлық сөз табына қатысты. Мәселен, сын есім сөздердің семантикалық ұстанымы – сындық белгіні білдіруі, сондықтан сын есімге тек сындық белгіні білдіретін сөздер ғана жатады. Сан есім сөздердің семантикалық ұстанымы – сандық ұғым, етістік сөз табының семантикалық ұстанымы – қимыл ұғымы, үтеудің семантикалық ұстанымы – қимылдың белгісін білдіру, есімдіктің семантикалық ұстанымы – олардың басқа сөздердің орнына қолданылу қабілеті, жалпылық мағынасы т.б. 2. Сөздерді таптастыруда семантикалық ұстаныммен қатар, сөздердің морфологиялық, грамматикалық белгілері де негізгі ұстанымдардың бірі, яғни, екінші ұстаным болып саналады. Морфология – тілдегі сөздердің түрлену жүйесін зерттейтін ғылым. Ал, сөздер сөйлемде тілде қалыптасқан заңдылықтар бойынша түрленеді. Сөздерді сөз таптарына таптастыруда семантикалық ұстаным негізгі қызмет атқарады. 3. Сөздерді сөз таптарына таптастыруда негізгі ұстанымдардың бірі болып сөздердің синтаксистік қызметі саналады. Сөйлемдегі сөздердің бір-бірімен байланысына қатысты сөздердің сөйлемдегі қызметі қалыптасқан. Әр сөзтұлғаның сөйлемде атқаратын синтаксистік қызметі бар. Ал, сөздердің түрленуі сөз таптарына қатысты болғандықтан, сөз таптарын таптастыруда сөздердің синтаксистік қызметі сөздерді таптастыру ұстанымдарының белгісі, түрі саналады.

Қазақ тілінде сөздер екі түрлі топтастырылады: 1) сөздерді 3 топқа бөлу, 2) сөздерді әр түрлі жеке-жеке сөз таптарына бөлу. Олардың әрқайсысына жеке-жеке тоқтау қажет. Тілдегі сөз атаулыны үш топқа бөлу алғаш екі топ ретінде (атауыш сөздер, шылаулар) А. Байтұрсыновтан басталғаны жоғарыда айтылды. Сөздерді бұл тұрғыда топтастыру олардың мағыналық ерекшелігіне, атқаратын лексикалық, грамматикалық қызметіне негізделген. Сөздерді осы түрде таптастыру тек қазақ тіліне ғана қатысты құбылыс емес. Мысалы, 2004 жылғы Д. Э. Розенталь, И. Б. Голуб, М. А. Теленковалардың авторлығымен шыққан «Современный русский язык» атты оқу құралында «самостоятельные и служебные части речи» деп бөліп, одан басқа модаль сөздер, одағай және еліктеуіш сөздер топтары бар деп есептеп және олардың әрқайсысына қысқаша анықтама берген. Демек, сөздердің бір-бірінен ерекшелігін ашу үшін қолданылып жүрген сөздерді топтастырудың бұл түрі ғылыми негізі бар, тәжірибеде өзін ақтаған, сондықтан ол ХХІ ғасырда да сақталғаны жоғарыда келтірілген орыс тіл білімінің тәжірибесінен көрінді. Сондықтан бұл топтастыруды артық санайтын кейбір қазақ тілшілерінің пікіріне қосылуға болмайды. Өйткені бұл топтастыруда тілдегі сөздердің жалпы

ерекшеліктері ашылады, соған байланысты сөздің ойды білдіретін лексикалық мағыналы топтары анықталады, олардың сөйлемдегі ойды білдірудегі қызметі белгіленеді, сондай-ақ ол белгілері жоқ атауыш сөздерге қызмет ететін де сөздер бары, көмекшілер бары анықталады. Осы екі топтың да қызметін де атқармайтын, тіпті сөйлемге қатыспайтын ерекше топтың бары осы топтастыруда анықталады.

Тіл білімінде сөз таптарының табиғаты жайында әр түрлі көзқарастар мен пайымдаулар бар. Олардың бірі бойынша, сөз таптары сөздердің лексика-грамматикалық категориялары болып саналса, екіншілері бойынша, сөз таптары сөздердің формальды-грамматикалық категориялары, үшіншілері бойынша, сөздердің таза грамматикалық топтары болып саналады.

Сөз таптарына қатысты айтылғандарды жинақтай келгенде, мынандай қорытындылар жасауға болады. Жеке, нақтылы тілдердегі немесе тілдердің тобындағы сөз таптарын айқындап классификация жасауда жеке, нақтылы тілдің немесе тілдер тобының грамматикалық басты ерекшеліктерін есепке ала отырып, сөз таптарының жалпы теориясына сүйену өте қажет.

Сөз таптарының морфологиялық белгісінің мазмұнына сөз тудыру формалары мен сөз түрлендіру формалары енеді. Сөз таптарының әрқайсысының өзіне тән сөз тудырушы арнайы аффикстері болады да, сөз таптары бір-бірінен сөз тудырушы аффикстер арқылы ажыратыла алады. Сөз түрлендіру жүйесі грамматикалық категориялармен ұштасады, жекелік-көптік, септік, тек (род), шақ, жақ, рай, етіс деп аталатын грамматикалық категориялардың бірі зат есімдерге немесе есімдерге, екіншілері етістіктерге телініп, сөз таптарын саралап ажыратуға көмектеседі.

Сөз таптарының синтаксистік белгісінің мазмұнына сөз табының сөйлемде мүше болу қызметі және сөздермен тіркесу ерекшелігі енеді. Белгілі бір сөз табына енетін сөздер сөйлемде белгілі бір мүше болып қызмет атқаруға икемделеді және сөздердің кез келген топтарымен емес, арнаулы бір тобымен тіркеседі, солармен қарым-қатынасқа түседі, өз ара байланысады.

2002 жылғы «Қазақ грамматикасы» кітабында бұрыннан танылып келе жатқан 9 сөз табына модель сөздер қосылып, 10 сөз табы берілген. Модаль сөздер аналитикалық форманттың құрамында модальдық категорияның көрсеткіші болғандықтан, олар қосымшалар сияқты грамматикалық көрсеткіштер қатарында қалады және олардың саны өте аз. Сондықтан, модаль сөздер жеке сөз таптарының қатарына қосылмайды. Сөйтіп, қазақ тілінде мынадай сөз таптарын көрсетуге болады.

1. Зат есім 6. Етістік
2. Сын есім 7. Еліктеу сөздер
3. Сан есім 8. Шылаулар
4. Есімдік 9. Одағай
5. Үстеу 10. Модаль сөздер

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. - Алматы, 2011
2. Маманов, Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы: Арыс, 2007.
3. Невченко В.Н. Введение в языкознание. - Москва: Дрофа., 2008.
4. Исаев .С. Қазақ тіл білімінің мәселелері// Вопросы казахского языкознания .- Алматы, 2011
5. Попова З.Д. Общее языкознание. - Москва: Восток-Запад, 2007

6. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. -Алматы: Өлке, 2010.
7. Қалиев Ғ. Жалпы тіл білімі.- Алматы, 2001
8. Қордабаев Т.Р. Жалпы тіл білімі. -Алматы., 2004
9. Мұсабекова Ф.М. Лингвистикалық ілімдердің тарихын оқыту.-Алматы, 1985
10. Қордабаев Т.Р. Қалиев Б. Жалпы тіл білімі. -Алматы., 2004



**«ҒЫЛЫМИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ – БОЛАШАҚ ЖАСТАРДЫҢ
ҚОЛЫНДА»**

**атты студенттердің XIV Республикалық ғылыми- тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ
Қазақстан, Тараз, 11-12 ақпан, 2022 ж.**

СБОРНИК ТРУДОВ

**XIV Республиканской научно-практической конференции студентов
«НАУЧНОЕ ТВОРЧЕСТВО И ИННОВАЦИЯ – БУДУЩЕЕ ЗА МОЛОДЕЖЬЮ»
Казахстан, Тараз, 11-12 февраля, 2022 г.**

**Works of the XIV Republican scientific and practical conference of students
«SCIENTIFIC CREATIVITY AND INNOVATION – THE FUTURE FOR YOUNG
PEOPLE»**

Kazakhstan, Taraz, 11-12 February, 2022

II-ТОМ

**Журналда жарияланған мақалалардың стиліне, мазмұнына, грамматикалық
қателеріне редакциялық алқа мүшелері жауап бермейді**

**Сверстано и отпечатано с авторских оригиналов
Ответственность за научное содержание и грамматические ошибки несут авторы**

**Есепті б.т. 22. Шартты б.т. 21,3
Қағазы офсеттік
Офсеттік басылым. Таралымы 50 дана
Тапсырыс № 19**

**ХТИИ баспаханасы,
080000, Тараз қ., Жамбыл даңғылы, 73А**